

**ТАРАЗ
МЕМЛЕКЕТТІК
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ИНСТИТУТЫНЫҢ
ХАБАРШЫСЫ**

**ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ЖУРНАЛ**

**ВЕСТНИК
ТАРАЗСКОГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО
ПЕДАГОГИЧЕСКОГО
ИНСТИТУТА**

**Научно-педагогический
журнал**

**№24
2015**

*Қазақстан Республикасы мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті, Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы
Куәлік №5763-Ж (алғашқы тіркелген уақыты 23.02.2005 ж. №5763-Ж. Астана қ.)*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК КІТАП ПАЛАТАСЫ
ISSN ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ**

С Е Р Т И Ф И К А Т

**Юнеско, Франция, Париж қалаларында сериялық басылымдарды тіркейтін
ISSN халықаралық орталығында тіркеліп, халықаралық нөмер берілген (22.01.2013ж.)**

ISSN 2306 – 8167

**Халықаралық стандарт ИСО 3297 – 98 «Ақпараттау және құжаттау (ISSN)
сериялы басылымның халықаралық стандартты нөмері», мемлекетаралық стандарт
ГОСТ 7.56-2002 «Сериялы басылымдардың халықаралық стандарттау нөмері»**

Журнал гуманитарлық ғылымдар: тарих, (отан, жалпы), философия, саясаттану, әлеуметтану, дінтану, мәдениеттану, этномәдениеттану, құқықтану, экономика, педагогика, этнопедагогика, психология, дефектология; филология (тіл және әдебиет): қазақ, орыс, шет тілдері; жаратылыстану ғылымдары: математика, физика, информатика, география, биология, химия, экология ғылымдар бағыты бойынша өзекті тақырыптардағы мақалаларды жариялайды.

Журнал Қазақстан Республикасында жоғары педагогикалық білім беруді жаңғырту жағдайында жаңа мамандар дайындау және тәрбиелеуде ескіні өзгертіп, жаңа формаларды жасауға бағытталған.

Редакция алқасы

Д.П. Қожамжарова	тарих ғылымдарының докторы, профессор (бас редактор)
Р.С. Амандосова	педагогика ғылымдарының докторы
А.Ә. Байтелиев	филология ғылымдарының докторы, профессор
К.Ж. Бұзаубақова	педагогика ғылымдарының докторы
И.О. Мүлдеков	техника ғылымдарының докторы, профессор
М. Мұратбеков	физика-математика ғылымдарының докторы, профессор
Ж.С. Төлеубаев	ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор
Т.Р. Абдықадырова	педагогика ғылымдарының докторы
А.Н. Тұрарова	филология ғылымдарының кандидаты, доцент
А.Г. Шуканов	филология ғылымдарының кандидаты, профессор
К.Б. Турдалиев	экономика ғылымдарының кандидаты, доцент

Ғылыми басылым

ТарМПИ ХАБАРШЫСЫ

Жылына 4 рет жарыққа шығады

Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, ғылыми-педагогикалық журнал, 2015

ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

ТАРИХ (ОТАН, ЖАЛПЫ), ФИЛОСОФИЯ, САЯСАТТАНУ, ӘЛЕУМЕТТАНУ, ДІНТАНУ, МӘДЕНИЕТТАНУ, ЭТНОМӘДЕНИЕТТАНУ, ҚҰҚЫҚТАНУ, ЭКОНОМИКА

ӘОЖ 796/799 (574)

А 14

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ПӘНІНІҢ ЖАС ҰРПАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ МАҢЫЗЫ

Абдыхайранов У.А., Абдикулов М.Ж., Наргбаев Т.У.
Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Тараз қ.

Қазақстан Республикасының әлемдік өркениетке, демократиялық дәстүрге өту жағдайында адамзат қоғамның ғасырлар бойы жинақтаған жалпы құндылықтар мұрасына ден қоюы, рухани адамгершілік негізінде дене тәрбиесін сабақтастықта дамытып, салауатты өмір сүру дағдылары арқылы дене мәдениетін қалыптастыру өзектілігі артуда. Бұл мәселе ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан - 2030» бағдарламасында, ҚР «Білім туралы» Заңында, «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі ретінде көрініс тапқан.

Дене тәрбиесі, жаңа технология мен озат тәжірбиені ұлттық және жалпы адамзаттық құндылық қағидалары мен сабақтастыра зерттеу - бүгінгі күн талабынан туындап отырған педагогика ғылымының міндеттерінің бірі. Дене тәрбиесінің мәнін бүгінгі жаңа заман талабына сәйкес қарастыру - бұл адамды өзі өмір сүрген ортаның жемісі ғана емес, сол ортадағы дене мәдениеті, адамгершілік қарым-қатынасы әрекетімен көрінетін субъект деп танылуымен айқындалады. Қоғамның елеулі өзгерістерге түсуі, адамның мақсат-мұраттарына, тұрмыс-тіршілігі мен мінез құлқына, сондай-ақ өзінің жеке басына да субъекті ретінде өзгеріс енгізуде. Оның үстіне қоғамдағы салауаттылық, дене мәдениеті мен рухани құндылықтардың табиғаты, мәні, шығу тегі және атқаратын қызметтері туралы жан-жақты зерттеу, оқушылардың дене тәрбиесін салауаттылық дене мәдениеті мәселесімен байланыстыра қарастыру қажеттігі біздің тақырыбымыздың өзектілігін айқындай түседі.

Ғылым, техника, мәдениет және білім дамуының өзара байланыстылығы мен өзара сабақтастыра тарихи сипатта екендігін ескере отырып, жүргізген теориялық зерттеулеріміз қорытындылары, озат тәжірбиелерді оқып үйрену. Жүйелеу, көп жылдық тәжірбиеміз көрсетіп отырғандай, болашақ дене тәрбиесі мұғалімдерін сапалы даярлау да олардың болашақ кәсіби әрекетінде оқушылардың салауатты өмір сүру дағдыларына баулу, дене тәрбиесін жүзеге асыру, дене тәрбиесі мәселесі теориялық талдау мен дене тәрбиесіндегі тәжірбиелердегі объективті тұрғыда талдаудың маңыздылығы өте жоғары екендігі айқындалды.

Дене тәрбиесінің әлеуметтік жүйе және қоғамдық құбылыс есебінде дене тәрбиесі жүйесін, оның қалыптасуы мен дамуының негізгі заңдылықтарын, оның қызметі мен құрылымын танып, білудің қажеттілігі білім мен тәрбие талаптарына сәйкес өсіп келе жатқан ұрпақтың дене тәрбиесін қамтамасыз ету үшін керек. Дене тәрбиесі тек мектептегі дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сабақтан тыс, мектептен де тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі екенін ескерсек, қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге белсенді ұстаным мен ізгілікті қатынастарын дамытуды меңзейді. Дене тәрбиесін біреудің жаңа

мақсаттарын және дене тәрбиесінің мазмұндық меңгерудің объективті қиындықтарын ескере отырып, дене тәрбиесі мұғалімдерін дайындауды жеке мәселе ретінде тек тәжірбиелік қана емес, теориялық тұрғыдан да талданып отыр. Түрлі әдебиеттерге жасалған теориялық талдаулар дене тәрбиесін жүзеге асыруға болашақ мұғалімдерді дайындаудағы негізгі ұғымдарды анықтап, оларға берілген анықтамаларды нақтылап, жаңа түсініктер мен ұғымдардың пайда болуына негіз болды.

Болашақ дене тәрбиесі мұғалімін дайындау жүйесін және оны психологиялық-педагогикалық білім алуын үйлестірудің жетекші бағыты ретінде дене тәрбиесі үрдісін жүзеге асырудың және түрлендірудің жолдарын түсіндіретін және көрсететін білім жүйесін қалыптастыру болып табылады. Дене тәрбиесін жүзеге асыру сабақтастыру, біздің көзқарасымыз бойынша, дене тәрбиесі әдістемесін студенттерге үйрету, жүзеге асырылуы тиіс. Бұл дене тәрбиесі мазмұны бойынша білім беруді жүзеге асыруда дұрыс меңгеруге ықпал жасайтын дене тәрбиесі мен технологияларына, оларды логикалық түрде құру, ұйымдастыру тәсілдеріне ерекше көңіл бөлінуі қажеттігін көрсетеді. Оқытушы нақты оқыту апаратын беруші, оны студенттердің меңгеруін ұйымдастырушы және соның нәтижесін бағалаушы поэзиясын ұстаушы адам ретінде болмауы керек, қайта студентке көмектесетін, өзінің білім беру қызметінің субъектісі болу керек. Ол үшін оқытушы талдауға тиісті бағдарламаны меңгерудегі және бағдарламаны оқуда студенттердің өздері қабылдауына кеңесші, сарапшы болуы тиіс. Оқытушының жаңа ұстанымы үнемі студенттермен бірге кішігірім зерттеулер орындау, студенттік топтармен бірге оқу үдерісін ұйымдастырудың түрлі формаларын бірге шығармашылық тұрғыда іздестіру жаңашылдық бағытта кәсіби біліктілігін жетілдіріп отыру өзекті сипат береді деген тұжырым жасаймыз.

М.Я. Виленский пікірі бойынша, оқушылардың жеке тұлғалық дене мәдениеті - бұл жеке тұлғаның физикалық дамуы мен білімнің деңгейін, осы дейгейге жету тәсілдерін түсінуін және дене тәрбиесі - спорттық іс-әрекеттің әр түрлі формалары мен жалпы өмірінен көрінуін сипаттайтын сапалық, жүйелік, динамикалық білім. Оның құрылымы өзара байланысты үш бірліктен тұрады:

- құндылық бірлік - жеке тұлғаның қажетін, мұратын, мотивін, ұстанымын, қызығушылығын білдіреді;

- нақты қызметтік бірлік – жеке тұлғаның денсаулығын, қозғалу қабілеті мен дағдысын анықтайтын физикалық мінсіздік болып табылады;

- тәжірбиелік – іс-әрекеттік бірлік, дене тәрбиесі – спорттық белсенділік өрісінен кең көрінеді (танымдық, үгіп - насихаттық, нұсқаулық, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі тәрбиелеу).

Әр мұғалімнің өзін кішкене ғана болып көрінетін еңбек жолы бар. Әрине, мүмкіншілігі шектеулі балаларды тәрбиелеп, әлеуметтік тұрмысқа баулуда, ата-ана мейірімімен қатар, шексіз, мейірімділіктің қажеттілігі бірден айқын болады. Бұл жұмыста да үлкен жауапкершілік, төзімділік, тәжірбие арқылы, мектепшілік көптеген семинар, тренингтер және шығармашылық ұстаздардың іс-тәжірбиелері арқылы қалыптасуда. Мүмкіншілігі шектеулі оқушылардың оқытудағы басты өзекті мәселе – осы оқушылардың бойына біліммен бірге, мәдениетті, түрлі әлеуметтік жағдайларға бейім, еңбекқор жеке тұлғаны қалыптастыру. Бұл қасиеттерді бала бойына дарыту үшін мүмкіншілігі шектеулі балалардың психологиясын терең, жетік меңгеру керек. Нені ұнатып, нені қаламайтындарын, қарым-қатынас жасау қабілеттерін және көмекші мектеп бағдарламасын қай деңгейде меңгеріп, қабылдауда екенін толық білу керек.

Қазіргі кезде жоғары оқу орындарындағы студенттердің ғылыми – зерттеу жұмыстары олардың болашақ қызметіне байланысты және пайдасы зор. Мектеп тәжірбиесі кезінде ғылыми-зерттеу жұмысында қалыптасқан белгілі бір жүйенің болуы студенттің оқу тәрбие қызметіндегі белсенділігінің арта түсуіне педагогикалық тәжірбиенің тиімді өтуіне игі ықпалын тигізеді. Осыны ескеріп, студенттерді ғылыми-

зерттеу жұмысына қатыстыруды алдымызға міндет етіп қойып, онда мынадай мақсаттарға жету көзделеді:

1. Студенттерді оқуға, сабақ беру мен тәрбие жұмыстарын жүргізуге қызықтыру;
2. Болашақ мұғалімдерді өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландыру;
3. Студент - практиканттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына қабілеттілігі мен икемділігін арттыру.
4. Алған білімдерін тұрмыста шығармашылықпен қолдана білуге үйрету;
5. Студенттерді ғылыми-әдістемелік әдебиеттермен жұмыс істеуге үйрету, курстық және дипломдық жұмыстарын орындауға дайындау;
6. Студент - практиканттардың ғылыми-зерттеу жұмысын мектептегі сыныптан тыс тәрбие жұмысымен байланыстыру.

Бүгінгі таңда жоғары білім беру жүйесі мен құрылымы, білім берудің мазмұны, оқыту әдістері мен тәсілдері, әсіресе дене тәрбиесі мамандарын дайындауда жаңашылдық көзқарас, соны ізденістер мен зертеулерді талап етуі қарастырылып отырған мәселенің өзектілігін айғақтап берді. Зерттеу жұмысының нәтижесі көрсеткендей, Республикада жоғары педагогикалық білім берудің қалыптасуында мұғалім кадрларын дайындау кеңестік жүйе кезінде қалыптасқан тәжірбиенің аумағында жүргізіліп келді. Соңғы кезде жоғары білімді реформалауда біршама шаралар қолға алынуда. Педагогикалық іс-әрекеттің басқа түрлері сияқты пәндік мазмұнмен анықталады, оған мотивация, мақсат, пәні, тәсілдер нәтиже жатады. Педагогикалық іс-әрекетпен дамудың шарты мен негізі оқушылардың пәндік, әлеуметтік, мәдени тәжірбиені игеруіне бағытталған оқу іс-әрекетінің ұйымдастырылуы болып табылады.

Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі ғылыми және оқу пәні ретінде жетекшілік рөл атқара отырып, дене тәрбиесі саласындағы кәсіптік бағытты анықтайды. Сонымен бірге осы саладағы білім негізінің жүйесін құрайды. Мұғалімнің дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесін жете білуі, оның педагогикалық ойлау жүйесінің дамуының басты шарты. Әртүрлі деңгейлерде дене тәрбиесі мәселелерін шығармашылық тұрғысынан шешуге, болып жатқан жаңалықтарды біліп отыруға, кейбір теориялық және іс-тәжірбиелік жаңалыққа сын көзбен қарап қабылдауға, дене тәрбиесі міндеттерін шешуде қосымша өтетін ғылыми пәндердің атқарар рөлін дұрыс бағалауға, өзінің педагогикалық шығармашылық негізін жасауда дене тәрбиесі мәселесі бойынша жүргізілетін зертеудің маңызы зор.

Педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерді саралау арқылы педагогикалық практиканың мүмкіндіктерін, ұйымдастырудың өзекті әдістеріне талдау жасалынды. Педагогикалық тәжірбие болашақ мұғалімдерге тәрбиелік әсері аса зор, ол студенттің идеялық сенімін, адамгершілік бейнесін қалыптастырады. Студенттер педагогикалық тәжірбиеге дейін ғылыми – педагогикалық нақты білімдер алады. Болашақ мұғалімдердің педагогикалық даярлықтар жүйесін жетілдірудің міндеттері, олардың теориялық білімдерімен қаруландыру ғана емес, олардың алған білімдерін мектепке, педагогикалық тәжірбие кезінде қолдана алуы. Педагогикалық тәжірбиеде болашақ мұғалімдер мен сынып жетекшілерін дайындаудың басты кезеңі. Олардың мұғалімдік және сынып жетекшілік қызметтерін орындай отырып, алған білімдерін сабақтарда, сыныптан тыс жұмыстарда және ата-аналар арасында насихаттауға толық мүмкіндіктері бар. Студенттердің теориялық алған білімдерін педагогикалық тәжірбие кезінде шығармашылықпен қолдануы бұл болашақ мұғалімдердің кәсіби толысуына әсері зор.

Студенттердің дене тәрбиесі бойынша теориялық білімдерінің, іскерліктері мен дағдыларының терең, жүйелі және әсерлі болуы олардың педагогикалық даярлықтарының басты көрсеткіші. Болашақ мұғалімдердің сабақ беруге даярлық көрсеткіштері олардың білімдерінің нақты, терең, жүйелі болуы, сол білім арқылы оқушыларды жаттықтыру іскерліктерімен және дағдыларымен қарулануы деп түсіну керек. Педагогикалық тәжірбие кезінде істелген студенттердің жұмыстары курстық және дипломдық жұмыстарда кеңінен пайдаланылса тиімді. Дене тәрбиесі мамандығындағы студенттер

тәжірбиелік дене тәрбие сабақтарында әртүрлі жаттығуларды пайдаланып, қызықты сабақтар өткізуді және пән бойынша сыныптан тыс жұмыстардың, үйірмелердің жұмыс формаларын анақтап, олардың тақырыптарын жоспарлары мен мазмұндарын жасайды.

Ғылыми прогресс өркен жайған қазіргі жағдайда жоғары оқу орындарында мектеп үшін оқу тәрбие жұмыстарын шығармашылықпен жүргізе алатын мұғалім-тәрбиешілер дайындаудың теориялық деңгейін көтерудің маңызы ерекше. Үнемі көбейетін ақпараттар жағдайында жастарды жан жақты дамыту мұғалімнің өзінің ғылыми теориялық білімін күнделікті көтеруді талап етеді. Қазіргі мектепке өз пәні бойынша сабақты тартымды өткізумен қатар, оқушыларды ғылым мен техниканың жетістіктерімен қызықтыра алатын мұғалім қажет. Соған байланысты жоғары оқу орнының студенттері бойында өздерінің болашақ қызметіне зерттеуші ретінде қаруға деген ұмтылысты қалыптастырудың ерекше маңызы бар. Бұл міндетті үйірме мен курс жұмыстарына, студенттердің ғылыми конференцияларына қатысу арқылы, әсіресе, педагогикалық тәжірбиесінде нәтижелі шешуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Особенности физического развития и двигательной дееспособности учащихся. //Вестник. № 3. – Каракалпақстан, 2001. - С. 114-115.
2. Мектеп оқушыларының дене құрылысының түрлерін үйрету мәселелері. //Қаракалпақстан мұғалімі. № 1,2. - Нүкіс, 2001. – Б. 57-60. Характеристика структуры двигательной дееспособности учащихся. Вестник. №3,4 - Каракалпақстан, 2003. – С. 162-163.
3. Жоғары сынып оқушыларының жеңіл атлетика бойынша іс-әрекет қабілетін күшейту әдістері. //Педагогикалық ғылыми-әдістемелік журнал. № 3. – Ташкент, 2003. – Б. 77-78.
4. Особенности физического развития детей среднего школьного возраста. //Бастауыш мектеп. № 8. –Алматы, 2004. – С. 25-28.
5. Дене тәрбиесі ерекшеліктері. //Қазақстан мектебі. № 10. – Алматы, 2004. – Б. 33.

Аннотация

Мұғалімнің дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесін жете білуі, оның педагогикалық ойлау жүйесінің дамуының басты шарты. Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі ғылыми және оқу пәні ретінде жетекшілік рөл атқара отырып, дене тәрбиесі саласындағы кәсіптік бағытты анықтайды. Сонымен бірге осы саладағы білім негізінің жүйесін құрайды.

Аннотация

Для развития педагогического мышления учителя знание теории и методику физического воспитания является главным условием. Теория и методика физического воспитания как предмет научной и образовательной роли руководства, определяет профессиональное направление в области физического воспитания. Кроме того, система образования является основой этой области.

Annotation

The theory and methods of physical education teacher should be able to reach the main condition for the development of his pedagogical thinking. The theory and methodology of physical education as a subject of scientific and educational leadership role defines the professional direction in the field of physical education. In addition, the education system is the backbone of this area.

ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА ДАМУ ТАРИХЫ**Калыкулов С.М.****Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Тараз қ.**

Жеңіл атлетиканың тарихы ежелгі дүние дәуіріндегі халықтардың іс әрекетінен басталады. Табиғи қозғалыстар, яғни, жүру, тұру, секіру адам бұлшық еттерінің қозғалысы адамзат пайда болған дәуірден бастау алады. Мәліметтерге сүйенсек, жеңіл атлетикадан жарыс біздің эрамызға дейінгі 776 жылы өткізілген. Бұл туралы Ежелгі Грек олимпиада ойындары туралы жазбаларда анық жазылған. Сол замандарда жарыс тек ұзын-сонар алаңда жүгіру жарысымен шектелген. Ерлер мен әйелдер арасындағы бәсеке жеке-жеке өткізіліпті. Гректер жұдырық түйістіретін спорт түрі мен күресті ауыр атлетикаға жатқызған. Бұрынғы атлеттердің жетістігі жүгіру шапшаңдығымен өлшенген. Бізге алғашқы олимпиадалық чемпиондардың Ежелгі Грекиядан шыққаны белгілі.

Бұл шара біздің эрамызға дейінгі 776 жылы өткізілген. Онда атлеттер тек жүгіру спорт түрінен бақ сынаған. Додаға 192 метрді бағындырған жалғыз атлет жеңімпаз аталған екен. Жеңіс тұғырынан көрінген азамат Элида қаласында жай ғана даяшы болған. Ал, жеңіл атлетика алғаш рет Англияда ұйымдастырылған. 1837 жылдары жарысқа түскендер 2 метр қашықтықта жүгірген. Оған қатысушылар Регби қаласындағы колледжде білім алып жатқан жастар болған. Итон, Оксфорд, Кембридж, Лондондағы оқу орындарында да спорттық жарыстан жиі өтіп тұрған. Кейіннен бағдарламаға қысқа қашықтықта жүгіру, ұзындықта және биіктіктен секіру сынды шарттар енгізді. 1865 жылы Лондон атлетика клубы құрылды. Бұның негізінде тұңғыш рет жеңіл атлетикадан ел чемпионаты өтті.

1880 жылы Англияда Британ империясының шеңберінде әуесқойлар атлет қауымдастығы негізін қалады. Ал, АҚШ-та 1868 жылы Нью-Йорк қаласында алғашқы атлет клубы ашылды. Сол жылдары Америкада атлетиканың дамуына үлес қосқандардың басым дені университет ошақтары болды. 1880-90 жылы жеңіл атлетика жеке дара спорт түрі ретінде күллі Еуропаға кең таралды. 1896 жылы өткен олимпиада ойындары жеңіл атлетиканың дамуына орсан жол ашты. Сол жылы Афинада өткен I олимпиада ойындарына жеңіл атлетиканың 12 түрі енгізілді. Додада америкалық жеңіл атлеттер барлық жүлдені қанжығаларына байлады. Алайда, олардың қуанышы ұзаққа бармады. Өйткені, 1952 жылдан бастап олимпиада ойындарына қатыса бастаған КСРО атлеттері олардың бірден-бір қарсылары болды.

1996 жылы Атлантада өткен олимпиада ойындарында өнер көрсеткен атлеттердің саны 2000-ға жетті. Әйелдер арасындағы жарыс 1928 жылдан бастау алады. Нәзік жандар 1999 жылы жаздық әлем чемпионатында және 2000 жылы Сидней олимпиадасында жақсы нәтижеге қол жеткізе білді.

1968 жылы Мехикода өткен жарыста америкалық спортшы Боб Бимон — 8 м 90 см ұзындықтан секіруден әлем рекортын жаңартқан. Бұны күллі әлем «21 ғасырдың ең биік көрсеткіші» деп бағалады. Араға 20 жыл салып Сеулде өткен олимпиадада 100 және 200 м қашықтықтан жүгіруден америкалық желаяқ Флоренс Грифф фит- Джойнер рекорттық көрсеткішті бағындырды. Оның бұл жетістігі 14 жыл қатарынан сақталып тұрды. Жеңіл атлетика — бүгінгі таңда тек біздің елде ғана емес, дүние жүзінде кең таралған спорт түрі. Жеңіл атлетиканың негізгі жаттығулары — тегіс жерде жүгіру, бедерлі жерде жүгіру, жүру, кедергілермен жүгіру, ұзындыққа және биіктікке секіру, лақтыру, жеңіл атлетикалық көпсайыс.

Жүгіру — қысқа, орташа және ұзақ қашықтық болып үшке бөлінеді. Қысқа қашықтыққа — 100, 200, 400 м және 110 м кедергілі қашықтық жатады. Орташа қашықтыққа 800, 1000, 1500, 2000, 3000 м жүгіру және 3000 м кедергілі қашықтыққа

жүгіру жатады. Ұзақ қашықтыққа — 5000, 10000, 20000, 42 шақырым 192 м марафондық қашықтық және 50 шақырым кросс (дала жарысы) жатады. Жүру — 20 шақырым спорттық жүріс. Лақтыру — диск, найза, граната, балға, доп және ядро. Секіру — орында тұрып және жүгіріп келіп ұзындыққа секіру, биіктікке және сырықпен секіру, үш аттап секіру.

Жеңіл атлетикалық көпсайыс — көпсайыс құрамына жеңіл атлетиканың жаттығуынан 10 жаттығуға дейін кіреді. Олар — жүгіру, секіру, лақтыру және кедергілерден өту. Сөре және мәре. Жарыс барысында сөреден шығу үшін жүгіруші төменгі және биік сөре жағдайында тұрады. Қысқа қашықтыққа жүгіргенде төменгі сөре жағдайында тұрады. Орта және ұзын қашықтыққа жүгіргенде биік сөре жағдайында тұрады. Төменгі және биік сөреде жүгіріп шығу әдіс-тәсілін студенттер мектеп бағдарламасынан оқып кеткендіктен, оған қайтадан оралмадық. Жеңіл атлетиканың негізгі жаттығуы — жүгіру. Ол жеңіл атлетиканың барлық жаттығуларында қолданады. Сондықтан, кім болсын, жеңіл атлетикамен шұғылданғанда, ең алдымен жүгірудің айла-тәсілін меңгеруі керек.

Жүру. Адам баласының табиғи жүруі бар. Екінші — жүрудің спорттық түрі бар. Әрине, екеуінің айырмашылығы жер мен көктей. Спорттық жүрістің негізгі ережесі, әрбір аттаған сайын, яғни, алдыға аттаған аяқтың өкшесі жерге тимейінше итерілетін аяқты жерден көтеруге болмайды. Демек, адамның екі аяғы да жерге тимейтіндей көтеріліп кететін фазасы болмауы керек. Бұл жағдайға кез келген спортшы қалыптасып үйрене бермейді. Табиғи жүрісте көтеріліп кететін фазасы болады. Яғни, жүгірудің алғы шарты орындалады. Спорттың жүріспен жарысқа қатысқан спортшы жүгіріп кетпес үшін көтеріліп кететін фазасын төрешілер мұқият қадағалайды.

Әдетте, жүгірудің әдісін білетін спортшылар төменгі сөреден шығудың әдісін жақсы меңгерген болса, жылдамдықтан көп ұтады. Бұл деген жүгіріс әдісін меңгерді деген сөз. Ал жоғарғы сөре жүгіріс әдіс-тәсілін меңгеруге айтарлықтай әсер ете қоймайды. Бірақ орта және ұзақ қашықтыққа жүгіргенде аяқты көтеріп алып, алға соза басудың өзіндік ерекшелігі бар. Мәселен, біреу қысқа адымдайды, енді біреу жүгіргенде адымын ашады. Жүгірушінің жылдамдығы, міне, негізінен осы жағдайдың орындалуына байланысты. Осыған орай мынандай жаттығуларды орындауға болады: белгілі бір қашықтықты (400, 800, 1000 м) бір темппен жүгіріп өту (бірнеше рет қайталау); 20-30 м қашықтықты өте жоғары жылдамдықпен жүгіріп өту. 6-8 рет қайталанады; соқпақ жолды бір темппен жүгіріп өту (1000, 2000, 3000 м); белгілі бір қашықтықты тізені көтеріп жүгіріп өту; аяқтың өкшесімен ғана жүгіру; аяқтың ұшымен жүгіру; жүреден отырып жүгіру; сыңар аяқтап секіріп, жүгіру; қысқа қашықтыққа төменгі сөреден шығып, жоғары жылдамдықпен жүгіру (20, 30, 40 м); колды жерге тірмей төменгі сөреден жүгіріп шығу; белгілі бір қашықтықты аяқты артқа сілтеп жүгіру; белгілі бір қашықтықты арқамен алдыға қарап жүгіріп өту; 30-40 м қашықтықты екі аяқтап секіріп жүгіру; 30-40 м қашықтықты орында тұрып секіріп өту; 30-40 м қашықтықты жүреден отырып жүріп өту.

Биіктікке секіру. Биіктіктен секіру үшін спортшы ең әуелі сілтейтін және итерілетін аяқты анықтап алады. Шамамен 7-9 м жүгіретін жерін белгілейді. Әдетте, биіктікке секіретін спортшы кермеден секіруге жүгірген кезде аса жоғары жылдамдықпен бастағанымен, кермеге жақындаған кезде жылдамдық төмендейді. Себебі, спортшы секіруге дайындалады. Бүгінде биіктікке секірудің бүкіл әлемге тараған үш түрлі жаттығуы бар.

Біріншісі — «аттап» секіру, екіншісі - алдыға қарай «аунап» секіру, үшіншісі — «шалқадан жатып өту». Қазір әлем бойынша ең жоғарғы көрсеткіші - «шалқадан жатып өту» әдісімен орындап отыр. Оқу процесінде қолданылатын секірудің ең қарапайым түрі «аттап» секіру. Сабақта биіктікке секіруді осы «аттап» секіруден бастайды. Секірудің негізгі айла-тәсілін үйрену үшін ең әуелі дұрыс жүгіріп келгенде сілтейтін аяқ дәл шығу керек. Сілтейтін аяқты кермеге қарай созғанда тізе бүгілмеуі керек. Екіншіден, итерілетін аяқ нақтылы өз орнына түсуі керек. Яғни, негізгі мақсат — итерілетін аяқтың қозғалысы

дұрыс орындалуы керек. Сонда ғана жаттығудың орындалуы нәтижелі болады. Жаттығуды орындаушы жерге сілтеген аяғымен түседі. Кермеден сілтеген аяқ өткеннен кейін итерілетін аяқ мүмкіндік болғанша жоғары көтеріледі.

Дала жарысы. Қазақстан ауа райының жағдайына байланысты екі өңірден тұрады. Қысы жоқ жылы өңірі де, жылға жуық қары жататын солтүстік өңірі. Қысы жоқ, жылы өңірде шаңғы тебудің орнына дала жарысы өткізіледі. Дала жарысы барлық оқу орындарының дене тәрбиесі пәнінің бағдарламасына кіреді.

Дала жарысы — кедергілері көп, яғни, ойлы-қырлы жерлерде өткізіледі. Жаттығушылар, болмаса жарысқа қатысушылар, ағып жатқан бұлақ суынан өтеді, секіре алмаса, айналып өтудің жолын іздейді. Өрге шығады, еңіске құлдилаиды. Аспалы көпірден өтеді, терең ордан секіреді, т.б. осындай жер бедерінің кедергілері жалғаса береді. Дала жарысының негізгі мақсаты — табиғи жағдайда кездесетін кедергілерден өту. Мәселен, өзен арнасынан қалай өтуге болады? Егер де секіріп өтуге болмаса, аттап өтуге келмесе, онда аяқ киімді шешіп өтуге болады. Екінші бір жағдайда, бір-ақ адам аяқ киімін шешіп басқаларды көтеріп өткізіп алуына болады. Жарқабақ - өрден шыққанда, ең алдымен бір бала шығады. Оның шығуына төмендегі тұрғандар көмектеседі. Енді жоғары шыққан оқушы басқаларға қолын беріп көмектеседі. Жарқабақтан төмен түсіп өту үшін секіріп түспей, жардан сырғанап түскен абзал. Бірақ алғашқы түскен адам басқалардың жарақат алмай, құлап қалмай дұрыс өтуін бақылайды. Аспалы көпірден өткенде барлық оқушылар түгелдей көпірге шықпай бір-бірілеп қана өтуге болады. Ол үшін оқушылардың біреуі көпірден өтіп екінші жағына барып, көпірдің дұрыстығын білгеннен кейін ғана келесі оқушының өтуіне болады.

Жалғыз бөренелі көпірден өту. Әрине, көпірдің дұрыс екендігін білгеннен кейін ғана кезектесіп өте беруге болады. Сазды, томарлы жерден өткенде тек бір ізбен ғана жүру керек. Алдыдағы жол бастаушы, мұндай жердің бедерін жақсы білуі қажет. Себебі, сазды - томарлы жер болғаннан кейін міндетті түрде бұл жер батпақты болып келеді. Сондықтан, негізгі мақсат жүгіріп келе жатып томарға шалынбай, батпаққа түсіп кетпей, бастаушының талабын мұқият орындау керек. Қалың қопалы жерден өткенде де осы көрсетілген ереже орындалады. Тік беттен де саппен жүріп түсуге болады. Өйткені біреуі тайғанап кетсе екіншісі ұстап қалады. Сазды, шалшықты жерлерді айналып өту керек. Көлденең құлап жатқан үлкен бөренеден секіріп өтетін мүмкіншілік болмаса, онда бір аяқты үстіне қойып барып секіріп өтуге болады. Жалпы дала жарысына жолға шықпас бұрын, мүмкіндік болғанша, дала жарысының жолымен жай жүріп, танысып алу керек. Содан кейін ғана трассаның қай кезеңінде жүгіріп өтуге, қай жерінде жай жүріп өтуге болатыны анық. Жаттығу кезінде, мүмкіндік болғанша жүгіру мен жүруді алмастырып отыру абзал. Дала жарысы сабағын өткізгенде 3 шақырымнан 5,8 шақырымға дейін жүгіріп және жүріп өтуге болады. Дала жарысына киімді ауа райының ыңғайына қарай кию керек. Саппен жүргенде бірінен-бірінің ұзап, қалуына болмайды. Дала жарысының қауіпсіздік ережесі

Дала жарысы сабағына қойылатын талаптар мұқият орындалады. Артындағы топ жол бастаушының айтқанымен жүреді. Қандай кедергілер болсын, топтағы оқушылар кезек күтіп орындайды, болмаса, біріне-бірі көмек көрсетеді. Кедергілерден өткенде жаттығулардың орындалуына аса мұқият болу керек. Себебі, жаттығулардың дұрыс орындалмағанының салдарынан жарақаттанып қалмау керек. Дала жарысы трассасының дұрыс-бұрыстығына жол бастаушы жауап береді. Жол бойында жарақат алған әріптесіне көмек көрсету. Жүзу жанды, жансыз денелердің тіршілік ететін негізгі факторлары — су, ауа күн сәулесі. Міне, сусыз тіршілік жоқ. Сондықтан суға түсу адам денсаулығын сақтаудың негізгі құралы болғандықтан, міндетті түрде дене тәрбиесі пәнінің бағдарламасына кіреді. Дене тәрбиесі сабағында суға түсуді оқытудың негізгі мақсаты жас ұрпақты суда жүзуге үйрету. Жалпы Республикамызда суға шомылудың толық жағдайы жасалған жөн. Бірақ, суда жүзуді үйрену кімнің болса да міндеті болып табылады. Осыдан барып, суға жүзуді бұқаралық міндетке айналдыру, бүкіл халықтың дене шынықтыру-

сауықтыру шараларының бағдарламасына енгізу қарастырылған. Сонда ғана, халықтың денсаулығын сақтаудағы нәтижелі іс болмақ. Бүгінгі таңда оқу жүйесіне президенттік тесттің бағдарламасы да кіріп отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тайжанов С. Жеңіл атлетика. Алматы 2002
2. Қалжанов Д. Салауатты өмір салты негіздері. Алматы 2001
3. Атамұратов К. Спорт ойындары. Қарағанды 2001
4. Тұраров Н. Заманауи спорт ілімі. Алматы 2004
5. Сәбден М. Жастар физиологиясының дамуы. Алматы 2002

Аннотация

Бұл ғылыми мақала «Жеңіл атлетиканың даму тарихы» тақырыбына арналған. Аталған жұмыста жеңіл атлетиканың тарихы тереңірек қарастырылған. Жеңіл атлетиканың бастапқы кезеңімен қазіргі кездегі ахуалы салыстырылған. Жеңіл атлетика жалпы адам өмірінде орын алатын және тигізетін септігі зерттелген.

Аннотация

Данная научная статья посвящена теме «Истории развития легкой атлетики». В данной статье глубоко рассматривается история развития легкой атлетики. Сравняются уровень первоначального развития и современный уровень. Исследованы роль и значение легкой атлетики в жизнедеятельности человека.

Annotation

This scientific article is sanctified to the theme "History of development of track-and-field". History of development of track-and-field is deeply examined in this article. The level of primary development and modern level are compared. A role and value of track-and-field are investigational in the vital functions of man.

ӘОЖ 796

Н 53

САЛАУАТТЫ ӨМІР СҮРУДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ДЕНЕ ТӘРБЕСІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Нартбаев Т., Абдикулов М., Абдыхайранов У.

Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Тараз қ.

Ел басшысы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан - 2030» стратегиялық даму бағдарламасында «Салауатты өмір салтын ынталандыру әрқайсымыздың дене тәрбиесімен айналысуымызға, дұрыс тамақтануымызға, есірткілерді, темекі мен алкогольді тұтынуды қойып, тазалық пен санитария шараларын сақтауымызға және т.с.с. бағытталған» делінген (1).

«Денсаулық – зор байлық, адам бақытының бастауы» - дейді халқымыз (2). Ата бабаларымыздың бұл дана ой-пікірі талай ғасырлар белесінен өтіп бізге жетіп отырған шындық. Ұлттың денсаулығы ұлан асыр байлық екені рас, тек оған ие болу үшін көп күштер жұмсауымыз қажет. Денсаулық адамға бірақ рет берілетін табиғат тартуы. Ол тұрақты, мәңгілікке берілмейді, үзбей өзгерісте болады. Оны сақтау үшін еңбек сіңіру, ауырмай тұрып іс-әрекет жасау керек. Оған нақты білім, ынта-ықылас, ерік-жігер қажет, онсыз баянды, әрі ұзақ денсаулықты сақтау қиын (3,4).

Қазіргі кезде Қазақстан халқының, оның ішінде жастардың денсаулығы төмен деңгейде. Тек, бір көрсеткіш - әскер қатарына шақырылған жастардың 50 % дене дайындықтарының нашар дамуына және денсаулықтарына байланысты қорғаныс күштерінің қатарында қызмет атқаруға жарамсыз (5). Бұл қауыпты жағдай Қазақстан үкіметін, әскери ұжымдарды, педагогтарды, дәрігерлерді, ғылымдарды шындап

толғандыруда. Қазіргі кезде бұл проблеманы шешудің негізгі жолы салауатты өмір салтын қалыптастыру, кеңінен насихаттау болып отыр. Бұл тұрғыда елбасы «Қазақстан - 2030» стратегиялық бағдарламасында «Жеткілікті құралдар болмай тұрған жағдайда, ауруларға қарсы күрес, денсаулықты нығайту жөніндегі біздің стратегиямыз – азаматтарымызды салауатты өмір салтын әзірлеуден басталады» - деп атап көрсетті.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұжымының деректері бойынша, денсаулыққа әсер ететін факторлардың 50-60 % өмір тіршілігіне, 20 % - тұқым қуалаушылыққа, 20 % - сыртқы ортаның жағдайына, 8-10 % - дәрігерлік көмектің деңгейіне байланысты. Бұл деректер денсаулық үшін күрестің негізгі бағыты – салауатты өмір салтын қалыптастыруға, оны насихаттауға бағытталған шаралар екенін дәлелдейді.

Салауатты өмір салтының жастар арасында қалыптасуының маңызы өте зор. Бұл бағытта жүргізілетін жұмыстар: ауру шақыратын факторлардың әсерін төмендетуге, ішімдіктің, темекінің, есірткінің зияндығына, қимыл-қозғалыстың аздығына, құнарлы тамақтанбауға қарсы жүргізілетін үгіт-насихат жұмыстарына негіз салды. Салауатты өмір тіршілігі – денсаулықты сақтаудың және нығайтудың негізгі, ол жан-жақты дамыған азаматтың қалыптасуына, оның рухани, дене дамуына әсер етеді.

Денсаулыққа кері, жағдайсыз әсер ететін көптеген факторлар бар: ауырып жазылу; никотин мен алкогольге құмарлық; еңбектің, тұрмыстың жайсыз жағдайларының созылмалы әсері; дұрыс тамақтанбау (оның жеткіліксіздігі және шамадан тыс көптігі); көңіл күйдің жылдам ауытқуы, еңбек пен ретсіз демалыстың бұзылуы, ауаның, судың бұзылуы; дәрі-дәрмекті және тұрмыстық химиялық заттарды орынсыз пайдалану. Осы факторлардың ішінде бірінші қатарда қимыл-қозғалыстың аздығы.

Салауатты өмір тіршілігінің негізгі бағыттарының бірі – қимыл-қозғалыс деңгейі. Адам тіршілігіне ауа, су, тамақ қандай керек болса, белгілі деңгейдегі қозғалыстың да маңызы сонша, оны өмір сүрудің ең басты шарттарының бірі ретінде есептейді. Табиғаттың өзі адамның қолында физиологиялық теңдесі жоқ, денсаулық тәсілін беріп отыр, ол – қимыл – қозғалыс, дене жаттығулары. Бәрі де адамның ынтасына, ықыласына, жігеріне, әркімнің өз басына, жауапкершілігіне тікелей байланысты. Адам ағзасы атадан атаға, бір адамның даму кезеңдеріне қимыл қозғалыстың әсерінен қалыптасады. Қимыл-қозғалыстың аздығы (гипокенезия) денсаулықты бұзатын себептердің бірі.

Біздің зерттеуіміздің мақсаты:

1. Оқушы жастардың дене тәрбиесі сабағы мен салауатты өмір тіршілігіне әртүрлі көзқарастардың себебін;

2. Оқушы жастардың дене шынықтырумен шұғылдануына кедергі келтіретін факторларды нықтау.

Арнайы сұрақтар тізіміне берілген жауап нәтижелері:

1. «Денсаулық дегеніміз не?» - деген сұраққа дұрыс жауапты 65 % білімгерлер берді.

2. «Ішімдік пен есірткенің денсаулыққа әсері» - деген сұраққа - 70 % білімгерлер – ол «Денсаулықты бұзады» - деп жауап берді. Ал, «Ішімдікке қалай қарайсыз? – деген сұраққа» «Аз мөлшерде ішемін» - деп 50%, «Ішпеймін» - деп 50% жауап берді. «Ішемін» деп жауап бергендер оны оқта-текте, тиіп қашып ішетіндер. Салынып ішетіндер қатарына жатпайды.

3. Гигиена және санитария ережелерін сақтайсыз ба? - деген сұраққа 70 % білімгерлер «сақтаймыз», 30 % - «анда санда, әр қалай» - деп жауап берді.

4. «Салауатты өмір тіршілігі туралы не айтасыз?» - деген сұраққа - 75 % білімгерлер дұрыс жауап берді.

Екінші міндет – оқушы – жастардың дене тәрбиесі сабағына және салауатты өмір салтына әртүрлі көзқарастардың себебі. Сұрақтар тізіміне жауап берген оқушыларды дене шынықтыру сабағына көзқарастарына байланысты үш топқа бөлдік:

1 - топқа дене шынықтыру сабағына көзқарастары төмен, онымен шұғылдануды қаламайтындар жатты. Бұл топқа барлық сұраққа жауап бергендердің - 36-41 %;

2 - топқа – бейтарап, жақсы да емес, жаман да емес, сабаққа көзқарастары әлі толық қалыптаспаған - 45-57 %;

3 - топқа – көзқарастары дұрыс, сабаққа ынта қойып қатысатындар жатты, тек олардың саны 2,8-7 % дейін ғана болды. Сонымен, жіктеу нәтижесінде оқушылардың көпшілігінің дене тәрбиесі сабағына көзқарастары төмен, қалыптаспаған.

Оның себептері:

1. Дене тәрбиесіне қызығушылықтың жоқтығы - 38 %;
2. Нашар материалды техникалық база - 35 %;
3. Денсаулықтың төмен деңгейі - 28 %;
4. Сабақтың, сауықтыру іс-шаралардың төмен деңгейде өтуі - 47 %;
5. Әдістемелік, спорттық әдебиеттердің жеткіліксіздігі - 40 %;
6. Дене тәрбиесі жөніндегі теориялық білімінің жеткіліксіздігі - 45 %.

Бұл деректерден оқушылардың дене тәрбиесі сабағына көзқарастары әлі төмен деңгейде екенін, оның себептері: оған қызығушылықтың жоқтығы, спорт жабдықтарының материалды – техникалық базаларының нашарлығы, сабақтың төмен деңгейде өтуі т.б. жатады. Сол себептен, біздің ойымызша, қоғамдық сауықтандыру бағдарламасында салауатты өмір салтын жасөспірімдердің арасында қалыптастыру мақсатында осы жайларға баса көңіл бөлу қажет.

«Дене тәрбиесімен шұғылдану сіздің денсаулығыңыздың, жалпы жағдайыңыздың, көңіл-күйіңіздің, жұмыс істеу қабілетіңіздің жақсаруына әсер ете ме?» - деген сұраққа жауап берген бітімгерлердің:

- 44% - денсаулығымызды жақсартады;
- 50-54% - жалпы жағдайымызды, көңіл күйімізді көтереді;
- 28% - жұмыс істеу қабілетімізді жоғарлатады;
- 7% - жауап бермеді.

«Дене жаттығуларымен аптасына неше рет шұғылданғыңыз келеді» - деген сұраққа берілген жауаптар:

- 35% - 1рет;
- 40% - 2рет;
- 11% - 3рет;
- 4,8% - 4рет.

Бұл жауаптардың 40 % бітімгерлердің аптасына 2 рет міндетті түрде дене тәрбиесі сабағымен шұғылдануды қалайды. Соған байланысты біз жалпы бітімгерлерге аптасына 4 сағат дене тәрбиесіне бөлу жөнінде ұсыныс жасаймыз.

Дене тәрбиесі мен шұғылдануға қай сағаттар ыңғайлы? – деген сұраққа, жауаптар:

- 26% - 8-10;
- 11% - 10-12;
- 12% - 12-14;
- 31% - 14-16;
- 9% - 16-18;
- 12% - 18-20;
- 8% - 20-22.

Оқу ісін ұйымдастырушылардың пікірінше дене тәрбиесі сабағынан кейін бітімгерлердің назарын келесі пәнге жұмылдыру өте ауыр, сұрақтар тізімінде дене тәрбиесі саған –бірінші сағаттарға (8-10) - 26 %, ал ақырғы сағатқа (14-16) қоюды - 31 % қалады. Бітімгерлер сұраққа берген жазбаша жауаптарында дене тәрбиесінің керектігін мойындайды: 49 % - ол денсаулыққа жақсы әсер етеді, 53 % - жалпы жағдайының жақсарғанын, 38 % - жұмыс істеу қабілеті жоғарлағанын, 51 % - оның денсаулыққа, жұмыс істеу қабілетіне, көңіл – күйіне жақсы әсер ететінін атап өтті.

Біздің зерттеуіміздің нәтижелері Тараз мемлекеттік педагогикалық институтінің бітімгерлерінің қимыл-қозғалыс деңгейі (қажетті физиологиялық деңгеймен салыстырғанда) -56-65 %, ал емтихан, демалыс кездерінде - 39-46 % екенін көрсетті. Бұл

деректер бітімгерлердің жыл бойы гипокинезия жағдайында болатындығын көрсетеді. Ол бітімгерлердің арасында ауру санын көбейтуге әсер ететін факторлардың бірі. Салауатты өмір салтының бітімгерлер арасында қалыптасуы, оларға дәрігерлік гигиеналық білім берудің деңгейіне байланысты, біздің институтта бұл мәселе әлі шешім тапқан жоқ. Гигиеналық тәрбие үзбей жүру керек, әсіресе биология циклінің пәндерінде және арнайы «валеология» пәнінің оқу бағдарламасына енуі керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Дьячков В.М. Физическая подготовка спортсмена. М: ФиС
2. ҚР мектепке дейінгі концепциясы Алматы – 1992
3. «Дене тәрбиесі» Б.Төтентай, С.Тайжанов, А. «Атамұра»

Аннотация

Салауатты өмір салтының жастар арасында қалыптасуының маңызы өте зор. Бұл бағытта жүргізілетін жұмыстар: ауру шақыратын факторлардың әсерін төмендетуге, ішімдіктің, темекінің, есірткінің зияндығына, қимыл-қозғалыстың аздығына, құнарлы тамақтанбауға қарсы жүргізілетін үгіт-насихат жұмыстарына негіз салды. Салауатты өмір тіршілігі – денсаулықты сақтаудың және нығайтудың негізгі, ол жан-жақты дамыған азаматтың қалыптасуына, оның рухани, дене дамуына әсер етеді.

Аннотация

Формирование здорового образа жизни среди молодежи очень важно. Чтобы уменьшить влияние факторов, вызывающих болезнь, как алкоголь, табак, наркотик, не правильное питание, малоподвижность и т.д. были проведены работы. Здоровый образ жизни это - сохранение и укрепление духовного и физического здоровья гражданина.

Annotation

The formation of a healthy lifestyle among young people is very important. The work carried out in this direction: to reduce the impact of the factors causing the disease, alcohol, tobacco, drug zīyandığına, lack of movement, nutritious diet with anti-propaganda work laid the foundation. Healthy life - health care and strengthening the development of a diversified civil, spiritual and physical development.

УДК 930.9:001.891

Н 38

МЕНЕДЖМЕНТ В СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ - РЕШЕНИЕ ЗАДАЧ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ

Наурызбаева А.А., Джунусова Д.А.

Таразский государственный педагогический институт, г. Тараз

Практические изменения, происходящие в обществе, могут быть успешными только в том случае, если они имеют под собой надежный научный фундамент. Предметом исследования могут выступать экономические, социальные, психологические, педагогические и другие аспекты образования. Истинно научный анализ образования возможен только в том случае, когда он рассматривается в единстве со всеми компонентами социума, когда наука об образовании развивается в комплексе с другими элементами системы научного познания. Одна из целей образования – формирование научного мировоззрения. Стержнем его выступает квалификация и подготовка кадров, мобильность научных кадров, выражающаяся в практической деятельности людей.

Актуальность данной статьи в проблеме организации подготовки кадров в образовании обусловлено тем, что в современном обществе эти знания становятся достоянием многих людей, деятельность человека и общества все в большей степени строится на научной основе. Формирование менеджмента в образовательной сфере – одна из программных задач всей системы организационной, информационной работы, а

изучение менеджмента – важнейшее звено этого процесса. Однако наблюдается явная асимметрия в исследовании, преподавании педагогики и психологии, с одной стороны и менеджмента – с другой. Изменения, происходящие в программе педагогики и психологии в вузе, не остаются вне поля зрения педагогической общественности, чего нельзя сказать об обучении менеджмента. Подобная диспропорция имеет место не только в научной литературе, но и во внеаучном окружении науки.

Менеджмент в системе образования понимается не только как обучение в рамках особой учебной дисциплины, но и как постижение экономических аспектов в содержании любой науки, имея в виду, прежде всего педагогику и психологию. Организационная подготовка происходит на протяжении всего учебно-воспитательного процесса. Более того – это элемент непрерывного образования. Зачатки мировоззренческих знаний даются уже в системе дошкольного образования. На следующих уровнях образования мировоззренческая насыщенность предметов становится все более интенсивной. Это касается средней школы, колледжа, бакалавриата, магистратуры, докторантуры, различных форм повышения квалификации [1, с.].

Непрерывное усложнение задач, рост объема знаний требуют постоянного повышения квалификации научных работников. Уровень профессионализма ученых является важнейшим фактором повышения эффективности науки. Только работающий в рамках современной познавательной системы ученый может обеспечить нужные темпы развития общества, высокое содержание и эффективность научно-технических достижений. Поэтому ему также как и учителю, экономисту, государственному служащему, необходимо кардинально усовершенствовать систему повышения квалификации и переподготовки научных и руководящих кадров. В этой связи необходимо усовершенствовать систему повышения квалификации и переподготовки научных и руководящих кадров. Программа обучения должна включать курс по экономике НТП в свете рыночных преобразований, вопросы мотивации научной деятельности, правовое положение научных работников, международное научно-техническое сотрудничество.

На наш взгляд, наиболее стимулирующей формой подготовки и повышения квалификации научных кадров должна стать магистратура, докторантура, активное участие научных учреждений в подготовке специалистов, прежде всего путем организации исследовательских центров при национальных университетах. Следует продолжить работу по интеграции НИИ и вузов с наукоемкими производствами. Развитие науки как системы знаний должно иметь эквивалент в сфере ее социальной организации, в частности в сфере образования и подготовки кадров, отборе кадров. В менеджменте существуют области соприкосновения с другими видами научного знания, с другими формами духовной культуры. Поэтому появление специалистов без базового образования - результат объективных реальных потребностей общества. Так отражается в сфере образования интеграция естествознания, общественных и технических наук, математики и т.д.

Рынка инновационного персонала в Казахстане нет из-за отсутствия предложения. Однако даже хороший диплом не может служить гарантией трудоустройства по специальности. Часто кандидат, претендующий на конкретную должность, в действительности не обладает необходимыми навыками и опытом. Активным поиском талантливой молодежи занимаются в основном иностранные компании. Проблема привлечения молодежи в инновационную сферу, повышения квалификации научных кадров приобретают особую актуальность в связи с тенденцией постарения. В настоящее время к ним прибавились такие негативные факторы, как уход остепененной молодежи в более доходные сферы эмиграции ученых [2, с. 78]. На наш взгляд, практика регулирования возрастной структуры имеет дело не со статистическими совокупностями, а с конкретными людьми, неповторимыми индивидуумами. Поэтому и решения, затрагивающие их судьбы, должны быть сугубо индивидуальными.

Менеджмент в системе образования – это, прежде всего деятельность, которая призвана формировать у человека практические навыки и умения применения знаний, реализации мировоззренческих убеждений. Это привитие способности реализации знания в духовной жизни общества, в сфере человеческого общения, что составляет предмет организационной аргументации, изучающей процесс функционирования в коммуникативном аспекте. Важное значение имеет мотивация. Случается так, что та или иная идея не находит применения в рамках компании. Для разрешения таких ситуаций необходимо создавать специальный банк идей. Развитие предполагает анализ идей. И если сегодня какой – то проект не реализуется, это не значит, что он забыт окончательно. Такой подход, с одной стороны, позволяет добиваться самореализации сотрудника, а с другой - открывает дополнительные возможности для инновационного развития [3, с.].

И еще хотелось бы отметить - обмен опытом, научный обмен. Необходимость информационного обмена в самых разных областях вузовской деятельности – от научных исследований до решения практических вопросов управления – совершенно очевидна. Находясь в одинаковых условиях, имея перед собой схожие проблемы, вузы не могут не интересоваться опытом друг друга и не использовать его для достижения общих целей. Обмен опытом, обмен специалистами, научный обмен, исключение дублирования в научных работах – все эти задачи по существу сводятся к проблеме организации открытой, постоянно действующей информационной системы. Абсолютное большинство вузов в мире имеет на своих серверах страницы, посвященные тематике научных разработок, выигранных грантах, партнерах, студенческих обменах и пр. Однако, на наш взгляд, возможности Интернет здесь используются еще недостаточно. Все это необходимо воплощать в территориальных и научно-промышленных конгломератах. В образовательной науке, когда основой организационного строения является небольшой коллектив, а от науки требуются гибкость, мобильность, продуктивность, оперативность в реализации НИС.

Список использованной литературы:

1. Ансофф И. Стратегическое управление.-М.: Экономика, 1989 г.- С.58.
2. Саханова А.Н. Государственный менеджмент.-Алматы: Атамұра, 2007.-784с.
3. Зинов В.Г. Профессиональные и образовательные стандарты подготовки специалистов инновационной деятельности // Инновации - 2003. - № 2-3.- С. 21.
4. Захарчук Л.А. Экономика образовательных учреждений: учебное пособие. – М.: ФОРУМ: ИНФРА - М, 2007. – (Профессиональное образование). – С.12
5. Цыркун, И.И. Инновационное образование педагога: на пути к профессиональному творчеству: учебно-методическое пособие / И. И. Цыркун, Е. И. Карпович. - Минск : БГПУ, 2011.- С. 38

Аннотация

Осы мақаланың өзектілігі білім саласындағы кадрларды дайындауды ұйымдастырудағы мәселеде, қазіргі қоғамда осы білім көптеген адамдардың білім қазынасына айналуында, ал адамның және қоғамның қызметінің басым бөлігі ғылыми негіделіп құрастырылуда. Білім беру саласында менеджментті құрастыру осы саладағы бағдарламалық тапсырмалардың бірі, ал менеджментті зерттеу осы процесстің бастапқы бұыны.

Аннотация

Актуальность данной статьи заключается в проблеме организации подготовки кадров в образовании и обусловлено тем, что в современном обществе эти знания становятся достоянием многих людей, деятельность человека и общества все в большей степени строится на научной основе. Формирование менеджмента в образовательной сфере – одна из программных задач всей системы организационной, информационной работы, а изучение менеджмента – важнейшее звено данного процесса.

Annotation

Actuality of this article in the problem of organization of training of personnels in education, because in modern society these knowledge become property of many people and activity of man and

societies all is in a greater degree built on scientific basis. Forming of management is in an educational sphere - one of programmatic tasks of all system and a study of management is a major link of this process.

ӘОЖ 548
О 69

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛІМІЗДІҢ АЛҒАШҚЫ ЖЕТІСТІКТЕРІ

Оспанова У.А.

«Қосқұдық» балалар бақшасы, Жамбыл облысы, Шу қ.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейлі мерекесі еліміздің жаңа тарихындағы бұл бедерлі белеске көтерілу сәтінде әлемдегі іргелі мемлекеттер қатарынан көріну, өркенді өзгерістер шуағы өмірді нұрландыра түсуі әрбір өңірде мақтаныш та қуаныш етілсе, осы сүйіншігі барлық Қазақстандықтарға жариялықпен айту парызымыз болып саналады. ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығы біз үшін әрі үлкен тарихи оқиға, әрі ұлттық мереке. Тәуелсіздік – тәңірдің біздің ұрпаққа берген үлкен бақыты, халқымыздың мәңгілік құндылығы. Біз бүгінге дейінгі барлық жетістіктерімізге Тәуелсіздіктің арқасында қол жеткіздік. Жиырма бес жыл ішінде елдің әл-ауқатын көтеріп, төл мәдениетіміз бен мемлекеттік тілді жаңғырту ісінде қыруар жұмыстар жасадық. Елімізде білім, ғылым, денсаулық, спорт салалары да айрықша даму үстінде /1, 40-бет/. Ал енді тәуелсіздік алған уақытқа үңілетін болсақ, 1991 жылы 1 желтоқсанда Қазақстан тарихында тұңғыш рет Республика Президентін жалпыхалықтық түрде сайлау өтті. Халықтың демократиялық жолмен өз еркін білдіруі арқасында Н.Ә.Назарбаев Президент болды.

10 желтоқсанда тұңғыш халық сайлаған ел Президенті өзінің ел басшының қызметіне кірісті. 1991 жылдың желтоқсанына дейін КСРО құрамында болған республикалардың барлығы да мемлекеттік тәуелсіздіктерін жариялады. Ал Қазақстанда тәуелсіздік алуға қарсы күштер белең алды.

1991 жылы 16 желтоқсанда республика жоғарғы Кеңестің 7 сессиясында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздік туралы» Конституциялық заң қабылданды. Бұл құжаттың 1 бабында Қазақстан Республикасы-тәуелсіз, демократиялық және құқықтық мемлекет деп сипатталды, ол өз аумағында үкімет билігін толық иеленеді, өзінің ішкі және сыртқы саясатын дербес белгілеп, барлық мемлекеттермен халықаралық құқық ұстанымы негізінде қарым-қатынас орнататын ел екендігі, аумақтық шекарасының біртұтас, бөліспейтіні айқындалды. Осы жылғы 8 желтоқсанда Беларусь, РСФСР және Украина республикаларының басшылары 1922 жылғы КСРО-ны құру туралы келісім-шартты жойып, Тәуелсіз мемлекеттер одағын құру туралы Минскіде «Беловеж келісімін» жасады. Кенеттен жасалған Беловеж келісімі шиеленісті ахуал мен сол кездегі шекараларды қайта қарауға ұласқан Кеңес Одағының ыдырауына айқын алғышарттар туғызды.

1991 жылғы 13 желтоқсанда Ашхабадта Орта Азия мен Қазақстан басшылары Беловеж келісіміндегі шешімдерді қолдап, келесі Алматы кездесуін жоспарлады. Нәтижесінде, 1991 жылы 21 желтоқсанда Алматы келісіміне қатысушы елдер: Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түркіменстан, Ресей, Украина, Беларусь, Молдова, Әзірбайжан, Армения- барлығы 11 республика КСРО-ның өмір сүруін тоқтатқанын мәлімдеп, Тәуелсіз мемлекеттер достастығын (ТМД) құрды. Ядролық қаруы бар мемлекеттер (Қазақстан, Ресей, Украина, Беларусь) ТМД-ға енетін барлық республикалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге уағдаласты. Осындай тарихи-саяси оқиғалардан кейін 1991 жылғы 25 желтоқсанда М.С.Горбачев КСРО президенті қызметінен босатылды. Ал келесі күні 26 желтоқсанда КСРО-ның өмір сүруі тоқтатылғаны туралы Декларация жарияланды. 1991 жылы республикада экономикалық

және әлеуметтік жағдай едәуір қиындай түсті. Ішкі жалпы өнім 12 пайызға төмендеді. Барлық аймақта тауар жеткіліксіздігі байқала бастады. Осындай қиын кезде Қазақстан бір мезгілде аса маңызды екі міндетті шешуге тура келді. Бұл екі міндет елімізде басталған дағдарысты тоқтатумен қатар, еліміздің дербес экономикалық жүйесін құру болатын. Бұған мемлекет иеліген алу мен жекелендіруді жүргізу, яғни жеке меншік институтын енгізу жолымен ғана қол жеткізуге болатын еді. /2/.

Бірінші кезектегі өзекті міндет – басқарудың әміршіл-әкімшіл әдістерін алмастыру қажет болады. Сонымен бірге дербес бюджет, салық және кеден жүйелерін де құру керек болатын. Бұл мәселелерді шешу үшін алдымен нормалитивтік- құқықтық базаны құру талап етілді. Ескі жүйені қирату алғашқы жылдары мемлекеттік бюджеттің өте үлкен сәйкессіздіктеріне алып келді. Өйткені, әлеуметтік кемшіліктер мүлшері нақты экономикалық мүмкіндіктерден асып түсті. Мысалы, 1991 жылдың бюджет тапшылығы 20%-ден артық болды. Экономикалық реформаның маңызды бағыттарының бірі- жекелендіру саясатының алғашқы кезеңі шағын жекешелендіруден басталды. Бұл кезеңде (1991-1992 жылдар) бес мыңға жуық нысандар жекешелендірілді, 470-тен астам кеңестік шаруашылықтар (совхоздар) ұжымдық меншікке берілді. Келесі 1992 жылы 2 наурызда Қазақстан Республикасы жас тәуелсіз мемлекет ретінде Біріккен ұлттар ұйымына оның тең құқылы мүшесі болып қабылданды.

Қазақ елінің жаңа мемлекеттігін құру – Қазақстан тәуелсіздігі мен егемендігінің жаңа рәміздері әзірлеп қабылдауды талап етті. 1992 жылы 4 маусымда Қазақстан Республикасы жоғары Кеңесінің сессиясы тәуелсіздік мемлекеттің жаңа мемлекеттік туы мен Ел таңбасын бекітті. Ал желтоқсан айында Республика Әнұранының жаңа мәтіні қабылданды. 1992 жылы мамыр айында Қазақстан өзінің аумағында орналасқан ядролық қаруларды бөлшектеу туралы Лиссабон хаттамасына қол қойылды. Осылайша қалыптасқан тарихи жағдайда ядролық мемлекетке айналған Қазақстан үшін бұл мәселені шешу мемлекет басшысынан парасаттылық пен табандылықты және ел қауіпсіздігін қамтамасыз етуде батыл шаралар қолдануды талап етті. Ядролық қарудан арылу Қазақстанның қауіпсіздігіне Ресейдің, АҚШ-тың және Ұлыбритания мемлекеттері тарапынан кепілдіктер алу туралы Будапешт меморандумына қол қойылуымен тұжырымдалды. Мұндай кепілдіктер кейіннен ядролық мемлекеттер – Франция мен Қытайдан да алынды. 1993 жылы 28 қаңтарда Қазақстан Республикасы өзінің жаңа Конституциясын қабылдады. Бастапқы тәуелсіздік кезеңінің қиыншылық уақытында өз міндетін орындаған бұл Конституция қоғамның саяси жүйесін одан әрі реформалау нәтижесінде оған едәуір өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет етті. Бұл республикадағы құқықтың реформаны жүзеге асыру мен жаңа заңдар базасын жасаудың алғышарты болды. Осылайша Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігінің бастапқы жолдарын жаңа қоғам құру үшін демократиялық негізде бастай отырып, нарыққа негіздеген даму үдерісімен бастады және ол өзінің бүгінгі 20 жылдық кезеңіне сенімен аяқ басты. /3,176/.

Еліміздің халықаралық саясаты мемлекеттің егемендігі мен тәуелсіздігінің дүние жүзілік кепілдігіне қол жеткізуге бағытталды. Ауқымды, әр жемісті жұмыс жасалды. 120-дан аса ел Қазақстанды ресми түрде танып, тату дипломатиялық қарым-қатынас құрды. Қазақстан Біріккен ұлттар ұйымы мен Еуропадағы Қауіпсіздік және Үнтымақтастық ұйымының толық құқылы және белсенді мүшесі болып отыр. Бүгінгі күні Қазақстан Халықаралық алаңда танымал деп сенімді түрде айта аламыз. Президенттің Қазақстан халқына арнаған жарқын және есте қаларлық алғашқы жолдауы 1997 жылдың күз айында жасалды. Экономикалық күшімізді нығайту процесі сол жолдаудан басталды. Бұл «Қазақстан-2030», еліміздің өркендеуінің ұзақ мерзімді стратегиясы. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Конституциясының мемлекеттің заңнамалық, ұйымдастырушылық және басқа да шараларымен жүзеге асуы тиіс құқықтық идеялары мен принциптерін одан әрі іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 28 тамыздағы Жарлығымен Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020

жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы қабылданды. /3, 21-бет/.

Тәуелсіздік алып келген жетістік те, оң өзгерістер де мол. Тәуелсіздіктің ең басты жетістігі – еркіндік! Еліміздің еркін өміріндегі бүгінгі табыстарының бәрі де тәуелсіздіктің нәтижесі. Соның бірі – Астана. Елордамыз Алатау баурайындағы әсем ару Алматыдан Арқа төсіндегі жаңа ақорда Астанаға келіп орнықты. Аз уақыт ішінде көркейіп, түрленген, тәуелсіздігіміздің түлегі, Отанымыздың жүрегі Астанамыз да елдігіміздің жаңа беттерін ашқандай, тәуелсіздігімізді әйгілеп тұр.

Тәуелсіздік – еліміздің басты құндылығы. Сондықтан, Тәуелсіздік біз үшін - баға жетпес байлық!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Т.Е. Ашимбаев. «Экономика Казахстана на пути к рынку», А.1999
2. Ашимбаев Т.Е. Экономика Казахстана на пути и рынку. А 1999ж
3. Ауезовские чтения – 10: «20-летний рубеж: инновационные направления развития науки, образования и культуры» Международная научно-практическая конференция — Шымкент: ЮКУ им.М.А.Ауезова, 2011 гг.

Аннотация

Бұл мақалада Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы жетістіктері туралы жазылған.

Аннотация

В статье рассматриваются основные достижения Республики Казахстан после приобретения независимости.

Annotation

This article is devoted to the new achievements of Kazakhstan after getting independence.

ӘОЖ 796.332

Т 52

ФУТБОЛДЫҢ НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАРЫ

Тоқтағұлұлы А.

Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Тараз қ.

Футбол — (ағылш. *foot* — аяқ, *ball* — доп) спорттың командалық ойын түрі. Футбол — әлемге аса танымал ойындардың бірі. Ойынның негізгі мақсаты қарсылас команданың қақпасына аяқпен немесе басқа да дене мүшелерімен (қолдан басқа) қарсылас команда салған саннан көбірек доп салу болып табылады. Футбол ойыны барлық дүниежүзі елдерінде танымал. Футбол спорт түрі сияқты ұдайы дамиды, ойын тәсілі де ұшталып, футболістің қозғаду қызметі қиындатылады. Футболистің спорттық мастерствосы озықтыққа жету үшін қозғалмалы қызметтің жаңа одан да тиімді тәсілдер көмектеседі. Ойынның өзгешелігінденгі нақты білімге сүйенсек, футболістің қозғалу қызметін ұйымдастыра отырса негізгі ойынның даму үрдісіне негі болады. Футбол жас адамдардың дамуына көмектеседі. Олардың физикалық даму сапасына, мінездің маңызды сипаттарын тәрбиелеу, мысалға: творчестволық белсенділік, берілген жұмасқа жауапкершілік, талаптылықты жүзеге тартады. Ал бұл өз алдында өте түбегейлі. Бұндай сапаларға иемденген адам өзінің қоғамына үлкен пайда әкелетіне сөзсіз.

Негізгі факторлары. Өмір көрсеткендей ешқандай ойын, егерде жақсы ойыншылары болмаса нәтиже бермейді. Футболшы көптеген қажетті қасиеттерге ие болуы керек. Футболдағы әр ойыншы доп алып жүру, дәл пас, қақпаға допты тура бағыттап білуі керек. Осылармен бірге ол бүкіл ойын бойы түсетін ауыртпалыққа шыдай білуі керек. Футболда басты, маңызды ол ойыншылардың өз денесі мен допты игеруі. Міне осыларға байланысты ойыншы, егерде жарыстарда жақсы жетістіктерге жеткісі

келсе, өзінің дайындығына басты назар аударуы керек. Ал осындай дайындық өзіне жоғары физикалық дайындықты, әр түрлі техникалық ойды қажет етеді. Осындай дайындықтың әр бір бөлігі бір бүтіндей болуы керек. Физикалық дайындық ол физикалық жұмыс жасау қабілеті немесе футболшының физикалық жағдайы немесе күш, ептілік, икемділік, жылдамдық және шыдамдылық секілді физикалық қасиеттердің жиынтығы.

Техника – дегеніміз ол ойын кезінде футболшының допқа және өз денесіне ие болуы.

Тактика – дегеніміз ол ойланылған, әр бір ойыншының және бүкіл команданың қозғалысы. Ойын кезінде алаңда футбол шеберлерінің дәл пастарды әдемі комбинацияларын көруге болады. Осылардың барлығы бұл шеберлерге көптеген жаттығулар арқасында келеді. Жаттығулар кезінде футболшылар физикалық, техникалық және тактикалық дайындықтарға көп уақыттарын бөледі.

Матч сипаттамасы (ережелері). Халықаралық футбол ассоциацияның (IFAB) әр түрлі деңгейде және әр түрлі футболшылар топтары үшін (мысалы, жасөспірімдер үшін, әйелдер үшін, мүмкіншілігі шектелгендер үшін, т.б.) ресми түрінде қабылданған ойын шарттарының 17 нұсқасы бар. Әр командада максималды 11 ойыншы (қосалқы ойыншыларды санамағанда), оның біреуі - қақпашы. Өз айып алаңында қақпашыдан басқа ойыншы допты қолымен ұстауға болмайды. Қақпашыдан басқа ойыншылар қорғаушылар, жартылай қорғаушылар, шабуылшылар болып бөлінеді. Бір ойынның аты - матч, матч екі 45 минуттық бөлімнен (тайм) тұрады. Ойын арасында 15 минуттық үзілісі бар. Ойын мақсаты - команданың допты қарсылас команданың қақпасына салу (гол) және өз қақпасына салғызбау. Матчта көбірек доп салған команда ұтады. Егер де матчтың нәтижесінде екі команда да бірдей гол салса - тең ойын деп саналады. Бұл жағдайда тағы қосымша уақыт (15 минуттан екі тайм) берілуі мүмкін. Егер де қосымша уақыттан кейін тең ойын болса - матчтен кейінгі пенальти жұптары өткізіледі.

Ойын алаңы. Ойын ұзындығы 100-110 м, ені 64-75 метрлік тіктөртбұрышты алаңда өткізіледі. Биіктігі 2 м 44 см, ұзындығы 7 м 32 см-лік қақпасы бар. Қақпаның сыртына тор керіледі.

Футбол добы. Футбол добының салмағы 396-453 г, диаметрі 68-71 см.

Ойын шарттарын бұзу. Ойын шарттарын бұзушылықты фол деп атайды. Бірінші рет тәртіп бұзған үшін - сары карточка беріледі, ал екінші қайталаған үшін - қызыл карточкамен ойыншыны ойын алаңынан шығарады.

Фол (тәртіпті бұзу). Ең жиі болатын тәртіп бұзулар:

- Бәсекелесті аяқпен тебу
- Аяқпен қағу
- Бәсекелеске секіру
- Бәсекелеске шабуыл жасау
- Қолмен итеру
- Бәсекелесті ұрып-соғу т.б.

Тәртіпсіздік. Футболда тәртіпсіздікке:

- төбелес шығару
- түкіру
- балағат сөздер мен қылықтар т.б. жатады

Футбол тарихы XII ғасырдан басталады. Алғаш рет Англиядадамыды.

Саяхатшы Гастон де Фуа өз заманында футболды бар ынтасымен бақылап, «*Ағылшындар футболды ойын деп есептесе, онда төбелесті не дейді?*» деп жазып кеткен екен. Футболға қарсылық көрсеткендер болды. Мысалы, шіркеудегі діндарлар, феодалдар футболға тыйым салынуын талап еткен екен. Өйткені, бүгінгі күнге дейін футбол өте қауіпті ойын саналып келеді.

• 1313 жылы белгілі феодал Эдуард II қала ішінде футбол ойнауға шектеу қойған. Тіпті, 1314 жылдың 13 ақпанында король Лондон қаласында футболға қарсы шаралар қолданған деседі.

- 1389 жылы Ричард II патша сарайы маңында доп тепкендерді өлім жазасына кескен. Патшаға бірнеше мәрте рұқсат сұрап барған футбол жанкүйерлері әрқашан жағымсыз жауап алып отырған.

- Футболға тыйым салған патшалар тізімі төмендегідей: Генрих IV 1399-1401, Генрих V 1413-1433ж, Генрих VI 1449-1451 ж, Эдуард IV 1471 ж, Генрих VII 1491 ж, ал Генрих VIII ойыншыларға шектеу қойып қана қоймай, алаң иелеріне тыйым салып, салық салған. Бұндай қатаң қағидаларға мойымаған халық футбол ойнаудан бас тартқан жоқ.

- Тек 1908 жылы футбол олимпиадалық ойындар тізімінен орын алды.

- Ал, 1863 жылы Лондонда футболдың жаңа шарттары белгіленді. Жобаға енгізілген ережелерді арнайы комиссия жігі қараған.

- 1872 жылдан бастап футболдан халықаралық кездесулер өткізілді. Доданы Англия мен Шотландия футболшылар ашты.

- Ойынды бар ынтасымен тамашалаған жанкүйерлер үшін ойын сәтсіз аяқталды. Өйткені, алғашқы кездесуде есеп ашылған жоқ.

- 1884 жылы Ұлыбританияда алғашқы ресми кездесу өтті. Жарысқа Англия, Шотландия, Уэльс және Ирландия командалары қатысып, бақ сынасты. Ойын жеңімпазы - шотландықтар болды.

- 1920 жылы еуропалық футбол бәсекесінде Бельгия мен Чехословакия кездесті. Онда чех футболшыларын ойсырата жеңген бельгиялықтар олимпиада чемпионы болып танылды.

Ал 1924 жылы Оңтүстік Америкада ашылған олимпиадада алтынды Уругвай құрамасы ұтты. Олар Югославия, американдық, француз, голланд пен Швейцария ойыншыларын қапы қалдырды. Ағылшындардан футболды үйренген Уругвай футболшылары әлдеқайда ширақ еді.

- Италия мен Испания, Мажарстан, Аустрия, Чехословакияда футболдың қырсырларын тең меңгере білді. Бұны 1934-38 жылдары Италия құрамасының екі рет әлем чемпионаты атанғаны дәлелдейді.

- Ежелгі Шығыс елдерінде (антикалық дәуірде Мысыр, Қытай), (Грекия, Рим), тіпті Франция, Италия, Англияда футболға ұқсас ойын болған.

- Ежелгі Мысырдағы футбол тектес ойын біздің эрамызға дейін 1900 жылы танылған.

- 19 ғасырдың аяғында футбол Еуропа мен Латын Америкада қарқынды дамыды.

- 1904 жылы Белгия, Дания, Нидерланд мен Швейцария елдері.

- футбол қауымдастығынан халықаралық федерацияның (FIFA) құрылуына мұрындық болды.

- 1923 жылы Ресей құрамасы Скандинавия турнирінде Швеция мен Норвегия командаларын қапы қалдырды. Одан кейін бірнеше мәрте Түркия ойыншыларын сан соқтырды.

- 1946-48 жылдары Оңтүстік Америка үш рет қатарынан аргентиналықтардан басым түсті.

- 1950-60 жылдары футболдан үздік мектептер саналғандар мыналар еді: Лев Яшин мен Игорь Нетто, Альфредо ди Стефано мен Франсиско Хенто, Раймон Копа мен Жюст Фонтэн, Полеи Диди, Гарринча және Жильмар, Драгослав Шекуларац пен Драган Джаич, Иозеф Масопуст пен Ян Поплухар, Бобби Мур мен Бобби Чарльтон, Герд Мюллер, Уве Зеелер мен Франц Беккенбауэр, Ференц Вене мен Флориан Альберт, Джачинто Факкетти, Джанни Ривера, Жаирзиньо және Карлос Альберте.

- 1956 жылы Кеңес Одағының футболшылары алғаш рет олимпиада чемпионы атанды. Төрт жылдан кейін олар Еуропа кубогының жеңімпазы танылды.

Футболдың таралу тарихы. Футболдың алғаш 1863 ж. Англияда арнаулы ережесі бекітіліп, тұңғыш қауымдастық құрылды. Сондықтан Англия аталмыш спорт түрінің отаны болып есептеледі. Бірақ Футболға ұқсас аяқдоп ойынының түрлері ежелгі Мысыр, Қытай, Грекия, Римде, ал онан кейін ірек Франция мен Италияда дамыған. Кейін бұл спорт

түрі біраз өзгерістерге ұшырап, футбол деген атаумен бізге жетті. 19-ғасырдың соңына қарай футбол Еуропа мен Латын Америкасы елдеріне кеңінен тарай бастады. 1904 жылы халықаралық футбол федерациясы (FIFA), 1954 жылы Еуропа футбол қауымдастықтары одағы (УЕФА) құрылды. 1900 жылдан бастап олимпиялық ойындар бағдарламасына енген. 1930 жылдан бастап төрт жылда бір рет әлем чемпионаты және 1958 жылдан бастап Еуропа кубогы үшін жарыстар өткізіліп тұрады.

Қазақстан футболының таралу тарихы. Қазақстанға футбол 1909-1910 жылдары келді. Әуелі Орал, Атырау, Ақтөбе, Павлодар, Семей, Петропавл қалалары жастарының ермегіне айналған өнер, бара-бара бұқаралық сипат алды. Қолда бар деректер бойынша алғаш команда құру 1911 жылдан басталған. Семейде М.Сайдашев, А.Кәрімов, Ю.Нығматулин, т.б. жергілікті қазақ және татар жастарынан тұратын “*Жарыс*” командасын құрып, көптеген өнерпаздар мен спортшылардың елге танылуына себепкер болды. Сол команданың құрамында ұлы жазушы, ғұлама ғалым Мұхтар Әуезов жартылай қорғаушы болып ойнаған. 1914 жылы семейліктер алғаш рет Томск қаласының политехникалық институты студенттерімен жолдастық кездесу өткізді. Бұл Қазақстан футболының кіндігі кесілген жыл болып есептеледі. 20 ғасырдың 30-жылдарына дейін әр қала өздерінше күш сынасып жүрді, алайда республикалық деңгейде жарыстар болмағандықтан, шеберлік баяу дамыды. 1937 жылы Алматының динамошылары “*Шығыс қалалары*” тобында 3-орынды иеленді. Сол жылдың қазан айында жолдастық кездесулер өткізу үшін Одессадан “*Консервщик*” командасы келді.

Одессалықтар Алматы, Семей, Петропавл қалаларында болып, республиканың ең таңдаулы командаларын ойсырата жеңді. Осы жеңілістен қорытынды шығару мақсатында, “*Динамо*” командасын күшейту жөнінде шешім қабылданды. Жергілікті командалардан ағайынды Вячеслав пен Павел Трофимовтар, А.Вяшняков, А.Громов, Ф.Ткаченко, Ақтөбеден Н.Писякув, И.Шариков, П.Луценко шақырылды.

Одессаның “*Консервщик*” командасының ойыншылары ағайынды Константин мен Георгий Бедрицкийлер, Н.Чернец, Г.Ананченко және П.Щербаков “*Динамоның*” (Алматы) құрамында ойнауға тілек білдірді. 1939 жылы динамошылар Қазақстан \ чемпионы әрі кубогының иегері атанды. Қазақстандықтар сол жылы КСРО кубогы жолындағы бәсекеде Киевтің динамошыларын тізе бүктірді. Келесі жылы 2004 команда қатысқан ұжымдар арасындағы кубок бәсекесінде топ жарды. Шешуші сында Таганрогтің “*Торпедо*” командасын 3:1 есебімен жеңген алматылық динамошылар КСРО кубогын иемденді. Қазақстан футболының атын шығарған команданың құрамындағы 8 ойыншы Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысты. Трофимов, Громов, В.Шаповалов сынды футболшылар қан майданнан оралған жоқ. Команда 1947 жылдан бастап КСРО чемпионатында “Б” класында өнер көрсетті.

Республикамыздың бас командасы әр жылдары “*Динамо*”, “*Локомотив*”, “*Урожай*”, ал 1956 жылдан бері “*Қайрат*” деп аталды. “*Қайрат*” өзінің алғашқы халықаралық кездесуін 1957 жылғы 30 қазан күні Финляндияның “*Barca*” командасымен өткізді. Қайраттықтар 4:0 есебімен жеңіске жетті. “*Қайрат*” командасы КСРО чемпионатының “А” класына 1960 жылы көтерілді.

Олар алғашқы матчын Ленинградтың “*Адмиралтеец*” командасымен өткізіп, 0:0 есебімен тең түсті. “*Қайрат*” командасының сапында Т.Сегізбаев, Қ.Ордабаев, С.Байшақов сынды өнер көрсеткен қазақ жастары болды. 20 ғ-дың 50-жылдары “Б” класына Қазақстан командалары көптеп өте бастады. 1958 жылы Қарағандының “*Шахтер*”, ал келесі жылдары Шымкенттің “*Еңбек*”, Өскеменнің “*Восток*”, Жамбылдың “*Металлист*”, Павлодардың “*Трактор*”, Ақтөбенің “*Актюбинец*”, Целиноградтың “*Целинник*”, Жезқазғанның “*Еңбек*” командалары әуелі “Б” класында, кейіннен “А” класында өнер көрсетті. КСРО тарағаннан кейін, 1992 жылы Қазақстан дербес мемлекет ретінде Халықаралық футбол федерациясына (ФИФА) мүше болды. Сол жылдан бері ҚР-ның өз чемпионаты өтуде. 1992 жылы “*Қайрат*” (Алматы, 1993 ж. “*Ансат*” (Павлодар), 1994-1995 жылдары “*Елімай*” (Семей), 1996 жылы “*Тараз*” (Тараз), 1997 жылы “*Ертіс*”

(Павлодар), 1998 жылы “Елімай”(Семей), 1999 жылы “Ертіс” (Павлодар), 2000-01 жылдары “Жеңіс” (Астана), 2002-03 жылдары “Ертіс” (Павлодар), 2004 жылы “Қайрат” (Алматы), 2005 жылы “Ақтөбе” (Ақтөбе), 2006 жылы “Астана” (Астана) командалары чемпион болды. Ел кубогы жолындағы бәсекеде 1992 жылы “Қайрат”, 1993 жылы “Достық” (Алматы), 1994 жылы “Восток” (Өскемен), 1995 жылы “Елім-ай”, 1996-97 жылы “Қайрат”, 1997-98 жылдары “Ертіс”, 1998-99 жылдары “Қайсар” (Қызылорда), 1999-2000 жылдары “Қайрат”, 2000-01 жылдары “Жеңіс”, 2001 жылы “Қайрат”, 2004 жылы “Тараз”, 2005 жылы “Жеңіс”, 2006 жылы “Алма-Ата” (Алматы) командалары кубок иегері атанды. 2002 жылы Қазақстан футбол одағы (ҚФО) Азия футбол конфедерациясынан (АФК) шығып, Еуропа футбол одағына (УЕФА) мүшелікке өтті. КСРО құрама сапында Е.Яровенко 24-Олимпия ойындарының (1988, Сеул,Корея) чемпионы болды.

Футбол ұйымдары. Футболдың таралуын, басқаруын және бақылауын менгеретін бір қатар халықаралық ұйымдары бар. Негізгісі болып Цюрихта (Швейцария) орналасқан ФИФА ұйымы болып есептеледі. ФИФА халықаралық жарыстарды, яғни Футболдан Әлем чемпионаттарын) ұйымдастыру мәселесімен айналысады.

Құплықтық деңгейлерді халықаралық жарыстармен 6 ұйым айналысады: КОНКАКАФ, КОНМЕБОЛ, УЕФА, КАФ, АФК (Африка), ОФК (Океания). Негізгі футболдың ең қатты дамыған жері - Еуропа. Ең бақуатты 20 футбол клубтары осы еуропада орналасқан. 2006 жылғы әлем чемпионатына қатысқан 700 футболшының 102 - Англиядан, 74— Германиядан, 60— Италиядан, 58—Франциядан болған.

Клубтар. Футболшылар командалары дара ұйымдарға біріктірілген. Бұл ұйым, яғни футбол клубы, футболшылар мен басқа ұйымдардың арасындағы байланысты жасайтын буын.

Әлем чемпионатында жеңіске жеткендер:

Бразилия құрамасы - Бес рет: 1958, 1962, 1970, 1994 және 2002 жылдарындағы чемпионаттарды жеңді.

- Италия құрамасы - төрт рет: 1934, 1938, 1982 және 2006.
- Германия құрамасы - төрт рет: 1954, 1974, және 1990, 2014
- Аргентина құрамасы - екі рет: 1978 және 1986.
- Уругвай құрамасы - екі рет: 1930 және 1950.
- Англия құрамасы - бір рет: 1966.
- Франция құрамасы - бір рет: 1998.
- Испания құрамасы - бір рет: 2010.

1977 жылы Тунистеалғаш рет жасөспірімдер арасында әлем чемпионаты өтті. Жасы 19-ға дейінгі жас футболшылар 16 ұлттық құрамадан алынды. Жастар арасындағы чемпионат тізімінің тұсауын КСРО футболшылары кесті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Laws Of The Game. FIFA. Басты дереккөзінен мұрағатталған 1 қыркүйек 2007.
2. Laws of the game (Law 3–Number of Players). FIFA. Басты дереккөзінен мұрағатталған 13 қыркүйек 2007.
3. Правило Начало и возобновление игр. football-info.ru. Басты дерек көзінен мұрағатталған 15 маусым 2013.
4. Футбол тарихы. Футбол. ФИФА. Большая советская энциклопедия. Басты дерек көзінен мұрағатталған 16 маусым 2013.
5. Қазақстан - спортшылар елі. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы: "Сөздік-Словарь". ISBN 9965-822-57-3

Аннотация

Ешқандай ойын, егерде жақсы ойыншылары болмаса нәтиже бермейді. Футболшы көптеген қажетті қасиеттерге ие болуы керек. Футболдағы әр ойыншы доп алып жүру, дәл пас, қақпаға

допты тура бағыттай білуі керек. Осылармен бірге ол бүкіл ойын бойы түсетін ауыртпалыққа шыдай білуі керек. Футболда басты, маңызды ол ойыншылардың өз денесі мен допты игеруі.

Аннотация

Если нет лучших игроков в игре, не будет никаких результатов. Футболист должен иметь из много необходимых качеств, чтобы стать хорошим футболистом. Каждому игроку, владеющий мячом в футбольном мире, необходимо знать направление мяча. Игрок должен быть в состоянии выдержать нагрузку в течение всей игры. В футболе, наиболее важным для игрока является управление своим телом и мячом.

Annotation

If there is no best players in the game if not the result. Many of the necessary qualities to be a football player. Each player carrying the ball in the football world, it is necessary to know the direction of the ball, pass gate. With them, he should be able to withstand the load for the entire game. In football, the most important players in the development of his body and the ball.

ӘОЖ 37.037.1:378

ЖАС ҰРПАҚТЫ ЕСІРТКІГЕ ТӘУЕЛДІ БОЛУДАН САҚТАНДЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Уралбеков А.А., Сүлейменов Ә.О.

Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Тараз қ.

Салауатты өмір салтының жастар арасында қалыптастырудың маңызы өте зор. Ел басы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан - 2030» стратегиялық даму бағдарламасында «Салауатты өмір салтын ынталандыру әрқайсымыздың дене тәрбиесімен айналысуымызға, дұрыс тамақтануымызға, есірткілерді, темекі мен алкогольді тұтынуды қойып, тазалық пен санитария шараларын сақтауымызға бағытталсын» делінген. Бұл бағытта жүргізілетін жұмыстар: ауыру шақыратын факторлардың әсерін төмендетуге, ішімдіктің, темекінің есірткінің зияндығына, қимыл-қозғалыстың аздығына, құнарлы тамақтанбауға қарсы жүргізілетін үгіп-насихат жұмыстарына негіз салды.

Салауатты өмір тіршілігі – денсаулықты сақтаудың және нығайтудың негізі, ол жан-жақты дамыған азаматтың қалыптасуына, оның рухани, дене дамуына әсер етеді. Денсаулыққа кері, жағдайсыз әсер ететін көптеген факторлар бар: ауырып жазылу, никотин мен алкогольге құмарлық, еңбектің, тұрмыстың жағдайсыз жағдайларының созылмалы әсері, дұрыс тамақтанбау (оның жеткіліксіздігі және шамадан тыс көптігі), көңіл күйдің жылдам ауытқуы, еңбек пен демалыстың ретсіз бұзылуы, ауаның, судың ластануы, дәрі-дәрмекті және тұрмыс–химиялық заттарын орынсыз пайдалану. Осы факторлардың ішінде бірінші қатарда есірткі қолдану проблемасы тұр. Нашақорлық (наркомания) құрамдас немесе психотроптық, болмаса соларға ұқсас заттарға тәуелділіктен туындайтын, өте ауыр және тұрақты тәндік немесе психикалық өзгеруге, кейде өлімге әкелетін дерт.

Есірткіге тәуелділік дегеніміз есірткіге ересен құштарлық, қабылдау мөлшерін үнемі үстемелеудің қажеттігі; есірткі жоқ жағдайда психикалық және тәндік қолайсыздықтың пайда болуы; өмірге немқұрайлықтың өршуі (ештеңемен әуестенбеу, мектеп, отбасы өміріне, құрбы-құрдастарға салғырттық) зиянды зардабын біле тұра, есірткіден бас тарта алмау; есірткі мөлшерін және оны пайдалануға байланысты ахуалды бақылаудан қалу. Есірткіге бір рет жолаудың өзі - қатер. есірткі дәмін бір таттым дегенше, тағы да тұтынуға құштарлық пайда болады. Бір нашақорды емдеп, қатарға қосу үшін шамамен 1000 АҚШ доллары керек. Соңғы жылдары есірткі тұтынушылар арасында мектеп оқушылары көбейіп барады. Әрине нашақорлықтың алдын алудың басты шарты – тәрбие. Нашақор өзі үйренген есірткілердің бірін көрсе, аш адамдай тарпа бас салады. Мұны медицинада «наркотизм», ал оның ауыр түрін «наркомания» деп атайды.

Грек тілінен аударғанда «нарк» - жасанды ұйқы, «мания» - есі кету, есіру деген ұғымды береді. Мектеп оқушыларының арасында сауалнама жүргізгенде мынадай жауаптар алынды: «Есірткі тартатындарға көзқарасың қандай?» - деген сауалға 10-11 сынып оқушыларының - 45%,

8 - 9сынып оқушыларының - 20%,

6 - 7сынып оқушыларының - 13%,

4 - 5 сынып оқушыларының 4%, пайызы «айыптамаймын, немқұрайлы» деп жауап берген.

Ал «Есірткі тартып көрдің бе?» деген сауалға 8-9 сынып оқушыларының 5% «Тартып жүрмін» депті. Сонымен бірге, олардың біразы «тартуыма күштеп, мәжбүр етті» деген. Наша тартатын мектеп оқушыларының 70% есірткіні дискотекада аламын десе, мектептерде де анаша сататындар табылады екен.

«Ауыл балалары, мектеп оқушылары инеге «отырды», гашиш, героин тартады» деп айту қиын. Себебі, олардың ондай есірткі алуға жағдайлары жоқ. «Салауатты өмір салты» кешенді бағдарламасының басымды бағытының бірі «Есірткілерді қолданудың алдын алу» болып табылады. Есірткіге тәуелділіктен емделу қазіргі таңда тек жалпылама ғана, үстүрт қарастырылуда.

Тәуелділік ауыруынан айығу, емделу өте қиын, қымбат ұзақ процесс. Сол себептен, ең басты есірткіден арылудың бірден-бір жолы ол жастармен профилактикалық мазмұндағы жұмыстар жүргізу. Оның негізгі мақсаты жасөспірімдер мен жастар арасында есірткілік заттарды қолдануды азайту. Негізінен көп көңіл бөлетін топтар 19-29 жас аралығындағы азаматтар, 7-19 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдер. Ең қауіп тудыратын «Қауіпті жастар» 10-14 жас аралығындағы балалар екен. Есірткіге деген тәуелділік ауыруы жылдан-жылға жасаруда, ал оған жастардың көп қызығуының жасөспірімдердің ойларынша, басты себебі төмендегідей:

- отбасындағы келіспеушілік, жанжал;
- бұл өмірде барлық нәрсені жасап, ұстап, пайдаланып көру;
- іш пысқандықтан;
- шаршауды басып, дем алу үшін, өз достарынан бөлінбес үшін;
- «ақ қарға» болмас үшін;
- ләззат алу үшін;
- ата-анасына әдейі ерегісіп істеу;
- жасы үлкен немесе лауазымы жоғары адамдардың қысым көрсетуінің нәтижесінде;
- сән үшін;

Бұл себептерден байқайтынымыз, егер жастар өздерін, сезімдерін дұрыс басқарып, өмірлеріне жауапкершілікті сезінсе, салауатты өмір салтын ұстанса есірткіге деген тәуелділіктен құтылуға болар еді. Есірткіге қарсы тұрудың алдын алу жұмыстарын нашақорлармен емес, дені сау балалармен қауіп тудыратын жастағы жасөспірімдермен жүргізу қажет. Қауіп тудыратын топтар деп отырғанымыз түрлі әлеуметтік – психикалық проблемалары бар балалар, нашақорлар мен маскүнемдер отбасынан шыққан жасөспірімдер және балалардың ең жақын айналысатын ортасы отбасы, мұғалімі, достары, мектебі. Есірткіге тәуелділіктің алдын алу жұмыстарында жасөспірімдермен әңгімелесу барысында зиянды заттарды медициналық зияндылығымен қатар, басым көңіл бөлінетін мәселе есірткіге тәуелділіктің әлеуметтік жағынан болуы керек.

Тәуелділіктің соңы неге апарып соғатынына көздерін жеткізу қажет. Әңгімелесу барысында, алдын алу жұмыстарында балалардың есірткіге қызушылығын туғызып алмауын мықтап ескерген дұрыс. Сондықтан бұл жұмыстарды іске асыруда балалардың көмегі, әңгімеге қатысуы да өте қажет. Ол үшін барлық күш жігерді келесі мәселелерге бағыттаған жөн:

- зиянды заттарға теріс көзқарасты қалыптастыру;
- салауатты өмір салтын қалыптастыру арқылы өмір құндылықтарына (махаббат, достық, отбасы, денсаулық, жоғары кәсіби мамандыққа имиджге көңіл аудару);

- өзін-өзі жоғары бағалай білуге, алдына мақсат-міндеттер қоюға, әр нәрсеге жауапкершілікпен қарап, сезінуге, өзін-өзі сыйлауға әрдайым шыншыл болуға тәрбиелеу;
- әңгімелесу, араласу дағдысын дамытып әлеуметтік жағынан әділ болу мен белсенді болуға, шешім қабылдап, өз іс әрекетіне жауап бере білуге баулу керек;
- ата –аналармен , мұғалімдермен балалармен бірігіп тәрбиелік жұмыстарын өткізу.

СӨСҚПҰО - да медициналық қызметкерлер, педагогтар студенттер мен жастардың лидерлері арнайы білімдерін көтеруге арналған тренингтер мен семинарлар жүргізуде. Ұлтық Орталықта екі ақпараттық білім беретін жастар орталығы құрылды. Оның бірі Алматы қаласында, екіншісі Астана қаласында . «Жастар-жастар үшін» атты жастардың веб –сайт трибунасы құрылған. Олардың базасында қоғамның түрлі топтарынан жиналған, түрлі әлеуметтік деңгейдегі жастар арасында тренингтер мен семинарлар, пікірталастар өткізіледі. Пікірталас кезінде олардың өмірі, тәрбие, жеке бастың қалыптасуы, СӨС жайлы көзқарастары ашық айтылып пікір түйінделеді. «Есірткісіз өмір сүру» атты республикалық плакаттар сайысы, Қазақстандағы есірткі мен заң бұзушылыққа қарсы тақырыпта болды.

Қазақстанның барлық облыстарынан 50000-нан астам жоғары сынып оқушылары өз жұмыстарын сайысқа жолдады. Жыл сайын даталы күндерге арналған кең көлемде акциялар, митингілер, шерулер, сайыстар, спорттық іс-шаралар өткізіледі.

«Жастар нашақорлыққа, темекі мен ішімдік ішуге қарсы» атты республикалық Форум өтті. Нашақорлықтың алдын алуға 150-ден астам телебағдарламалар, 300-ден астам радиобағдарлар арнап республикамыздың барлық аймақтарын қамтыды.

Қазақстанда соңғы жылдары билік пен бұқаралық ақпарат құралдары нашақорлыққа қарсы насихат жүргізудің жаңа әдіс-тәсілдерін пайдалана бастады.

1) жастар журналдары мен радиосында есірткінің зияндылығына арналған хабарлар жүргізіліп, материалдар басылып шығарылуда;

2) телеарналарда «Есірткісіз» деген жоба жүзеге асты;

3) көптеген мектептерде, ЖОО жастарды нашақорлық мәселелерімен таныстыратын бағдарламалар жүргізілуде.

Сонымен қатар, үгіт-насихат шараларынан басқа профилактикалық емдеу орталықтары жұмыс істеуде. Қазіргі таңда нашақорлардың еріксіз емделуге міндеттеу туралы Президент жарлығы жұмыс істейді. Қазақстанда ШУ өңірі нашақорлықтың өз «Отаны» болып табылады. Шу аймағында 170 мың гектар жерде қарасора өседі, мамандардың айтуы бойынша жылма-жыл осы өңірден 6000 тонна марихуана алуға болады екен.

1992 жылы Жамбыл облысында «Азия» атты фирма құрылып қарақурайды өңдеп, одан кендір, арқан, қапшық жасаған. Ұмыт бола бастаған сол өндірісті дамыту жоспарланған еді кейінен өңдеу жұмысы тоқтап қалды. Егер сол кезде іс алға басқанда, бүгінгі жағдай басқаша болып, Шу аңғарындағы сора бірте-бірте жойылып бігер еді. Бүгінгі күні сораны өңдеу жұмысын қайта қолға алып, кесапаты көп сораны іске, игілікке жарата отырып, соның залалын жоюға болар еді деген ой келеді. Жақсыдан үйреніп, жаманнан жирену – парыз. Ұлтық болмысымызға дақ түсірмей, тәуелсіз Республикамыздың туын биік ұстайтын, рухы асқақ азамат болу әрбір жасұрпақтың міндеті. Өмірге саналы түрде байыппен қарап, азғырушы кездессе алданбай, айықпас дертке шалдығудан сақтандыру – бүкіл қоғам міндеті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан - 2030». Ел президентінің Қазақстан халқына жолдауы. Алматы, 61-62 б.

2. Қауашев С. «Нашақорлық-аса қауіпті психикалық дерт» Валеология: дене тәрбиесі, спорт журналы Алматы, 2006ж 3-6 б.

3. Убайдуллаева З «Нашақорлық тұйыққа апарар жол» Валеология: дене тәрбиесі, спорт журнал 4, Алматы.

4. Ботабаев К., Бекенов Т., Мырзабеков М «Ден қойғанға – ем қонады» Алматы, Қазақстан 240 б.

Аннотация

Салауатты өмір тіршілігі – денсаулықты сақтаудың және нығайтудың негізі, ол жан-жақты дамыған азаматтың қалыптасуына, оның рухани, дене дамуына әсер етеді.

Аннотация

Основой здорового образа жизни для сохранения и укрепления здоровья, которая является духовного и физического развития формированием гражданина.

Annotation

The basis of healthy life to preserving and strengthening health, which is the formation of a fully developed citizen, spiritual and physical development.

ФИЛОЛОГИЯ

ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ: ҚАЗАҚ, ОРЫС, ШЕТ ТІЛДЕРІ

ӘОЖ 802

Дж 37

ҮШ ТІЛДІЛІК МӘСЕЛЕСІ - ЖАРҚЫН БОЛАШАҚТЫҢ КЕПШІ

Джакижанова Д.Б.

«Қосқұдық» балалар бақшасы, Жамбыл обл., Шу қ.

*Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында,
ал жас ұрпақтың тағдыры - ұстаздардың қолында
Н.Ә. Назарбаев*

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мақсат – саналы ұрпақ тәрбиелеу. Қазіргі Қазақстандық қоғам көпұлттық, көптілділік және көпмәдениеттілік жағдайда. Сондықтан осы қоғамға бейімделген көп тілді меңгерген мәдениетті тұлға қалыптастыру- өзекті мәселелердің бірі. Қазіргі уақытта аталған Жарлыққа сәйкес «Тілдерді үштұғырлығы» мәдени жобасын іске асыру мақсатында қоғамдық өмірдің барлық салаларында қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесіне сәйкес қолданылуын қамтамасыз ету, ресми тіл, ұлтаралық қатынас тілі ретінде орыс тілінің функцияларын сақтау, жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі ретінде ағылшын тілін дамыту жөніндегі шаралар кешені қолға алынып отыр.

«Үштұғырлық» үш тілді қамтығанымен, мәдени жобаны іске асыру барысында қазақ тіліне мемлекеттік тіл мәртебесіне сай басымдық бағыт беріледі.

Үш тілде білім алу - жас ұрпақтың білім кеңестігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемнің ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттілік. Мағжан Жұмабаев өзінің ұлағатты бір сөзінде былай деген болатын: «Баланың тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығармай, келешек заманына лайық қылып шығару керек».

Қазақстанның білікті, білімді әр азаматын ғаламдық ақпараттар мен инновациялық ағынына ілесу ағылшын тілін үйренуге жетелейді. Бұл орайда орталықта тіл үйренем деушілер қазақ тілімен қатар ағылшын тіліне де үйреніп жатыр. Бұл бәсекеге қабілеттілікке ұмтылудың ең алғашқы сатысы болып саналады. Өйткені қазіргі уақытта бірнеше тілді меңгерген азаматтардың қай ортада жұмыс істесе де жолы ашық.

Елбасы өз Жолдауында: «Қазақ тілі-біздің рухани негізіміз. Біз қазақ тілін жаңғыртуды жүргізуге тиіспіз. Қазақстанның болашағы-қазақ тілінде. Қазақ тілі 2025 жылға қарай өмірдің барлық саласында үстемдік етіп, кез келген ортада күнделікті қатынас тіліне айналды» дегені көпке белгілі. Сонымен қатар мемлекет басшысы «Үштілділік мемлекеттік деңгейде ынтыландырылуы керек. Орыс тілін білу-біздің ұлтымыздың тарихи артықшылығы екені баршаға белгілі. Біз ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек. Қазіргі әлемнің осы «лингва франкасын» меңгеру біздің еліміздің әрбір азаматына өмірдегі шексіз жаңа мүмкіндіктерді ашады» деп, қазақ тілі және тілдердің үштұғырлығы мәселесіне кеңінен тоқталды.

Бүгінгі таңда көп тілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін қажеттілік. Үш тілде оқыту – заман талабы десек, оның негізгі мақсаты: бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік бағдарға қабілетті, мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру. Қазақ тілі мемлекеттік тіл, ал орыс тілі мен шетел тілдерінің бірін білу тұлғаның ой-өрісін кеңейтеді, оның «сегіз қырлы, бір сырлы» тұлға болып дамуына жол

ашады, ұлтаралық қатынас мәдениетін, толлеранттілігін және планетарлық ойлауының қалыптасуына мүмкіндік туғызады. Маманға шет тілін меңгеру кез-келген шетелдік ортада өзін еркін ұстап, жаңа кәсіптік ақпараттар легіне немесе жалпы ақпараттық ғаламшарға бейімделу мүмкіндігіне ие болады. Әр адамның түрлі әлеуметтік қызметтерінде жеткен жетістіктерінің нәтижелері түрлі болмақ, сол себептен шетел тілін оқытудың мақсаты тек нақты білім іскерліктерін біліп қана қоймай, сондай тілдік тұлғаны қалыптастыру болып табылады, оған шет тілі «өмір заңдылықтарында» және «нақты жағдаяттарда қарым-қатынас жасай алу үшін» қажет болмақ.

Ал енді білім беру жүйесінде «Үштілділік» мәселесі балабақшадан бастау алады. Бала өмірінің алғашқы жылдарында, жоғарыда атап өткендей, тіл мен танымдық процестерді игеруге деген құлшыныс ерекше байқалады. Дамудың дәл осы кезеңінде балалар бойында тілдік құбылыстарды сезіну, өзіне тән жалпы лингвистикалық қабілеттер пайда болады. Балалық шақта тіл негізінен екі бағытта дамиды: оның біреуінде сөздік қор қарқынды түрде жинақталып, айналадағы адамдар сөйлейтін тілдің морфологиялық жүйесі меңгеріледі; екіншісінде тілдің әсерінен танымдық процестер (зейін, қабылдау, ес, елестету және ойлау) жаңаша бір өзгерістерге ұшырайды. Бұл ретте сөздік қордың артуы, тілдің грамматикалық құрылысы мен танымдық процестердің дамуы тұрмыс пен тәрбие жағдайына тікелей байланысты. Бұл мәселеде, әсіресе, тілдің дамуында әр түрлі өзіндік ерекшеліктер болатынын ескерудің мәні зор.

Мектеп жасына дейінгі балаларға өзге тілді үйретудің басты шарттары топта жағымды психологиялық ақуал, мейірімді орта, қазақша, орысша және ағылшынша тілдесуге қуану сияқты жағдайлар тудыру. Қазақ, орыс, және ағылшын тілдерін үйретуде балалардың сөздік қорларын байыту, жетілдіру, күнделікті өмірде қолдана білуіне бағыт беру, әр тілге тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтырып, тіл мәдениетін дамытудың маңызы зор. Балалардың үш тілде сөйлеуін, сөздік қорын дамытуда сөздің мағынасын дұрыс түсініп, оны өз сөзінде дұрыс қолдануға үйретуде инновациялық әдіс-тәсілдерді ойын технологиясы арқылы меңгертуді көздейміз. Тіл үйретудегі негізгі мақсат-балаларға жалаң сөз жаттату емес әрбір ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде үйренген сөздерді ауызекі айтуға, сөйлем құрамында дұрыс қолдана білуге үйрету.

Ағылшын тілін меңгертуде біз тіл білімінің салалары лексиканы, фонетиканы, грамматиканы балаларға меңгертеміз. Балалардың қызығушылығын арттыру үшін педагог балалардың психологиясын, жас және жеке дара ерекшелігіне байланысты, қабілеттеріне мән беруі тиіс. Яғни, балабақшада балалар кез келген ақпаратты ойын түрінде, көзбен көріп, сипап-сезу, есту арқылы жақсы қабылдайтынын ескеру қажет. Баланы ынталандыру үшін ескі үрдістен гөрі заманға сай тапсырмалар беріп, ойындар ойнату арқылы балаға тілді меңгертуге болады. Мысалы, іс-әрекетке балалардың қызығушылығын арттыру үшін тақырыпқа байланысты бейне-роликтер, қимыл-қозғалыс жаттығулары немесе әдемі көңіл көтеретін әуенмен бастауына болады. Сол кезде баланың көңіл күйі көтеріңкі болып, топта жағымды ақуал қалыптасады. Мектеп жасына дейінгі балаларды заман талабынан қалдырмауға, әлеуметтік ортаның тыныс-тіршілігін ұлттық болмыспен қабылдауға бейімдей отырып, олардың санасын «үш тілді меңгерген жаңа дәуір балалары» моделіне бағыттап білу қажет. Модель мазмұны жауапкершілігі жоғары, жаңаша ойлайтын, зерек те елгезек, кеңістік заңдылықтарымен қоса, салт-дәстүр мен ауыз әдебиетінің озық үлгілерін меңгерген ұлтжанды, ана тілінің нәрімен барынша сусындаған, еркін, дені сау балаларды сипаттайды.

Баланы шет тіліне сөйлеуге үйрету көру, ойлау, қызығу, айналаны тану қабілеттері арқылы дамиды. Ойын арқылы жаңа тақырыпты тез қабылдайды. Ойнап отырып, бала шаршағанын сезбей, тек қана ана тілін емес, басқа тілді де меңгеру қабілетіне ие болады. Тартымды тапсырмалар, өлеңдер, әндер, такпақтар баланы өздерінің таныс әлеміне - ойындар әлеміне үйіріп әкетеді.

Әсіресе, бейне материалдар балаларға өте қызықты. Ойын мен көрнекілік – балалардың тілді үйренуге деген сенімін оятады. Солардың арқасында балалар белсенді

жұмыс істейді. Бір-біріне жәрдем беріп, жұмыстарын мұқият тындап, өздерін және бір-бірін бағалайды. Ал педагог тек бағыттаушы болады. Ойын мен көрнекіліктердің түрлері әр қилы. Ойын түрлері: дидактикалық ойындар, сюжеттік ойындар, қозғалмалы саусақ ойындары, драматизациялық ойындар, ұлттық ойындар, саусақ ойындар, үстел үсті ойындары. Көрнекіліктер де әр қилы. Олар: тірек сызбалар, қима қағаздар, сюжеттік суреттер, пәндік суреттер, ойыншықтар және т.б. Тіл үйретуді тірек сызбалар мен ойын арқылы байланыстыра отырып үйреткен жөн. Ойындар балалардың таным белсендігін жандандыратын, өздігінен ойлауын дамытатын тәсілдердің бірі. Олар кез - келген оқу материалын қызықты да тартымды қылып, балалардың көңіл - күйін көтеруге, өздерінің жұмыстарына қанағаттануға және өтілген тақырыпты жеңіл меңгеруге көмектеседі. Тақырыпты ашу барысында ойын арқылы дамытуға арналған тапсырмалар жүйелі қолданылып, ұйымдастырылып отырса, сонда ғана педагогтың тақырып мақсатын ашуына мүмкіндік береді. Ал дұрыс таңдау үшін балалардың психологиялық және жас ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін білу керек. Тек қана осы жағдайда ғана, біз күткен нәтижелерімізге қол жеткізе аламыз.

Қорытындылай келе, біз еліміздің тірегі мемлекетіміздің беріктігі өзіміздің қолымызда екенін айқын түсінеміз. Келешектің кепілі-білім беру ісіне ерекше көңіл бөліп, отандық білімді жаңа сатыға көтеру, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Жолдауын бұлжытпай орындау, жаңа технологияны игеріп, үшгілділікті меңгеріп, бүлдіршіндерімізге сапалы білім берсек, онда өркениетті озық елдердің бірі-біз боламыз! Сондықтан еліміз өркендеу үшін, Отанымыздың болашағы баянды болу үшін, білім жолында, білім жүйесінде аянбай еңбек етуіміз қажет!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Солташұлы Ы. Заман Талабы – Көп Тілді Болу. // Ақиқат. 26 қараша, 2012ж. № 11. 14-15 б.

2. Жаминова Р.Ж. Модульдік оқыту технологиясын қолдана балалардың тілдік құзыреттілігін қалыптастыру. // Мұғалімнің кәсіби дамуы: дәстүрлері мен өзгерістер. II халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. II том. Астана - 2012 ж. 115-120 б.

3. «Қазақстандағы және әлемдегі мектепке дейінгі білім беру: тәжірибе, қазіргі жағдайы және болашағы» (профессор А.К. Меңжанованың 80 жылдығына арналған): Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдар жинағы. - Алматы, «Қыздар университеті» баспасы, 2014,-513б.

4. Қасенов Е.С. «Тілдердің қатысымдық және танымдық табиғаты» Алматы, 2013ж.

5. «Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасының педагогикалық ғылымдар академиясының құрметті акаемігі, Қазақ білім беру академиясының акаемігі Күләш Кунантаеваның 85 жылдығына арналған Халық ғыл-практ.конф.мат.жинағы. Алматы: «Қыздар университеті» баспасы, 2016,-422 бет. -қазақша, орысша, ағылшынша.

Аннотация

Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі балаларға шетел тілін үйретудің маңыздылығы мен тиімділігі туралы айтылған. Шетел тілін үйрену балалардың көпқырлы және рухани дамуына септігін тигізеді.

Аннотация

Данная статья рассматривает важность обучения иностранному языку детей дошкольного возраста. Обучение иностранному языку способствует многогранному ментальному и духовному развитию детей.

Annotation

This article discusses the importance of learning a foreign language in preschool. Learning a foreign language contributes to the multi – faseted mental and spiritual development of children.

ЖҮСІП БАЛАСАҒҰННЫҢ «ҚҰТТЫ БІЛІК» ДАСТАНЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒАНДАНУ ҮДЕРІСІМЕН ҮНДЕСТІГІ

Есмырзаева А.О.

«Өрлеу» БАҰО АҚФ Жамбыл облысы бойынша ПҚБАИ,
«Инновациялық технологиялармен жаратылыстану-ғылыми (гуманитарлық)
пәндерді оқыту әдістемесі» кафедрасы, Тараз қ.

Сонау ХІ ғасырда жазылған Жүсіп Хас Қажыбтың «Құтты білік» дастаны сол кезеңде ел өмірінде маңызды орын алғаны тарихтан белгілі. Тіпті авторға осы еңбегі үшін «хас хаджиб» лауазымы берілгені анық. Заманынан озып туған Жүсіп Баласағұнның еңбегі сан салалы зерттеу нысанасына алынды. Бұл еңбектің қанша заман, қанша дәуір өтсе де, өз құндылығын жоймайтын құнды тарихи жәдігер екені айдан анық нәрсе. ХІ ғасырда қозғалған мәселелер бүгінгі жаһандану дәуірінде де маңызды мәнге ие болып отыр. Сол дәуірде қозғалған ел басқаруда адамгершілік, имандылық, ізгілік, әделеттілік, білімділік қағидаларын тұтынудың өзектілігі арта түспесе кеміген емес. Бұл тамаша тарихи туындының қай кезеңде де мәнін жоймай отырған себебі де осында.

Дастанның басты мақсаты – бақытты қоғам құру, берекелі де құтты ел түзу. Сондықтан да отбасын ұстаудан бастап, мемлекет құру, ел басқару ісіне дейінгі ұстанымдарды баяндайды. Әр нәрсенің бастауы бар екені анық болса, онда ең әуелі бала тәрбиесіне көп көңіл бөлсе, болашақта жақсы отбасы, мықты мемлекет, бақытты қоғам құруға болады. Ал, бақытты, ізгілікті қоғам құру жер бетінде адам баласы пайда болғаннан бері келе жатқан барша адамзаттың арманы.

Жүсіп Баласағұнидің еңбегінде тәлім-тәрбиелік, ғибарттық, өсиет-өнеге, нақыл сөздер түрінде жазылған педагогикалық және психологиялық, философиялық тұрғыдағы еңбек болып табылады. Еңбекте отбасы тәрбиесі, онда ата-ананың алатын ролі туралы, бала мінез-құлқын, психологиялық ерекшеліктерін қалыптастыру, отбасында ананың алатын орнымен қатар әкенің де бала тәрбиесіндегі алатын орнына ерекше мән береді. Сонымен қатар ғұлама ағартушы Құдағұ білік Х.Сүйінішалиев айтқандай, «орта ғасыр ескерткіштерінің ең көлемдісі және көркемдігі жағынан зерттеушілерді таңқалдырған әдеби көркем туынды. Орта Азия мен Қазақстан жерін мекендеген түркілердің және олардың мәдениетінің жарық жұлдызы деп атарлық әдеби мұра». Дастанда «Тіл туралы» айтқан қағидаларының тәлімдік-тағылымдық, ғибраттық мәні ерекше.

«Тіл адамның даңқын асырады», «Адам ол арқылы бақыт табады», «Тіл адамға жапа да шектіреді», «Абайламаса, басынан да айырады», «Жақсы болғың келсе, жаман сөз айтпа». Көп сөзділіктен пайда да, жақсылық та көрмейді. «Көп сөйлем. Сабыр қып, әр сөзіңді салмақтай айт», «Он мың сөздің түйінін он сөзбен шеш», «Ақыл көркі – тіл, тілдің көркі – сөз, кісі көркі – жүз, жүздің көркі – көз!». Дастанда білім, ақылдың қасиеттері жақсылық және жамандық, адамгершілік қасиеттер, адамгершілік құндылықтар туралы мәселелер қарастырылады, мәселен, «Ақылды – ұлы, білімді – білікті, қонса екеуі, ұлы етер жігітті», «Ақыл пайда бола, ұлылық толады, білім кімде со білікті болады», «Білімсіздер бар кеселді көреді, емдемесе тектен-текке өледі», «Ақыл – шырақ, қара түнді ашатын, Білім – жарық, нұрын саған шашатын», «Ақылдыға қадір – құрмет лайықта, Ақымақ жан керең, сезбес айыпты!».

«Білім – байлық, азаймас һәм жоғалмас, қарақшы, ұрыға да тоналмас!». Білік - білім туралы Жүсіп Баласағұни өзіне ақыл кеңес береді: «Білік біліп – төрден орын аларсың, Білік білсең, күшті, берік адамсың», «Білік-түпсіз, шетсіз-шексіз бір теңіз, қанша сімір, сарқылмайды білсеңіз!».

Жүсіп Баласағұни бұл дастанын хижра есебімен 462 жылы, қазіргі жыл санау бойынша 1070 жылда жазып бітірген. Дастанды "хандардың ханы" - Қарахандар әулеті мемлекетінің (942 - 1210) негізін салушы Сүлеймен Арслан ханға (908 - 955) тарту етеді. Сол үшін хан өз жарлығымен Жүсіп Баласағұниға "хас хажиб" - "бас уәзір" немесе "ұлы кеңесші" деген лауазым берген. Дастанның бізге жеткен үш нұсқасы бар. Біріншісі, Герат қаласындағы 1439 жылы көне ұйғыр жазуымен (қазір ол Вена қаласындағы Корольдік кітапханада сақтаулы), екіншісі, 14 ғасырдың 1-жартысында Египетте араб әрпімен (Каирдың Кедивен кітапханасы қорында) көшірілген.

Ал Наманған қаласынан табылған үшінші нұсқа 12 ғасырда араб әрпімен қағазға түсірілген. Бұл қолжазба Ташкенттегі Шығыстану институтының қорында сақтаулы тұр. Ғалымдар осы үш көшірме нұсқаның әрқайсысына тән өзіндік ерекшеліктерді жинақтай отырып, "Құтты білік" дастанының ғылымының негізделген толық мәтінін жасап шықты. Венгер ғалымы Герман Вамбери (1832 - 1913) "Құтты біліктің" бірнеше тарауын неміс тіліне аударып, 1870 жылы Инсбрук қаласында жеке кітап етіп бастырып шығарды. Бұл шығарманы зерттеу, ғылымының мәтінін дайындау және аударма жасау ісімен орыс ғалымы В.В. Радлов (1837 - 1918) жиырма жыл бойы (1890- 1910) айналысқан.

Түркия ғалымдары 1942-43 жылдары "Құтты біліктің" үш нұсқасын да Стамбұлдан үш том кітап етіп шығарды. "Құтты білік" дастаны орта ғасырларда бүкіл түркі әлеміне түсінікті болған Қарахан әулеті мемлекеті түріктерінің тілінде жазылған. Оны Қаримовөзбек тіліне(1971), Н.Гребнев (1971) пен С.Иванов орыс тіліне (1983), А.Егеубаев қазақ тіліне (1986), бір топ аудармашыларұйғыр тіліне (1984) тәржімалаған. "Құтты білік" дастаны белгілі бір мағынада елдегі Ата заң (Конституция) қызметін атқарған. Дастанның басты идеясы төрт принципке негізделген. Біріншісі, мемлекетті дұрыс басқару үшін қара қылды қақ жаратындай әділ заңның болуы. Автор әділдіктің символдық бейнесі ретінде Күн туды патшаны көрсетеді. Екіншісі, бақ-дәулет, яғни елге күт қонсын деген тілек. Бақ-дәулет мәселесі патшаның уәзірі Айтолды бейнесі арқылы жырға қосылған.

Міне, елдегі осы олқылықтың орнын толтыру мақсатымен Жүсіп Баласағұни өзінің "Құтты білік" дастанын жазды. Демек, дастан белгілі бір мағынада елдегі Ата заң (Конституция) қызметін атқарған. Жүсіп Баласағұни дастанда патшалар мен уәзірлердің, хан сарайы қызметкерлері мен елшілердің, әскербасылар мен нөкерлердің, тәуіптер мен аспаздардың, диқандар мен малшылардың, т.б. қоғам мүшелерінің мінез-құлқы, білім дәрежесі, ақыл-парасаты, құқықтары мен міндеттері қандай болу керектігін жеке-жеке баяндап шығады.

Интерактивті тақтаның керемет мүмкіндіктерінің бірі сабақты көп жіберетін білімгердің белсенділігімен шығармашылығы артады. Оқуға ықыласы жоқ, оқығысы келмейтін оқушы үшін интерактивті тақта таптырмайтын құрал. Басқа ешқандай құрылғы мұндай мүмкіндіктер бере алмайды. Компьютердің кішкентай мониторы арқылы ондай мүмкіндіктерге қол жеткізу мүмкін емес.

Интерактивті тақтаның мынандай ерекшеліктерін атап өтуге болады:

- сабақта презентация, слайд жасауға мүмкіндік береді;

- интернет желісін пайдалануға мүмкіндік береді;

- сабақты жоспарлау мен өту барысы, жылдамдығы артады;

- білімгердің білімге деген қызығушылығы, мотивациясы жақсарады;

- түрлі-түсті айқын, ұқыпты әртүрлі кескіндер, объектілер мен диаграммаларды үлкен экраннан көріп оларды маркермен, немесе саусақпен ары – бері жылжытуға болады;

- бір емес бірнеше терезелерді бір мезгілде ашуға мүмкіндік береді;

- өткен сабақ материалдарын сақтап, оны қайта пайдалануға болады;

- қиын мәліметтер мен материалдардың түсіндірілуін жеңілдетеді;

- слайдтарда, флипчартта қателер жіберілсе, тез арада түзетуге болады;

- сабақта АСТIVote тестілеу жүйесі арқылы тест алу мүмкіндігін қолдануға болады;

- АСТIV wand указкасының көмегімен тақтаның жоғарғы бөлігіне кішкентайларға да қол жеткізуге мүмкіндік береді;

- топпен жұмыс жасауға мүмкіндік береді;

- ақпаратты әсерлі және динамикалы түрде береді;

- оқытудың әртүрлі тәсілдерін қолдануға мүмкіндік береді;

- білімгердің шығармашылығы мен ой-өрісінің дамуына және өзіне деген сенімдері арта түседі;

- мүмкіндігі шектеулі білім алушыға да қолайлы; (клавиатура пайдаланбайды);

- тақырыпқа байланысты әртүрлі суреттерді қолдану мүмкіндіктері;
 - уақытты үнемдейді, конспект жазбайды. Файлды (материалдардың көшірмесін) сабақтың соңында білімгер үйіне алып кете алады;
 - материалды, ақпаратты әсерлі, түсінікті, әртүрлі жеткізудің артуы
- Дегенмен, интерактивті тақтаның төмендегідей тиімсіз жақтары да бар:**
- интерактивті тақта жай стандартты тақтаға қарағанда өте қымбат;
 - көптеген оқытушылардың компьютермен жұмыс жасау біліктіліктері төмен;
 - санитарлық нормаларды сақтау үшін, сабақта интерактивті тақтамен жұмыс істеу уақыты шектеулі.

Мультимедия - проектор бағыты бойынша сәуле тақтаға шағылысады. Сондықтан оған тура қарауға болмайды.

- видеопроектордан шум және жағымсыз химиялық иіс шығады;
- денсаулыққа кері әсері бар, көзді шаршатады
- ИТ-ны сабақта ұдайы қолдану уақыт өте келе, оқытушының, білімгердің көлемі үлкен мәліметтерді қабылдауы қиынға түсуі мүмкін.

Интерактивті тақтамен жұмыс жасаудағы мамандар интерактивті тақтаның адам денсаулығына зиянын зерттеп, көптеген мақалалар жазған. Олардың ойынша, ИТ-ның зиянынан проектордың денсаулыққа кері әсері басымырақ. ИТ-ның қауіпсіздігін Республикалық санэпидстанциядан гигиеналық растайтын құжат алу керек. Сондай-ақ, Қазақстанда тақтаны жеткізушіден (поставщик) тек қана анықтама сұрап қоймай, кеденнен экспертизадан өткені туралы, алған заттың қауіпсіздігі жайлы қорытынды анықтама сұрау қажет [8].

Мұндай құрылғылардың тек қана пайдалы емес, сонымен қатар, қауіпсіз болғаны да шарт.

Кез-келген электронды құрылғының денсаулыққа кері әсері бар екені анық. Сондықтан барлық мультимедиялық интерактивті құрылғыларға қойылатын талаптар бар. Соның ішінде, интерактивті тақталарға қойылатын талаптар:

- тақтаның сапасына көңіл аудару қажет;
- сатып алар кезде сертификат пен экспертизадан өткендігі туралы құжаттарды талап ету керек;
- тақтаны, проекторды дұрыс орналастыру керек;
- оқытушының тақтаға дайындаған материалдары, ақпараттары талапқа сай жасалу керек;
- қауіпсіздігіне;
- желіге және иетернетке қосылуын тексеру [4;5].

Интерактивті тақтаның керемет мүмкіндіктері оқушыларды таңғалдырады, шабыттандырады, қызықтырады. Оқушылар ойнап отырмыз деп ойлайды, шындығында олар қызығып, таңғалып, шабыттанып отырып білім алатыны сөзсіз. Сондықтан, бүгінгі таңда ақпараттың тым өте көптігіне орай, өзінің өміріне керегін ғана алу үшін, білім сапасын көтерудің бірден бір жолы жаңашыл әдістерді интерактивті тақтаның барлық мүмкіндіктерін қолдану болып есептеледі. Демек, интерактивті тақтаның қажеттілігі күннен-күнге артуда.

Интерактивті тақтаның маңыздылығы:

- Білім сапасын модернизациялауда;
- Жаңа интерактивті әдістерді қолдануда;
- Білім алушының қызығушылығын, ынтасын арттыруда;
- Уақытты үнемдеуде;
- Мәліметтерді жинақтап, қажеттісін беруде;
- Коммуникативтік қарым-қатынас жасауда;
- Жан-жақты білім алып, білімгердің құзыреттілігін күшейтуде;
- Ой-өріс пен шығармашылық қасиеттердің дамуында. [5;6].

Қазіргі заманғы ақпараттық коммуникативтік технологиялар әрбір оқытушының білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға айқын мүмкіндіктер береді. Демек, интерактивті тақтаның мұғалім үшін де, білім алушы үшін де артықшылығы жоғары, оның білім сапасын жақсартуда, беретін мүмкіндіктерінің шексіз екендігін анықтай келе, қазіргі уақытта оқу үрдісінде мультимедиялық құрылғыларды, оның ішінде интерактивті тақтаны қолданудың қажеттілігі өте зор деп айтар ойымызды қорытындылағымыз келеді. Білім беру жүйесінде, еліміздің индустриялық-инновациялық даму міндеттері мен білім беру саласындағы үздік әлемдік тәжірибелерге сәйкес, жоғары квалификациялы педагог кадрларын даярлау барысында, жаңашылдық пен өзгерісті, шапшаңдық пен ізденуді талап ететін қазіргі білім кеңістігінде, заманауи ақпараттық технологияларымен қарулану, – кез-келген мұғалімнің басты міндеті болып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2010.
2. «Қазақ ұстазы» педагогикалық ғылыми-инновациялық ізденістерге арналған республикалық журналы. Алматы, 2014 № 1(1).7-10бб.
3. Х.Касымова п.ғ.к. Кәсіптік мектептің арнайы пән сабақтарында интерактивті тақтаны қолдану мүмкіндіктері. Орал, 2013 ж.
4. Мусалимов Т. Компьютерные технологии обучения и автоматизированные обучающие системы. «Ұлағат» ғылыми-психологиялық және педагогикалық басылым 6/2010, 13Б.
5. Архангельский С.И. Учебный процесс в высшей школе, его закономерные основы и методы: учеб.-метод. пособие. - М.: Высшая школа, 2003. - 368 с.
6. Шехтман, А. Интерактивные доски: теория и практика. 2010
7. Отарова П. Как использовать интерактивную доску? 2010,45б.
8. Дьяченко Лариса Григорьевна. Диссер. Жұм. «Мультимедийные технологии как средство совершенствования профессиональной подготовки инженеров-экологов на примере дисциплины "Науки о Земле"» Ульяновск, 2009

Аннотация

Жаһандану заманында білімнің бүкіләлемдік кеңістігіне ену үшін, білім сапасын модернизациялау қажет. Қазіргі таңда білімнің мазмұны да, оған қойылатын талаптар да өзгерді. Қазір жалпы барлық оқу орындарында оқытудың инновациялық технологиялары қолданыла бастады. Осыған орай, қазіргі кезде білім сапасын жаңартуға байланысты интерактивті тақтаның қажеттілігі өте зор. Тақырыптың көкейкестілігі білім сапасын жаңғыртуға байланысты интерактивті тақтаны қолдану маңыздылығының артуында. Мақаланың мақсаты интерактивті тақтаны қолданудың қажеттілігі мен тиімділігін анықтау болып табылады. Мақалада оқыту процесінде интерактивті тақтаның мүмкіндіктері мен ерекшеліктері және оған қойылатын талаптар туралы айтылады.

Аннотация

Необходимость использования интерактивной доски в учебном процессе. Вступая в мир образования в эпоху глобализации, необходимо повысить качество образования. В настоящее время, содержание образования и требования изменились. Теперь использование инновационных технологий необходимо во всех образовательных учебных заведениях. В связи с этим, в настоящее время мы имеем большую потребность в интерактивной доске для повышения качества образования. Актуальность данной темы в целях повышения качества образования заключается в повышении важности использования интерактивной доски. В статье описываются возможности и особенности интерактивной доски и требования к интерактивной доске.

Annotation

The necessity of use of a smart board in the teaching process. Entrance into the world of education in the era of globalization is necessary to improve the quality of education. Currently, the content of education and the requirements have changed. Now the use of innovative technologies is necessary in all educational institutions. In connection with this, now we have a great need to improve the quality of

education of interactive whiteboards. The aim of this article is in order to improve the quality of education in raising the importance of using interactive whiteboards. At the moment, a great need for the interactive whiteboard in improving the quality of education. This article describes the capabilities and features of the interactive whiteboard and the requirements to the interactive whiteboard.

УДК 37.881.161

P 17

УСЛОВИЕ СОЗДАНИЯ НАВЫКОВ ГОВОРЕНИЯ ПРИ ОБУЧЕНИИ РУССКОМУ ЯЗЫКУ

Разакова А.А.

Средняя школа-гимназия №39 им. Темирбека Кожакеева,
Жамбылская область, Меркенский район.

Основной целью обучения русскому языку является формирование коммуникативной компетенции. Трудно не согласиться с тем, что даже на родном языке, где знание слов и их стилистических особенностей не представляет сложностей, добиться желаемого эффекта получается не всегда и не у всех. Это происходит потому, что на уроках языка все устные высказывания учащихся представляют речь лишь по форме, а по сути речью не являются. Каждый из видов речевой деятельности, говорение или письмо, которые создает учащийся, должны быть самостоятельным неповторимым продуктом. А на практике чаще всего мы встречаемся с ситуацией, когда ответы учеников по изучаемой теме похожи как близнецы.

Это говорит о необходимости формирования умений построить общение так, чтобы добиться поставленной цели, владеть различными приемами получения и передачи информации. Формирование коммуникативной компетенции невозможно осуществить в отрыве от речевых функций, которые определяют как стратегию общения, так и отбор языковых средств для решения задач общения.

Анализ психолого-педагогической литературы и личный педагогический опыт позволяют утверждать, что при изучении второго языка эффективны активные методы обучения, под которыми мы понимаем формы и методы, которые активизируют умственную и самостоятельную работу учащихся, поддерживают внимание и интерес к предмету, развивают речь [1].

Нельзя выделить один или два способа, которые приведут к быстрым положительным результатам. В своей статье я остановлюсь на некоторых заданиях, которые учителя могут использовать на уроках для развития устной речи учащихся. Эти задания позволяют оценивать способности учащихся выражать свое мнение, развивать идеи, демонстрировать знания национального современного общества и культурного наследия своего народа [2, 18с].

При оценивании устной речи учащихся эффективным приемом является использование карточек-подсказок, составленных по пройденным темам. Эти карточки окажут хорошую подсказку во время презентации (говорения). Карточки должны быть составлены по следующей структуре:

Тема;

Простой вопрос, который сфокусирован на основном аспекте темы;

Вопросы (пункты) для размышления, которые представляют четыре ключевых момента темы.

Пример 1:	Пример 2:
Тема: Искусство	Тема: Туризм

<p>Все ли должны изучать искусство?</p> <p>Вопросы для размышления:</p> <ul style="list-style-type: none"> ● Отдельный человек ● Общество ● Выводы ● Преимущества и недостатки 	<p>Является ли туризм проблемой для вашей страны или, наоборот, помогает решить некоторые вопросы?</p> <p>Вопросы для размышления:</p> <ul style="list-style-type: none"> ● Возможности трудоустройства ● Ущерб природной среде ● Культурные вопросы ● Экономические преимущества
--	---

Далее учитель может задавать ученику вопросы, связанные с тем, что он сказал, и направленные на расширение и дополнение темы. Например, Вы сказали, что туризм может помочь людям из разных стран лучше понимать друг друга. Как это происходит? Кроме того, важно задавать вопросы для того, чтобы выяснить личное мнение учащегося по данной теме. Например, Вы хотели бы работать в туристическом бизнесе? Почему? или Как вы думаете, насколько туризм важен для вашей страны? [2, 19-20с].

Очень важно, чтобы карточки охватывали все изученные в течение учебного года темы. Для развития навыка говорения необходимо подбирать материалы, стимулирующие коммуникацию, дающие пищу для выражения собственного мнения, отношения, взглядов, мыслей. Как раз с такой целью - совершенствование коммуникативной компетенции учащихся в области говорения – издала свое пособие «Ваше мнение. Русский язык как иностранный» Старовойтова И.А. Материал пособия организован на коммуникативно-функциональной основе, а темы сгруппированы по их социальной значимости, начиная с вопросов, актуальных для отдельного индивида, затем семьи, общества и заканчивая глобальными проблемами. Задания скомпонованы в следующем порядке:

1. Прочитайте текст
2. Что это значит?
3. Ответьте на вопросы по тексту
4. Ваше мнение
5. Разные мнения
6. К вашему сведению

Тексты взяты из средств массовой информации и являются материалом, на котором проводится работа по развитию речевых умений учащихся.

Задания рассчитаны на работу учащегося и направлены на развитие языковой компетенции, способствуют развитию монологической и диалогической речи в ситуациях, связанных с высказыванием собственного мнения, оценкой, рассуждением, аргументацией. Материал пособия можно использовать для проведения ролевых игр, когда учащимся предлагается занять позицию того или иного участника дискуссии и расширить аргументацию точки зрения по обсуждаемой проблеме [3, 9-10с].

В качестве примера выбрала из пособия текст «Иностранные языки», к которому предлагаются задания:

- 1. Прочитайте текст**
- 2. Что это значит?**

- продвинутый (друг); (владеть) каким попало (языком); круче знать немецкий; сойдет!

- 3. Ответьте на вопросы по тексту**
 - О чем говорили ребята после просмотра фильма?
 - Какой фильм посмотрели дети?
 - Какие языки стоит учить и почему?
 - Стоит ли изучать восточные языки?

4. Ваше мнение

- Почему люди изучают иностранные языки?

- Какие языки чаще всего изучаются?
- Есть ли мода на изучение языков?
- Специалисты со знаниями каких языков всегда востребованы?
- Будет ли русский язык языком №1 в мире?
- Всем ли нужно знать иностранные языки?
- Кому обязательно нужно владеть иностранными языками?
- Что значит «свободное владение языком»?

10. Разные мнения

В условиях глобализации экономики, теснейшего переплетения информационных потоков язык превращается в основной производственный фактор. Он становится универсальным средством профессиональной, производственной жизни и без него просто нельзя обойтись. Сейчас невозможно говорить об овладении навыками специальности, не зная, прежде всего, английского языка. Специалист без языка – это не квалифицированный специалист, даже если он будет обладать техническими знаниями, знать дисциплины учебного плана.

Список литературы:

1. <http://tsyganova.74325s017.edusite.ru/p13aa1.html>
2. Руководство для разработчика тестов по предмету «Русский язык как второй» 11 класс, Cambridge International Examination, 2013г.
3. Ваше мнение. Учебное пособие по разговорной практике. Старовойтова И.А. (Русский язык как иностранный). – М.: ФЛИНТА, 2014.

Аннотация

Статья посвящена характеристике речевой деятельности в целом. Отметим здесь лишь самые важные с методической точки зрения качества говорения как одного из видов речевой деятельности. Говорение всегда ситуативно. Отсюда следует, что необходимо избегать использования не ситуативных фраз, причем не только в процессе развития речевого умения, но и в процессе формирования и совершенствования навыков. Говорение всегда целенаправленно и мотивировано. Это требует и соответственной организации процесса обучения говорению: использование почти полностью только условно-речевых и речевых упражнений, стремление к мотивации речевых поступков учащихся. Говорение всегда связано с мышлением. Отсюда следует, что необходимо развивать речевое умение в условиях решения коммуникативных задач речевого общения.

Аннотация

Мақала сөйлеу қызметінің сипаттамасын тұтастай ашқан. Әдістемелік тұрғыдан сөйлеу әрекетінің түрлерінің маңыздысы, ол айтылымның сапасы екендігін айта кету керек. Айтылым әрқашан жағдайға байланысты болады. Сондықтан, айтылымда тек жағдайлық сөз тіркестерін пайдалануын болдырмау қажет, үнемі даму үдерісіндегі тілдік білік, сөз байлығын қалыптастыру процесін және дағдыларын жетілдіруге аса назар аудару керек. Айтылым әрқашан мақсатты және дәлелді. Бұл айтылымды дұрыс, нақты оқытудың үрдісін ұйымдастырғанды талап етеді: оқушының сөйлеу әрекетін дамытуда тек шартты-сөйлеу және сөйлеу жаттығуларымен қатар ынталандыру қажет. Айтылым әрқашан ойлаумен байланысты. Дұрыс ойлау және нақты сөйлеу дағдысын дамыту үшін, тілдік қарым-қатынасты өрбітетін тапсырмаларды орындату керек.

Annotation

The article is devoted to characteristics of speech activity. There is spoken speaking as one of speech activities from the methodological points of view. Speaking is always situational. Hence, it is necessary to avoid the use of non-situational phrases, not only in the development of verbal skills, but also in the process of formation and improvement of skills. Speaking is always focused and motivated. This requires the organization and the respective learning process of speaking: using almost only conditionally voice and speech exercises, the desire for motivation speech behavior of students. Speaking is always associated with thinking. That's why it's necessary to develop verbal skills in a solution of communicative problems of verbal communication.

ПЕДАГОГИКА, ЭТНОПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ, ДЕФЕКТОЛОГИЯ

ӘОЖ :159.922.6.15.41.

А 56

СУИЦИАЛЬДЫ МІНЕЗ - ҚҰЛЫҚТЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аманхос М., Сабекова Д.А.

Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Тараз қ.

Жасөспірімдердегі ауытқушы мінез-құлықтың мазмұны А.В.Петровскийдің, М.Г.Ярошевскийдің, А.Г.Ковалевтің, Г.Л.Потаниннің, М.Б.Розиннің, И.С.Конның, И.Н.Вознесенскийдің, А.Н.Михайловтың, Д.И.Фельдштейннің, Б.Н.Алмазов, А.С.Белкин, Я.Л.Зюбин, А.В.Зосимовский, Б.Хевит және басқалардың жұмыстары мен еңбектерінде қарастырылған. «Ауытқушы мінез-құлықты» зерттеумен ең алғаш айналысқан психологтардың бірі А.Г.Ковалев болды. Балалар мен жасөспірімдердің девиантты мінез – құлық мәселесімен бірқатар Қазақстандық педагог – психолог зерттеушілер жұмыс істеді. Мысалы, Баженов, Жүкенова, Керимов, Уманов т.б. Бұл зерттеушілер девиантты балалардың қиқарлық сияқты жағымсыз қасиеттерінің қалыптасуына әлеуметтік – педагогикалық, психологиялық факторлардың әсер ететіндігін зерттеді.

Кейбір ғалымдардың зерттеулерінде девиантты бала анықтамасы бұл күнделікті педагогикалық әсерге көне бермейтін өзіне үнемі көңіл бөліп қарауды қажетсінетін оқушы. Бұл шексіз ұғым. Ол жеке адамның өзгеру құбылысын жинақтаушы. Осы категориядағы балалардың жалпы адамдық және өзге ешкімде қайталанбайтын қасиеттері әлеуметтік және биологиялық факторлардың ықпалымен қамтамасыз етіледі. Біраз зерттеулер девиантты балалардың басым көпшілігі бұлар мектеп бағдарламасын дұрыс меңгере алмайтын, сондықтан оқушылар ұжымынан тысқары шығып қалатын балалар деп көрсетті. Ұжымдағы жағымды позициядан қалыс қалу оларды теріс мінез – құлыққа айналасындағы адамдармен, әсіресе, бірге оқитын құрбы – құрдастарымен дұрыс қарым – қатынас жасауына кедергі келтіреді.

Жеке тұлғалық және топтық ауытқулар туралы айтатын болсақ: ең тұрақты жанұядан шыққан, тәрбиелі адамдардың ортасында жүрген баланың өзі сол ортадағы нормалардан айналып өтіп, қылмыстық мінез-құлықтың айқын көріністерін беруі мүмкін. Бұл жағдайда біз бір ғана субортадағы нормадан ауытқудың жеке тұлғалық түрімен қақтығысамыз. Осылармен бірге қоғамда оған доминантты түрде зиян келтіретін, көпшілікпен бірге қарастырылатын көптеген ауытқуларға суборталар бар. Мысалы: қиын жанұяның жасөспірімдері уақытының көп бөлігін подвалда өткізеді. «Подвалдағы өмір» оларға қалыпты көрінеді, оларда өзіндік кодексі, өздерінің заңдары және мәдени комплекстері болады. Бұл жерде топтық ауытқу байқалады. Басқа мысалдарға бюрократтар тобын алуға болады. Олар қағаз үшін айналадағы шынайы өмірді көрмей, тек қиялданған, елес әлемінде өмір сүреді.

Баланың мінез-құлқы мен түсінігінің қалыптасуына әсерін тигізетін факторлар:

Қараусыз қалу, бақылаусыздық – бала ата-ана тарапынан қажетті назарда бола алмайды.

Гиперопека – мінез-құлық әрекеттеріне шамадан тыс шектеу қою.

Эмоционалдық шеттетілу – ата-ана тек өз мәселесімен айналысып, баланы үнемі шеттетіп отырады.

Өте қатаң қарым-қатынас – қарапайым, болмашы әрекеттерге деген шамадан тыс жаза қолдану мен қатаң бақылау жасау.

«Отбасы кумирі» - бала үнемі назарда, оған шектен тыс көңіл аудару.

Балаға деген осы сияқты модельдегі қарым-қатынас оның бойында әртүрлі төтенше реакциялар мен эмоциялардың қалыптасуына әсер етеді, соның ішінде агрессиялық мінез-құлыққа бейімділік пен мазасыздықты тудырады. Отбасы, семья тек тұлғаның әлеуметтік мәнді сапаларын қалыптастырып қоймай, бағалау критерийлері мен күнделікті өмір мәдениетінің құрылуына ықпал жасайды. Жасөспірімнің мінез-құлқына обасы ықпалы тыс қалатындай ешбір әлеуметтік аспекті болмайды.

Жасөспірімдік кезеңдегі мінез-құлық ауытқуының түрлері

Ауытқушылық мінез-құлықтың негізгі түрі адамның гиперқабілеттілігімен шартталған девиациялар деп есептеледі (К.К.Платонов бойынша). Девианттық мінез-құлықтың (ауытқу) – келесі клиникалық формалары бар:

- агрессия;
- аутоагрессия (суицидальдық мінез-құлық);
- психикалық қызметін өзгертетін (алкоголизация, наркотизация, шылым шегу және т.б.) заттарды қолдану;
- тамақ, ас қорыту мінез-құлықтарының бұзылуы (ашығу, тамақты асыра жеу);
- сексуальдық мінез-құлық аномалиясы (девиация және перверсия);
- артық құнды психологиялық қызығушылықтар (еңбекқорлық, гемблинг, коллекциялау, «денсаулық параноясы», еліктеу түрлері болып табылатын клептомания, дромомания және т.б.);
- характерологиялық және патохарактерологиялық реакциялар (эмансипациялар, топтау, оппозициялар және т.б.);
- адамгершіліксіз және аморальдық мінез-құлық;
- эстетикалық емес мінез-құлық.

Баланың агрессиялық мінез-құлқын келесі белгілер бойынша шығаруға болады:

1. Бұзақылық, сотқарлық жасауға бағытталған әрекеттерінің көп болуы.
2. Басқа балаларға деген жиі қарсы әрекеттер көрсету (келемеж, мазақтау, төбелесу, жанжал, қандай да бір затын, мүлкін тартып алу).
3. Ата-анасына және басқа да ересектер беделіне қарсылықты жиі көрсету.
4. Өшпенді, қатал дауыстар немесе нашар көңіл-күй жағдайларын жиі көрсету, бейнелеу.

Агрессивтік мінез-құлық. Агрессия айналадағы адамдардан, қоршаған ортадан жасыруға қабілетсіз тікелей формада болуы мүмкін. Ол өз айналасындағылармен тікелей және ашық конфронтацияға шығып, оған қауіптілігін білдіріп, өз әрекеттерінде агрессивтілікті көрсетеді. Агрессияның жанама түрі жеке басының жақтырмаушылығымен, сарказммен, өз құрбанына қысымдық көрсетумен айқындалады.

Агрессиялық әрекеттердің түрлері (Басса-Дарки):

1. Физикалық агрессия (бас салу);
2. Жанама агрессия (өсектер, әзілдер, ашу шақыру, айқай, аяғымен жерді тепкілеу т.б.);
3. Жақтырмау бейімділігі (сәл ашуланса теріс сезімдерін көрсетуге дайын тұру);
4. Негативизм (белсенсіз қарсылық көрсетуден бастап, белсенді күресуге дейінгі мінез-құлықтың оппозициялық қимылы);
5. Реніш (көре алмау, ақиқат және ойдан шығарған мәліметтер үшін жек көру);
6. Сенімсіздік себебінен күмәндану, көз жеткізуге дейін адамдардың барлығы зиян әкеледі немесе зиян жасауды жоспарлайды деп сақтану;
7. Теріс ойлар агрессиясы (жанжал, шынғыру, қорқыту, қарғау, ұрысу арқылы теріс ойларын білдіру).

Девиантты /ауытқулы/ мінез-құлық - қазіргі қоғамда белгіленген ережеге сәйкес келмейтін әлеуметтік мінез-құлық. Танымал социолог И.С.Кон анықтамасында – «Девиантты мінез-құлық ол психикалық саулық, құқық, мәдениет және адамгершілік әрекет жүйесі ретінде, жалпы бекітілген ережеден ауытқу» - деп қарастырды.

Девиантты мінез-құлықты бірнеше түрге бөліп қарастыруға болады	
Бейімсіз мінез-құлық	Бейәлеуметтік мінез-құлық
Аффектілі	агрессивтілік
Аутисті	құқыққа қарсылық
Суициальды	қылмыстық
Аддиктивті	
Негізінде:	Негізінде:
Жеке бас және психикалық дамудағы бұзылыс	Әлеуметтенудің бұзылуы
Психикалық депривация	Әлеуметтік-педагогикалық
Психологиялық жайсыздық	кері кету
Әлеуметтіліктен кету	Мінез-құлық реттелуінің бұзылысы

Суициальды мінез-құлық себептері және оның алдын алу шаралары:

Аутоагрессивтік мінез-құлық. Аутоагрессивтік мінез-құлықтың агрессивтіліктен айырмашылығы ол айналадағы қоршаған ортаға емес, өзіне зиян келтіретігінде. Аутоагрессияның көп түрлерінің бірі физикалық агрессия болып табылады.

Агрессивтік мінез-құлық екі формада көрінеді:

- өзін-өзі өлтіру (суициальды мінез-құлық);
- өзіне-өзі зиян келтіру (парасуициальды мінез-құлық).

Олардың соңғы мақсаты (өлім немесе ағзасына зиян келтіру) және оған жету сенімділігінде. Суициальды мінез-құлық адамның өлімге ұмтылуы. Ол ішкі ситуациялық себепкер факторлардың әсерінен пайда болатын жеке жан-жалдың қалыптасуымен немесе психопатологиялық бұзылыстардың пайда болуымен шартталуы мүмкін.

Суициальды мінез-құлықтың үш түрі (Durkheim) бар:

- өмірдегі кризистік жағдайлармен, жеке трагедиялармен байланысты, «аномикалық» деп аталады;

- басқа адамдардың, өзгелердің игілігі үшін жасалатын «альтруистикалық»;

- жеке индивид қабылдағысы келмейтін әлеуметтік талаптарды қалыптастыратын жанжалмен шартталған «эгоистикалық».

Суициальды мінез-құлықтың эгоистикалық түрі индивидтің мінез-құлқына қойылатын жоғары талаптарға жауап ретінде пайда болады. Ол өмірден кету, өмірмен қоштасу туралы шешімді өзінің жақындарынан, қоғамнан келген қысымнан өмір сүру мүмкін емес деген ұғыммен қабылдайды. Суициальды мінез-құлық критикалық жағдайға емес, қоршаған әлемге қатысты ұстанымға әсер, оған реакция болып табылады. Ол жалғыздықты сезінетін патологиясы бар (жеке жағдайының бұзылыстары) адамдарда кездеседі. Жеке адамға қоршаған айналадағылардан келетін бағытты немесе бағытсыз қысым осы референттік топтың тиісті талаптарының қағидасы бойынша келеді.

Өмірден түнілудің мінез-құлыққа психологиялық әсерлері. Бүгінгі біздің қоғамда адамдарды алаңдататын мәселер көп. Солардың бірі – жасөспірімдер арасындағы суицид проблемасы. Демократиялық және экономикалық қайта өрлеу дәуірінде адам санасы да түбегейлі өзгерді. Бұл кезең әсіресе жасөспірімдерге ауыр тиюде. Себебі, олар жас ерекшеліктеріне сәйкес тұрақсыз, қолайсыз жағдайларды басынан өткереді.

Суицид (лат.тілінен sui – өзін + caedere – өлтіру) — өзін-өзіне қол жұмсауға икемді адамның әрекеті. Көп жағдайда бұл адамның өзінің «ішкі болмысына» жасалған агрессия, яғни жауыздық деп қарастырылады. Суицид дертіне әдетте рухани әлсіз, психикалық тұрғыдан тұрақсыз адамдар шалдығады. Сондай ақ, өз-өзіне қол жұмсауға күнделікті күйзеліс түрткі болуы да мүмкін. «Суицид – адам жанының азапқа батып, санасы тарылып, ішкі үлкен дағдарысқа ұшырататын, өмірдің керек еместігіне алып келетін психологиялық күйзеліс». Тағы бір синонимдік мағынасы қасақана өз өмірін қию. Суицид әрекеті дегеніміз-саналы түрде өз өмірін қандайда бір жолдармен қиюға бағытталған,

бірақ соны өліммен аяқталмаған іс-әрекет. Өз өмірін қиюға немесе басқа мақсатқа бағытталған әрекет қайтымды немесе қайтымсыз болуы мүмкін.

Жасөспірімдердің өз-өзіне қол жұмсаған барлық түрлерінің көбісі жанжал және бейберекет жайсыздықтан: үлкендердің ұрып соғу әрекетіне тап болу қорқынышы, өзінің қоршаған орта жағынан (мектептегі қиыншылықтар, достарымен қатынасы, ата-анасының елемей) көрініс алатын жанжал мен қарым-қатынас, тас жүректік. Суицидке жетелейтін негізгі факторлар:

1. Отбасындағы жайсыздық (түсінбеушілік, тұрмыстың төмендігі, әке-шешенің ажырасуы, ішкілікке салыну т.б.);

2. Дағдарысты күйге тап болу;

3. Проблеманы ашып көрсетуден гөрі үндемей қалуды жеңіл көреді;

4. Қоршаған ортаға, болашаққа деген сенімді жоғалту.

Суицидтің негізгі екі ерекшеліктері бар: Объективтік жағы – ол тұлғаның мүмкіндігінің шектелуіне байланысты әлеуметтік қоршаған ортаға өзінің мінез-құлқын бейімдей алмауы. Субъективтік жағы- ол алуан түрлі психо-эмоциялық өзгерістерге түсу (қайғы, уайым, жан күйзелістері, ренжу, қобалжу, ашулану, ызалану, т.с.с) және клиникалық психопатологиялық түрлі синдромдар (астения, депрессия дисфория, т.с.с). Бүгінде “стресс” деген термин сәнге айналды. Стресс – адам ағзасының сыртқы ортаға психофизиологиялық жауап беру реакциясы. Сыртқы ортадан келген кез келген ақпарат – адам ағзасы, психикасы, жан дүниесі үшін тіпкеркендіруші фактор.

Стрестің дистресс деген негативтік түрі бар. Бұл тек қана мінез-құлықтық іс-әрекетте емес, физиологиялық тұрғыдан адам ағзасына кері әсер етеді деген сөз. Бұл психологиялық депрессияға алып келеді. Ал депрессияның соңғы нүктесі – суицид. Қазіргі тұрмыстық зерттеулерде тұлғаның қиындықтарды өзін-өзі өлтіру жолымен шешу әрекетінің генетикамен тығыз байланыстылығы айтылады. Объективтік белгілері ұқсас, дау-жанжалды жағдайлар (жанұядағы ұрыс-керіс немесе ажырасу, тіл тигізу немесе қызмет бабындағы сәтсіздіктер) тұлғаға қатты әсер етсе, олар психологиялық зақым алады, бірақ ол мінез-құлықтың нақты бір жолын сипаттамайды.

Суицид көп жағдайда ата-ана мен бала қарым-қатынасы бұзылғанда болады. Суицидтің 40%-ы тек ананың тәрбиесін көргендер. Сонымен қатар, көбінде ата-анасы ажырасқандар немесе ата-анасы үнемі ұрысып-керісетіндер осы жағдайға барады. Ал 25%-ын жанұялық жағдайы сәтті отбасылардан шыққандар құрайды. Мұның тағы бір себебі ата-аналар арасында жыныстық-рөлдік қарым-қатынастың бұрмаланғандығы: тым шектен тыс қамқорлыққа алу, мейірімді бола тұрса да, сезімін білдірмей, арақашықтықты сақтайтын мазасыз, қатал, әміршіл әке.

Соңғы кездерде отбасылық материалдық қиындықтардың әсерінен үйреншікті стереотиптің бұзылуынан, нақты әлеуметтік перспективаның жоқтығынан болатын суицид оқиғалары өсіп келеді. Әсіресе, дарынды жастар арасында депрессияға, суицидке шалдыққандар аз емес. Олар өмірдің мағынасын іздейді. Талай жастар өзінен-өзі, үлкен адамдардан «Осы өмір деп жүргеніміз тек қайталау ғана емес пе?» - деп сұрайтын көрінеді. Ал кез келген адам бұл сұраққа жауап беруден бас тартады. Қайғы депрессияға апарады. Асқынған депрессия суицидке шалдықтырады. Суицид өлімге жетелейді. Өзінен-өзі қол жұмсау әрекеті аяқталған (өлім) және аяқталмаған (кейбір кездері адамның тірі қалуы) болып екіге бөлінеді. Мақсатына қарай (өзін-өзі құрбан ету мақсатында) және шантажды – қыр көрсету әдейі өз ниетіне жету мақсатында басқа адамдардың аяушылығын туғызу. Қыр көрсету мақсатындағы суицид әрекеттері саналы ұғыммен жасалмайды, сол себептен ойын түбі құрбандыққа байқамай әкеліп соққызуы әбден мүмкін, әрекетші өзінің әрекетінің кезегін толық болжап білуі мүмкін емес.

Өз-өзіне қол сұғушылықтың басты себептері:

1. Отбасы қарым-қатынасының кемшілігі:

- Ана мен қыздың арасындағы қарым-қатынас;
- Әке мен ұл арасындағы қарым-қатынас;

- Ағайындар арасындағы бауырмашылықтың әлсіздігі.

2. Әлеуметтік жағдай:

- Жұмыстың жоқтығы, қаражаттың аздығы;
- Алкоголь мен нашақорлыққа бейімділік;
- Әлеуметтік ортаға бейімделмеуі.

3. Қоғамдық жағдай:

- Әлімжеттік;
- Махаббат пен жастар арасындағы қарым-қатынас;
- Ортасының әсері.

4. Өзіндік тәрбиенің аздығы:

- Өз-өзіне сенімсіздік;
- Өзіндік бақылау және бағалаудың жоқтығы.

Бір атап өтерлігі – елде адам өлтіргендерге қарағанда өз-өзін өлтіргендер саны әлде қайда көп екен. Жалпы әлемде жыл сайын шамамен миллионға жуық адам өзіне-өзі қол салып, көз жұмады. Олардың сегіз мыңы – қазақстандықтар, яғни, республикада әр сағат сайын 1 адам өз еркімен өмірмен қош айтысып жатады.

Қазіргі адамдарға өмір сүру өте қиын. Өмірдің қиындауы өркениетке қанат қағып, ақпараттық қоғам құрылғалы, технологиялық прогресс күннен күнге өркендеп, адамдардан өте күшті қабілетті талап етуінен шығар. Өте жедел қарқынмен зулаған қоғам адамдардан жылдамдықты, бірнеше тілдерді меңгеруді, көп күш-қуат жұмсауды талап етіп, қысымға алуда. Бәрін тезірек игеріп қалмасақ, көштен қалатындаймыз. Осындай психология баяу қимылдайтын жандарды өмірден түңілдірмей қайтсін? Сондай-ақ адамдардың сана-сезімі өзгерген. Дүние даму үстінде. Ұжымшылдық дәуір артта қалып, жеке даралық әрекет өмірімізге енгелі, адамдар бір-біріне тек сырттай жасанды қарым-қатынас орнатуды әдетке айналдырды. Ешкім ешкімге қол ұшын созбайды. Әркім өз күнін өзі көруі керек. Бір-бірін сатып кету, қорлау, айуандық көбейіп кеткені шындық. Кейбір адамдар қоғамның осыншалық азғындыққа ұшырағанына жаны шыдамайды. Жалғыздыққа ұмтылады. Қоғамның болашағынан қорқады. Бойларын үмітсіздік пен үрей билеген соң дертке шалдығып тынады.

Өзін-өзі өлтірудің көптеген тәсілдері бар:

- өзін-өзі асу;
- өзін-өзі буындыру;
- өзін-өзі суға батыру;
- өзін-өзі уландыру;
- өзін-өзі өртеу;
- кесуші, тесуші заттар арқылы өзін-өзі өлтіру;
- атыс құралы арқылы өзін-өзі өлтіру;
- электр тоғы арқылы өзін-өзі өлтіру;
- қозғалыстағы транспорт немесе механизм арқылы өзін-өзі өлтіру;
- жоғарыдан құлау арқылы өзін-өзі өлтіру;
- тамақ, ас қабылдаудан бас тарту арқылы өзін-өзі өлтіру;
- үсу немесе қатты қызу арқылы өзін-өзі өлтіру.

Адамның өзін-өзі өлтіру:

- әлеуметтік;
- мәдени-тарихи;
- діни;
- эстетикалық жағдайға;
- жеке психологиялық ерекшеліктерге байланысты.

Суицидке қарсы профилактика кезінде қауіп және қорғаныс факторларын ескеру қажет.

Қауіп факторлары:

- Отбасылық атмосфераның дұрыс болмауы.

- Дұрыс тәрбие бермеу.
- Ата-аналар жағынан түсінбеушіліктердің болуы және қажетті деңгейде тәрбиенің болмауы.

- Қоғамдық міндеттерді орындай алмау. Мектепте, құрдастары арасында және қоғамда есірткі қолдануға немқұрайлы көзқараспен қарау.

Қорғаныс факторлары:

- Зиялы отбасы (тату-тәтті өмір сүру).
- Ата-аналардың балалар өміріне жан-жақты араласуы.
- Қоғамдық іс-шараларға белсенді түрде қатысу.
- Әлеуметтік институттармен мықты байланыста болу (отбасы, мектеп, дін).

Осы орайда, ежелгі философиялық трактаттардың бірін еске түсіре кетсек. Египет папирусында жазылған «Өмірден түңілген адамның рухымен әңгімесі» атты шығарма бар. Бұнда күйзеліске ұшыраған адам өзінің рухымен сөйлесіп, оған дауыс бітіреді. Мұңын шағады:

- Бұл өмір нашар. Сондықтан мен өз-өзіме қол жұмсап, тезірек жоғары өмірмен қауышқым келеді, - дейді кейіпкер.

- Төменде қандай болса, жоғарыда да сондай, - деп жауап беріпті сонда оның рухы.

Түңілгендер осыны ескерсе екен.

Кез келген салада білім жинауға мүмкіндік бар. Бірақ өмір сабағы оқытылмайды. Өмірдің мәні неде екенін, бақыттың үлгісі материалдық заттар жинауда еместігін, біздің ішкі жан дүниеміз, еркіндігіміз сыртқы ортаның құлына айналмауы керектігін айқындау қажет.

Құран Кәрімде Ниса сүресінің 29-аятында:

رَحِيمًا بِكُمْ كَانَ اللَّهُ إِنْ أَنْفَسَكُمْ تَعْلُوا وَلَا ...

«...Және бір бірінді (өздерінді) өлтірмендер. Расында Алла сендерге ерекше мейірімді», деп айтылған.

Ал, Бақара сүресінің 195-аятында:

...كَذَلِكَ يَأْتِيكُمْ تَعْلُوا وَلَا ...

«...Өздерінді өз қолдарыңмен қауіп қатерге салмаңдар...», деп әмір етеді.

Аяттардағы әмірі қандай жағдайда да, адам баласы өзінің және басқа адамның өміріне қастық етуіне болмайтындығы айтылуда. Адам баласы қатты науқас болса да, өмірі қаншалықты қиындап кетсе де өзіне қол жұмсаумен жеңілдікке қол жеткізе алмайды. Бұл қиыншылық азабынан құтылу емес, керісінше Алла тағаланың қаһарына ұшырау.

Орта ғасырдағы ұлы тұлғалардың бірі – ғұлама, ойшыл, ақын Жүсіп Баласағұни бабамыз. Қазақ әдебиетінде ол кісінің «Құтадғу білік» дастанының өзіндік салмағы бар. Ол кісі Алланың сынағына сағы сынған жастарға былай деп өсиет айтып, жігерлендіреді:

Егер қайғы жараласа жаныңды,

Күт сабырмен туатын шат шағыңды.

Егер дәулет қатты жапса қақпасын,

Түзелер іс, төзіп сабыр сақтасаң.

Ер мінезі сабырыңды сақтай біл,

Сабыр жолы көк төріне бастайды.

Міне, басқа түскен тауқыметке сабыр ету пендеге міндетті түрде сыйы бар екендігін ақындар жырға қосқан. Қорыта келе, жасөспірімді қоғам жағынан қадағалау қажет. Отбасы жасөспірімді қылмыстың алдын алуға мүмкіндік беретінін естен шығармау қажет. Себебі, көбінде жанұя қоғамдық қадағалауды жүзеге асырады. Қадағалаудың түрлері: тікелей қадағалау – бұл сыртқы болып табылады, оған шектеулер және жазалаулар жатады, ата-аналар баланың уақытында сабақтан келуін, жолдастарымен қарым-қатынасқа түсетін кіші топтарды қадағалап, тексеруі жатады және уақытында балаға көмектеседі. Екінші түрі, көмекші қадағалау – бұл сыйластық және махаббат. Жасөспірім ата-анасынан және басқа да адамдардан осы сезімдерді сезінеді. Олардың

тәрбиесі мен іс-әрекетін махаббат басқарады. Ата-анасына және басқа адамдарға сыйластықпен қараған бала көп жағдайда қылмысқа бармайды. Себебі, жасөспірімдерге үміг артып, сенетін адамдарды ренжігіп, көңілін қалдырғысы келмейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ахметжанова Н. Қиын балалар қиғылығының қыры А.: Ұлағат №2 2000 34.
2. Әбеуова И. Әбдіраманова Д. Мінез-құлқында қиындығы бар оқушыларды анықтау жолдары А.: Ұлағат №5 2004
3. Керімов Л. К. Қиын оқушылар және оларды қайта тәрбиелеу мәс А.: 1991
4. Бекмұратова Г.Т. Мінез-құлқында ауытқушылықтары бар балалардың ерекшеліктерін психологиялық тұрғыда зерттеу. Этнопсихология және этнопедагогика конференциясы материалдарының тезистері А.: 2005
5. Реан А. А. Агрессия и агрессивность личности. Психологический журнал – 1996 - №5
6. Клейберг Ю.А. Социальная работа и коррекция девиантного поведения подростков Кемерово: Кузбассвуиздат 1996
- 7.. Девиантное поведение детей и подростков: проблемы и пути их решения / Под ред. В. А. Никитина. М.: Союз 1996
8. Семенюк Л. М. Психологические особенности агрессивного поведения подростков и условия его коррекции. М.: Воронеж: МОДЭК 1996
9. Бандура А, Уолтерс Р Подростковая агрессия. Изучения Влияния воспитания и семейных отношений. М.: 2000
10. Райс Ф. Психология подросткового и юношеского возраста. Спб: 2000

Аннотация

Мақалада жеткіншектер агрессивті мінез-құлқының теориялық аспектілері және осы жастағы балалар мінезіндегі ауытқулардың түрлері ашылған. Жеткіншек кезеңдегі бала тұлғасының қалыптасуындағы суицидтік мінез-құлықтың себептері анықталған.

Аннотация

В статье раскрываются теоретические аспекты агрессивного поведения подростков и виды отклонения в поведении детей этого возраста. Определены причины суициального поведения в формировании личности детей подросткового возраста.

Annotation

In job the theoretical aspects difficult of behavior of the young men and kinds of a deviation (rejection) in behavior of children of this age are opened. Are spent diagnostic job of aggressive behavior and correction the person features of children of youthful age.

ӘОЖ 373:79(574)

Б 40

ОЙЫН - БАЛАНЫҢ ЖАН СЕРІГІ

Бектасова Г.К.

«Қосқұдық» балалар бақшасы, Жамбыл обл., Шу қ.

«Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?»

Абай Құнанбаев

Ойын - мектеп жасына дейінгі балалар үшін айналаны танып, білу тәсілі болып табылады. Бала ойында үлкендердің қызметіне еліктеп, өзінің шамасы келмесе де, осындай қоршаған ортамен етене араласады. Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?» - деп айтқандай, баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Жас баланың өмірді танып, еңбекке қатынасы

психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады. Мектепке дейінгі балалық шақта адамның жеке тұлғалық қасиетінің негізі қаланады. Ойын арқылы баланың білімі мен ұғымы айқындалып, тереңдей түседі. Тәрбиеші көрсету, түсіндіру, нұсқау беру, сұрақтар қою сияқты тәсілдерімен ойын әрекетін үйлестіре отырып, пайдалануды көздейді.

Ойын дегеніміз - халықтың баланы әдептілікке, сауаттылыққа баулитын құралдардың бірі. Ойын технологиясы баланы белсенділіктерін арттырады. Кез келген балада мәдениет ойын арқылы дамиды. Ал бүгінгідей динамикалық ғасырда, оқу процесінде ойын алдындағы орында, яғни ойын технологиясы арқылы баланың оқуға ынтасын, қызығушылығын арттыру жеңіл болмақ. Ойынның нәтижесінде баланың бойында: ойлау, ұйымдастырушылық қасиет, тапқырлық, белсенділік, шыдамдылық қалыптасады.

Ертедегі ұлы ойшылдар Я.А.Коменский, Ж.Ж.Руссо, Д.Ж.Локк, И.Г.Песталицкий ойын арқылы балаларды болашақ өмірге бейімдеу керек деп түсіндірген. Я.А.Коменский ойынның еңбекпен байланысы жөніндегі күрделі педагогикалық проблеманы шешуге тырысты, сондықтан да оның көзқарастары бүгінгі күнде де өз мәнін жойған жоқ. Ол *«Ойынды біз баланың рухани және дене дамуы қозғалысынан көреміз, сондықтан оларды саналы түрде пайда келтіретіндей етіп, жүргізуіміз қажет»* - деп атап көрсетті. Қазіргі кезде ойын мәселесі бірқатар ауқымды зерттеулерді қомақты орын алып, оның баланы дамытудағы мәні анықталды. Зерттеушілер ойын арқылы оқу міндеттерін тиімді шешуге болатынын дәлелдеді. Ойын теориясы мен маңыздылығы туралы К.Д.Ушинский мен П.Ф.Лесгафт, тәрбие және оқыту барысында ойынның алатын орны туралы В.А.Сухомлинский, Н.К.Крупская және т.б. өз пікірлерін білдірген. Н.К.Крупская: *«Бала жас болғандықтан ғана ойнамайды, балалықтың өзі оған ойнау үшін, яғни жаттығу арқылы өмірде қажетті дағдыларды игеру үшін берілген»* - деген болатын.

Ойын - оқу, еңбек іс-әрекеттерімен бірге адамның өмір сүруінің маңызды бір түрі. Оны мынадай сызба арқылы суреттесек те болады. *«Ойын»* ұғымына түсінік берсек, бұл адамның мінез-құлқын өзі басқаруымен анықталатын қоғамдық тәжірибені қалыптастыруға арналған жағдаяттар негізіндегі іс-әрекеттерінің бір түрі. Орыс ғалымы, дәрігер педагог **К.А.Покровский**: *«Ойын - күнделікті бала еңбегі, болашақ өмірінің бастамасы. Ойын үстінде баланың ертеңгі өмірге деген қабілеті байқалады»* деген.

Бала ойынның тәрбиелік маңызын жоғары бағалай келіп **А.С.Макаренко** былай деген: *«Бала өмірінде ойынның маңызы зор. Ересек адам үшін еңбектің қандай маңызы болса, ойынның бала өмірі үшін сондай маңызы бар. Бала ойында қандай болса, өскенде еңбекте сондай болады. Сондықтан келешек қайраткерді тәрбиелеу алдымен ойыннан басталады»*.

Ойынға ерекше мән беріп **А.П.Усова**: *«Ойын басқа тәрбие формаларының қайсысынан болса да, жоғары тұрады. Өйткені ол баланың барлық тұрмыс-тіршілігін ұйымдастыруға, олардың белсенділігін арттырып, өз бетінше әрекет етуге мүмкіндік береді»* деген.

Ойында тек жекелеген қимыл-қозғалыстар емес, біріккен әрекеттер де жүзеге асады. Бұл әрекеттер бір-бірімен тілдесу арқылы қарым-қатынас негізінде жүзеге асады. Осы ойынға көп көңіл бөлген қазақ халқының этнограф-ғалымы Ш. Уәлиханов, ағартушы-педагог Ы.Алтынсарин, қазақ зиялылары: А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, Н.Құлжанова, М.Жұмабаев «Педагогика» еңбегінде балаларға рухани тәрбие берудің жолдары мен әдістерін көрсетумен қатар, қоршаған дүниені қабылдауға, жан көріністерін бірлікте дамытудың маңызы жайында құнды пікірлер айтып, ой түйіндерін тұжырымдаған.

Ойын іс-әрекетінде баланың психикалық қасиеттері мен жеке басының ерекшеліктері қалыптасады. Ойын іс-әрекеті психикалық процестердің ырықты түрінің қалыптасуына әсер етеді. Мысалы: ойын барысында ырықты зейін мен ырықты еске сақтау дамиды. Зертханалық тәжірибелерге қарағанда, ойын барысында балалар зейінін

жақсы шоғырландырады және есінде көп нәрселерді сақтай алады. Саналы түрде мақсат қоя білу ойын арқылы ерте және оңай айқындалады. Ойын шарттарының өзі баладан ойын жағдайында ендірілген заттарға, ойналатын көріністер мен сюжетке зейін тоқтатуды талап етеді. Егер де бала, ойын жағдайының талабына зейін қойғысы келмесе, ойын шарттарын есінде сақтамаса, құрдастары оны ойыннан шығарып тастайды. Қарым-қатынаста болу қажеттілігі, эмоциялық мадақтауды қажетсіну, баланы мақсатты түрде зейін қоюға, еске сақтауға мәжбүрлетеді. Ойындар мазмұнына қарай, өзіне тән ерекшеліктеріне қарай сюжетті-рөлді, драматизациялық, дидактикалық құрылыс ойындары, қимылды ойындар, ұлттық ойындар болып бөлінеді.

Ойынның түрлері өте көп. Мысалы: рөлдік ойындар, дене шынықтыру ойындары, сюжеттік ойындар, дидактикалық ойын элементерін пайдаланудың маңызы өте зор. Дидактикалық ойындар баланың ақыл-ойын дамытып, сабаққа деген қызығушылықтарын арттырады. Тіпті нашар оқитын балалардың өздері де ойын элементтері араласқан сабаққа зор ынтамен, жігерімен араласатыны анық.

«Ұлттық қазақ ойындары: «Қыз қуу», «Орамал тастау», «Асықтар», «Бәйге» ойындары. Бала өмірінің кезеңі ойын арқылы жетіледі. Ойындар әр топта жас ерекшелігіне сай жүргізіледі. Мен өз тәжірибемде ойындарды көп қолданамын. Сабақ барысында да, күннің жартысында да жүргіземін. Мектепте балалар табысты, жақсы оқу үшін баланың тілдік функциялары толық дамыған болуы керек. Баланың тілін жетілдіру үшін оны әңгімеге тарта отырып, баланың сөздік қорын жаңа сөздермен толықтырып, түсінігін молайту қажет. Баланың тілін дамытуда ойын түрлерін жүргізу арқылы, ойын шарттарын айта отырып та байытуға балады. Мысалы: «Қуыршаққа қонаққа бару», «Мен кімін», «Қуршақты киіндіреміз», «Шарбақты құрастыру», «Көлемі бойынша қой» деген секілді ойын түрлерін қолдануға болады. Мен кез келген ойын түрлерін сабағымен тақырыбына сай таңдап аламын. Әсіресе дидактикалық ойындарды тіл дамыту сабақтарында пайдаланудың тиімділігін тәжірибе көрсетіп отыр.

Сабақты бекіту, баланың шығаршашылығын дамыту, тіл байлығын молайту үшін ойындар сабақтың тақырыбына, мазмұнына сай таңдап аламын. Мысалы: «Телефон» ойынында диалогтық сөйлеудегі әңгіменің мақсаты – бір нәрсе жайында сұралап, баланың оған жауап беруге, белгілі бір әрекетке түрткі болуға үйрету болып табылады. Қимыл ойындары – балаға дене тәрбиесін беру құрылды. Балалардың жүгіру, секіру өрмелеу, лақтыру, қағып алу қабілеттерін жетілдіруге, дамытуға мүмкіндік береді. Қимыл ойындары баланың жүйке қалыптасуына зор ықпал етеді. Қимыл ойынында ережелер ұйымдастырушы роль атқарады, олар ойынның барысын, жүйелілігін, ойнаушылардың қарым-қатынасын, баланың мінез-құлқын белгілейді. Қимыл ойындары үйдің ішінде және серуен кезінде бірнеше баламен немесе бүкіл топпен өткізіледі. Олар сондай-ақ дене шынықтыру сабақтарының құрамына енеді. Балалар ойынды игерген соң өздігінен ойнай алады. Ойын балаларға сабақта серуенге де өте қажет, тіпті бала жай дем алып отырғанын өзінде де ойын үстінде болады. Қимылды ойындар баланың барлық жас кезеңінде өтеді.

Рөлдік ойындар мектепке дейінгі балалар өмірінде елеулі орын алады. Бұл ойындар ұзақа та, қысқа да болуы мүмкін. Сюжетті – рөлді ойындар бейнелеу құралы роль мен ойын әрекеті болып табылады. Өзінің сипаты жағынан бұлар көбінесе еліктеу, шындықты көрсету болып табылады. Мысалы «Дүкен» ойынын ойнағанда балалар сатушы сатып алушының әрекеттеріне еліктейді. «Шашгараз», «Отбасы» ойындары арқылы айналадағы өмірді бақылауға, күнделікті өз өмірлерінен алған білімдерін ойын сюжетіне пайдалануға төселендіруге болады. Педагог өтілген ойынға талдау жасап, оның балаларға тигізген тәрбиелік ықпалы бағалауға, өз тобындағы сюжетті-рөлді ойындарының одан әрі басшылық ету тәсілдерін ойластыруға тиіс.

Қойылымдық ойындарда рольдер, ойын әрекеттері қандай шығарманың, ертегінің т.б. сюжеті мен мазмұны шарттас болады. Ол сюжетті-рөлді ойынға ұқсас. Барлық балалар ертегіні жақсы көреді, ертегі айтып берсең, бар ынтасымен тындайды. Ертегі балалардың ой-қиялын, сөздік қорын дамытады. Құрылымдық ойындар - балалар

әрекетінің бір түрі. Оның негізгі мазмұны қоршаған өмірді алуан түрі құбылыстарды және соларға байланысты іс-әрекеттерді бейнелеу болып табылады. Құрлыс ойыны бір жағынан сюжетті-рөлді ойнауға ұқсас келеді. Балалар ойын үстінде көпірлер, стадиондар, темір жолдар, театрлар, цирктер т.б. ірі құрлыстар салады.

Дидактикалық ойындар кішкене балаларға мейлінше тән оқыту формасы болып табылады, оның арғы тегі ойынды өлең мен қимылмен ұштастыру негізінде көп нәрсені үйрететін ойындарды жасаған халық педагогикасына жатыр. Мысалы: «Сикырлы қалпақтың сырын ашайық»- деген ойынды ересек топтарда тәрбиеші балаларды зат туралы айта білуге үйрету, олардың жүйелі сөйлеу қабілетін дамыту міндетін алға қояды. Ойын міндеті-қалпақтың астында не бар екенін білу. Дидактикалық ойындар айналамен танысу сабағында, көркем әдебиет, тіл дамыту сабақтарында жиі қолдануға болады.



«Қосқұдық» балалар бақшасы, Ақерке тобы

Бала тәрбиесі қиын да, жауапты міндет. Ұрпақ тәрбиесі қоғамнан тыс, оқшау тұрған емес. Ол қоғамның, заманың бағыт-бағдармен, тыныс-тіршілігімен бірге жүріп отырады. Осы орайда кез-келген бүлдіршін үшін бала тәрбиесі ата-анасына берілген тәлім-тәрбиені одан әрі жалғап, жандыратыны сөзсіз.

Ойынның маңызы:

1. Ақыл-ойы дамиды, оқуға қызығушылығы, белсенділігі, шығармашылығы артады, тұлғалық қасиеттері қалыптасады.

2. Тәрбиеші үшін: Ойын түрінде оқыту жалықтырмайды, оқушы білімнің сапасын арттыруда, сабақты қызықты өткізуге тиімді.

3. Ата-ана үшін: Бала бойындағы жағымсыз қылықтарды ойын арқылы тәрбиелейді.

Қорыта айтқанда, ойын – балалар өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғы шарты және халықтың салтын үйренуде, табиғат құбылысын тануда олардың көру, есту, сезу қабілеттерін, зейінділік пен тапқырлықтарын дамытады. «Адам өркениетке бейім болуы үшін балалық шақты бастан кешуі міндетті, егер ойын мен қызыққа толы балалық шақ болмаса, ол мәңгілік жабайы болып қалған болар еді» - деп К.Чуковский бала денесінің дамуы мен ой-дүниесінің өркен жаюы ойынға тікелей тәуелді екендігін атап көрсеткен. Ойын үстінде балалардың бойында ұйымшылдық дағдалары қалыптасады. Өзі тап болған жағдайды байыппен талдап, төзімділікке үйренеді. Ойын -

баланың жан серігі. Баланың рухани жетілуімен табиғи өсуінің денесінің дамуы мен ой жүйесінің өркен жаюы ойынға тікелей тәуелді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Бастауыш мектеп» журналы. №1, 2002 жыл
2. «12-жылдық білім». Республикалық ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-сараптамалық журнал, №11, 2006 жыл
- 3.«Бала мен балабақша», «Ребенок в детском саду» №3 (95) 2016 ж.
4. «Бала мен балабақша», «Ребенок в детском саду» №10 (76) 2014 ж.
5. Қазақстан Республикасының филологиялық білім мазмұнын модернизациялау: республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары. Модернизация содержания филологического образования в Республике Казахстан: материалы республиканской научно-теоретической конференции. -Алматы: «Қыздар университеті» баспасы, 2014.-232б

Аннотация

Мақалада мектеп жасына дейінгі баланың бойына ойын арқылы жақсы қасиеттер сіңіру жайында жазылған.

Аннотация

В статье рассматриваются важности игр в процессе воспитания детей дошкольного возраста.

Annotation

The article discusses the importance of the games during the education of preschool children.

ӘОЖ 37:39(574)

Б 39

**ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНДАҒЫ ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІНІҢ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Бектенова Г.С.

«Қосқұдық» балалар бақшасы, Жамбыл обл., Шу қ.

Тәрбие - тал бесіктен басталады.

Халық даналығы

Бүгінгі таңда қоғамымыздың даму бағытында жан-жақты дамыған, сауатты, саналы азамат тәрбиелеу мәселесі жүктеліп отыр. Мұндай мақсаттың баянды болуы оқу-ағарту жүйесінің үлесіне түсетін ескерсек, білім негізі балабақшадан басталғандықтан, жас жеткіншіктердің білімді, білікті болып өсуінде тәрбиенің алатын орны ерекше. Тәрбие арқылы баланы білім алуға, оқуға қызықтыра отырып, тұлғалы дамуын қалыптастыруға болады.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Біздің бүгінгі қоғамымыз белсенді, жоғары моральды, әдепті және рухани байлығы мол адамдардан тұруы керек. Қазақстанның бірегей халықтарының ұлтаралық және мәдениетаралық ынтымағы мен жетілуін қамтамасыз ете отырып, қазақ халқының көп ғасырлық дәстүрлерін, мәдениетін сақтаймыз және дамыта түсеміз» деген Қазақстан халқына арнаған Жолдауынан байқауға болады.

Халық педагогикасы халқымыздың ғасырлар бойғы ұрпақ тәрбиелеу мәселесіне негізделген бай тәжірибесінің жиынтығы. Қазақтың тәрбие мектебі-ақын-жазушылар мен билердің өсиеттері, халық мақал-мәтелдері, тыйым сөздері мен ұлттық салт-дәстүрлері, әдет-ғұрпы десек артық болмайды. Халықтық осы оятты, тәлімдік-тәрбиелік, танымдық мектебіне айналды.

Халқымыздың болашағын ойлаған асыл ойлы ғұламаларымыз да кейінгі ұрпаққа өшпес мұра қалдырған. Қазақ халқы рухани зор байлықтың мұрагері. Ақиқатқа жүгінсек, бүкіл әлемдік өркениет тарихынан ерекше орын алатын әмбебап ғұлама, ұлағатты ұстаз әл-Фараби бабамыздан бастап түркі тілдес халықтарға ортақ орта ғасыр ойшылдары: Баласағұн, Қашқари, Жүгінеки, Иассауи трактаттары. Алтын Орда дәуірінің орны ерекше. Онан кейінгі Асан қайғы, Шалкиіз, Жиенбет, Ақтамберді, Бұхар, Шал, Дулат, Махамбет, Майлықожаларының әр түрлі өмір құбылыстары адам мен қоғам, жан мен тән, тыныс-тіршілік туралы терең толғауларының, ақыл-кеңес, өсиеттерінің қазіргі жастарымыз үшін, олардың тәрбиесі үшін берері аз емес. Қазақ халқының ұлттық даралығы ұрпақ тәрбиелеу тәсілдері мен салт-дәстүр ерекшелігінде. Ертеңгі қорғай алатын ұлтжанды, жоғары мәдениетті адамды тәрбиелеудің негізі-халықтық тәлім-тәрбиеде жатыр.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында 18 қаңтар, 1992 ж. Ұлттық және жалпы адамзаттық қазыналар негізінде жеке адамды қалыптастыру және дамыту үшін қажетті жағдай жасау туралы айтылған. Осыған байланысты, әдет-ғұрыпты, салт-дәстүрлі адамзат мәдениетімен үйлестіріп іске асыру әрбір отбасының негізгі міндеттерінің бірі. Себебі, ұлттық тәрбие отбасынан басталады. Баланың алғашқы тәрбие алатын орны – отбасы. Отбасында баланың мінез-құлқы, әдет дағдысы қалыптасады. Еліміздің ертеңгі ұлт тізгінін ұстар жастарымыздың тәрбиесіне аса мән беру – біздің негізгі мақсатымыз.

Тәрбие – күрделі үдеріс. «Тәрбие отбасынан басталады» деп халық даналығы бекер айтпаған. Саналы да, білімді болашағын қалыптастыру әрбір ата-ананың мерейлі міндеті, парасатты парызы. Еліміздің болашағының тізгінін ұстар тұлғаның бойына білімнің нәрін, тәрбиенің иісін сіңіруміз қажет. Ата-бабамыздан қалған ұлттық тәрбиемізге дақ түсірмеу үшін барлық қажетті жауапкершілікті ата-ана өзіне алғаны жөн, себебі бала ата-ананың өмірінің жалғасы. «Балам дейтін жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан болсын» деп өткен ғасырдың ұлы тұлғасы А.Байтұрсынұлы айтқандай, баланың болашағына толғанар ел, ойланар отбасы қалыптасса елдің болашағы зор болмақ.

Ата-аналардың оқу мен тәрбие үдерісіндегі ынтымақтастық пен бірлескен жұмысы жан-жақты болса жемісті болады. Ұрпақ тәрбиесі ұлағатты болу үшін, отбасындағы ата-ана берген тәрбие мектепте жалғасын тауып, кішкентай бүлдіршін сапалы азамат болып қалыптасу үшін мектеп, мұғалім және тәрбиеші жауапты зор міндетті атқарады.

Ана – бала тәрбиесіндегі ерекше тұлға. Дана Абай бабамыз қазақ әйелінің, ананың отбасындағы орнын ерекше жырлайды. Жалпы, «Адам бойындағы барлық қасиеттер ананың ақ сүтімен жаралған» – деген ғұламалық ойды тарата келе, осы қасиеттің міндетті түрде тәрбиеленуі туралы айтады.

Тәрбиенің негізі «ананың әлдиінен» басталады емес пе? Ана тәрбиесі ұлылық дәнін себеді. Тәрбиелі анадан – тәрбиелі бала өсіп шығады. «Баланың құқығы жөніндегі Конвенцияда» (1989) отбасында баланың құқығын қорғау, оған қамқорлық жасау көрсетілген. Отбасындағы жас ұрпақтың тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына ата-ананың, отбасы мүшелерінің қарым-қатынасындағы мейірімділік пен махаббат қажет. Толық мәнді отбасы болу үшін ата-ананың және басқа отбасы мүшелерінің береке-бірлікті, түсіністікті сақтауы, сонымен қатар әр отбасы мүшелерінің құқығы қорғалуы тиіс. Халқымыздың салт-дәстүрінде «Әр перзент жарық дүниеге өз несібесімен келеді» деген түсінік бар». Дүниеге есігін қаққан бір сәбидің еншісінде бір қой артық қоздайды, сол жылы бір уыс шөп артық шығады», - дейді ата-бабамыз. Қазақ баладан қашпаған. Бала тәрбиесі құрсақта басталып, нәрестенің дүниеге келуі биік марапатталған.

Ұлы Абай атамыздың әр шығармасы баланы инабаттылыққа, парасаттылыққа, имандылық пен ізгілікке тәрбиелейді. Өзінің шығармаларында халықтың мақал-мәтелдерін, нақыл сөздерін пайдалана отырып, адам бойындағы надандық пен зұлымдыққа, жалқаулыққа қарсы шыға білді. «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды,

естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы жаманды таниды, сондайдан білгені, көргені көп адам білімді болады» - дейді.

«Қазақстан-2030» даму стратегиясында Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Біздің Қазақстанның барлық азаматтарының отаншылдық сезімі мен еліне деген сүйіспеншілігін дамытуға тиіспіз» деген. Олай болса жеке тұлғаны жан-жақты адамзат етіп қалыптастыруда ұлттық құндылықтарды пайдалану тәрбие сапасының өлшеусіз арта түсетініне ықпалы зор. Тәрбие ісі адамзаттың бүкіл даму тарихымен қатар жүріп келеді. Тәрбие- бір ұрпақтың өмір сүру тәжірибесімен екінші ұрпаққа жалғастыратын үздіксіз байланыс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (18 қаңтар, 1992 ж.)
2. «Баланың құқығы жөніндегі Конвенцияда» (1989)
3. «Қазақстандағы және әлемдегі мектепке дейінгі білім беру: тәжірибе, қазіргі жағдайы және болашағы» (профессор А.К.Меңжанованың 80жылдығына арналған): Халықаралық ғылыми- практикалық конференция материалдар жинағы. - Алматы, «Қыздар университеті» баспасы, 2014, -513 б.
4. Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамыту бағдарламасын жүзеге асыру бағытында мектепке дейінгі білім беру аймағын модернизациялау» республикалық ғылыми-практикалық конференция еңбектері. - Тараз: ТарМПИ, 2014. 1 том. -402 бет.
5. Жарықпаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім – тәрбиесі - Алматы: «Санат», 1995.
6. Құнанбайұлы А. Шығарманың екі томдық толық жинағы, - Алматы: Жазушы, 2005. - Т.1

Аннотация

Бұл мақалада қазақ халық педагогикасындағы отбасы тәрбиесінің педагогикалық негіздері қарастырылады. Қазақ халқының жас ұрпақты тәрбиелеу жөніндегі тәжірибесі баяндалады. Әмбебап ғұлама ұлағатты ұстаздардың қазақ халық отбасы тәрбиесінің ерекшеліктері жөніндегі өсиеттері мен үлгі-өнегелері айтылады.

Аннотация

В данной статье рассматриваются педагогические основы семейного воспитания казахской народной педагогики. Затрагиваются особенности семейного воспитания и опыта воспитания подрастающего поколения казахского народа. Приводятся назидания выдающихся личностей и великих педагогов об особенностях семейного воспитания казахского народа.

Annotation

This article discusses the pedagogical foundations of family education of Kazakh folk pedagogiki. Affect features of family education and experience of education of the younger generation of the Kazakh people. We give edification prominent figures and great teachers of family education about the features of the Kazakh people.

ӘОЖ 159.9

Е 78

БІЛІМГЕРЛЕРДІҢ МІНЕЗ - ҚҰЛҚЫН РЕТТЕУДЕ АРТ - ТЕРАПИЯНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бүйембаева Ш.Б., Есбалта А.

Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Тараз қ.

Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында білім беру мазмұнына айрықша мән беріліп, адамның рухани жан-дүниесінің дамуына, шығармашылығы мен белсенділігіне жағдай жасау керектігі айтылған. Осы тұрғыдан

тұлғаның шығармашылығын дамыту, оны жаңа талап тұрғысынан шешу негізгі міндеттердің бірі болып саналады. Тұлға шығармашылығын дамытуда арттерапияның негізгі элементтерін, әдістемелерін қолдану өте маңызды. Демек «арттерапия дегеніміз не?» деген сұрақ туындайды.

Арттерапия – бұл бейнелеу өнерімен емдеу дегенді білдіреді. “*Арттерапия*” – термині (*art* – өнер, *arttherapy* – өнер арқылы терапия жүргізу) көбіне ағылшын тілді халықтар қоныстанған елдерде кеңінен тараған. Арттерапия – ауру адамның психоэмоциональды халіне шығармашылық арқылы ем жүргізу және әсер етуді білдіреді.

Алғаш бұл термин 1938 жылы Адриан Хиллдің санаторияда туберкулез ауруына шалдыққандардың көңіл-күйлерін сипаттау жұмысында қолданылады. Кейіннен бұл термин өнерге қатысты барлық терапияның салаларында (музыкалық терапия, драмалық терапия, бимен терапия жүргізу т.б.) қолданыла бастайды. Бірақ көптеген мамандар мұндай анықтамаларды өте кең әрі нақты емес деп санайды. Отандық психотерапиялық әдебиеттерде кей кездерде “Изотерапия” және “Сурет терапиясы” термині қолданылады, бірақ олар ағылшын тілді аналогқа келіңкіремейді және мән мағынасын тарылтады. Арттерапия мынадай бағыттарды қамтиды: сурет терапиясы, драмтерапия, библиотерапия, музыкатерапия, кинотерапия, кулотерапия, битерапиясы.

Фрейдтің алғашқы ойлар мен күйзелістер, бейнелер және белгілер формасында беріледі деген сөзіне сүйеніп Наумберг өнерді психотерапияның бір формасы екендігін айтқандардың бірі болды. Арттерапиялық әдістемелер жеке дара әдістеме ретінде де терапияның көмекші әдістемесі ретінде де қолданылады. Арттерапия клиенттің өзінің шығармашылығы және өнер шығармалары (картина, мүсін, кітап, киноөнері) арқылы жүзеге асырылады. Арттерапияны бірінші кезекте күрделі эмоциональдық күйзеліске ұшырағандарға, қарым-қатынаста қиналатындарға, көп үндемейтіндерге, ұялшақтарға қолданылады.

Картиналар адамдарға үлкен әсер етеді: көңіл-күйін құлазытуы, көтеруі, сезімдерін оятады. Кескіндеме тек қана жардың сәнін келтіріп қана қоймай, оған қарағанда бойын босаңсытуға, күнделікті ағымдық шаруалардан тынығуға мүмкіндік береді. Бейнелеу өнеріндегі күшті әсер ету құралы бұл кескіндемедегі бояу түстері. Ішкі сезімді сөзбен ғана емес, қолыңа, бояу, түрлі түсті қарындаш алып сурет салу арқылы білдіруге болады. Егер адам бір нәрсеге ашуланып, қиналса, көңіл-күйі түсіп кетсе, дереу сурет сала бастаса оның бойындағы жағымсыз эмоция кетіп, көңілі бірленеді.

Түсті таңдауға байланысты да көптеген нәрсе айтуға болады: қызыл түс ашу ызаны, қара-қайғыны, сұр-мазасыздықты білдіреді. Мамандар жеке түстер ерекше ішкі сезім күйін, мысалы, сары және қызғылт сары сергектік пен көтеріңкі көңіл күй сыйласа, қоңыр түстер соған сәйкес көңіл-күй береді, жасыл түс адамды тыныштандырып, көңіл көтереді, жүйкесі қозғанда тыныштандырады, ұйқысыздықты болдырмайды. Сонымен адам сурет сала отырып, өзінің ішкі сезімін, көңіл-күйін білдіруге мүмкіндік алады, өзіне жағымсыз жайттарды жеңіл қабылдайды. Арттерапия арқылы тұлға бойындағы қабілетін көрсетіп, шығармашылығын шыңдайды. Ал шығармашылық қабілеттер қиялдың байлығымен, ойлаудың ерекшелігімен, заттарға деген сындарлы көзқараспен жаңа шешім және идеяларды ұсыну мүмкіндігімен, өз білімін, икемділігі мен дағдысын іске асыру барысында өмірлік белсенді ұстаным көрсете білуімен сипатталады. Демек тұлға шығармашылығын дамытуда арттерапиялық әдістемелерді қолдану маңызды.

Психотерапияның маңызды салаларының бірі қазіргі таңда арт-терапия болып табылады. Арт-терапия даму үстіндегі психотерапияның әдістердің жаңа түрі болып табылады. Аталған терапияның түрі қазіргі таңда үлкен жетістіктерге ие. Алғашқы арт-терапия түсінігі енгізілген кезде оны тек сырқат, ауру немесе демалыс үйіндегі емделушілерге ғана қолданған болса, қазіргі кезде оның қолданыс аясы, шеңбері кеңейде, яғни бұл терапия адамның шығармашылық жағдайын дамытып қана қоймай, адамның бойындағы ресурстарының мүмкіндігін түсініп ашуға да жағдай жасайды.

Арт-терапия сөзін қазақшаға тікелей аударғанда “өнермен емдеу” деген мағынаны білдіреді. Оны ғылымға, жалпы қолданысқа ең алғаш енгізген Адриан Хилл болды. Осы психотерапияның түрі, яғни арт-терапияның мән жайын ашу және оны қазақ тіліндегі ортада бейімдеуді іске асыру. Осы курста арт-терапияның шығу тарихы, дамуы, формалары, өткізілу жолдары және психодинамикалық, гуманистік бағыттардағы арт-терапия туралы теориялық ғана түсінік беріледі. Сонымен қатар, осы арт-терапияны қолдану арқылы қол жеткізуге болатын мақсаттар туралы айтылады. Жалпы келешекте осы топтық арт-терапияны қолданып, сол топқа қатысушылардың психологиялық өзгешеліктерін, ерекшеліктерін зерттемек ойымыз бар.

Арт-терапияны жүргізу барысында мүшелер саны 15 адамнан аспау керек. Одан көп болған жағдайда, қатысушыларға да, сонымен қатар, сол жұмысты жүргізушіге, яғни психотерапевтке де оңайға соқпайды. Топтық мүшелерінің көп болуы, жұмыс аяқталғасын жасалған жұмыстарға талдау, қортынды шығаруда қиынға соғады.

Арт-терапияда жеке-дара шығармашылық жұмыс жасау үшін бөлме кең және ешқандай кедергілері жоқ, әрі жарық болуы қажет. Топ мүшелері өтіп жатқан арт-терапия жайлы білуіне құқы бар. Жұмыс жасау үшін әр түрлі құралдар қолданады: атап айтсақ, мысалы, соус, түрлі түсті қарындаштар, әр түрлі мөлшердегі щеткалар, губка, суы бар құты, политра. Түрлі түсті қағаздар, қоржын, желім, скотч, қайшы, жіп болмаса арқан және т.б. Кейбір сабақтарда, маталар, батпақ, ермексаз, қамыр, ағаш, үлкен композиция жасау үшін табиғи және басқада химиялық заттарды да пайдалануға болады. Ал театрленген көрініс үшін грим, свеча, костюмдер, музыкалық аспаптар қажет болып қалуы мүмкін. Ереже бойынша сабақтың тақырыбын психолог (арт-терапия жүргізуші) таңдайды. Дегенмен де оны топпен ақылдаса, кеңесе отырып, талдап, талқылап, таңдап алуға болады. Арт-терапияның тақырыбын таңдауға және топтастыруға болады.

Осы жайында педагогикалық практикада осы салада еңбек сіңірген М. Либманның классификациясы көбіне және бізге танымал:

- Көркемсурет материалдарын игеруге болады;
- Топ мүшелеріне толқытып, күйзелтіп жүрген мәселе бойынша зерттеу жүргізу;
- “мен” бейнесі, қарым-қатынас жүйесін зерттеуге байланысты;
- жанұя мүшелерімен топ мүшелері жұптасып жұмыс жасай алуы;
- топ мүшелеріне арналған көркемсуреттік іс-әрекет;

Сонымен қатар, кейбір арт-терапиялық (күн мен түн) жаттығулар топ арасындағы үйлесімді қарым-қатынасқа, әлеуметтік алшақтауды реттейді және жеке адамның топпен қарым-қатынасын реттейді. Басқа да көптеген көмек береді. Топ мүшелерінің бірігіп жақсы тақырып таңдауы маңызды сәттердің бірі болып табылады. Таңдап алынған тақырып егер, топ мүшелерінің біреуіне ұнамаған жағдайда қайта талдауды қажет етеді. Талданып қайта түсініп, топ мүшелері келіссе, ол тақырып сол күйінше, ұнамаса басқа тақырыпты алу керек.

Алғашқы кезде арт-терапияны ауруханалар мен жүйке жүйесіндегі бұзылулары бар ауру емдеушілерді емдейтін эмоциялық бұзылулардың көрінісі бар адамдарға ғана қолданған. Қазіргі кезде арт-терапияның қолдану аясы едәуір кеңейді және ол өзінің алғашқы психо-аналитикалық негізінен жаймен алыстауда. Арт-терапияны қолданғанда ең бастысы жұмыс барысында талантын көрсету емес, спонтанды пайда болған өзінің қобалжуларын, қиындықтарын, бұрынғыдан қалған елестерін сурет арқылы жеткізу.

Сонымен қоса, психотерапевтің жұмыс кезінде топ мүшелеріне көмек беруді және қажет жағдайда қолдау да көрсетуі керек. Әрине, бұл психотерапевтің міндеттерінің біріне жатады. Мұндай топтармен жұмыс жасаушы психолог немесе психотерапевт көптеген сапалы қасиеттерге ие болуы керек. Атап айтатын болсақ, олар, ең біріншіден адамгершілік, басқаларға қай уақытта болса да көмек қолын созуға дайын болу, тұрақтылық, барлық жағдайда түсінушілікпен қарау, сабырлық, кішіпейілдік, төзімдік, адалдық және тағы осы тұлғалық қасиеттер сияқты көптеген жақсы қасиеттерге ие болуы

тиіс. Жүздеген жылдар бойы өнер адамдар үшін ләззат алу көзі болды, ал өнердің көмегімен емдеу салыстырмалы түрде жаңа феномен.

Арт-терапия терминін (art-therapy тікелей аударғанда қазақша баламасы “өнермен емдеу” деген мағынаны білдіреді) қолданысқа 1938 жылы Адриан Хилл туберкулезбен ауырған санаториядағылармен жұмысында алғаш рет енгізген. Көп кешікпей бұл сөз тіркесі ауруханалармен психикалық денсаулықтың орталықтарда жүргізілетін өнерге қатысты қызметтердің барлық түріне қолданыла бастады. Бірақ, көбісі бұл анықтаманы өте кең мағынада және нақты емес деп санайды. Өнерді сапалы терапиялық мақсаттарда қолданудағы құндылығы, символикалық деңгейде әртүрлі сезімдермен тәжірибе жүргізу арқылы оларға көрініс беру және зерттеу болып табылады. Символдарды іске асыруын алғашқы қауымдық адамдардың үңгірдегі суреттерден дейінгі және кейінгілерден бақылауға болады. Біздің ертедегі ата-бабаларымыз символикалық бейнелерді өздерінің әлемдегі орны мен адамның күнелтуін айыру үшін қолданған. Өнер қоғамдық құрлыспен пайда болған көрінісі болып табылады. Біздің дәуірімізде бұл өнердің жаңа стилдерінің пайда болуы моральдік, мәдениетті құндылықтардың өзгеруінің дәлелденуіне себеп болды. Арт-терапияның дамуы қысқаша осындай. Енді осы арт-терапияның дамуына, оған бағыттардың әсері туралы қарастырайық.

Арт-терапиялық дамуының бастауына психоанализдік көзқарастар әсер етті. Осы көзқарастар бойынша соңғы өнім, көркемдік емделушінің іс-әрекеті ол сурет, картинка болмаса мүсін, ол бейсаналы психикалық процесстердің көрінуі болып саналады. 20 жылдардағы осы салада көп зерттеулер жүргізген Принцхорн (Prinzhorn 1922) өзінің ауруларды емдеушілерінің шығармашылығын және психикалық, классикалық зерттеулерінен мынадай қортындыға келді: өнер ауру адамдарының көбінесе олардың интенсивті ішкі шиеленістеріне әсер етеді.

Америка Құрама Штаттарында өнерді терапиялық мақсаттарда алғаш қолданғандардың бірі Маргарет Наумбург болды. Бұл саладағы еңбек етуін ол Нью-Йорк штатындағы психотерапиялық институтында мінез-құлқында мәселесі бар балалармен жұмыс жасау арқылы бастаған. Кейіннен Маргарет Наумбург Нью-Йорк штатында арт-терапия саласында мамандар дайындау үшін психоаналитикалық бағдарламаларды жасайды. Маргарет Наумбург жұмыстары психоанализ бағытының психологиядағы негізін салушы З. Фрейдтің көзқарастарына негізделген: ондағы алғашқы ойлар мен қобалжулар, санадан тыс вербальды емес түрде пайда болады, бейне мен символдар формасында көрініс береді. Арт-терапия терапевтпен емделушінің арасындағы символикалық деңгейдегі қарым-қатынастың тәсілі ретінде қолданылады. Көркемдік шығармалардың бейнелерінің барлық түрі бейсаналық үрдістер қорқыныш, ішкі шиеленістер, балалық шақтағы елестер, естеліктер, түс көру және тағы басқа көріністер, психотерапевтермен З. Фрейдтің бағдарлар талданады. Ал З. Фрейдтің өзі болса өз емдеу жұмыстарында арт-терапияны қолданбайды, оған болса да, ол өзіне жоғарғы баға бергенді қалады.

Көру бейнелері көп бөлікте біз түс көру арқылы қобалжыймыз. Түс көруде сезіммен немесе қобалжулар қатысады, одан ойлар – сонымен бірге, түс көру – ең басты орында көру бейнелері. Бақытымызға орай түс көруді суреттегенде қиындықтармен мынадай байланыстар туындайды және олар көбінесе мынадай сөздерді қолданады. Мысалы: “Түс көрген адамның сөзі: мен сурет сала аламын, бірақ мен оны қалай сөзбен жеткізе сипаттай алуды білмеймін”.

Арт-терапия әдістемесін негізге ала отырып сендіру, адамның ішкі “мен”-і көру бейнелерінде, әр кезде ол сурет салғанда және мүсін соққанда өз еңбектерінде ойланбастан, яғни ол спонтанды пайда болады. Бірақ З. Фрейд кейіннен мойындағандай, бейсаналық символдық бейнелерде көрінеді, ол өзі практикада көркемдік шығармада өзінің емдеушілерін оған қызығушылығын тудырмаған. Бірақ психологиядағы аналитикалық теорияның негізін қалаушы Карл Юнг болса өзінің емдеушілеріне өздерінің түстерін, армандарын және қиялдарын сурет арқылы бейнелеулерін талап еткен. Карл Юнгтің идеялары персональды және әмбебаптық символдардың бар болуы және қиялдың

күшін терапиялық мақсаттарға қолдану мүмкіндігі бар, қазіргі кезде арт-терапиямен айналысатындарға тереңнен әсер етті.

Арт-терапиямен айналысатын мамандар тек қана психологтармен және психиатрларға қойылған диагнозды нақтылауға немесе емдеу тәсілін таңдап алуға, балалармен немесе стационарлардағы емделіп жатқан үлкендермен жасалған жұмыстардың талдауларына сүйене отырып, көмектескен. Кейінгі мазмұнынан көрінетіндей шығармадағы материалды осылай қолдану проективті тестерді қолданудан айырмашылығы, мысалы Доршак тесті болмаса тақырыптық аперцепциялық тесті жүргізгенде тест тапсырушы адам ерікті формада немесе суреттегі дақтар жауап қайтаруы керек.

Қазіргі кезде арт-терапия мамандары тәжірибе жүзінде мойындалған, тәуелсіз атаққа ие, сонымен бірге, жеке тұлғаны зерттеуге және оны емдеу процестеріне өз үлестерін қоса алады. Бірақ, мұнымен бәрі бірдей келісе бермейді. Тағы айта кететін жайт, бұл осы айтылып кеткен амалдың төңірегінде екі бағыт бар. Мына бағытты жақтаушы мамандарға әлеуметтік реабилитация және еңбек терапиясы саласындағы мамандар. Мысалыға алатын болсақ, осы салада көп еңбек сіңірген Эдит Крамер. Осы бағытты жақтаушылар санайды, өнер өзінен-өзі мақсатты іс-әрекетке ие және арт-терапияны суррогат психотерапия ретінде қарастырады. Бұл бағыттағы психотерапевтер өнерді өздерінің терапиялық процедураларынан жоғары қояды және оларды кейбіреулерінен өзінің арсеналынан шығару шығармашылық үрдістің стимуляциясына бағытталған дейді.

Екінші бағыттың жақтаушыларына жоғарыда айтылған мысалы, Маргарет Наубург жатады. Оның жеке көзқарасы бойынша, шығармашылық мақсатқа терапиялыққа бола түсуге болады деген. Мұндай психотерапевтер дәрігерлік дайындыққа ие болуы керек. Олар бірақ арт-терапияны өзіндік қолдануға да болады. Ол көп бөлігі дәстүрлі психотерапиялық амалға жәй ғана қолдану деп санайды. Бірнеше бар айырмашылыққа қарамастан, екі бағытта таңдамалы өнерде тұлғаның интеграциясы және реинтеграциясының құралы ретінде қарастырады. Қазіргі уақытта арт-терапия тек қана аурухана бөлмелерінде ғана қолданыста емес, оған қоса психокоррекциялық топтан, ондақ ол таза түрінде сонымен қоса, көмекші әдістеме ретінде қолданады.

Белгілі арт-терапиямен айналысатын мамандардың көп бөліктері Солтүстік Америкада фрейдистік болмаса юнгтік көзқарасқа сүйенеді. Бірақ көбісі гуманистік психологияның әсерін сезінген және оны дұрыс деп табады, тұлғаның гуманистік теориясы психокоррекциялық топтармен жұмыс кезінде психоаналитикалық теорияға қарағанда көп келісілген түбірік тудырады делінген. Жоғарыда айтылғандай арт-терапияның дамуына психодинамикалық бағыттар көп әсер еткен. Ал дамуына үлес қосқан авторлар олар: ең біріншіден арт-терапия терминін ғылымға енгізген: Адриан Хиллдан бастаған жөн болар. Сонымен бірге Маргарет Наубург, З. Фрейд, К. Юнг, Эдит Крамер болып табылады.

Осы арт-терапияның дамуындағы жаңа кезең XX ғасырдың 60-шы жылдарының аяғы мен 70-ші жылдардың басынан басталады. Әсіресе осы жылдардың бас кезінде арт-терапиялық топтардың жұмысының мынадай формасы, топтық интерактивті арт-терапияның бастауы қалана бастады. Мұндай топтық арт-терапияның жұмысының формасы пайда болуына өмірдегі көптеген жағдайлармен шақырылған, олардың қатарында:

- әлеуметтік-саясаттық, институциональды және мәдениеттік контекстердің өзгеруі;
- клиенттердің психотерапиялық тілектерінің және қажеттіліктерінің өзгеруімен, оған қоса эмоциялық құрылымдық бұзылулары;
- топтық психотерапияларының практика және теориялық тез дамуы және арт-терапиялық іс-әрекетке жетудегі біртіндеп ассимиляциялау;
- арт-терапиялық топ жүргізушілерінің кәсіби өсуімен және арт-терапиялық білім беру жүйесінің дамуымен;

XX ғасырдың екінші жартысында алдыңғы кезеңдермен салыстырғанда, техникасының даралануы және тым қиын. Сонымен қатар, айта кететін жайт арт-терапия психотерапияның ішіндегі жаңа әдістердің бірі. Арт-терапияның дамуына Америка Құрама Штаттарында Маргарет Наубург көп әсерін тигізді. Маргарет Наубург З. Фрейдтің көзқарастарына сүйенді, яғни, бейсаналы көріністер спонтандық шығармашылық үрдісінде көрініс беруі мысалы, мүсін соғу және сурет салуда. Арт-терапияның дамуына едәуір әсер еткен З. Фрейдтің бейсаналық туралы ілімі, персональді және әмбебаптық символдар туралы ілімі болып табылады. Қазіргі кезде арт-терапия өнерге қатысты барлық қызмет түрлерінде психотерапиялық мақсаттарға қолданылып келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ауталипова У.И., Бапаева С.Т. Практикалық психологияның теориялық-әдістемелік негіздері. Оқу құралы. –Алматы, 2006-160 б.
2. Копытин А.И. Тренинг коммуникации: Арт-терапия. М.,2006.
3. Ковалев С.В. Введение в современное НЛП. Психотехнологии личностной эффективности. М.: Московский психолого-социальный институт, Филинта, 2002.
4. Копытин А.И. Практикум по арт-терапии. СПб, 2000г.
5. Копытин А.И. Теория и практика арт-терапии, СПб, 2002г.
6. Копытин А.И. Арт-терапия. Хрестоматия. СПб, 2001г.

Аннотация

Мақалада білімгердің мінез-құлқын реттеуде арттерапияны қолданудың психологиялық ерекшеліктері қарастырылады. Арттерапияның ғылыми-теориялық негіздеріне, ұйымдастырылу ерекшеліктеріне, қолданылатын техникаларына талдау жасалынып, мазмұндалады.

Аннотация

В статье рассматриваются психологические особенности применения арттерапии как средство регулирования поведения студентов. Всесторонне изучаются научно-теоретические основы, особенности организации работ, техники и приемы арттерапии как средство регулирования поведения студентов.

Annotation

The article deals with the psychological characteristics of the use of art therapy as a means of regulating the behavior of students. Comprehensively studied scientific and theoretical foundations, especially the organization of work, equipment and techniques of art therapy as a means to regulate the behavior of students.

ӘОЖ 88:34

Б 88

ЗАҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ СФЕРАСЫНА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

Бүйембаева Ш.Б., Махметжан А.

Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Тараз қ.

Кәсіби шаршау синдромы-бұл созылмалы стресстің дамуынан және қызметкердің эмоционалды-энергиялық басқару күшінің әлсіреуінен туындайды. Аталған синдром кәсіби қызметті орындау барысында іштей жинақталған жағымсыз эмоцияның нәтижесінде пайда болады. Көп жылдық зерттеулер нәтижесі анықтағандай, кәсіби шаршау синдромы өзінің жұмысын жүзеге асыру барысында көптеген адамдармен жан-жақты қарым-қатынасты қажет ететін қызметте және Заң органдарындағы қызметкерлерде көптеп кездеседі. Тағы бір айқындалған жағдай көптеген Заң қызметкерлерінде кәсіби шаршау синдромы «жүкпалы» әрекет болып табылады. Өмірді стрессіз елестету мүмкін емес, күнделікті біз стресс тудыратын жағдайлармен кездесіп отырамыз. Соңғы кездері қызметкерлердің кәсіби стресс пен психологиялық шаршауының байланысты және өзара

әсері туралы көп айтылуда. Күнделікті жұмыс, кей кездері үзіліссіз және демалыссыз, физикалық пен психологиялық ауырлық, үнемі эмоционалдық ауырлықтың шегі стресске алып келеді және оның шегінен адамның өмірлік энергиясының таусылуы мен физикалық ауруларды тудырады. Шаршаған адамда өзіне деген сенімсіз сезімі пайда болып және жеке өміріне көңілі толмайды.

«Шаршау синдромы» терминін 1974 жылы американ психологі Х.Фреденберг енгізген, басында бұл термин адамның психологиялық жағдайының мінездемесі ретінде қолданылған, кейіннен жұмыс барысында адамдармен тығыз қарым-қатынастан туындайтын эмоционалдық ауырлық екенін зерттеу нәтижесі көрсеткен. Аталған кәсіби шаршау синдромының қалыптасуына тағы да үлкен үлес қосқан американдық психолог Маслах 1976ж. Басында бұл термин хелперс мамандығы (ағылшын тілінен help-көмектесу) бағытында қызмет атқаратын адамдарға байланысты қолданылған, олар: дәрігерлер, дін өкілдері, мұғалімдер, заңгерлер, әлеуметтік жұмысшылар, психотерапевтер және т.б. 1981 жылы Э.Моррау ашық эмоционалды образ ұсынады, мұның пікірі бойынша жұмысшының ішкі жағдайы, кәсіби шаршау синдромын сезінуі «ыстық психологиялық желінің иісі»-деп өз пікірін көрсеткен.

Қызметкерлердің кәсіби шаршау синдромының дамуына келесі 2 жағдай әсер етеді:

1. Ұжымдағы психологиялық атмосфераның төмендегі, яғни **«басшы -бағынышты қызметкер»** жүйесінің дұрыс қолданылмауы. Өкінішке орай көптеген басшылар орташа басқарушы қабілетке ие, бағынысты қызметкерлермен дұрыс қарым-қатынас жасай алмайды. Айқай мен дауыс көтеруді қолданбай жұмысты дұрыс жүргізу тиіс, қорқыту немесе намысына тиетін сөздер айту қызметкерлердің жүйке-психикасының өзгеруіне, эмоциясының әлсіреуіне әкеліп соқтырады.

2. Қызметкердің жеке ерекшелігі мен қабілетіне байланысты. Ауқымды жұмысты қысқа мерзімде орындауға мүмкіндігінің шектеулігі, қобалжудың жоғары деңгейі, ойын тез аудару қабілетінің төмендігі.

Жоғарыда аталғандардың негізінде Заң қызметкерлерінің кәсіби шаршау синдромының алдын-алу үшін келесі жұмыстар жүргізілуі қажет:

1. Басшы құраммен жұмыс. Басшы құрамның нәтижелі, тиімді басқару тәсілін және дұрыс басқару стилін қалыптастыруды жетілдіру мақсатында топтық тренинг жүргізу.

2. Жеке құраммен жұмыс. Бұл топтық теория түрінде жүргізіледі яғни, қызметтік және жауынгерлік дайындық сабағында психологиялық алдын-алу жөнінде лекция өту, әдістемелік құралдар тарату, өзін дұрыс ұстай білу қабілетін жетілдіру және жүйке психикалық аурулығын жоятын ауто тренинг жүргізу. Нәтижелі, тиімді қызметті қалыптастыру тікелей қызметкердің әлеуметтік және дене белсенділігі мен психологиялық денсаулығына тәуелді.

Заң органдарындағы жоғары деңгейлі жауапкершілікті, әр түрлі контингенттегі адамдармен қарым-қатынасты, шамадан тыс психикалық және дене күшін қауіп-қатерге тәуекел жасауды талап етеді. Аталған қызмет ерекшеліктері, қызметкердің жеке мінезіне айтарлықтай әсер етіп кәсіби дамуының өзгеруіне немесе бұзылуына әкеледі. Ақыл-ой, дене белсенділігінің төмендеуі, созылмалы эмоционалдық ауырлық, шаршау, энергия мен энтузиазмның (ынта, жігер) жетіспеушілігі, жанұя мен жұмыстағы қақтығыс пен жағымсыз байланыс - эмоционалды шаршауға әкеліп соқтырады.

Эмоционалды шаршау синдромы - эмоционалды, ақыл-ой мен дене белсенділігінің төмендеуін айқындап, нәтижесінде жұмыс орнында үнемі стресс пайда болады. Адамның өз өміріне қанағаттанбауы, қақтығысқа жиі баруы және күнделікті жұмыстағы ауырлықтың барлығы жиналып стресстің дамуына әкеледі және адамның өмірлік энергиясын жояды.

Шаршаудың психологиялық ерекшеліктерін құрайтындар:

- Психикалық және дене белсенділігінің төмендеуі;
- әлсіздік пен дәрменсіздікті сезіну;
- жұмысқа ниетінің жоқтығы;

- нәтижелі жұмыс түрін проблемалық жағдайға айналдыру;
- жағымсыз эмоция мен іс-әрекетін қоршаған ортаға көрсету.

Көптеген қызметкерлер кәсіби шаршауың алдын алмағандықтан жұмыста нәтижелі көрсеткіш көрсете алмайды. Шаршауды жеңудің қарапайым жолы дене белсенділігі жаттығулары мен ұйқы безін қалпына келтіру, дұрыс тамақтану, жұмыс орнында өзара қолдау көрсету.

Кәсіби шаршаудың алдын-алу жұмысын ұйымдастыру бағыттары:

- Қызметкерлердің біліктілігін жүйелі түрде көтеру;
- Эмоционалдық ауырлықты жоятын сабақтар мен тренингтер жүргізу;
- «Шаршау» феномендерін түзету жұмысы.

Қызметкерлердің кәсіби және эмоционалды шаршауына басшы құрам ерекше назар аудару қажет, яғни ұжымдағы жағымды климат, кадр мәселесінің тұрақтылығы, басшы құрамның бағынышты қызметкерлерге деген дұрыс қарым-қатынасы, ұжымның жоғары деңгейде көрінуі басшының басқара алушылық стилінің жемісі болып табылады.

Эмоционалды шаршау синдромы - эмоционалды, ақыл-ой мен дене белсенділігінің төмендеуін айқындап, нәтижесінде жұмыс орнында үнемі стресс пайда болады. Адам ұзақ уақыт көп энергия жұмсап және оны қайта қалпына келтірмеген жағдайда шаршау синдромы пайда болады. Өмірді стрессіз елестету мүмкін емес, күнделікті біз стресс тудыратын жағдайлармен кездесіп отырамыз. Соңғы кездері қызметкерлердің кәсіби стресс пен психологиялық шаршауының өзара байланысы мен әсері туралы көп айтылуда. Жұмыс орнындағы стресс-эмоционалды шаршау синдромының негізгі кілті болып табылады. Эмоционалдық қажудың алдын алмаған жағдайда ол қызметкерлердің кәсіби деформациясының қалыптасуына алып келеді және қызметкерлердің тұлғалық мінез-құлқына кері әсер етеді. Қызметкерлердің кәсіби деформациясы бұл - Заң органдарындағы қызметкерлердің жеке ерекшеліктерінде пайда болатын жағымсыз әлеуметтік-психологиялық өзгерістері.

Эмоционалды шаршау синдромы-бұл созылмалы стресстің дамуынан және қызметкерлердің эмоционалды – энергиялық басқару күшінің әлсіреуінен туындайды. Аталған синдром кәсіби қызметті іорындау барысында іштей жинақталған жағымсыз эмоцияның нәтижесінде пайда болады.

Эмоционалды қажу синдромына келесі мамандық иелері бейім:

- Дәрігерлер мен медбикелер.
- Заң органдарының қызметкерлері.
- Мұғалімдер.
- Дін өкілдері.
- Психотерапевт пен психиатрлар.
- Әлеуметтік жұмысшылар.
- Заңгерлер.

Эмоционалды қажу синдромының негізгі белгілері:

1. Әлсіздік, жұмыс қабілетінің төмендеуі, есте сақтау қабілетінің бұзылуы, шаршау мен көңіл-күйдің төмендігі, ескертулер мен шағымдарды өзіне жақын қабылдау;

2. Көп еңбегі мен күшін жұмсаған ісінің жоғары нәтиже бермеуіне деген сезімі. Эмоционалды қажу синдромы келесі 3 симптомға бөлінеді:

1. Эмоционалды қажу синдромының физикалық симптомдары; шаршау, ұйқының бұзылуы, денсаулығының нашарлауы, тынысалудың қиындауы, лоқсу, бас айналу, шектен тыс терлеу, дірілдеу, қан қысымының көтерілуі, жүрек қысымының төмендеуі, жүйкенің тозуы, асқазан жарасы, ас қорыту қызметінің бұзылуы, иммунитеттің төмендеуі.

2. Эмоционалды қажу синдромының эмоционалды симптомдары; эмоцияның жетіспеушілігі, немқұрайлылық, үмітсіздік пен шарасыздықты сезіну, агрессияның басым болуы, тітіркену, қобалжу, истерикалық жағдай, депрессия, мазасыздық, жанкүйзелісі, өзін жалғыз сезіну.

3. Эмоционалды қажу синдромының іс-әрекет симптомдары; аптасына жұмыс уақытының 45 сағаттан асуы, жұмыс уақытында шаршаудың пайда болуы мен жұмыс істеуге ниеттің жоғалуы, тамаққа тәбеттің төмендеуі, аз дене күші, темекі өнімдері мен алкогольді ішімдіктерді пайдалану мен импульсивті эмоционалды іс-әрекет. Эмоционалды қажуды кез-келген қызметкер басынан өткереді.

Эмоционалды қажу кезінде мінез-құлық келесідей өзгереді:

- Жұмыс күрделене түскен сияқты, оны орындау қиындай түскен секілді сезімнің пайда болуы;
- Қызметкер өз жұмыс күнінің режимін айқын түрде бұзады (ерте келеді, кеш қайтады немесе кеш келеді, ерте қайтады);
- Үйде істеймін деп жұмысын үйге алып келеді, бірақ үйге барған соң ол жұмысын орындамайды;
- Өзін қажетсіз сезіну, бәрі дұрысталатынына сенімін жоғалтуы;
- Ішкілікке салыну, шылымды әдеттегіден асыра шегу;
- Мәселелерді шешуде альтернативті қызығушылықтың жоғалуы;
- Жұмысты формальды орындау;
- Өз хоббиына қызығушылықтың төмендеуі;
- Жұмыста әлеуметтік қарым-қатынастың шектелуі;
- Дос-жарандары, отбасыларымен, ұжыммен қарым-қатынасқа түсуге қызығушылықтың төмендеуі.

Егер, сіздер жоғарыда аталып кеткен синдромдарды бойыңыздан кездестірсеніздер, алдын алу үшін мынандай қадамнан бастаңыз:

1. Өз-өзіңізді түсініп көріңіз, тек өзіңіздің мақсаттарыңыз бен болашағыңызды ғана емес, «мен қазіргі кезде не істеп жүрмін немесе былай жүргеннің мағынасы неде?, Не үшін мұндай жағдайға түстім» деп сұрақ қойыңыз.

2. Проблемаңызға жоғарыдан қараңыз, қызметіңізге көзқарасыңызды қайта қарастырып көріңіз.

3. Өзіңіздің білімдеріңізбен жағдыларыңызды жетілдіріп жұмыста пайдаланыңыз, сонда адам горизонтальды түрдегі карьерасын құрады.

4. Бүгінжасауға болыптан істі ертеңге қалдырмаңыз.

5. Сіз дәл осы жағдайда бастан өткеретін болсаңыз, өзіңіздің қолыңыздан келетін іске көңіл бөлмей, қолыңыздан келмей жүрген іске акцент жасаңыз. Мұндай жол өз мамандығыңызға жаңа мағына ашады.

Өзіңізді дер кезінде қолға алып, іс-әрекетіңізге бақылау жасап, күш жігеріңізді пайдалануға ерінбеңіз. Қызметіңізді дұрыс жоспарлап, уақытыңызды үнемді пайдаланыңыз. Өз еңбегіңіздің күн 3 тәртібін жасап, жұмысыңызды өз уақытында бітіруге тырысыңыз. Қазіргі уақытта экстремалды жағдай мен күйзеліске тұрақтылықты арттыру үшін, мінез-құлықты үйрету, шынықтыру маңызды болып отыр. Кез келген экстремалды жағдай әр қызметкерден жоғары қырағылық пен эмоциялық-ерік қасиеттеріне жоғары талап қояды.

Арнайы тәсілдердің жалпы құрылымдарынан - сенім, өз наным, жанама бағытталу, өзін-өзі дайындау, өзін-өзі сендіру, жаттығу, жұмылдыру қасиеттері пайда болады. Тапсырмаларды орындау мақсатында заң қызметкерлеріне алдына қойылған міндетті қалай және қандай жолдармен орындау ойлары келеді. Тапсырма берілгеннен бастап, қылмыскерлерді құрықтау үшін маңызды мәліметтер жинау, қылмыскерлердің қанша адамнан тұратындығы, оларды қылмысқа итермелеген ойлары, бет алған бағыттары, дайындықтарын, психологиялық қабілеттерін білу. Бұл жағдайлардың барлығын бағалай отырып, қылмыскерлердің психологиялық жағдайларын анықтай білу қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Романов В.В. Юридическая психология. М., 2005.

2. Климов Е.А. Психолого-педагогические проблемы профессионального консультирования, Москва, 2003.
3. Васильев В.Л. Юридическая психология. М., 2001.
4. Чуфаровский Ю.В. Юридическая психология. М., 2004.
5. Мақсұт Нәрікбаев, Құқық пен заңдылық төңірегіндегі ойлар. Алматы 2005

Аннотация

Мақалада заң қызметкерлерінің эмоционалды сферасына психологиялық талдау мәселесі қарастырылады. Заң қызметкерлерінің психологиялық ерекшеліктері мәселесінің теориялық негіздеріне жан-жақты талдау жасалады. Сонымен қатар, заң қызметкерлерінің эмоционалды сферасын талдаудың жолдары айқындалады.

Аннотация

В статье рассматривается проблема психологического анализа эмоциональной сферы юридических работников. Всесторонне изучаются психологические основы юридических работников. А также проявляются пути совершенствования анализа эмоциональной сферы юридических работников.

Annotation

The problem of psychological analysis of the emotional sphere of legal workers. basis of preparation of future specialists. Comprehensively studied the psychological foundations of legal workers. And also manifest ways to improve the analysis of the emotional sphere of legal workers.

ӘОЖ 373:001.8

Дж 37

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ БАЛАБАҚШАДА ҚОЛДАНУ

Джаксылыкова Ш.М.

«Қосқұдық» балалар бақшасы, Жамбыл облысы, Шу қ.

Шығармашылықсыз, қиялсыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды.

В. Сухомлинский

Қазіргі өмірдің өзінен туындап отырған талаптарды орындау, жаңашылдыққа жаршы болу үзіліссіз тәрбие негізінің бастау бұлағы – мектепке дейінгі ұйымдардан басталғаны орынды. Бала тәрбиесі отбасынан бастау алады десек те, ғылымға негізделген әдіс – тәсілмен берілетін тәлім – тәрбие ісі көбінесе балабақшадан басталып, жан – жақты педагогикалық өрісін табады. Әсіресе балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы ізгілік пен адамгершілік тұрғысынан, мағынасы өшпейтін із қалдырады. Талантты адамды тәрбиелеу үшін, мектепке дейінгі балалық шақта оларды қоршаған ортаға қарап, бірқалыпсыз ойлау қабілетін, шығармашылық ойлауын дамыту керек.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев мектепке дейінгі білім беруді жаңғыртуға қоғам назарын аударып отырып: «Алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибелер негізінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға оқытудың заманауи инновациялық әдістерін енгізу, ал білім беру технологиялары–жасампаз болуы қажет»-деп тапсырма берген болатын.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында: Бәсекеге қабілетті білім кеңістігін құруға бағытталған қазақстандық білім беру реформасының негізгі мақсаттарының бірі-жаңаша оқытудың әдіс-тәсілдері арқылы баланың бойында шығармашылық ойлауды, бастамашылықты дамыта отырып, жеке тұлға тәрбиелеу. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2014-2015 оқу жылын ұйымдастыру туралы әдістемелік-нұсқау хатта: «Адамды мектепке дейінгі жастан дамыту оның алдағы барлық өмірінің анықтаушы

болып табылады» делінген. Сондықтан мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі.

Мектепке дейінгі жастағы балаларды оқыту жүйесіне инновациялық технологиялар негізінде әзірленген ақпараттық технологиялар, электронды оқу-әдістемелік кешіндері енгізілуде. Сонымен қатар мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнының басым бағыттарының бірі-бұл тәрбие мен оқытудың инновациялық технологияларын ендіру негізінде білім беру үрдісін жаңғырту.



«Қосқұдық» балалар бақшасы, Ботақан тобы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көп нұсқалық қағидасы бекітілген, бұл білім балабақша мен мектеп мұғалімдеріне, өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға, педагогикалық процесті кез-келген үлгімен, тіпті авторлық үлгімен құруға мүмкіндік береді. Осыған сәйкес және оқытудың тиімділігін арттыру мақсатында жаңа білім парадигмасына сүйене отырып, Генрих Саулович Альтшуллер ТРИЗ технологиясын жасаған.

ТРИЗ технологиясының мақсаты – ойындар мен тапсырмаларды пайдалана отырып, ұжымдық әрект, яғни қарым-қатынас жасай білуге үйрету, дағдыландыру. ТРИЗ технологиясы балаға шығармашылық тапсырмаларды орындауды үйретеді және оның бойында шығармашылық қажеттілікті дамытып, оның қызығушылығына сүйене отырып, шығармашылыққа жүйелі түрде жетелеуге мүмкіндік береді.

ТРИЗ (теория решение изобретательских задач) технологиясы, яғни тапқырлар тапсырмаларын шешу теориясы (ТТШТ-ТРИЗ) балабақшадан бастап мектеп практикасына енуде. Генрих Саулович Альтшуллер 1946 жылы шығармашылық әдіснама бойынша жұмысын бастады.

Триз атауы кейінірек 70 жылы пайда болады. ТРИЗ технологиясын Г.С.Альтшуллер ойлап тапқан. Шығармашылық тапсырмаларды орындау теориясы адамның шығармашылық мүмкіндіктерін дамытудың жаңа әдістемесі үшін негіз болып табылады. Оқу үдерісінде инновациялық технологияларды енгізудің негізгі өзекті мәселесі – жаңа әдістерді қолдана отырып жас жеткіншектердің интеллектілік, шығармашылық ойлауын дамыту, қазіргі заман талабына сай экономикалық көзқарастары мен белсенділігін қалыптастыру.

Шығармашылық тапсырмаларды орындау теориясы адамның шығармашылық мүмкіндіктерін дамытудың жаңа әдістемесі үшін негіз болып табылады. Шығармашылық мүмкіндіктердің көріне бастауының себебі - балалық кездегі елестету деңгейінің жоғарлығымен, балалардың ойлауын танымдық бағытының дамуымен түсіндіріледі. Жаңа дәуірдің жан-жақты дамыған адамын тәрбиелеу оңай емес, ол үшін мұғалімге үлкен ізденудің, оқытуды ізгілендіру аспектілерін пайдаланып жүзеге асырудың мәні зор.

«Тәй-тәй» технологиясын оқу-тәрбие үрдісінде қолдану тиімділігі өте зор. «Тәй-тәй» технологиясының негізгі мақсаты әр баланың жеке қабылдауы мен даму кезеңдерін есепке ала отырып білім беру. «Тәй-тәй» технологиясы бойынша ата-аналар берілген білімді үйде бекітіп, толықтыруға көмектеседі; тәрбиешілер балалардың үйдегі үйренгенін оқу бағдарламасын игертуге пайдаланады. Мұнда ата-аналардың қатысы қандай түрде болмасын қолдау табады: олар тәрбиешіге сабақ үстінде көмектесуі мүмкін; ата-аналар алқасы салмақты шешімдер қабылдауға белсенді қатысады; олар балаларының жақсы жақтары мен көмек қажет ететін әлсіз жақтары туралы мәліметтер бере алады. Балабақша мен отбасының байланысы тәрбиешілер мен ата-аналардың өзара құрметі мен сеніміне және әріптестік қарым-қатынас орнату үшін бірлесе күш жұмсауында.

«Тәй-тәй» технологиясы бойынша жұмыстануда тәрбиешінің қызметі «Тәй-тәй» технологиясымен жұмыс істейтін топтардағы тәрбиешілер мәлімет беруші емес, бағыттап, танымдық процесті жеңілдетеді. Ол біліктілікті ынталандырып, оқуға деген жауапкершілікті бөліседі; ол топтағы ортаның қауіпсіздігін жоспарлайды. Тәрбиеші балаларды түрлі материалдармен қамтамасыз етеді және қоршаған ортамен шектеусіз қарым-қатынас жасауға қолайлы жағдай туғызады. Тәрбиеші балаларға ашық сұрақтар қою арқылы балалардың зерттеу мен жаңа мәліметтерді игеруіне көмектеседі. Ашық сұрақтарға бірнеше жуық жауаптар берілуі мүмкін. Олар сонымен қатар баланың ойлау жүйесін түсінуге мүмкіндік береді. Сұрақ-жауап ойлауды ғана емес, баланың тілін де дамытады. Тәрбиеші балалармен бірге ойнайды, әңгімелеседі. Ол балалардың білсем деген ынтасын бөлісіп, олар ұйымдастырған заттың бәріне қызығушылық танытады.

Монтессори педагогикасы немесе **Монтессори жүйесі** ХХ ғасырдың бірінші жартысында итальяндық педагог, ғалым әрі ойшыл Мария Монтессори тарапынан ұсынылған тәрбиелеу жүйесі. Монтессори әдістемесі әрбір тәрбиеленушіге деген даралы тәсілдемеге негізделген. Бұған сәйкес, балдырғандар мен бүлдіршіндер дидактикалық материалдар мен сабақ ұзақтығын әрдайым өздері таңдай отырып, өзіндік ағым мен ырғақта дамиды.

Монтессори әдісінің негізгі қағидасы- «оқы, оқы» деп күштеп емес, ойын арқылы оқыту және баламен дербес тіл табысуға негізделген жаттығуларды таңдап алу. Мұнда бала дидактикалық материалдар мен сабақ уақытының ұзақтығын өзі таңдайтын болғандықтан оқытуда ерекшеліктер бар. Сондай-ақ, олар өз қателіктерін өздері көріп, соны өздері түзеп отырады. Монтессори бөлмесінде «Барлығымен еркін айналыс, бірақ басқаларға кедергі жасама» деген ереже үнемі сақталады. Бүгінде осы әдіспен жұмыс істейтін балабақшалар көптеп ашылып жатыр. Балабақшадағы ұстаздар міндетті түрде дайындық курсынан өтеді. Монтессори әдісінде сыныптық сабақ системасы

жоқ, мектеп партасының орнына жеңіл қозғалатын столдар мен отырғыштар, кілемшелер қолданылады. Монтессори ұстаз баланың өз бетімен жұмыс жасауын қадағалайды. Монтессори әдісі үш негізгі бөлімнен тұрады: бала, қоршаған орта, ұстаз.

Бұл әдістің тиімділігі балалар өзін-өзі тәрбиелеуге және ұқыпты болуға үйренеді. Монтессори бақылаушы ретінде баланың ішкі дүниесімен таныса отырып, қажеттіліктерін қанағаттандыру жолында көп еңбек сіңіреді. Айналадағы заттық орта туралы түсініктерін қалыптастыруда монтессори әдісін жүйелі түрде қолданамын. Педагогикада мектепке дейінгі әсіресе сәбилік жаста ерекше назараударатын түрі-заттық орта. Заттық орта әртүрлі: ақыл-ой, эстетикалық, елжандық, дене, адамгершілік т.б тәрбие түрлерімен қоса жеке тұлғаның дамуына негіз болады. Соған байланысты заттық ортаны мектепке дейінгі педагогикалық құрамның бір бөлігі деп айтуға болады. Заттық ортаны алдымен қоршаған ортадағы болмысты қабылдаумен түйсікке негізделеді. Айналадағы қоршаған ортаны, заттар мен құбылыстарды көру, есту қабылдау арқылы өзіндік үрдістер: ес, қиял, ойлау пайда болады. Бір нәрсені еске түсіру үшін алдымен оны көруіне есту керек. Адамның ақыл-ойының дамуына қабылдау мәнді рөл атқарады әртүрлі іс-әрекетте әрқилы тәжірибелік істердің реттеушісі болады. Көркемдік шығармада заттық ортаның рөлі зор. Мысалы: музыкалық шығармаларды музыкалық есту қабілетінсіз, бейнелеуді нәзік түстерді қабылдаусыз, поэзияны жетілген тіл сенімсіз түсіну мүмкін емес. Психологиялық дамуда заттық үрдісінің рөлін бағалай отырып, белгілі. Бір біліммен дағдыны меңгеруде баланың жеке қабілетін ескеру өте маңызды. Ақыл-ой және дене еңбегінің барлық түрлерінде, баланы болашаққа қоғамдық іс-әрекетке даярлауда, оның сезімдік қабілетін дамыту қажет, яғни түстерді, пішіндерді, дыбыстарды дәл және дұрыс айыра білуге үйрету, қоршаған ортадағы құбылыстардың өзіндік қасиеттерін дұрыс қабылдау қажет. Сәбилік шақта айналадағы қоршаған ортаның үдемелі дамуы өте маңызды мәнге ие болады. Дәл осы шақта баланың психологиялық дамуының негізі қаланады.

Монтессори әдісінің мақсаты: балаларды еркін тәрбиелеп, өмірге бейімдеу, өмірде өз мақсаты бар екенін қалыптастыру, балалардың өзін-өзі үйреніп, өзін дамытуына жаңа мүмкіндіктер беру болып табылады.

Зайцев технологиясы. Негізін қалаған: Н. А. Зайцев.

Мақсаты: Оқыту мен санауды қатар үйрете отырып, балалардың дұрыс сөйлеу мәдениетін қалыптастыру. Баланың білімді барлық сезім мүшелерімен қабылдауын қамтамасыз ету. «Білім беру жүйесіндегі стандарттан тыс технология» деген орталықтың негізін салушысы және басқарушысы. Ол ұлы педагог-новатор, «Зайцев кубиктері» атты еңбектің авторы. Оның барлық еңбектері, әсіресе ең әйгілісі «Зайцев кубиктері» еңбегінде мектеп жасына дейінгі баланың дамуына, яғни денсаулығына, жақсы көңілде болуына бағытталған. Барлық материалдары ойын түрінде ұсынылғаны соншалықты, балалар үлкен қызығушылықпен бұл кубиктермен топ болып та және жеке болып та ойнайды. "Зайцев Кубиктері" - балалардың кіші жасынан бастап оқып үйренуге мүмкіндік береді. Комплект құрамына кубиктердің картон бөліктері, оны толықтырып отыратын басқада бөліктері, сабаққа арналған әдістемелік құралдары, буындарды әндете айтылатын аудио жазбалар. "Зайцев кубиктерінің" тиімділігін әрбір елдің педагогтарымен бірлесіп отырып тексерілген.

Зайцев бойынша оқыту- ойын арқылы оқыту деген. Еркіндік - сабақтың негізгі ережесі. Зайцев орталығындағы сабақта балалар секіріп, шулап, көп қозғалыс жасап жүре беруіне болады. Балалар көп қозғалады: таблицадан кубикке көшеді, кубиктен тақтаға қарай, шапалақтайды, аяқтарын топылдатады. Мұның барлығын жан дүниесімен жасайды. Бірақ жәй демалу үшін жасалатын сергіту сәті емес. Н.Зайцевтің айтуы бойынша, кез-келген ойынның негізі ізденіс пен өзіндік қалауды құрайды.

Таблицаны бүктеу мен Зайцев кубиктерімен жұмыс жасау барысында, балалар үнемі ізденісте болады. "Ойнау арқылы", балалар оқуды, сөзді буынға бөлуді, екпін қояды, сөзге дыбыстық талдау жасауды, сөйлем құрауды, санауды, жазуды үйренеді. Зайцев

әдістемесі сезім мүшелері оның ішінде сезінуді, тыңдай білу, ести білуді, көруді дамытады.

Николай Александрович Зайцев - педагог-новатор, шығармашыл-педагог, академик. Ерте жастағы балаларды сауат ашуға үйретудегі жоғары нәтиже көрсететін технологияның авторы. Оның 30 жылғы еңбегінің жүйелі методикалық әдістері «адам» туралы ғылымдардың И.М.Сеченова, И.П.Павлова, А.А.Ухтомского, В.М.Бехтереваның зерттеу орталықтарында кеңінен қолданылған. Н.Зайцев технологиясының ерекшелігі, оның оқыту үрдісін балалардың табиғи мүмкіндіктерін ескере отырып, жан-жақты, белсенді баланың миының танымдық белсенділігін арттыру болып табылады. Автордың ойы бойынша баланың абстракциялық, логикалық миының дамымауы, оның тактильді көру, есту, сезіну және интуициясымен реттеледі. Қорытындылай келе, бала өміріне немқұрайлы қарамай, балаға қазіргі заман талабына сай, мағыналы білім берсек қана, біздің бүлдіршіндеріміздің болашағы жарқан болмақ. Біздің басты мақсатымыз отбасымен ынтымақтастық орнатып, баланы жан-жақты тұлға ретінде тәрбиелеу.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мектепке дейінгі ұйымдарға инновациялық технологиялар мен әдістерді енгізу бойынша бағдарлама. - Астана, 2015
2. «Бала мен балабақша-ребенок в детском саду» Республиканский педагогический журнал Сәуір\Апрель №4 (96) 2016 год.
3. Журнал: Дошкольное воспитание. Педагогический журнал. - №4, 1994.
4. <http://sabaqtar.kz/bayandama/10103-triz-tehnologiyasyny-timdlg.html>
5. Дошкольное воспитание. Педагогический журнал, - № 12, 2000.

Аннотация

Бұл мақалада мектепке дейінгі балалардың тілін дамытудағы инновациялық технологиялардың қажеттілігі мен маңыздылығы жайында жазылған.

Аннотация

В статье рассматриваются особенности и необходимость внедрения инновационных технологий в развитии речи у детей дошкольного образования.

Annotation

In the article are risen especially the introduction of innovative technology in preschool education.

ӘОЖ 159.961

Қ 41

ЖЕТКІНШЕКТЕРДЕ СУИЦИД ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ОРЫН АЛУ МӘСЕЛЕСІ

Қарабекова А.Ж., Оралымбетова Г.У.

Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Тараз қ.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері қатарында білім беру жүйесін дамытудың басымдығы; әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігі; жеке адамның білімдарлығын ынталандыру және дарындылығын дамыту көрсетіледі [1].

Өткен ғасыр дүние жүзінің ғалымдарын толғандырған мәселе ол қазіргі кездегі жеткіншектер арасында жиі кездесетін - суицид. Суицид бүгінгі күні қоғам үшін ең көкейкесті мәселелердің бірі болып табылады. Күннен күнге өз-өздеріне қол жұмсаушылардың саны, көбейе қоймаса азаяр емес. Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымының соңғы мәліметтерінше 15-24 жас аралығындағы жеткіншектер арасында өзін-өзі өлтіру 2 есе артып кетті. Ол мемлекеттегі экономикалық жағдайларға байланысты.

Суицид терминіне ғылыми әдебиеттерге бірнеше анықтама берілген. Осы анықтамалар бойынша, суицид бұл - ауру немесе өз-өзін өлтіру деген мағынаны білдіреді. Адамның өз-өзіне қол жұмсауы, оның өмірден өз еркімен кеткісі келетінін, өмір сүруге құлқысы жоқ екендігін білдіреді. Осыдан ойымызға түйетініміз, әрбір тірі жанның сәтсіз аяқталған суицидке баруы, оның жан айқайын, қоғамнан сұрайтын көмегін білдіреді. Жеткіншектер арасындағы суицидтің зерттеу тақырыбына айналуы, осы мәселені тереңірек зерттеуге, жеткіншектердің осындай әрекетке бару себептерін анықтауға, суицид әрекетін алдын-алуға мүмкіндік береді.

Психологиялық әдебиеттерде суицид мәселесі З.Фрейдтің, К.Меннингердің, А.Адлердің, К.Юнгтің, Д.Хеллменнің, Г.Салливеннің, К.Хорни, Э.Дюркгеймнің, Н.Фейберроу, Э.Шнейдман, А.Альварестің, Э.Кюблер-Росстың ғылыми еңбектерінде және монографияларында өзінң көрінісін тапты. Әлі күнге дейін, қоғам санасында өз-өзіне қол жұмсау туралы жалған түсініктер кең таралған, олар қоғамның аутоагрессивті мінез-құлыққа, көзқарасын, қатынасын айғақтайды. Өз-өзіне қол жұмсауға итермелейтін себептерді талдау, олардың жиі болатын себебі, бұл заңды бұзу, қылмыстық жауапкершілік алдындағы, ата-ананың алдында қандай да бір істеген әрекеті, мектепте істеген әрекеті үшін қорқыныш.

Психологиялық сөздікте суицид жан жүйесі қатты күйзелген кезде не психикалық аурудың салдарынан адамның өзін өзі қол жұмсау өлтіру әрекеті, психикасын жаралайтын қиын жағдаяттардың ықпалымен өмірден өтудің ұғынылған түрдегі актісі; (Қ.Б. Жарықбаев., О.С.Сангилбаев) мұндайда адамның өз өміріне қымбат құндылық мәнін жоғалтады. Суицидтің себептері сан алуан және олар субъектінің жеке бастық деформацияларымен, айналасындағы жағдайды жанын жаралағанымен ғана байланысты болмай, түп тамыры қоғамның әлеуметтік экономикалық және адамгершілік тұрғысынан ұйымдастырылуында да болуы мүмкін [2, 25б.].

Жалпы өз-өзіне қол жұмсау туралы ой-толғау – жиі ақылдың жоқтығының емес, керісінше ақыл-ойдың мол болуының белгісі. Сол себептен белгілі психиатр А.Г.Амбрумованың үлесін қайта бағалау қиынға соғады-ол суициденттердің көпшілігі дені сау адамдар екенін нақты дәлелдеді. Өмірдің мәнін жоғалту әр түрліше болуы мүмкін - ол әрбір адамның оны неден көретініне байланысты. Ақшаның жоқтығы, бүкіл өмірі байлыққа ғана тірелетін адамдарды қатерлі қадамға итермелеуі мүмкін; жауапсыз махаббат, егер ғашық болған адам өз болашағын сүйіктіңсіз елестете алмаған жағдайда, суицидтің себебі болуы мүмкін; ал өз өмірінің мәнін, ана болудан көретін әйел, кенет анықталған бедеуліктен ғана өз-өзіне қол жұмсауы мүмкін. Бірақ әрине кез-келген осындай жағдайларда басқа шешім табуға болады.

Бірақ суицидтердің негізгі бөлігі - бұл диалог жүргізуге ешқандай пайдасы жоқ және өзіндік бір әдіспен жүргізуге әрекет жасау. Өз-өзіне қол жұмсаушылардың көпшілігі өлуді емес, тек қана біреудің назарын аудартуды ғана қалайды. Демонстративті суицид өзіндік бір бопсалаудың тәсілі ретінде де көрініс береді. Ал жеткіншектердің өз-өздеріне қол жұмсауының бәрі жауапсыз махаббаттан бола бермейді. Психологтардың айтуынша, барлық қайғылы оқиғалардың себебі болып, бүгінгі күнде балалардың да, ересектердің де, психологиялық тәрбиемен қамтылмауы болып табылады.

Біз, қарапайым адамдар, басқа адамдардың немесе жас балалардың өз-өзіне қол жұмсауы туралы естігенімізде, әлсіз мінезді екен деп айтып жатамыз. Ішкі жан-дүниесін уайым-қайғы жеп жүрген адамның, әсіресе жеткіншек баланың ішкі әлеміне ене бермейміз. Өмір адамға бірақ рет беріледі. Ал, бітпес тіршіліктің сол тауқыметіне қарсы күресіп, өз несібеңді айырып жесең, соның өзі бақыт. Бірақ «соқтықпалы, соқпақты» өмірдің қиындығына кез-келген адам шыдайды ма? Шыдауы керек деп жұбату сөзді айтуға жеңіл болғанмен, екінші бірінші жүйкесі мықты емес, ал жүйкесі жұқалар бүгінгі тіршілігінен гөрі бақилық дүниені дұрыс көріп, «сол жаққа» мезгілсіз аттанып жатады. Оларды кінәлау орынсыз шығар. Десек те, бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымы

жұртшылыққа жантүршігерлік мәліметтерін жария етеді. Өзіне –өзі қол салу қазір төрткүл дүниенің қатты аландатып отырған үлкен мәселеге айналып барады.

Суицид – бұл адамзаттың мәңгі мәселелерінің бірі, себебі ол құбылыс ретінде, жер бетінде өмір сүретін адамдардың санына қарай соншалықты жалғаса беретін құбылыс болып табылады. Әдебиеттерде суицид мәселесі, Ежелгі мысырда өз көрінісін тапты, «көңілі қалғанның өз жанымен талқылысы» атты поэтикалық шығарманы, зерттеушілер осы кезеңге жатқызады. Ежелгі кезеңдегі өз-өзіне қол жұмсау ритуалды болды, оларға харакири және сати (индиялық жесірлердің өз-өздерін отқа жағу рәсімдері) жатады. Ритуалды өз-өзіне қол жұмсау құрметке ие болды, қоғаммен оны мақұлдады және одан бас тарту үлкен масқара деп есептелінді. Антикалық кезеңде өмір мен өлімге деген көзқарас, одан кейінгі кезеңдерге қарағанда біраз басқашалау болды. Суицид кешенді мәселе болып табылады және осы құбылысты зерттеу, психология саласында емес, философия саласында басталды.

А.Камю - экзистенциалисттер өкілдерінің бірі-тек бір шынымен де маңызды философиялық мәселе бар - бұл өз-өзіне қол жұмсау мәселесі деп есептеді [3, 186]. Өмірдің, оны соңына дейін өмір сүруге тұратындығын немесе тұрмайтындығын шешу- бұл философияның фундаменталды сұрағына жауап беруді білдіреді. Көптеген әлем елдерінің ішінде, өз-өзіне қол жұмсаудың жоғары деңгейі, осы құбылыстың себептері туралы және оны алдын-алудың оңтайлы тәсілдерін іздеу мәселесін қояды. Суицид бұл тек жеке мінез-құлықтық реакция ғана емес, ол тұлғаның экстремалды жағдайларда психологиялық және патопсихологиялық ерекшеліктермен сипат алған. Суицид жағдайының себептері, қазіргі кездегі мәдениеттің жалпы жағдайымен және қоғамдағы үстем таптық этикалық нормалармен өмір мен өлім туралы дүниетанымдық түсініктермен, топтық психологияның ерекшеліктерін ескерумен байланыстырылып талдануы керек. Өз-өзіне қол жұмсау туралы, Аристотель, Платон, француз социологы Эмиль Дюркгейм, норвегиялық ғалым И.Россов, Г. Минноус кезінде өз ойларын қалдырып кеткен.

Қазіргі кезде суицидология деп аталатын үлкен бір ғылыми бағыты бар, ол элеуметтану, психология, медицина, демография, психиатрия тоғысында пайда болып, осындай әрекетке баратын тұлғалардың ерекшелігін, әрекетін, себептерін зерттеуде орын алып отыр [4, 346.].

Адамзат тарихында өзін-өзі өлтіру әрекеті әртүрлі бағаланады. Еуропа халқында өзін-өзі өлтіретін адамдар – вампирға айналады. Ал көне Греция, Спарта, Афинада өзін-өзі өлтірген адамдардың мәйігін өртеп жіберген. Орта ғасырда Австрия, Пруссия, Францияда – өзін-өзі өлтіруші адамдарды діни көзқарас бойынша- қылмыскерлер деп санаған. Қазіргі күнде сот сарапшыларының болжауынша, көптеген аяқ астынан душар болған жағдайлардың түбінде (көлік апаттарының нәтижесінде, токсикологиялық дәрілерді немесе оқ қаруларын пайдалануда). Суицидалды әрекеттер аса маңызды және барлық белгілі суицидтердің ішінен, суицидтердің ең болжаулы фактор болып табылады. Зерттеулерге қарағанда суицидалды әрекеттен кейін, стационарлы психиатриялық емдеуге түскендердің 10% соңында өз-өздеріне қол жұмсайды. Одан басқа популяциялық сипаттамаларға байланысты 10-50 % әрекеттерді қайталайды. Әрекет жасағандардың ішінде жоғары суицидалды қауіптің немесе болашақ суицидтің индикаторы болып келесідегідей сипаттамалар жатады:

- ерлер жынысы;
- жас 45-тен жоғары;
- жалғыздықты немесе ажырасуды, жесірлікті сезіну;
- жұмыссыздық немесе жас бойынша зейнеткерлік т. б.

Дюркгеймнің суицид теориясына байланысты адам бір проблемаға тірелген кезде немесе ол бейімделген орта немесе элеуметтік топ одан теріс айналған кезде, ол өзіне-өзі қол жұмсайды. Элеуметтік байланыстардың ерекшеліктерін ескере отыра, ол суицид түрлерін мынадай 2 топқа бөледі: эгоисттік және альтруисттік. Психоанализдік зерттеулер барысында суицид ол жеке тұлғаның сексуалды бұзылысына байланысты деген

тұжырымдарға келді. Дюркгеймнің суицид теориясына байланысты адам бір проблемаға тірелген кезде немесе ол бейімделген орта немесе әлеуметтік топ одан теріс айналған кезде, ол өзіне-өзі қол жұмсайды. Әлеуметтік байланыстардың ерекшеліктерін ескере отыра, ол суицид түрлерін мынадай 2 топқа бөледі: эгоисттік және альтруисттік. Психологиялық зерттеулер барысында суицид ол жеке тұлғаның сексуалды бұзылысына байланысты деген тұжырымдарға келді [5, 486].

Суицидалды кикілжіңдердің ортақ қасиеті олардың объективті күрделілігі, аса психологиялық маңыздылығы болып табылады. Бұл кикілжіңдер тұлғаның негізгі құндылық бағыттарын, қажеттіліктерін қамтиды және оларды шешілетін және жеңе алмайтын деп бөледі.

Э. Эриксон зерттеулері бойынша көптеген «байқаусыз» жасалған суицид жағдайлары нашарлық пен ішімдіктің ықпалымен іске асырылады. Осы заттардың әсерімен, жеткіншектің бойында бұрыннан бері болған жалғыздық сезімі асқына түседі және өз-өзіне қол жұмсау, осы жағдайдан шығудың ең дұрыс, ең оңай жолы болып көрінеді. Кейбіреулері нашарлықсыз шыдай алмаймын ба деп қорқады, басқа біреулер әкешесіне нашарлықты пайдаланатындары туралы айтуға дәті бармағандықтан өз-өзіне қол жұмсау әрекеті арқылы олардың ашу-ызаларын сабаға түсіруге тырысады. Кейбір жеткіншектер, өздерінің нашарлыққа тәуелділіктерінің қаншалықты терең екендігін түсіне отыра, осындай тәсілмен істің басын шешуге ұмтылады. Масаю кезінде жеткіншек өзінің әрекеттерін толық түсіне алмайды, бұл оның мінез-құлқын түсіндіру және болжау үшін қиындата түсіреді. Мұндай жағдайларды болдыртпас үшін, жеткіншектің ішімдікті қаншалықты және қанша жұмсау мәселесімен тығыз байланысты [6].

Ашық көрінетін негізгі қасиеттер мінездің ерекшелігі болып саналады. Адамның рухани мәдениеті тұлғаның өзіндік өзегі болып табылады. Осы тұлғалық тұғырнаманы жағымды арнаға түсіру үшін адамның дербестігін болжау қажет. Әлеуметтік өмірге белсене араласатындар арасындағы мінез-құлық ауытқулары, жеткіншектерде суицид мәселесі әлеумет танушылардың, психологтардың, педагогтардың зерттеу объектісі болып отыр. Қазіргі таңда жеткіншектерде болатын психологиялық өзгерістердің факторларын түсіну үшін осы зерттеуді ұсынуға болады. Жеткіншектердің тұлға ретінде дамуы оның дербестікке ұмтылуымен әлеуметтік қажеттіліктерімен сәйкес келмеуі де орын алып отыр. Жеткіншектердің әлеуметтік бейімделуі көптеген отбасының тұрмыс деңгейінің төмендеуіне де тәуелді екені байқалды.

Бүгінгі психологиялық зерттеу жұмысында әдістерді сараптап қолдану арқылы баланың ой-санасына, ішкі жан дүниесіне жағымды әсер ету қажеттігі мақұлданды. Жеке адамның тұлға ретінде қалыптасуына әр түрлі шектеулер, олардың үлкен, кіші болуына қарамастан бүкіл өміріне, дамуына, әлеуметтік ортадағы алатын орнына, күн көріс ахуалдарына тікелей байланысты ықпал етеді. Осыған байланысты отбасындағы ата ана, тәрбиеші, ересектер арнайы психоәлеуметтік, түзету жұмыстарын күнделікті қадағалап отыруы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына жолдауы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» // Егемен Қазақстан. – 2007, - ақпан - 28.
2. Қ.Жарықбаев, О.Саңғылбаев. Психология энциклопедиялық сөздік. Алматы. 2011
3. Воронин К.Э. Типологический анализ онтогенеза индивидуальных различий // Вопросы психологии. – 2002 - №
4. Козлова Т.П. Жеткіншектердің суицидалды мінез-құлқы. // Мұғалімдер газеті. 2000, № 3
5. Дюркгейм Э. Самоубийство // Даугава, Рига, 1998, №1
6. Эриксон Э. Идентичность: юность и кризис. М.: Прогресс, 2006

Аннотация

Мақалада жеткіншек жастағы суицид мәселелері қарастырылған. Суицид себептері, түзету әдістері және алдын алу жұмыстарына сараптау жасалынған.

Аннотация

В статье рассматриваются проблемы суициде в подростковом возрасте. Проанализированы причины суицида и методы коррекции и профилактики.

Annotation

The article considers problems of suicide in adolescence. Analyzed the causes of suicide and methods of correction and prevention.

ӘОЖ 378

Н 83

БЕЛСЕНДІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКА ПРОБЛЕМАЛАРЫ: ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ

**Нұрадин Г.Б., Батырқұлова А.П., Тағайбаева А.М.
Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Тараз қ.**


Қазақстандық білім беру жүйесінің әлемдік озық бағыттарды нысанаға алуы жақсы нәтижелерге қол жеткізуде. Қазір әлемдік білім беру жүйесі зерттеу арқылы проблемаларды және олардың кемшін тұстарын анықтау, жетілдіру, болдырмау және алдын-алу тәжірибесін құптап отыр. Осы ойды негізге алып Тараз мемлекеттік педагогикалық институты жанынан 2015-16 оқу жылынан бастап «Мониторинг және педагогикалық зерттеулер» орталығы ашылды. Аталмыш орталық «Белсенді педагогикалық практика арқылы студентті кәсіпке бейімдеудің тиімді жолдары» атты кешенді зерттеу жұмысын жүргізді.

Зерттеу мақсаты:

1. Белсенді педагогикалық практиканың ұйымдастырылу және жүргізілу деңгейі;
2. Студент-практиканттардың педпрактикаға теориялық дайындығы;
3. Педпрактиканың маңыздылығы студент көзімен;
4. Педпрактика өтуге белгіленген мектеп пен басқа мекемелердің студент-практиканттарға деген қатынас деңгейі;
5. Бігіруші түлектердің былтырғы белсенді педпрактика туралы әсерлері;
6. 3 курс студенттерінің педпрактикаға дейінгі болжамдары;
7. 3 курс студенттерінің практика кезіндегі жетістіктері мен қиыншылықтары;
8. Педпрактикадан кейінгі әсерлер мен қорытындылау процесінің қыр-сыры;
9. 3-4 курс студенттерінің талап-тілектерін ескере отырып жасақталған және педпрактика жұмысын жандандыруға бағытталған ұсыныстар;
10. Медиа жоспар: жинақ шығару, мақалалар шығару.

Педагогикалық зерттеу әдісі: 4 курстар үшін 1 реттік, 3 курстар үшін 3 кезеңдік сауалнама, жеке және топтық сұхбаттар, бақылау, тиісті орындардан деректер жинау, корреляциялық анализ, салыстырмалы талдау, пайыздық талдау.

Бұл зерттеу жұмысы 6 айды қамтыды. Осы мерзім ішінде 3 және 4 курс студенттерінен 792 рет сауалнама алынды, 90-ға жуық студенттермен оқытушылардан құралған респонденттерден жеке және топтық сұхбат алынып сараланды. Үш кезеңдік сауалнамадан өткен басты назардағы 124 респондентіміз 29 нысанда сынамадан өтті. Атап айтсақ, қалалық 13 орта мектеп, 6 балабақша, 3 мектеп-интернат, 1 балалар үйі, 1 Қазақстан психологтар ассоциациясының филиалы, 1 соқыр және нашар көретін балаларға арналған облыстық «Болашақ» арнайы мектебі, 4 аудандық орта мектеп.



Зерттеу ұзақ уақытты, оңтайлы әдістерді, тынымсыз еңбекті және ашықтық пен жариялымды талап етеді. Мұндағы мақсатымыз зерттеу жұмысының жүргізілу барысы және нәтижелерімен ең бірінші өз ұжымымыздың таныс болуы, жоспарға сәйкес жаңа оқу жылынан бастап еліміздегі 6 педагогикалық жоғары оқу орындары арасында тарату. Қазіргі реформаланған білім беру жүйесі кемшіліктер мен олқылықтарды тығып, көрсетпеуді құптамайды, керісінше, проблемаларды анықтап оның шешу жолдарын ашық түрде талқылауды ұнатады. Біздің де алға қойған мақсатымыз осы іспеттес, себебі біз өз сапамызды биікке көтергенмен еліміздегі жалпы педагогикалық жоғарғы оқу орындарының сапасы артпайды. Сондықтанда бүгінгі күн талабы ашықтық, айқындық.

Бұл зерттеу жұмысының жүргізілуіне Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының әрбір мүшесінің үлесі бар. Мұндай зерттеу жұмыстары біздің сапамыздың артуына айтарлықтай ықпал ете алады. Жалпы зерттеу жұмыстарының аз жүргізілуіне байланысты дағдылық және шынайылық жағынан кедергілерде аз емес, дегенмен қандай да бір реалды болжамдар, анығырақ картина бар. Бұл зерттеу жұмыстары қандайда бір балансқа, бірізділікке алып келеді деп сенеміз. Жыл сайын жетіле келе біз білім берудегі контекст, жоспарлау, педагогикалық зерттеулер ұйымдастыру, деректерді жинау және зерттеу үшінгі стратегиялар, ғылыми-зерттеу әлемінің айтулы жаңалықтары мен басылымдары сынды теориялық материалдарды қолжетімді етуге тырысамыз.

Бұл зерттеуде деректер жинау, талдау, сапалық және сандық тәсілдер шеңберіндегі әрекеттер, сұхбаттар, ахуалды саралау, үлгілер құрастыру, материалдарды өңдеу сынды ғылыми-зерттеудің әдістемелік тұстарын бере алады. Мазмұнда көрсетілген әрбір тақырып өзіндік жұмыс, шығармашылық ізденіс нәтижесі. Ғылыми-зерттеу жұмысы кезінде адасушылық пен қателіктер тым көп болды. Мұның өзі бізді көбірек ізденуімізге итермеледі, сонымен қатар, зерттеумен айналысып жүрген бірқатар жас ғалымдармен біріктірді. Тараз қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің жас ғалымдары арқылы Луи Коэн, Лауренсио Манион, Кит Моррисон сынды ғалымдардың редакциялық алқасынан шыққан және Давид Скотт пен Робин Учер сияқты авторлардың зерттеу саласындағы тың материалдарымен танысу мүмкін болды.

Студенттің алғашқы кәсіби адаптациясы болашақ мұғалімнің әлеуметтік қалыптасуындағы жетекші құрамдас бөлігі ретінде ЖОО-нан бастау алады. Бұл әлеуметтік адаптация міндеттерінің қолайлы жағдайда жүзеге асуына тікелей ықпал етуші – белсенді педагогикалық практика. Мұндағы нақты педагогикалық жұмыстар барысында студент өзінің болашақ кәсібіннің жағымды да жағымсыз да тұстарымен бетпе-бет келеді. Өз өмірлерін мектеппен байланыстырамын деп шешім қабылдаған жоғарғы курс студенттерінің саны төменгі курс студенттеріне қарағанда әлдеқайда аз. Оның себебі педагогикалық практика кезіндегі кәсіби бағдардың алғашқы кезеңінің аса сәтті өтпеуіне байланысты. Мұны студенттер арасында жүргізген сұхбаттасу жұмысы нәтижелеп отыр. Олардың айтуынша, педагогикалық практика кезіндегі мектеп ұжымының қатынасы, ұйымдастырылу жұмыстарының қолайсыздығы, кәсіптің тартылымдылығын жоғалтады.

Мұндай аналогиялық қиындықтар өз жұмысын енді бастаған жас мұғалімдер алдынан шығып, олардың әлеуметтік қалыптасу процесін тежейді.

Зерттеу нәтижелері айқындағандай жоғарғы курс студенттерінің көпшілігі педагогикалық процестегі мақсат қою технологиясын жеткілікті білмейді. Олардың аналитикалық іскерліктері қалыпты дамымаған, сәйкесінше, ол оқушылармен қарым-қатынасқа түсуде өзінің кері ықпалын тигізеді. Атап айтсақ, балалармен алғашқы контактты қалыптастыру, сыныппен қарым-қатынасқа түсудегі оптималды стратегия мен тактиканы білмеуі, ситуациялардың өзгеруіне жылдам икемделе алмауы және оны басқарып игере алмауы, проблемалық міндеттерді шешуде стандартты емес тәсілдерді ойлап таба алмауы, сөйлеудегі қиындықтар, өзінің эмоционалдық сезімін бере алмау, бір рөлден екінші рөлге оңай ауыса алмауы, яғни әлеуметтік рөлдерді қажеттілікке байланысты өзгерте алмауы, жас мөлшерін есепке ала қатынасқа түсу алмауы, т.т. Осы аталған кедергілер жас мұғалімнің жемісті еңбек етуіне, оқыту мен тәрибиелеуді жоспарлау процесіне айтарлықтай теріс ықпал етеді. Бірақ біз бұл кедергілердің алдын-ала аламыз, оның бірден-бір құралы – белсенді педагогикалық практика.

Белсенді педагогикалық практика 3 және 4 курстарда өтетіні белгілі, бірақ олардың қандай деңгейде өтіліп жатқаны және педпрактиканы өту барысындағы қиыншылықтар ешқашан арнайы зерттеу нысаны болмаған. Сондықтанда бұл мәселені зерттеу өзекті болып көрінді, оған бірнеше ішкі себептер ықпал етті.

Әрбір студент үшін мектептерде өтетін белсенді педагогикалық практика олардың өз кәсібіне деген сүйіспеншіліктерін арттырып, оны толыққанды игеруге деген құлшыныстарын оятуға тікелей ықпал етуі тиіс. Нысанаға алған проблема аясы тым күрделі болғандықтан алғашқы таңдалған тақырып бірнеше құбылыстарға ұшырады. Алғашқы тақырып «Белсенді педагогикалық практиканы ұйымдастырудағы ПЖОО мен мектеп әрекеттестігі» деп аталды. Бұл тақырыпта зерттеу жұмысын жүргізу үшін еліміздегі 7 педагогикалық ПЖОО кем дегенде 5-уі арасында жұмыс жүргізу қажеттілігі туындады. Мұндай мүмкіндігіміз болмағандықтан оның ауқымын тарылту қажет болды да, «Белсенді педагогикалық практиканы ұйымдастырудағы ТарМПИ мен мектеп әрекеттестігі» деп тақырып аясын анықтағанмен зерттеу жұмысының ауқымдылығы тарылған жоқ. Себебі институт бойынша белсенді педагогикалық практикаға қатысатын күндізгі бөлімдегі 3 курс студент саны 876, ал 4 курс 836-ны, барлығы 1712 студентті құрайды.

Зерттеу жұмысының нәтижелері шынайы болуы үшін, біз соңғы екі курстың 1712 студенттің 1369-ын, яғни 80 пайызын мен жеке-жеке үш кезенді жұмыс жүргізу қажеттілігі туындады. Мұндай қажеттілікті толық орындай алмау қауіміміз болғандықтан біз тек бір курсты және бір ғана факультетті тіпті болмаса бір ғана мамандықты таңдап алайық деген шешім қабылдадық. Осылайша, зерттеу жұмысының нысаны ретінде бір ғана мамандықты таңдап алып, ол мамандықтағы студенттермен, оларға институт тарапынан жауапты оқытушылар және мектеп тарапынан жауапты мұғалімдермен, мектеп әкімшілігімен өте тыңғылықты жұмыстар атқаруға болады деп болжадық. Бірақ біздің зерттеу жұмысымыздың нәтижесі институттағы 3 курс студенттерінің белсенді практикасын тиімді етуге негіз бола алмайды екен. Бірнеше әдебиеттерге сүйене және зерттеуші әріптестеріміздің кеңестерін ескере отырып 1 факультетті таңдауды ұйғардық. Егер біз зерттеу жұмысының нысаны ретінде 1 ғана мамандықты алатын болсақ, онда оның нәтижесі институттағы 3 курс студенттерінің белсенді педпрактикасын тиімді өткізуге өз ықпалын тигізе алмайды, себебі бір мамандықтағы максималды 30 студенттің проблемасы қалған 876 студенттің проблемасымен сәйкес келмейтіні анық.

Зерттеу жұмысының қағидаларына сәйкес, бұл шынайы қорытынды бола алмайды. Егер біз 1 факультетті алатын болсақ, яғни, 100 ден кем емес студенттің проблемасы 3 курстағы қалған 776 студент проблемасымен сәйкес келуі ықтимал. Бірақ бір факультеттің студенттерінің пікірі бір жақты болып қала ма екен деген ой бізді тағы да мазалады. Сол себептен біз екі бағыттағы екі факультеттің жартысын бір факультеттің құрамы іспеттес

етіп алуға шешім қабылдадық. Біздің бұл зерттеу жұмысын өткізудегі басты мақсатымыз оның нәтижелерінің институтымыздағы белсенді педагогикалық практиканың тиімді өтуіне ықпал етуі. Ол студенттердің белсенді педпрактика өту алдындағы және педпрактика өту барысындағы алаңдаушылық факторларын, олардың себептерін және оларды қалай оңалтуға болатынын, сонымен қатар, белсенді педпрактика арқылы кәсіпке бейімделу проблемаларын анықтау арқылы ғана жүзеге асады. Ойдағы тақырыпты бітіруші түлек шығаратын 4 кафедра меңгерушілерімен кеңесе отырып, «Белсенді педагогикалық практика арқылы студентті кәсіпке бейімдеудің тиімді жолдарын анықтау» деп қорытындыладық.


Зерттеу жұмысына деген дайындық жан-жақты әрі ұзақ ізденісті талап етті. Себебі ТарМПИ-да педагогикалық ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысатын арнайы орталық болмаған. Сондықтанда біз қалай, кіммен, қашан және не арқылы жұмыс істейміз деген сұрақтар аясында ізденістер жасадық. Мақсатқа жету үшін оны қалай қойған жөн, студенттің шынайы жауап беруі үшін сауалнама сұрақтарын барынша түсінікті, әрі нақты етіп қалай құрастыру керек деген сынды көп мәселелермен бетпе-бет келдік. Зерттеу қағидасы бойынша мәселелерді ашқан сайын олар жеңілденудің орнына керісінше күрделене түседі. Тақырып аясын анықтау кезіндегі жеңіл мәселелер қатарына жататын нысандардың қабаттары пайда болып, оларға үңіліп қарау, мұқият зерделеу қажеттілігі туындайды. Зерттеу нысаны анықталған кезден бастап студенттің педагогикалық практика туралы нақты ойын анықтау мақсатында оларға үш кезеңді сауалнама жүргізу идеясы пайда болды.

Бірінші «практикаға дейінгі» сауалнаманың мақсаты аясында студенттің белсенді педагогикалық практиканы қалай елестетіні, бұрынғы белсенді емес педагогикадан қалған тәжірибесі немесе жағымды-жағымсыз естеліктері, теориялық, психологиялық, эмоционалдық әдістемелік дайындық деңгейлерін т.б. дағдыларын анықтау.

Екінші «практика үстіндегі» сауалнаманың мақсаты аталмыш дағдылардың практика барысында қалай жұмыс істеп жатқанын анықтау.

Үшінші «практикадан соң» сауалнаманың мақсаты әдепкі сауалнамаға түйіндеме жасау, олардан педагогикалық практика туралы толыққанды картина шығару. Бірақ толық картинаға тек 3 курстардың пікірі азшылық етуі мүмкін еді, сондықтанда біз біз институтымыздағы 4 курс студенттерінің әрбір мамандық бойынша 10-15 % сауалнама жүргізуді жөн көрдік.

Статист мәлідемесі бойынша 2015-2016 оқу жылында ТарМПИ-да 836 студент 4 курста оқиды. Олардың былтырғы белсенді педагогикалық практиканы қалай өткізгендіктерін және биылғы педагогикалық практикаға деген дайындықтарын білу мақсатында сауалнама жүргіздік. Сауалнамаға 5 факультеттен 428 студент жауап берді, жалпы алғанда ТарМПИ-дағы 4 курс студенттерінің 51,1 пайызын құрап отыр.



Жалпы 428 респонденттің 193-і өз пікірлерін білдіріп белсенділігін танытса, 40-тан астам студент бірін-бірі толықтай қайталаған, 191-і ешқандай пікір білдірмей қалыс қалған. Респонденттердің басым көпшілігі яғни 90 % жоғары педагогикалық практикаға теориялық тұрғыдан дайын, студенттік Ережемен жақсы таныс екендіктерін, студенттік күнделік, есеп, ашық сабақ жоспары, ғылыми және кәсіби бағдарды қалай орындау қажеттіліктерін толықтай орындай алатындарын көрсеткен. Жалпы пайыздық талдаманың нәтижесі жоғары, бірақ респонденттердің пікірлері бұл көрсеткішті дәлелдей алмайды.

Пікірлер сараптамасында бірталай шешілмей тұрған мәселелердің ұштары көрінеді. Сондықтан біз пікірлерді жеке сараптап, көтерілген мәселелерді бекіту мақсатында топтық сұхбат жүргізуді ұйғардық. Бұл тәсіл еуропалық зерттеулерде көп кездеседі. Осылайша әр түрлі мамандықтағы 4 курс студенттері арасында 30 топтық жұмыс жүргізілді. Әр топта 3 тен 7 ге дейін студенттер болды, демек максималды 210, минималды 90 студент аралығы қамтылды. Қамтылған студенттердің жалпы пікірлері бойынша белсенді педагогикалық практиканы өту аса тиімді, дәл осы педпрактика арқылы олардың болашақ кәсібіне деген сүйіспеншіліктері оянған немесе өз мамандығының қызықты да қиындығы мол екенін түсінген. Сонымен бірге, педагогикалық практика арқылы мұғалім мамандығының тартымдылығы артқан, оны игерудегі білімнің, өзін-өзі ұстай білудің, жас жеткіншектердің психологиясын игерудің, дүниетанымыңның кең болу керектігін жақсы түсінген. Әрине, кемшіліктер де жоқ емес, оның бір қатары портфолиоға тікелей қатысты. Сауалнама нәтижесінде де портфолионың қаржылық жағынан тиімсіздігі және оның институт оқытушылары тарапынан аса тексерілмейтіні, портфолионың көшірілетіні және оны өздеріне қайтарымайтындығы туралы пікірлер болған. Ауызша сұхбат кезінде дәл осы мәселелер тағы да көтеріліп, бұл мәселенің оңтайлы шешімін табу қажеттілігі орын алды.

Портфолио мәселесін тереңірек зерттеу мақсатында 22 кафедра бойынша 76 портфолиоға сипаттамалық және салыстырмалық талдау жүргізілді. Нәтижесінде біршама кемшін тұстар анықталды. «Портфолио» сөзі итальян тілінен аударғанда «құжат толы папка» немесе «маман папкасы» деген аудармаға ие. Сондықтан оның іші студент-практиканттың ең үздік жұмыстарына толы болуы тиіс және онда қандайда бір кемшіліктерге орын жоқ.

Идеямыздың және алға қойған мақсатымыздың қолжетімді болуы үшін 3 курс студенттерімен кездесіп, сауалнама алды немесе түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажеттілігі туындады. Бұл негізі зерттеу жұмысын одан сайын күрделендіру болатын, себебі әдетте, сауалнаманы респонденттерге тарату алдында ауызша немесе жазбаша формада рұқсат сұралады да, олар сауалнамаға жауап береді. Өкінішке орай, біздің қоғамда зерттеу жұмыстарына, сауалнамаларға шынайы жауап беру, олардың қоғамдық пікірді анықтайтын бірден-бір құрал екендігін түсіну дағдысы қалыптаспаған. Осындай маңыздылығы жоғары жайтты ескере отырып, біз сауалнама алмас бұрын студенттермен кездесіп, олармен топтық жұмыстар жүргізу арқылы зерттеу жұмысының маңыздылығын түсіндіру және олардан рұқсат алуды көздедік. Кездесу барысында студенттер тарапынан сұрақтар өте көп болды. Олардың басым көпшілігі шындықты айтудан жалтаратындықтарын жеткізді, оның басты себебі, салдарынан қорқу.

Алғашқы педагогикалық «практика алды» сауалнамада екі факультеттен 123 респондент қатысты. Респонденттердің 72,5 пайызы өздерінің педпрактикаға дайын екендігін айтады да, 44,3 пайызы педпрактиканың ең басты құжаты Ережемен таныс емес екендігін айтады. Өз пікірін білдірген респонденттер Ереженің мүлдем көрмегендерін, шын мәнінде де өз құқықтарын білмейтіндерін жазды. Білеміз деген тараптағы студенттер неше пәндік сабақ және неше тәрбие сабақтарын өту керектігінен хабардар. Ережеде әрбір мамандық өз ерекшеліктеріне орай өзгерістер мен толықтырулар енгізуіне болады деп көрсетілген, соған қарамастан бірде-бір мамандық өз мамандықтарының ерекшелігіне ыңғайсыздық тудыратын тұстарға өзгерістер енгізбеген. Сонымен қатар, Ережеде студент-практикант мамандық бағдары бойынша бос тұрған жұмыс орнына

ақылы қызметке алынуға құқылы деп анық көрсетілген. Бірақ 2011 жылы ұсынылып, 2012 жылы айналысқа енген Ереже бойынша ондай жағдаяттар тіркелмеген, ал студенттер мүлдем хабарсыз. Демек, Ережемен таныспын деген 53 пайыз респонденттің толыққанды таныстығы күдік туғызады. Осы ойды 38,7 пайыз жианған қанша пәндік және тәрбие сабақтарын өткізу керектігінен хабарсыз практиканттарда негіздей алады.

Тағы бір ерекше ескеретін жайт респонденттердің тең жартысы практика алдында өздерінің қандай әдіс-тәсілдерді қолданып сабақтар жүргізетінін ойластырмаған, яғни педагогикалық практикаға дайындықсыз бара жатыр дегенге саяды. Бұл да бір біздің студент-практиканттарымыздың педагогикалық практикаға деген селқостығын, сәйкесінше нәтиженің төмендігін білдіртеді. Әйтсе де респонденттердің басым көпшілігі болашақта өзінің жақсы мұғалім болатынына сенімді және 98,3 пайызы бұл ойдың бекуіне белсенді педагогикалық практиканың үлесі мол екендігін мойындайды.

Респонденттердің «практика үсті», яғни педагогикалық практика өтіп жатқын мекмелеріне барып алу, мәселелерді жергілікті орында анықтау мақсаты болатын. Бұл екінші кезеңдегі сауалнамаға жоспарланған 124 респонденттің 121-і ат салысты, қатыса алмаған респонденттің бірі оқудан шығарылған болса, екеуі академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша шет елге оқуын жалғастыру мақсатында кеткен. Демек, біздің үшінші кезеңдік сауалнамада да респондент санының кемуі мүмкін деген болжам бар.

Респонденттердің 55,3% сабақ мақсатын оқушылар үшін қоятынын айтса, оқыту мақсатында 52,8 % практикалық, 40,49 % пайызы көрнекілікті тиімді тәсіл деп санайды екен. Өкінішке орай, 27,2 % респондент оқушыны жақсы көру керектігін алға тартты. Бұл көрсеткіш туралы үлкен жұмыс істеу қажет, себебі мұғалім алдындағы оқушының физиологиялық ерекшелігіне, әлеуметтік жағдайына қарамастан жақсы көруі керек. Үлкен ықыласпен дайындалып махаббатпен берілмеген білім балаға сіңбейді. Осы сауал бойынша 47 % респондент пәнін жақсы көру керек деген ұсынысты қолдаған. Бұл көрсеткіш респонденттердің жартысына жетуге жақын және ол дұрыс бағытта ойлайтындар қатарын көрсетіп отыр. Егер маман өз пәнін жақсы көрмесе, онда ол пәнді оқушыларға меңгертуге құлықсыз болады. Жаңашыл ойға жүгінсек, әрбір мұғалімнің меңгерген пәні оның сатқалы отырған тауары іспетті. Ол өз тауарын клиентке қаншалықты жақсы жағынан көрсетіп, оның сапасына басты назарын аударта білсе ғана, тауары тез сатылады, сәйкесінше ол мол байлыққа кенеледі.

Бірнеше нұсқа белгілеуге мүмкіндік беретін төртінші сауал нәтижеге бағытталған. Жауаптар ішіндегі ең басымдылық танытып 84,2 % жинаған «мақсатқа жету» болатын, демек респонденттеріміз орындалу мүмкіндігі бар қолжетімді, нақты әрі айқын мақсат қоя алса, оған жетуге деген ұмтылысты жоғарғы көрсеткіш дәлелдеп тұр. Ең аз 16,5 % көрсеткішке ие болған «білу мен істей алу әрекеттерінің сапасы» жауабы «Блум таксаномиясының» үшінші, әрі ең маңызды бөлігі алған білімді қолдана білу сатысына сәйкес келеді. Демек, біздің респонденттеріміз, дәл осы маңызды бөлікте өздерінің осалдықтарын білісіріп отыр, сондықтанда олар үшін бұл қажеттіліктің маңыздылығы төмен.

Респонденттеріміз сабақ өткізерде сынып артықшылығын ескеретіні хақ, бірақ бұл сауалнамада барлық көрсеткіштер теңдей үлеске тиесілі. Оның ішінде баланың жеке даралық қасиеті мен сыныптың дайындығы бірдей көрсеткіште. Осы сауалдың логикалық жалғасы «Сіздің сабақ өткізер кездегі бірінші мән беретін ерекшеліктеріңіз қандай?» деген сауалға 11 жауап ішінен үш ретке дейін белгі соғу мүмкіндігі берілген болатын. Нәтижесінде респонденттеріміздің 61,9 % көңіл күйдің жоғары болғанын қалағандықтан бірінші орынға шықты, 49,5 % ұйымдастыру қабілетін екінші маңыздылыққа балаған, есесіне коммуникативтілік 4,1% жинап ең аз пайызға ие болды. Аз пайызға ие болғандар қатарында импровизация жасай алу қасиетім деген жауап та бар. Бұл жауаптар неліктен аз пайызға ие болды, олардың терминдік сөздермен берілгендігі үшін бе, әлде шыныменде болашақ педагогтар үшін бұл қасиеттер аса маңызды емес пе деген заңды ой туындады. Осы ойды жетілдіру мақсатында 1-нші кезеңдік сауалнамадағы оқушы тарапынан

қойылған оқыс сұраққа бірден жауап бере аламын деп ойлайсыз ба деген сұраққа жүгіндік. Онда респонденттеріміздің 53,2% иә, десе 39,5 жоқ деп жауап қатқан. Демек, респонденттеріміз айқындап отырғандай біздің студенттердің бойында импровизация жасай алау қасиеті кемдік етеді. Осыған орай, қисынды ойлауға үйрететін логика пәнін немесе педагог логикасы аясындағы элективті пәндерді енгізу, жалпы студенттердің қисынды ойлауына, ұтқырылық тантыуына көңіл бөлу керектігі анықталып отыр.

Төмен пайызға ие болған коммуникативтіліктің де өзіндік дәлелі бар. Бірінші кезеңдік сауалнама ішіндегі оқушыларды бір көргеннен өзіңе баурап алатыныңа сенімдісің бе деген сұраққа 66,9 % иә десе, 30,6 % жоқ деп жауап берген. Демек, бұл проблеманыңда қатты өткір болмаса да салмақты проблемалар қатарында екені анық.

Сауалнама алу барысында біз мектептермен балабақшаларға, арнайы мекемелерге барып респонденттерімізбен сөйлестік. Олардың сауалнамадан тыс пікірлері де әр тарапты болды. Ережеде студент-практиканттың неше сағат мекемеде болуы керектігі анық көрсетілмегеніне байланысты оларды жолықтыру қиынға түсті. Осы мәселенің екінші жағы студент-практиканттардың тек өзіне бекітілген мұғалімнің пәніне ғана келіп тым көп артық уақыттарының қалуы оларды болашақ жұмысынан алыстады. Олар тек пәнмен шектеліп мектеп тынысы, ұжымдық ортаға бейімделу, ғылыми және кәсіби бағдардан тыс қалып жатады. Институт тарапынан бөлінген әдіскерлер мен пәндік оқытушылар қадағалауының болмауы практиканттардың өз бетімен кетуіне және мектеп тарапынан бекітілген мұғалімнің бекітілген талаптарға көз жұмып Ережеден аттауына апарып соғады.

Респонденттердің «практикадан кейінгі» сауалнама мақсаты педагогикалық практиканы қорытындылау және нәтижелі кезіндегі жағымды да жағымсыз тұстарын саралауға бағытталған болатын. Бұл үшінші кезеңдегі сауалнамаға жоспарланған 121 респонденттің 119-ы ат салысты, 2 респондент босануына байланысты қатыса алмаған. Сауалнаманың алғашқы сұрағы бойынша 69,7 % респондент белсенді педпрактикадан күткенім ақталды деп жауап берсе, 7,5 % ақталмағанын айтады. Бұл пайыздарды түйінді көрсеткіштер деп есепке алар болсақ, енді оның түйінін ары қарай тарқату үшін тиісті сұрақтар қойылды. Оның бірі әрі маңыздысы студент-практиканттың өзін-өзі бағалауы. Мектептің баға саясатына бағытталған бағалауда берілген 10 дағдының 1 кем, 2 тең түсіп тұр. Демек, біздің респонденттеріміз өз уақыттарын тиімді игере алмайтындықтарын мойындап отыр, бұл олқылық сабақты жоспарлау кезінде кететін қателік. Сабақ жоспары тым көп немесе аз болған жағдайда ол уақыт аясынан не шығып кетеді не жетпей қалады. Сондықтанда бұл мәселені шешу үшін белсенді педагогикалық практикаға баратын студенттерімізді сабақты жоспарлай алудан бастап үйретудің жаңа механизмі мен жүйесі керек. «Иә» мен «жоқ» жауаптарының тең түсуіне себеп болып отырған екі дағдының бірі интербелсенді тақтаға байланысты болса, екіншісі сабақтың құрылымына қатысты болып отыр. Демек, әрбір бітіруші түлекке ие кафедралар кәсіби пән әдістемесінің сапасын жоғарылату үшін жаңа әдістерге жүгінгені абзал. Дұрыс құрастырылған механизм ғана олқылықтардың орнын толтыра алады. Бұл зерттеу жұмысы олқылықтарды дәлелдеп беріп отыр.

Белсенді педагогикалық практика жұмысын жандардыру мақсатындағы жүргізілген «Белсенді педагогикалық практика арқылы студенттерді кәсіпке бейімдеудің тиімді жолдарын анықтау» атты ғылыми-педагогикалық зерттеу жұмысын қорытындылай келе бірқатар ұсыныстар пайда болды. Осы ұсыныстар тиісті орындарда тиісті қызметкерлермен талқыланып оны ары қарай жүзеге асыруға мақсатталған. Ұсыныстар институтымыздың декандары мен кафедра меңгерушілері және педагогикалық практикаға қатысты бөлімдер алдында талқылану үстінде. Педпрактиканы оңтайландыру мақсатында арнайы макет жасалды. Ол макет программаланып таңдаулы бірнеше кафедрадан апробациядан өтеді деп жоспарлануда. Апробация нәтижесі оң болған жағдайда ол жалпыға бірдей етіп ендіріледі. Алдағы уақытта ПЖОО арасында тәжірибе бөлісу сағаттары жоспарлануда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Л.А.Щелкунова, Проблемы профессиональной адаптации студентов на педагогической практике (Ярославский педагогический университет).
2. Педагогическая диагностика в системе методической работы. МОУ ДПОС «Методический центр». Пермский край. г. Краснокамск
3. Researching education : data, methods and theory in educational enquiry/ David Scott and Robin Usher. – 2nd ed.
4. Cohen, Louis. Research methods in education/Louis Cohen, Lawrence Manion, and Keith. Morrison.—5th ed

Аннотация

Бұл мақала «Белсенді педагогикалық практика арқылы студентті кәсіпке бейімдеудің тиімді жолдарын анықтау» деп аталады. Көптеген студенттер педагогикалық практика кезінде кейін мектепте жұмыс істей алмайтындығын түсінеді. Себебі оларға мектеп ұжымы және мектеп оқушыларымен тіл табысу қиынға соғады. Атап айтсақ, сынып журналын толтыру, сабақ жоспарын жазу, лайықты әдістемелік нұсқауды тандау, басқа оқушыларға қарағанда үлгерімі төмен оқушыларға назар аудару, ұжымның бір-біріне қаталдығы және енжар қарым қатынастары, оқушылардың қабылдамауы және т.б. кедергілерге кезігуі.

Осы жағдайдан кейін студенттер институтты бітіргеннен соң мектепте жұмыс істеуден бас тартады. Зерттеу нысанының күрделі екеніне қарамастан біз оны қолға алдық. Жарты жыл ішінде 4 курс бойынша 876 студенттің арасынан 428 респонденттен сауалнама алынды. Зерттеудің маңыздылығын арттыру үшін 3-ші курстарға 3 кезеңдік сауалнама жүргіздік. 846 студент арасынан 124 респондент өз келісімдерін берді.

Аннотация

Данная статья называется «Определение эффективных путей для адаптации студентов к профессии через активную педагогическую практику». Многие студенты во время активной педагогической практики понимают, что школа не для них. Им было трудно найти общий язык с коллективом школы и со школьниками. Они сталкивались с реальными острыми проблемами, которое даже не предполагали, так как заполнение классного журнала, составлять план урока, выбрать подходящую методику, обращаться школьникам которое успеваемость намного ниже чем у остальных, строгое или халатное отношение коллектива, непризнание учеников и т.д.

После таких случаев многие наши студенты побоялись или не захотели идти в школу работать, после окончание вуза. Для нас казалось, что это очень важная и острая проблема, и мы рискнули начать исследовать эту область. В течение полугода мы проводили анкетирование среди 4 курсов, что составляло 428 респондентов из 876 общих чисел. Определив важные моменты или часть, мы решили проводить 3 этапную анкетирование среди 3 курсов. Среди 846 студентов сознательно согласились 124.

Annotation

The theme of the given article is "Identifying effective ways to adapt students to the profession through an active teaching practice." Many students during active teaching practice understand that school is not for them. It was difficult to find for them a common language with the school staff and with students. They come face to face with problems that are not even expected, the such as filling of the class journal, make a lesson plan, choose a suitable technique to handle the students that grades are much lower than the rest, of the class closed or negligent attitude of the teaching staff, the non-recognition of students, etc.

After such cases, many of our students are afraid of going to school to work after graduation. We thought it was very important and urgent problem, and we dare to begin to explore this area. Within six months, we made a survey among 4 courses, representing 428 of the 876 respondents overall numbers. Identifying important moments or part, we have decided to make a survey among the 3 Stages of 3 courses. Among the 846 students consciously agreed 124.

ТҰЛҒАДА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІКТІ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ**Оралымбетова Г.У.****Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Тараз қ.**

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан -2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауында: Бүкіл ел бойынша ғылыми зерттеушілік және қолданбалы білім берудің өңірлік мамандықтарды ескеретін мамандандырылған оқу орындары жүйесін құру. Жоғары оқу орнындағы оқудың екінші курсынан бастап кәсіпорындардағы міндетті өндірістік тәжірибені заңнамалық тұрғыда бекіту. Бізге оқыту әдістемелерін жаңғырту және өңірлік мектеп орталықтарын құра отырып, білім берудің онлайн жүйелерін белсене дамыту керек. Ескірген немесе сұранысы жоқ ғылыми және білім пәндерінен арылу, сонымен бірге, сұранысы көп және болашағы бар бағыттарды күшейту туралы мәселелер қарастырылған [1].

Тұлға шығармашылығының жетілу кезеңінде белсенділіктің психологиялық заңдылықтарын зерттеу, ең алдымен тұлғаның іс-әрекетіндегі бағыттылығын анықтау бұл өмірге деген әлеуметтік бағдарын, негізгі өзектілігін құрайды, екіншіден, шығармашылық белсенділіктің негізгі үстемдігі болып табылуы үшін, үшіншіден тұлғаның шығармашылық потенциалын дамытуға және оның әлеуметтік ортада өзіндік белсенділігіне әсер етуі қарастырылады.

Шығармашыл тұлғаға қоғамның әлеуметтік сұранысын, бар кедергілерді анықтап, жинақталған тәжірибені жалпылап тұлғаның шығармашылық жетілуіндегі рөлін дәлелдеп, белсенділіктің дамуының психологиялық негіздерін ашып көрсетуге болады. Сайып келгенде, белсенділік тек ойлаудың феномені ретінде ғана емес, психологиядағы интегративті тұлғалық-жасаушы категориясы ретінде де зерттеледі. Бұл тұлғаның шығармашылық жетілу кезеңінде өзін-өзі белсендіру барысында дамиды. Сонымен қатар, шығармашылық белсенділіктің тиімділігі бірлескен іс-әрекет қатынасының жақсаруына қаншалықты негіз болуына байланысты. Ол топтық белсенділіктің тұлғааралық жақтарының өзара әрекеттестіктерінде ашылатын, бірлескен іс-әрекеттің ұйымдастырылу формасы мен мазмұны топта тұлғааралық қабылдауда жетекші болып табылады.

Тұлға арнайы адами құрылым, санасыз және адами қажеттіліктерсіз болмайтыны сияқты, ол сол сияқты бейімделгіш әрекетінсіз болмайды. Адам санасы, қажеттіліктері сияқты, адам тұлғасы да өндіріледі-қоғамдық қатынастармен жасалады, онда индивид өз іс-әрекетінде көрінеді. Осыдан кейбір жағдайлар тасымалданады, индивид ретінде оның кейбір ерекшеліктері өзгереді, барлығы біріге отырып себептер емес, оның тұлғасының қалыптасу салдарын құрайды.

Психологиялық теорияларда тұлғаның табиғатын түсіндіретін өзара бір-бірін толықтыратын екі ықпал бар. Біріншісінде тұлға субъектінің мінез-құлық ерекшеліктері мен интрапсихикалық қасиеттердің автономды жүйесі, уникалды деп анықтайды, ол жүйеге мінезі, қабілеттері, түсініктері, құндылыққа бағдарлануы, Мен концепциялары кіреді. Екінші ықпалда тұлға болу үшін интерперсоналды кеңістікке қосылуы керек, басқа адамдармен белсенді саналы әлеуметтік қатынастар құрады, яғни тұлға ол интерпсихикалық байланыстары мен адамның өзара қатынастары [2, 93 б.].

Мұны басқаша сипаттайтын болсақ: бір тұтастықты (индивидті) сипаттайтын ерекшеліктер жай ғана басқа тұтастық бірліктеріне, құрылымдарына (тұлғаның) ауысып қоймайды, алғашқылары жойылады; индивид ерекшеліктері ретінде сақталады. Осылайша, индивидтің жоғары жүйке іс-әрекеті ерекшеліктері оның тұлғасының ерекшеліктері болмайды және оны анықтай алмайды. Жүйке жүйесінің қызметі тұлға

дамуының қажетті алғышартын құраса да, оның типі бастау алатын негіз болып табылмайды. Жүйе процесстерінің күштілігі немесе әлсіздігі, олардың байсалдылығы және индивидтің әлеммен қатынасы жүйесінің жүзеге асуы механизмдер деңгейі арқылы байқалады. Осы жағдай тұлға қалыптасуындағы олардың рөлінің бір мәнді еместігін анықтайды [3, 177 б.].

Шығармашылық - адам іс-әрекетінің жоғары формасы. Шығармашылық ұғымы ойлау процесінің жоғары деңгейі ретіндегі шығармашылық ойлау түсінігімен тығыз байланысты. Шығармашылық ойлау тұлға психологиясы мәселесі шеңберіне кіретіндіктен субъект ретінде адам жасайды және шығармашылық процесі адамнан тыс болмайды. «Жасаушы адам» бейнесінің өзіндік сипаттамасы бар. Шығармашылық төмен деңгейде табиғатынан екі жақты, қосарланған процесс. Диалектикалық тұрғыда шығармашылық өзіне саналы және бейсаналы, рационалды-логикалық және интуитивті түрде мидың оң және сол жарты шарының жұмысын сәйкестендіреді. Табиғаттың жалпы заңдылығына сүйеніп, шығармашылық басқа да тірі процесс сияқты адамға да және әлемге де тән ретінде өзіне қарама-қарсылықты біріктіреді [4, 26 б.].

XIX ғасырдың аяғынан белгілі еңбектерде сыналушыларға «ынталандыру» материалы ретінде ұсынылатын шығармашылық тапсырмалар шешімінің үш негізгі кезеңі ерекшеленеді. Біріншісі мазмұны бойынша тапсырмаларды шешуде жинақталған тәжірибені қолдану ұмтылыстары түрінде байқалады. Егер де тапсырма шешімін таппаса, осы сәтте екінші кезең басталады, онда іс-әрекетте әлсіз немесе айқын үзілісі басталады. Бір қатар авторлар пайымдауларынша, осы үзіліс ішінде қандай да бір жасырын, бірақ психологиялық маңызды жұмыс жүзеге асады- идеяның жетілуі. Содан кейін үшінші кезең басталады, кенеттен алға қойылған мәселені шешу идеясы- инсайт пайда болады. Белгілі болғандай ұқсас жағдай эмоционалды түрде өткір күйзеліске түседі; бұл көптеген психологтарда, анықтаушы болмаса да, шығармашылықта адамның ақыл-ой мүмкіндіктерімен қатар мінез-құлықты мағыналы ұйымдастыру мен реттеудің негізгі факторы болатын эмоциялар мен сезімдердің де рөлі басым деуге негіз болып табылады.

Гешталт – психология шығармашылықты былай деп түсіндіреді. Адам ең алғаш заттың ойша образын жасағанша элементтерді өзгертіп, өз мақсатына жеткенше жұмыс істейді. Оқушы шығармашылығын психологиялық тұрғыда ашу мақсатында пән мұғалімдері әр сабақта берілген жаңа материалдарды бекіту үшін жұмбақтар мен басқатырғыштарды пайдалану тәжірибесіне сүйенеді. Сипатталған құбылыстарда мәні қазіргі уақытқа дейін белгісіз, адамның шығармашылық іс-әрекеті мазмұны мен мәні туралы жан-жақты болжамдар жасауға негіз болатын қандай да бір процесс. Тағы ерекшелігін жағдай, жоғарыда сипатталғанға сырттай сәйкес келетін ұқсастық жануарлар мінез-құлықтарына қатысты зерттеулерде толық келтірілген, яғни тек маймылдардың емес, сонымен қатар иттер, мысықтар, тышқандар, қарғалар «интеллектісін» зерттеудің өзі жануарларда тапсырмаларды «ойлана» шешу мүмкіндіктерінің бар екендігі турлы мүмкіндік берді [5].

А.И. Крупнов зерттеуінде адамның индивидуалды белсенділігін келесі негізгі теориялық түсініктерден көрсеткен: а) оның ойынша адамның белсенділігі индивидтің тұрақты қасиетіне тән қарастырылған, іс-әрекет пен мінез-құлық қарқынды жүзеге асырылуда жоғары деңгейді көрсетті, бағыттылығы, беріктілігі мен әртүрлілігі немесе оның қатынас әрекеті, адамның нақты ішкі тілегінен туындайды;

б) адам белсенділігінің қажеттілігі шамаланған таным жиынтығының белгілі сандық көрсеткіші және іс-әрекет пен мінез-құлықтың нақты актілерін ұйымдастыру тәсілдері ішкі механизмдер мен индивидуалды ерекшеліктерді табу болып табылады;

в) адам белсенділігін нақты көрсету үшін өзін негізге алады. Осы негіздемелерді оқу түсінудің мүмкіндіктерін көрсетеді, неге мұндай, оның қарқындау шегі адамның мінез – құлқы және іс –әрекетін басқаша жүзеге асыру емес іс жүзінде жүзеге асыруына ынталандырады және көлемін кеңейтеді;

г) адам белсенділігінің қозғалмалы күші соңы емес оның ішкі немесе сыртқы факторлары болады, мұндағы қарсы шығу, осы немесе ондағы іс– әрекеттердің кейбір қарама–қайшылықтары арқылы жүзеге асырылады;

д) басқаша қарым–қатынастың белсенділігі екі қарым–қатынасты қосқанда мүмкіндігінше көріну белсенділікті есепке алу жинақтауда нақты көрсетуі қаншалықты көрсете алмауы адам белсенділігін зерттеуді болжайды.

е) бірліктерді талдау сапасында индивидуальды адам белсенділігінің көрінуі әрекеттестік актілері нақты қызмет ете алады және адам мінез–құлқындағы оның түсінушілік жүйесі, қоса алғанда өзіндік мотивациялық ой операциясының динамикалық және тиімділік қорытынды компоненттері болып табылады [6, 6-7 б.].

Бірінші және екінші сигнал жүйесі қасиеттерінің табиғи көрінуі заңдылықтарының бірлігі маңызды фактор болып табылатындығын И.С. Букреев өз зерттеулерінде қарастырған. Ол бірінші сигнал жүйесі қасиетінің яғни сезінудің пайда болуының табиғи ерекшеліктерін диагностикалауды міндет ретінде зерттейді. Мұнда сезім, тек сезімнің маңыздылығы ғана емес, бірінші сигнал жүйесіндегі –ауыру, ашығу, қарапайым есту және көру тігіркенулері және т.б. Оның пікірінше бейне психикалық іс-әрекет формасы ретінде шығармашылық түсінік нәтижесінен пайда болған қиял және фантазия логикалық қорытындылауда маңызды болып табылады [7, 31 б.].

Психикалық дамудың негізгі көзі – оқу мен тәрбие барысында игерілген әлеуметтік тәжірибе болып табылады. Биологиялық факторлар (генетикалық, морфологиялық, физиологиялық) психиканың дамуын қамтамасыз ететін шарттар қызметін атқарады. Бірақ осы шарттар онтогенез барысында айтарлықтай өзгерістерге ұшырап отырады: әр кезеңге тән жаңа тәжірибелерді меңгеру үшін әуелі, «өсу» мен «даму» ұғымдарына түсінік бере кетейік. Өсу – клеткалар саны мен олардың өлшемдерінің көбеюімен сипатталады. Ал даму – сапалық түрдегі қайта құрылымдармен анықталады. Бұл екі процесс ағзаның кемелденуін құрайды.

Кәсіби өзіндік анықтау ішкі ұстанымды қалыптастырып іс-әрекет ретінде тұлғаның творчестволық потенциалын көрсетеді. Тұлғаның жан-жақты дамуындағы мәнді сұрақтардың бірі өзіндік сананы қалыптастыру мәселесі. Өзіндік бағалау өзіндік сана дамуындағы ерекше сатыны құрайды. Мұнда тұлғаның өзіне, өз қабілеттеріне, іс әрекет нәтижесіне деген бағалау қатынасы қалыптасады [8].

Баланың әлеуметтенуі түрлі әлеуметтік рөлдерді игеруге, әлеуметтік мінез, тұлғаның қоғамдағы орны, әлеуметтік көзқарасы, өмір салтымен шарттасқан тұлғаның басқада әлеуметтік- типтік көріністерінің қалыптасуына әкеліп соғады. Тұлға дамуында әлеуметтік орта рөлін талдауда тұлғаны қоғам тарапынан қарау көз тартады, тұлға қоғамдық даму объектісі ретінде қарастырылады (Ананьев, 1980). Осыдан тұлғаның әлеуметтену процесі- әрқашанда тұлғаның индивидуализациялану процесі болатыны туралы дәйектемені абстракциялауға мәжбүрлік жүзеге асырылады. Нормативті берілген іс-әрекетті қайта жасай отырып, түрлі әлеуметтік көзқарастарды таңдай отырып тұлға өзін ерекшелік ретінде күрт білдіре бастайды. Ол қоғам тарапынан ықпалдар объектісі болып қоймай, сонымен қатар қоғамдық процестің белсенді жасаушысы бола бастайды. Тұлға белсенділігінің алғашқы көріністері қажеттіліктер нәтижесінде ғана байқалмайды.

Шығармашылық мәселесі эксперименттік деңгейде дифференциальды - психофизиологиялық тұрғыда қарастырылуы мүмкін. Мидың асиметриалы қызметі мәселесі аспектіде нақты оң және сол жарты шарлардың психикалық қызметімен бөлінеді.

Бұл жерде «Естігенімді ұнатамын, көргенімде есте сақтаймын, өзім істегенімді меңгеремін» - деген Конфуцийдің сөзі осыны меңзейді. Білім берудің жаңартудың негізгі талабы да осы мәселелерді жүзеге асыруда болып отыр. Мектеп пен тұрмыс бірі қырым, бірі қияда жатпауын, мектепте оқыған адам білімді құшақтап, тұрмыста жарамсыз болып шықпауын, бала нені білсе де көзімен көріп, қолымен мүмкін болғанынша өзі істеп білуін қолдаған. Мектеп бігіріп шыққан соң бала бүкіл әлемге және өзгенің өміріне білім

жүзімен ашылған сапалы ақыл көзімен қарай білсе, міне білімдендірудің көздейтін түпкі мақсаты осы болуы керектігін айтқан. Мектеп бітіруші әлеуметтік және қоғамдық өмірдегі өзгерістерге икемделе отырып, ондағы өз орнын анықтауын тың мазмұнды жаңа мектеп қана қамтамасыз ететінін әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр. Шығармашыл адамдарда кездесетін ерекшеліктер: толық ойлау, терең білім, әртүрлі қабілет, дағды мен іскерлігі, мінез құлығы, қоршаған ортаға деген көзқарасының пәктігі. Шығармашылық ұғымынан интеллект түсінігін бөліп қарастыруға болмайды. Осы екі ұғымның бірігуінен адам әртүрлі тапсырмаларды шешуде жетістіктерге жетеді. Интеллект психологияда кеңінен зерттелген, ал оның түсінігі әртүрлі мағынаны береді.

Ситуациялық тапсырмалар оқу және оқудан тыс іс-әрекеттерде қолданылады, өйткені жалпы білім беру мақсаттарына қатысты ситуациялық тапсырмалар осы мақсаттардың кез-келгенін жүзеге асыру әдісі ретінде болады. Олардың шешілуі іс-әрекеттің өзіндік ұйымдастырылу дағдыларын дамытуға, болмыс құбылыстарын түсіндіру іскерліктерін қалыптастыруға, құндылықтар әлемінде бағдарлану қабілетін дамытуға, қызметтік сауаттылық деңгейін көтеруге, негізгі құзырлықтарды қалыптастыруға, кәсіби таңдауға дайындыққа, қазіргі өмірдің негізгі мәселелеріне бағдарлануға негіз болады [9]. Демек, бала шығармашыл тұлға ретінде дамуы үшін кедергілерді алып тастап, сананың бақылауын түсіру, креативтіліктің пайда болуын талап ететін іс-әрекетке қосу жеткіліксіз, сананың құрылымын басқаша өзгерту қажет болады: шығармашылық мінез-құлықтың жағымды үлгісін жасау.

Тұлғаның танымдық және интеллектуалды әрекеттерінің дамуына психологиялық тренинг техникалары арқылы ықпал жасалса, оның танымдық іс-әрекеттің дұрыс жетілуіне себеп болады. Ал әлеуметтік қарым-қатынас білімімен қарулануы мен икемділігін қалыптастыруға психологиялық тренингтердің маңызы тиімді нәтиже береді. Сонымен қатар, шығармашылық белсенділікті дамытуға ұйымдастырылған психологиялық тренингтер тұлғалардың болашақ маман ретінде кәсіби бағдарлануы мен өз ісінің мазмұнын игеруге, кәсіби қызығушылығын арттыруға себеп болады. Бірлескен іс-әрекетте белсенділік дағдысын кеңейтуге бағытталған іс-шаралармен қамтамасыз ету, шығармашылық қабілетін арттыру тұлғаның танымдық белсенділігіне тікелей әсер етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы (2012ж. 14.12.)
2. Бердібаева С.Қ. Тұлға психологиясы оқу құралы. Алматы, 2008, 155 б.
3. Леонтьев А.Н. Деятельность, сознание, личность. – М., 1997, 304с
4. Фидирко М.В. Образно-логические взаимопереходы как один из механизмов творческого мышления личности: автореф. дис. на кан. пс. наук. 19.00.01.-Алматы, 2005, 133 б.
5. Нечаев Н.Н. Очеловечивание творчества: проблемы и перспективы. // Вопросы психологии. 2006, №3, - 192с
6. Крупнов А.И. Психофизиологический анализ индивидуальных различий активности человека. кан.психол. наук. автореф. М., 1984, 38 с.
7. Букреев И.С. Психологические предпосылки формирования творческой индивидуальности студента-дирижера. 19.00.01- к. псих. н М., 2003, 178 с.
8. Бейсенова Ж.Ж. Жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзіндік анықталуындағы мамандық таңдаулары мен өзіндік бағалау ерекшеліктерін зерттеу. 19.00.07 –психол. ғылымд. канд. диссер. Алматы, 2004, 138 б.
9. О.Е. Лебедев. Учимся вместе решать проблемы. Ч.1: Метод. пособ. для учительей. –СПб.: Изд. «Образование –Культура».-2004, 13-14 с.

Аннотация

Мақалада тұлғаның шығармашылық белсенділігін зерттеу мәселелері қарастырылған. Шығармашылық белсенділіктің көріну формалары және түрлері талданған.

Аннотация

В статье рассматриваются проблемы исследования творческой активности личности. Проанализированы виды и формы проявления творческой активности.

Annotation

The article considers the problem of the creative activity of the individual studies. Analyzed the types and forms of creative activity forms.

ӘОЖ 74:159

О 65

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ - ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Оралымбетова Г.У., Бүйембаева Ш.Б.

Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Тараз қ.

Білімгердің болашақ мамандығын бейнелейтін білімдер, дағдылар мен іскерліктер жүйесі – оның тәжірибелік кәсіби іс-әрекетінің қажетті алғышарты болып табылады. Сырттай бұл жүйе маманның нақты, қатесіз әрекетінің нәтижесінде, тапсырмаларды шығармашыл түрде орындау барысында көрінеді. Сонымен қатар, кәсіби шеберлік маманның жоғары мотивтері, моральды және психологиялық қасиеттеріне сүйенеді. Сол себепті де білімдер, дағдылар мен іскерліктердің қалыптасуы білімгерлердің тұта тұлғасының қалыптасуына сәйкес келуі қажет. Іскерліктер білімдер мен дағдыларды нәтижелі түрде қолдануда, оларды жаңа және қиын жағдайларда дұрыс қолдана білуде айқын көрінеді. Әрбір маманға оның іс-әрекетінің әртүрлі жақтарына сәйкес келетін көптеген икемді іскерліктер қажет болады.

Кәсіби білімдер, дағдылар мен іскерліктер білімгерлерге олардың болашақ мамандығына қойылатын талаптары жетік түсіндірілген жағдайда ғана жылдам әрі нәтижелі дамиды. Кәсіби даярлықтың маңызды құралы ретінде кәсіби іс-әрекеттің шынайы жағдайларында маманның міндеттерін орындау, тәжірибе жинақтау болып табылады. Кәсіби іс-әрекетте жеке ерекшеліктердің көрінуін талдау осы көріністер мақсатты және қажетсіз сипат алатынын түсіндіреді. Тіпті, берілген мамандыққа құнды деп саналатын қасиеттер іс-әрекеттің оңды және кері тәсілдері ретінде қалыптаса алады. Сол себепті де, кәсіби білімдер, дағдылар мен іскерліктердің қалыптасу процессін білімгердің жалпы меңгеру деңгейін, дамуын, жас мөлшерін, жеке ерекшеліктерін ескеру арқылы басқару қажет.

Кәсіби білімдер – бұл кәсіби іс-әрекеттің құбылыстары мен фактілерін, олардың байланыстары мен арақатынастарын, қасиеттерін танып білу нәтижесі. Әрбір білімгер кәсіби іс-әрекет міндеттерін орындау барысында өз білімдерін бірден және дұрыс қолдана білуі қажет. Білімгердің кәсіби білімдерінің жиынтығы оның болашақ мамандығына қажетті қызметтеріне сәйкес болуы қажет. Кәсіби іс-әрекеттің жетістігі дағдыларға байланысты болады. Дағды – бұл әрекетті жетік түрде меңгеру, саналы іс - әрекеттің автоматтандырылған компоненті. Дағдылар неғұрлым көп болса, соғұрлым жұмыс та оңай әрі нәтижелі жүреді. Дағдыларды жетік меңгерген адам өз іс-әрекетін шығармашыл түрде жүргізе алады, оның сандық және сапалық көрсеткіштерін бере алады.

Білімгерге өзінің болашақ кәсіби іс-әрекетінің әртүрлі мәселелерін шешумен байланысты дағдылар қажет. Кез-келген мамандыққа сенсорлық, қимыл-қозғалыстық, интеллектуалды, тілдік, ұжымдық және қарым-қатынас дағдылары міндетті түрде қажет.

Сенсорлық дағдылар – сезім мүшелері мен сезімдік таныммен байланысты дағдылар (көру, есту, т.б.).

Қимылдық дағдылар – қимыл-қозғалыстарды меңгеру нәтижесі. Олар оқуда, жазуда, лабораториялық жұмыстарды орындауда, музыкалық аспаптарды ойнай білуде қажет.

Ақыл-ой дағдылары – ақыл-ой міндеттерін орындауда көрінеді.

Тілдік дағдылар – сөйлеу әрекетінің автоматтандырылған компоненті. Ол қарым-қатынастың ауызша және жазбаша түрлерінде қолданылады.

Ұжымдық іс-әрекет дағдылары – мамандар арасындағы ортақ іс-әрекеттің нәтижелі орындалуы, нормалар мен тәртіптерді меңгеру нәтижесі.

Қарым-қатынас дағдылары – бұл басқа адамдармен қарым-қатынаста көрінетін қалыптасқан мәнерлі қимылдар мен әрекеттер жиынтығы. Олар қарым-қатынасты жақсартуға, өзара түсінісушілікті орналастыруға, қарым-қатынастың жағымды эмоциялық және іскерлік мазмұнын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Бұл аталған дағдылардың барлығы бір-бірімен тығыз байланысты. Кез-келген маманның іс-әрекетінде бұл біріге отырып көрінеді, бірақ іс-әрекеттің міндеттері мен шарттарына байланысты әртүрлі мазмұнды иеленуі мүмкін. Іскерліктер білімдер мен дағдыларды нәтижелі түрде қолдануда, оларды жаңа және қиын жағдайларда дұрыс қолдана білуде айқын көрінеді. Әрбір маманға оның іс-әрекетінің әртүрлі жақтарына сәйкес келетін көптеген икемді іскерліктер қажет болады.

Дағды қайталанатын жағдайларда айқын көрінеді, ал іскерліктер болса адамға дағдыларды жаңа жағдайда шығармашыл түрде қолдана білуге мүмкіндік береді. Дағдыға қарағанда іскерлік нақты өзіндік бақылау, сананың белсенділігі, әртүрлі міндеттерді ортақ тәсілдермен орындау дағдыларын меңгеруді болжайды. Іскерліктердің қалыптасуы білімдер мен дағдыларды біртіндеп күрделенетін жағдайларда қолдана білуге саналы түрде машықтануды талап етеді.

Кәсіби білімдер, дағдылар мен іскерліктер кәсіби іс-әрекеттің маңызды жақтарын қамтушы жүйені құруы қажет. Кәсіби білімдер, дағдылар мен іскерліктердің қалыптасуының маңызды психологиялық шарттарын қарастырып өтелік. Кәсіби білімдер, дағдылар мен іскерліктердің қалыптасуы үшін танымдық процесстерге ғана емес, сонымен қатар білімгерлердің психикалық күйлеріне, қызығушылықтарына, еркіне, сезімдеріне, бағыттылығына да ықпал ету қажет. Оның барысында білімгерлердің оқу іс-әрекетін ұйымдастыру шешуші мәнге ие болады. А.Н. Леонтьевтің, П.Я.Гальпериннің теориясына сәйкес меңгеруге қажетті білімдер қарапайым жариялау немесе көрсету арқылы ғана беріле салмайды. Олар білімгерлердің белгілі-бір әрекет жүйесін орындау нәтижесінде ғана меңгерілуі мүмкін [1].

Ең алдымен білімдер, дағдылар мен іскерліктердің қалыптасу жағдайларын анықтап алайық, содан соң олардың тұтас жүйеге айналу шарттарын қарастырамыз. Оқытушы білімгердің өз мамандығы даярлығына жауапкершілік сезімінің болуы есесінен, танымдық процесстерінің белсенділігі негізінде білімдерді жақсы меңгере алатынын түсіне білуі қажет. Білімдерді меңгеру оларды нақты әрі дәл қабылдауды, мағынасын түсіне білуді, есте сақтай білуді, тәжірибеде қолдана білуді талап етеді. Арнайы бағдарламалармен қарастырылған білімдерді меңгеру жоғарғы оқу орнында оқытудың маңызды жағы болып табылады. Меңгеру – ақыл-ой әрекеттеріне негізделетін білімгердің күрделі танымдық іс-әрекеті.

Пән бойынша білімдерді меңгеру оның ұғымдар жүйесін меңгеруден тұрады: ұғымның мазмұнын түсіну, мәнділігін ашу, ұғымның көлемін нақты айқындау, т.с.с.тұрады. Білімдердің мағынасын айқын түсіну, оларды меңгеру мен тексерудің өз беткейлігі, әртүрлі міндеттерді шешуде шығармашыл түрде қолдану олардың терең әрі берік меңгерілуін қамтамасыз етеді.

Проблемалық жағдайда белгісізді субъективті түрде ашу процесі субъектінің ізденістік танымдық іс-әрекеті ретінде жүзеге асады. Білімдерді меңгеру үшін оларды тәжірибеде қолдану қажет. Мұндай қолданудың басты түрі – тапсырмаларды орындау болып табылады. Білімдерді белсенді тәжірибелік қолдану барысында олар неғұрлым жалпылама және берік бола алады. Олардың бір бөлігі дағдылар мен іскерліктерге өтеді.

Бірақ бұл жерде психологиялық шарт пайда болады: іштей қанағаттануды бермейтін, белсенді ойлауды, зейінді, қиялды қажет етпейтін, шығармашылықты қажет етпейтін оқу іс-әрекеті пайда болады да білімдерді меңгерудің тығыздылығы мен тереңдігіне әсіз әсер етеді. Сондықтан да сабақтар қызықты өтуі шарт, білімгерлердің эмоциясына, сезімдеріне және мінез-құлық мотивтеріне ықпал етуі қажет.

Дағдылар білімдердің не істеуі қажет екенін, әрекеттерді меңгеруге ынтасының болуы, өзінің қате жарларын білуі, сонымен қатар жетістіктерді мойындау мен мадақтау кезінде неғұрлым жақсы қалыптасады. Оқытушы осының барлығын оқыту барысында түсіндіру, бағалау, лабораториялық және тәжірибелік жұмыстарды, жаттығуларды ескеруі қажет, білімгерлердің өзіндік жұмысында көмек көрсету қажет. Дағдыларды жетілдіру олардың күрделілігі мен жеке ерекшеліктеріне, білімгердің психикалық күйіне, оқыту әдістемесіне және олардың кәсіби міндеттерін орындау шарттарына байланысты болады. Дағды бір бағытты қалыптаса бермейді, ол кідірістермен ұшғаса жүреді. Бұл білімгердің шаршауымен, қызығушылығының жойылуымен, әдістемелік тәсілдердің нашарлауымен, жағдайдың өзгерісімен, жаңа қиындықтарымен байланысты болады.

Білімгерге жеке бағытталу, темпераменті мен қабілеттерін, тәжірибесін ескеру дағдыларды неғұрлым нәтижелі дамытуға мүмкіндік береді. Іскерліктердің қалыптасуы өзіндік бақылаудың артуын, жақсы үлгілермен сәйкес әрекеттердің басқарылуын болжайды. Білімгерлердің өздерінің шынайы әрекеттерін оқытушылар көрсететін тәсілдермен салыстыру, олардың арасындағы сәйкестіктер мен айырмашылықтарды анықтай білу, іс-әрекет барысына түзетулер енгізу және оны жетілдіре білу – іскерлікті беріктендірудің қажетті алғы шарты. Кәсіби білімдерді жинақтай және дағдыларды дамыта келе, оқытушы білімгерлерге болашақ іс-әрекетінің міндеттерін шығармашыл түрде көрсете білу негізінде әртүрлі жағдайларда қолдану тәсілдерімен қаруландыруы қажет.

Білімдердің, дағдылардың, іскерліктердің қалыптасуының жалпы шарттарының бірі – білімгерлердің оқуға деген жағымды мотивтері, олардың саналығы, тәртібі, ұйымдаса білуі болып табылады. Кәсіби білімдер, дағдылар мен іскерліктер білімгерлерге олардың болашақ мамандығына қойылатын талаптары жетік түсіндірілген жағдайда ғана жылдам әрі нәтижелі дамиды. Демек, білімгерлердің оқуға деген мотивациясы мен саналы қатынасын арттыру кәсіби білімдер, дағдылар, іскерліктер жүйесінің тиімді қалыптасуының маңызды шарты болып табылады.

Ғылым мен техниканың дамуы барлық мамандықтардың еңбек іс-әрекетінің күрделене түсуі білімгерлердің кәсіби білімдері, дағдылары мен іскерліктерінің қалыптасуының олардың танымдық процесстерінің жетілдірілуі мен біліктендірілуіне тікелей тәуелділігін арттыра түсті. Қате кәсіби әрекет себебі ретінде маманның нақты қабылдай алмау, зейінін тұрақтай алмау, ойлауының баяулығы, эмоциялық қысым, қорқыныш, сенімсіздік, ерік және дағдылардың әлсіздігі сияқты қасиеттер ықпал етуі мүмкін. Білімгердің бойында осындай қасиеттерді жетілдіре отырып, кәсіби даярлығының артуына мүмкіндік жасауға болады. Кәсіби түрде жақсы дамыған қиял мен ойлау орындалатын әрекеттерді ойша модельдеуге және шешімдер қабылдауға жол ашады.

Кәсіби білімдер, дағдылар және іскерліктер психикалық танымдық процесстердің арнайы даярлығына ғана емес, білімгердің дене сапаларына да байланысты. Денелік жағынан жақсы дамыған білімгер мамандығына жағымсыз факторларын сәтті жеңе білді. Кәсіби білімдер, дағдылар мен іскерліктердің қалыптасуында оқытудың әртүрлі техникалық құралдарын (ОТҚ) мақсатты түрде қолдану да маңызды орын алады. Дәл осылардың көмегімен ғана білімдер, дағдылар мен іскерліктерді дамытып, бекітіп, оларды икемдендіруге болады.[2]

Оқытудың техникалық құралдары оқыту үрдісінде оқытушының мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталады. Оларды қолдану барысында білімгерлерге эмоциялық-психологиялық ықпал жасалады. Білім алушылардың өз бетінше мәлімет жинау арқылы оларды басқару жүзеге асады, нәтижесінде әрбір білімгердің жеке қабілеті мен

психологиялық ерекшеліктеріне тәуелсіз түрде материалды меңгеру жағдайын жақсартады. Кәсіби даярлықтың маңызды құралы ретінде кәсіби іс-әрекеттің шынайы жағдайларында маманның міндеттерін орындау, тәжірибе жинақтау болып табылады. Тәжірибе білімгерлердің бойында өз күшіне сенімділік, өз мүмкіндіктері мен кәсіби іс-әрекетті жүзеге асырудағы қиындықтарды дұрыс бағалай білу қабілетін қалыптастырады.

С.Л. Рубинштейн оқыту үрдісін талдай келе, былай деді: «Қандай да бір білімді, дағдыны, іскерлікті меңгеруде арнайы оқу іс-әрекетінің мәні зор болса да, адам осы іс-әрекетті орындау нәтижесінде ғана меңгереді» [3]. Кәсіби білімдер, дағдылар, іскерліктердің қалыптасуында білімгер тұлғасының ерекшеліктерін және оның келешек мамандығының «түрін», жеке ерекшеліктерін ескеру қажет. Бірінші топқа жұмысшының жеке ерекшеліктері еңбек іс-әрекетінің тәсілдері мен әдістерінде қолданылатын мамандықтар жатады. «Екінші топқа жататын мамандықтарда жағымды мотив те, біліктілік те тиімді іс-әрекет шарттары бола алмайды – мұндай мамандықта жұмыс істейтін адамдар белгілі – бір психофизиологиялық ерекшеліктерге ие болуы қажет» [4].

Жеке қасиеттер білімгер оқу іс-әрекетіне білімдер, дағдылар мен іскерліктердің жеке заңдылықтарға ілесіп отырып дамуымен ықпал етеді [5]. Кәсіби іс-әрекетте жеке ерекшеліктердің көрінуін талдау осы көріністер мақсатты және қажетсіз сипат алатынын түсіндіреді. Тіпті, берілген мамандыққа құнды деп саналатын қасиеттер іс-әрекеттің оңды және кері тәсілдері ретінде қалыптаса алады. Сол себепті де, кәсіби білімдер, дағдылар мен іскерліктердің қалыптасу процессін білімгердің жалпы меңгеру деңгейін, дамуын, жас мөлшерін, жеке ерекшеліктерін ескеру арқылы басқару қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Талызина Н.Ф. «Управление процессом усвоения знаний», М, 2005, 41 с.
2. Золотарев А.А., Федоров В.Ф. «Вопросы теории и методики обучения в высшей школе с применением технических средств» М., 2004
3. Гуревич К.М. «Проблемы профессиональной пригодности» М., 2008, 120 с.
4. Дьяченко М.И., Кандыбович Л.А. «Психология высшей школы» М., 2008, 235с.

Аннотация

Болашақ мамандарды даярлаудың психологиялық-педагогикалық негіздері жан жақты қарастырылады. Білімгерлердің болашақ маман ретінде кәсіби даму негізі ретінде білім, дағды және іскерліктердің теориялық мазмұндары талданады. Сонымен қатар, білімгерге өзінің болашақ кәсіби іс-әрекетінің әртүрлі мәселелерін шешумен байланысты дағдылар: сенсорлық, қимыл-қозғалыстық, интеллектуалды, тілдік, ұжымдық және қарым-қатынас дағдыларының да қажеттілігі де қарастырылады.

Аннотация

Рассматриваются психолого-педагогические основы подготовки будущих специалистов. Анализируются теоретические основы знания, навыки и умения как профессионального развития студента как будущего специалиста. А также изучаются навыки решения проблем будущей профессиональной деятельности студента: сенсорные, двигательные, интеллектуальные, словесные, коллективные и навыки общения.

Annotation

We consider the psychological and pedagogical bases of preparation of future specialists. The theoretical foundations of knowledge, skills and abilities as a professional development of the student as a future professional. As well studied problem-solving skills for future professional work of students: sensory, motor, intellectual, verbal, and collective skills.

СӨЙЛЕУДІ ДАМУДА ТІЛДІҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Сейдалиева А.Р.

Диқан тірек мектебі (РО), Байзақ ауданы

Тіл - адамзат қоғамында қатынас, сөйлесіп пікір алысудың құралы ретінде қызмет атқаратын құбылыс. Тіл мен қоғам өзара тығыз байланысты, біріншіден, адамзаттың қоғамда өмір сүруінің қажетті шарты. Екіншіден, тіл қоғам бар жерде ғана өмір сүреді. Қоғам – тілдің өмір сүруінің шарты. Қоғамның өмір сүруі үшін, тіл қаншалықты қажет. Адамның сөйлеу тілін дамыту, меңгеруге бағытталған материалдарды жинақтай отырып, тілін дамытуды ұйымдастыру, баланы жеке тұлға ретінде қалыптастыру тіл дамытуда әдіс тәсілді тиімді пайдаланып, оны түрлендіру болып табылады. Балалар ересектердің әсері арқылы адамгершілік қарым-қатынаста бола отырып, қоршаған ортаны, ондағы табиғат құбылыстарын және басқа өмірді тани біледі. Айналамен таныстыру барысында кеңістік, уақыт, заттың пішіні, түсі, сапасы, салыстырмалы түрде үлкен-кіші, қатты, сұйық деген ұғымдар қалыптасады.

Тілді дамытудың маңызы:

- Дұрыс сөйлеу мен тілдік қатынас құрылымы;
- Тілдің дыбысталу мәдениеті;
- Сөздік жұмысы;
- Тілдің грамматикалық құрылымын қалыптастыру;
- Байланыстырып сөйлеу;
- Шығармашылық сөйлеу әрекеті.

Тілдің грамматикалық құрылымын қалыптастыру міндеттері:

- сөздерді септік, көпше, жекеше түрлерін дұрыс үйлестіре білуге үйретуді жалғастыру;

- сөздердің кейбір күрделі түрлерінің жасалуын үйрету. Мыс: ілік септігіндегі зат есімнің көпше түрі (ойыншықтардың, адамдардың, боталардың), етістіктің түрлері (жату, жүру, жүгіру);

- жан-жануарларды, олардың төлдерін зат есімнің жекеше, көпше түрінде айту біліктілігін дамыту;

- салалас құрмалас және сабақтас құрмалас сөйлемдерді қолдануға мүмкіндік туғызу және жай сөйлемнің құрылымын жетілдіру;

- сан есімдер.

Тіл - тірі тарих. Онда халықтың ғасырлар бойы жинақтаған іс- тәжірбиесі мен даналығы бар. Санының аздығы мен көптігіне қарамай, әрбір халық өз тілінде асыл армандары мен әсем жан дүниесін, барша жақсылық атаулыға құрметін, адамзат бақытына кесір келтіретіндерге лағынетін бейнеленген. Тіл –оны жасаушы халықтың тарихы, шежіресі, бүкіл өмірінің жаңғырығы мен ізі, арманы мен алдағы үміті, қайғысы мен қуанышы, күллі рухани өмірінің үні естіліп тұрады.

М. Жұмабаев тілдің осы бір қасиеттері жайында былай дейді, «Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түнде тымық, біресе құйынды екпінді тарихы, сар далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр». Сонымен, тіл - адам қоғамының рухани өмірінде объективті тіршілік ететін, қарым-қатынас қызметін атқаратын, ой қаруы болып саналатын аса құнды құбылыс. «Тіл - адамдық белгісі, жұмсайтын қаруының бірі».

Тіл дамыту мәселесінде осыны айтуға болады. Яғни баланың сөздік қоры игерген тіл единицаларының негізінде (су, сушы, сулық, суару) молаяды. Оқу – тәрбие процесінің

міндеті балаға тек білім беру ғана емес, сонымен қатар, әр түрлі дағдылар қалыптастыру болып табылады. Дағды адам әрекетінің қай- қайсысына да ерекше маңыз алады. Ол іске шапшаң, шұғыл кірісуге мүмкіндік береді. Дағдының нәтижесінде адам санасы қызметті түпкілікті, шешуші кезеңдерінде жұмылдырылады. Бұл жұмыстың табысты болуын қамтамасыз етеді. Тіл дамытудың мазмұны мен салалары. Коммуникативтік (қарым-қатынастарды зерттейтін) лингвистика саласындағы қазіргі ғылыми зерттеулердің нәтижелері тіл дамытудың көптеген теориялық және практикалық мәселерін, оның ішінде ең алдымен тіл меңгерудің мазмұнын жаңаша құру қажеттілігін көрсетуде.

Қазіргі тіл білімі күні бүгінгі дейін лингвист зерттеушілердің назарынан қағыс қалып келген адамдардың тіл саласында қызметі. Тіл арқылы қарым-қатынасқа түсуі, коммуникативтік және танымдық мәні бар міндеттерді ойдағыдай шешуде, өзара түсінуге септігін тигізетін тәсілдер мен құралдарға ерекше көңіл бөлуде.

Тіл дамыту – ана тілі әдістемесінің аса жауапты да күрделі саласының бірі. Оның күрделі болуының себебі, бала тілін дамыту міндетін жүзеге асырушы мектепте жүргізілетін пәндер қазақ тілі мен әдебиетке ғана болмай, оның сөйлеу әрекетіне де тікелей тәуелді.

Оқу - тәрбие жұмыстарында жүргізілетін тіл дамыту әдістемесі – балаларға білім жүйесін меңгертуге, тілге деген икемділігі мен дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін әдіс-әдістері мен формалар, принциптер мен оқытудың мазмұны жайындағы ілім. Жалпы әдістеме ғылымының бір саласы. Басқа ғаламдар сияқты тіл дамыту әдістемесі де теориялық ғылымдардың соңғы жетістіктеріне негізделі дамиды.

Тіл мәдениетінің негізгі зерттеу объектісі - сөз, сөздің дұрыс айтылуы, сауатты жазылуы. Нәтижеде айтатын деген ойдың айқын да анық, әсерлі де көркем жетуі. Сөздің мәнерлігі дегеніміз - адамның сөйлеу кезіндегі эмоциялық қалпын білдіре алуы, яғни әрбір сөйлемді өзінің сазымен айта алуы. А Макаренко бұл жөнінде: «...сіздің сөзіңізден өзіңіздің еркіңізді, сіздің мәдениетіңізді, сіздің жеке ерекшелігіңізді сезіне алатындай болуы керек», - деген болатын. Мәнерлеп сөйлеу, дыбыстарының қырын сындырып айту ежелгі ауыз әдебиеті үлгілерінен, шешендік сөздерден келе жатқан заңдылық. Сөзді қандай қатесіз жазу қажет болса, оны құлаққа жағымды, әуенді, мәнерлі етіп айту да сондай қажет.

Тілдің тіл болуы үшін ең қажетті фактор - ойлау, пайымдау екені белгілі. Адамның ми қабатында жинақталған ой тіл арқылы сыртқа шығады, сөйлеу арқылы неше мәрте айтылса да белгілі бір сөйлеу жүйесіне бағынбаса, түсініксіз болады. Ой тілге әсер етеді, тіл сөзге әсер етеді, сөзден сөйлеу пайда болады.

Тіл дегеніміз - сөздік белгілердің жүйесі. Ал белгі - шындық пен болмысты білдіретін бөлшек. Тіл арқылы ойымызды басқа біреуге жеткіземіз. Ақыл –ой жетістігі болып табылатын, ақиқат, өмірдің бейнелуін қамтамасыз ететін ең жоғарғы таным-түйсік адамға ғана тән және ол-сөйлеу актісімен тікелей байланысты форма. Яғни адамдар бұл бейнелерді қалыптастыруда тілді пайдаланады, бір-бірімен қарым-қатынасқа тіл арқылы түседі, бейненің бар болмасын суреттеу үшін, бір-біріне жеткізу үшін тілдік блоктарды түзеді.

Тіл қоғамдық құбылыс болғандықтан, оның тарихы мен дамуы қоғамның тарихы мен дамуына байланысты. Тіл де халықпен, оның өмірімен бірге өзгеріске ұшырайды. Тілдің дамуы – бай тілді жойып, жаңа тіл жасау жолымен емес, бар тілдің негізгі элементтерін дамыту, жетілдіру толығып, тіркестері, ұғымдары жаңарып отырады. Бірақ тіл жаңарады, өзгереді екен деп, қолдан сөз жасау, оның қалыптасқан мөлшеріне қайшы ұғым, тіркестерді тықпалау жараспайды, тіл ондай «жаңашылдықты» үнемі қабылдай бермейді. Тілге кірген жаңалықтар қоғамдық, әлеуметтік өзгерістердің қажет етуінен туады. Тіл дамуының заңдылықтарына сәйкес сақтау, үйрену үлкен азаматтық (патриоттық) істердің қатарына жатады.

Тілдік қарым-қатынас негізінде баланың қоршаған әлемі туралы түсінігі айқындалып, толықтырыла түседі, сонымен қатар тілдік және оның мағыналық бөлігі – сөздің негізінде

танымдық процестер де дамиды. Ана тілі балаға қоршаған өмірді сол күйінде өмірдегі заттар мен құбылыстардың байланыс пен қарым-қатынасын сезінуге көмектеседі. Сөз араласпаса бала өмірді түсінбейді. Қоршаған өмір туралы білім адамның санасына ауызша түрде сөзбен жеткізеді.

Тіл – адамдардың бір-бірімен пікір алысып, қарым-қатынас жасайтын құралы болғандықтан, тілдің қоғамдық тәрбиелік қызметі де ерекше. Сондай-ақ тіл ұлт мәдениетінің басты көрсеткіштерінің бірі екені белгілі. Әрбір халықтың тілінде оның ұлттық дәстүрінің, сана-сезімінің, ойлау тәсілінің, мінез-құлқының белгілері көрініс табады. Ал тілді, тіл мәдениетін игеру – баланың сәби шағынан іске аса бастайтын, біртіндеп жетілетін процесс. Баланың тілін дамыту жұмысы жанұядан, балабақшадан бастап жүйелі түрде жүргізілуге тиіс. Ұлт болып ұйысып, ел болып еңсемізді тіктеген кезеңде қолға алар ісіміздің бірі де, бірегейі де – ұрпақ тәрбиесі болып отыр.

Қазақ халқының сан ғасырлар бойы қалыптасқан тілі мен мәдениетіне мойын бұрып, ұрпағымызға төл тәрбие, ұлттық тағылым беру – бүгінгі үннің басты ісі. XI – ғасырдағы түркі ғалымы М.Қашғаридің «Тәрбие басы - тіл» деп айтуынан – ақ біз тілдің қай кезде де тәрбие құралы саналғанын байқаймыз. Тіл – ұрпақ тәрбиесінің пәрменді құралы, рухани байлықтың баға жетпес құдіреті, қуатты қайнар көзі. Ана тілі – халықтың өткен ұрпағы, қазіргі және келешек ұрпағы арасындағы тарихи жалғастықты жүзеге асыратын бірден – бір сенімді құрал.

Балалардың тілді үйренуі – тілге деген ерекше белсенділіктермен анықталады. Бұл белсенділіктер жоғарғы жүйке – жүйесінің қызметімен тығыз байланысты – сөз рефлекстері негізінде қалыптасады. Сөз, тіл – бас ми сыңарларының жоғарғы функциясы. Сөз, тіл ойлаумен тығыз байланысты. Тілсіз ойлау мүмкін емес, тіл мен ойлау ажырамас бірлікте. Тіл ойдың материяландырылған түрі. Тілсіз ой (сана), ойсыз тіл де жоқ. Тіл ойдың, мазмұны, тікелей шындығы.

Сөздің мәні ойдан көрінеді. Ой тіл арқылы жеткізіледі, айтылады, сөз арқылы безендіріледі. Әрбір ой міндетті түрде белгілі сөздік материалда пайда болады. Сөз – материалдық болмыстың баламасы. Ой пайда болса, ол белгілі, нақты сөздік формада білінеді, көрінеді. Тіл мен ойлау – адам миының үлкен жарты шарларының қабығында үздіксіз өтіп жататын анализдеу және синтездеу әрекеті. Сөйлеу мен тілдің дамуы танымдық іс-әрекет негізі.

Тіл – біз мәдениет деп атайтын дүниенің мәңгілік ажыралас бөлшегі. Тіл уақыттан да биік тұр. Тілдің шығуы туралы сөз еткенде, екі түрлі мәселені, жалпы адамзат баласының тілінің шығуы мен жеке нақтылы, нақтылы тілдердің шығуын шатастырмаған жөн.

Тілді меңгеру баланың іс-әрекеттерін өзгертеді: 3 жастағы баланың іс-әрекеті бағытталған бола бастайды және дербестік сипатқа ие болады. Сөз арқасында бала өзін өзі таниды. Екінші жылдың аяғында бала жиі өзі туралы III жақта сөйлейді: «Динара жақсы», «Еркін енді жыламайды». Алдымен ол өзін аты арқылы таниды, кейінірек «мен» жіктеу есімдігін меңгере отырып, бала өзін іс-әрекет субъектісі ретінде қабылдай бастайды. Бұл оған өзін басқалармен салыстыруға, өзін - өзі бағалауға, бақылауға мүмкіндік береді. Тиімді меңгеру баланың бүкіл қызметіне елеулі өзгерістерді енгізеді. Бала ойын және практикалық ойлаудың алғашқы формаларын меңгереді. Тиімді меңгеру балаға басқа балалармен қатынас орнатып, бірлескен іс-әрекет жасауға, өлең жаттауға, тыңдауға, ән айтуға көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Нұрмұқанов Х. Сөз және шеберлік. – А.: «Ғылым», 2007.
2. Кеңесбаев Ү. Қазақ тілі білімі туралы зерттеулер. – А.: Ғылым, 2007.
3. Қалиұлы Б. Тіл біліміне кіріспе. – А.: Мектеп, 2007.
4. Қордабаев Т. Қазақ тілі білімінің мәселелері. – А.: Рауан, 2011.
5. Мұсабаев Ғ. Қазақ тілі тарихынан. – А., 1995.
6. Нұрмықанов Х. Сөз және шеберлік. – А.: Ғылым, 2007.

Аннотация

Тілді, тіл мәдениетін игеру – баланың сәби шағынан іске аса бастайтын, біртіндеп жетілетін процесс. Баланың тілін дамыту жұмысы жанұядан, балабақшадан бастап жүйелі түрде жүргізілуге тиіс.

Аннотация

Освоение языка, культуры языка – это поэтапно развивающийся процесс начинающийся с младенческого возраста ребенка.

Annotation

The development of language, the language of culture - is gradually developing process begins with the infant child's age.

ӘОЖ 373:37.01 (574)

С 52

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕДЕГІ АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕСІНІҢ РӨЛІ

Смағұлова Ұ.С.

«Қосқұдық» балалар бақшасы, Жамбыл обл., Шу қ.

«Адамды тәрбиелеу - демек, оның ертеңгі қуанышқа ие болатын келешек жолын тәрбиелеу».

А.С. Макаренко

Халық «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда, оны түзете алмайсың деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші рөл атқарады. Рухани - адамгершілік тәрбие – екі жақты үрдіс. Бір жағынан ол үлкендердің, ата-аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан, тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым-қатынастарынан көрінеді.

«Адам баласының жаман құлқы жаратылысынан емес, өскен орта, көрген үлгі-өнеге білетіндігінен көпшілікті адамшылыққа тәрбиелеу үшін жас буынды жақсылап тәрбиелеу қажет» - деп М.Әуезов айтып кеткендей, баланың моральдық сапа негіздері мектепке дейінгі балалық шағында қалыптасады. Мектепке дейінгі жылдарда бала ересектердің жетекшілігімен жақын адамдарымен, құрдастарымен, заттармен, табиғатпен қарым-қатынас жасаудың, тәлім-тәрбие алудың бастапқы тәжірибесіне ие болады. Балалардың іс-әрекеттерін басқара отырып, тәрбиеші олардың бойында Отанын сүйу, айналадағыларға ықыласпен қарау, шамасы келгенше оларға көмектесуге ұмтылу, дербес іс-әрекетте белсенділік және белгілі бір іске бастама (*инициатива*) көрсету сияқты адамның маңызды қасиеттерін қалыптастырады. Дұрыс тәрбие, балаларда теріс тәжірибе көбеюіне жол бермейді, баланың адамгершілік сапасының қалыптасуына қолайсыз әсер ететін мінез-құлықтағы теріс дағдылар мен әдеттердің дамуына кедергі жасайды.

Мектепке дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі міндеттері - балалардың адамгершілік сезімдерін, мінез-құлықтың ізгі дағдылары мен әдеттердің адамгершілік ұғымдары мен мінез-құлық түрткілерін қалыптастыру. Баланы тәрбиелеуде оның өмірінің алғашқы жылдарынан бастап-ақ адамгершілік сезімдерін қалыптастыру үлкен орын алады. Бала өзінің тентектік, қателік жасаған кездегі ренішті немесе наразылықты көргенде толқуды бастан кешіреді, ал өзінің жақсы қылықтарына жылы шыраймен қараса, оған қуанып, жақын адамдарының ризашылық білдіруінен рақат алады. Эмоциялық әсерлену: жақсы қылықтарына, үлкендердің мақтауына риза болу, өзінің

орынсыз қылықтарынан: үлкендердің ескертуінен, наразылығынан ұялады, қапалану, уайым жеу оның адамгершілік сезімдердің қалыптастырудың негізіне айналады.

Мектепке дейінгі шақта балада қайырымдылық, жанашырлық, қуанышқа ортақтасу сезімдері қалыптасады. Сезім балаларды белсенді іс-әрекетке: көмек көрсетуге, қамқорлық жасауға, көңіл аударуға, жұбатуға қуантуға итермелейді. Патриоттық сезімге: туған өлкесін, Отанын сүйуге, басқа ұлттардың адамдарын құрметтеуге тәрбиелеудің ерекше маңызы бар. Мектепке дейінгі балалардың ерекшелігі еліктеу қабілеттілігінің айқын көрінуі болып табылады. Тәрбиеші балаларда үлкендерге құрмет көрсетуді, өз қатарларымен дұрыс қарым-қатынас жасауды, заттарға ұқыпты қарауды білдіретін сан алуан мінез-құлық дағдыларын қалыптастырады. Бұлар әдет бола отырып, мінез-құлық нормасына айналады: сәлемдесу мен қоштасу, біреудің көрсеткен қызметіне рақмет айту, алған затын орнына қою, қоғамдық орындарда өзін мәдениетті ұстау, өтінішін ізеттілікпен білдіру әдеті. Мектепке дейінгі балаларда өз қатарларымен мәдениетті қарым-қатынас жасау, шын айту, тазалық, тәртіп сақтау, пайдалы іс-әрекет жасау, еңбек ету әдеті қалыптаса береді.

Мектепке дейінгі балалар қылығының адамгершілік мазмұнына ой жүгірте қарау негізінде дамыған адамгершілік дағдылар мен әдеттер неғұрлым берік болады. Тәрбиеші балалардың адамгершілік нормаларына бағынатын, саналы түрде меңгерілген мінез-құлыққа тәрбиелейді. Адамгершілік нормалары: қайырымдылық, сыпайылық, әділдік, қарапайымдылық, қамқорлық, және т.б. ұғымдарды тәрбиеші бірте-бірте балаларға түсіндіру арқылы меңгертеді.



«Қосқұдық» балалар бақшасы, Арайлым II кіші тобы

Мектепке дейінгі балалардың адамгершілік тәрбиесінің мазмұны балалар бақшасында тәрбиелеу бағдарламасында көрсетілген. Оған мыналар: Отанға, өз ұлтына деген сүйіспеншілік, оларды және олардың еңбегін құрметтеу, ұлтаралық, ұжымдық және адамгершілік бастамасы, мінез-құлық тәртіптілігі мен мәдениеті, мінездің ерік-жігер белгілері, жеке адамның жағымды адамгершілік сапалары кіреді.

Халқымыздың тәлім-тәрбиелік мұрасына үңілсек, ол адамгершілікті, қайырымдылықты, мейірбандықты дәріптейді. Ата-бабаларымыз баланы бесігінен жақсы әдеттерге баулыған. «Үлкенді сыйла», «Сәлем бер, жолын кесіп өтпе» деген секілді ұлағатты сөздердің мәні өте зор. Адамгершілікті, ар-ұятты бар адамның бет-бейнесі иманжүзді, жарқын, биязы, өзі парасатты болады. Ондай адамды халық «Иманжүзді кісі» деп құрметтеп сыйлаған.

Ал енді «Қосқұдық» балалар бақшамызда адамгершілікке байланысты көптеген тәрбие жұмыстары жүргізілуде. Адамгершілік тәрбие беруде ата-аналармен, балалармен

өткізілген «Қыз сыны», «Жігіт сұлтаны», «Ата көрген - оқ жонар, ана көрген - тоң пішер», «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» т.с.с. шаралар балаларға жақсы әсер береді. Адамгершілік тәрбие әр оқу іс-әрекеттерімізде болады. Мысалы: «Шаттық шеңбер», «Ойын», «Сергіту сәті», «тыныштық сәт», «топтық жұмыс», дәптермен жұмыс, жүректен жүрекке шеңберінен тұрады (суретте).

Адамгершілік тақырыбы - мәңгілік. Ол ешқашан ескірмек емес. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру – ата-ана мен ұстаздың басты міндеті. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлағы - халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет-ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс-тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді. Қай заманда болмасын, адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы - өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу.

Ұрпақ тәрбиесі - келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасатты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу - баршамыздың қоғам алдындағы борышымыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Отбасы және балабақша» №6 (172) қараша-желтоқсан 2015 ж.
2. «Отбасы және балабақша» №5 (159) қыркүйек –қазан 2013ж.
3. «Бала мен балабақша», «Ребенок в детском саду» №3(95) 2016 ж.
4. «Отбасы және балабақша» №1 (161) қаңтар-ақпан 2014ж.

Аннотация

Мектепке дейінгі балалардың адамгершілік тәрбиесінің негізін балалар бақшасында тәрбиелеу туралы жазылған.

Аннотация

В этой статье рассматривается актуальность проблемы духовно-нравственного воспитания в дошкольном учреждении, обозначены цели и задачи современного воспитания дошкольников.

Annotation

This article discusses the relevance of the problem of moral education in preschool institution, marked the goals and objectives of modern education of preschool children.

УДК 378

Т 50

АКМЕОЛОГИЧЕСКИЙ ПОДХОД В СОВРЕМЕННОЙ СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ

Тойганбекова Ш.

**ИТиМПЕНГД тренер по формированию функциональной грамотности и
ОССО ФАО НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Жамбылской области**

*Три пути ведут к знанию:
путь размышления – это путь самый благородный,
путь подражания – это путь самый легкий,
и путь опыта - это путь самый горький.*

Конфуций

В настоящее время активно дискутируется вопрос о том, каким должен быть современный учитель, какими знаниями, навыками, качествами, компетенциями он должен обладать. Среди разных характеристик, которые называются в качестве необходимых составляющих профессиональной деятельности современного педагога, часто называют творческий подход к педагогической деятельности, профессиональная

мобильность, способность к постоянному профессиональному саморазвитию и самосовершенствованию. Это, в первую очередь, связано с качеством образования - востребованностью полученных знаний в конкретных условиях и местах их применения для достижения конкретной цели и повышения качества жизни.

Проблема качества образования в условиях глобализации мирового сообщества может быть решена только тогда, когда образование начнет затрагивать глубинные процессы развития человека, его менталитет, интеллект и мышление. Таким образом, способность педагогов к постоянному обогащению своих знаний и умений, уровень развития их профессионально-значимых личностных качеств, направленность на профессионально-творческое саморазвитие и самореализацию являются важными критериями их профессионализма, показателями качества профессионально-педагогического образования и его целевыми ориентирами. Совершенствование подготовки и повышение квалификации педагогов связано с осознанным восхождением личности к высокому уровню компетентности и профессиональному мастерству. Это становится возможным с использованием новой и перспективной науки – педагогической акмеологии.

Акмеология (акме-вершина, логос-наука) – направление социальных наук, интегрирующее знания о человеке на этапе его зрелости, изучающее закономерности достижения взрослым человеком «акме» (вершин) в различных видах жизнедеятельности, в том числе в образовании, самообразовании и в профессиональной деятельности [1, с.32]. Акмеологический подход в современной системе образования состоит в том, чтобы обеспечить усиление профессиональной мотивации, стимулирование творческого потенциала, выявление и плодотворное использование личностных ресурсов для достижения успеха в профессиональной деятельности педагога.

Педагогическая акмеология - это наука о путях достижения профессионализма и компетентности в труде педагога. Одно из центральных понятий педагогической акмеологии - это понятие профессионализма педагога. Под ним понимается интегральная характеристика личности педагога, предполагающая владение им видами профессиональной деятельности и наличие у педагога сочетания профессионально важных психологических качеств, обеспечивающих эффективное решение профессиональных педагогических задач по обучению и воспитанию (детей, взрослых обучающихся).

Профессионализм педагога, по мнению ученых, должен соответствовать ряду критериев, среди которых:

- объективные критерии: эффективность педагогической деятельности (основных ее видов - обучающей, развивающей, воспитательной, а также вспомогательных в труде педагога - диагностической, коррекционной, консультационной, организаторско-управленческой, самообразовательной и др.);

- субъективные критерии: устойчивая педагогическая направленность (желание оставаться в профессии), понимание ценностных ориентаций профессии педагога, позитивное отношение к себе как профессионалу, удовлетворенность трудом;

- процессуальные критерии: использование педагогом социально приемлемых, гуманистически направленных способов, технологий в своем труде;

- результативные критерии: достижение в педагогическом труде результатов, востребованных обществом (формирование качеств личности учащихся, обеспечивающих их подготовленность к жизни в быстро меняющемся обществе).

Уровни профессионализма педагога представляют собой ступени, этапы его движения к высоким показателям педагогического труда:

- уровень овладения профессией, адаптация к ней, первичное усвоение учителем норм, менталитетов, необходимых приемов, технологий;

- уровень педагогического мастерства как выполнение на хорошем уровне лучших образцов передового педагогического опыта, накопленных в профессии; владение

имеющимися в профессии приемами индивидуального подхода к учащимся, методами передачи знаний; осуществления лично-ориентированного обучения и др.;

- уровень самоактуализации педагога в профессии, осознание возможностей педагогической профессии для развития своей личности, саморазвитие средствами профессии, сознательное усиление своих позитивных качеств и сглаживание негативных, укрепление индивидуального стиля;

- уровень педагогического творчества как обогащение педагогическим опытом своей профессии за счет личного творческого вклада, внесения авторских предложений как касающихся отдельных задач, приемов, средств, методов, форм организации учебного процесса, так и создающих новые педагогические системы обучения и воспитания [2, с. 32].

Акмеологический подход в современной системе образования состоит в том, чтобы обеспечить усиление профессиональной мотивации, стимулирование творческого потенциала, выявление и плодотворное использование личностных ресурсов для достижения успеха в профессиональной деятельности педагога.

Внедрение акмеологического подхода в современное профессионально-педагогическое образование является действенным фактором, обеспечивающим усиление профессиональной мотивации педагогов, стимулирующим развитие их творческого потенциала, позволяющим выявить и плодотворно использовать личностные ресурсы для достижения успеха в профессиональной деятельности посредством формирования акмеологической направленности личности [1, с. 34].

Качество образования как универсальная категория комплексной оценки деятельности образовательного учреждения может быть рассмотрена в контексте акмеологии, поэтому наиболее актуальными оказываются следующие вопросы: перспективы создания акмеологической школы, эффективность акме-технологий, «акмеологическая культура» как необходимое условие развития школы. При акмеологическом подходе доминирует проблематика развития творческих способностей, личностных качеств, способствующих реализации индивидуальных качеств будущего педагога [3, с. 194].

Акмеологический подход представляет собой систему принципов, приемов и методов, позволяющих решать акмеологические проблемы и задачи. Его внедрение в профессиональное образование обеспечивает повышение качества профессиональной подготовки учителя, профессиональной мотивации и мотивации к достижению успеха в деятельности, формирование стремления к самосовершенствованию и успешной самореализации в профессии, способностей и потребностей в постоянном обновлении профессиональных знаний и умений, в творческом саморазвитии, ориентации на достижение высот профессионализма.

Одним из приемов акмеологического подхода является составление акмеограммы педагога. Акмеограмма педагога – это документ, в котором отражена индивидуальная "траектория" восхождения данного конкретного педагога к вершинам профессионализма, программа перехода от одного уровня профессионализма к другому, более высокому. Акмеограмма педагога является средством продвижения педагога к профессионализму, к достижению педагогом своего профессионального акме, а также средством самоконтроля за этим движением [4, с. 32].

Акмеограмму педагога целесообразно соотносить с профессиограммой педагога. Профессиограмма отражает социальные требования к профессиональной деятельности и личности специалиста. Профессиограмма педагога раскрывает особенности успешного выполнения профессиональной деятельности, требования к достижению социально приемлемого результата. Акмеограмма педагога выявляет пути продвижения педагога к более высоким уровням профессионализма. Поэтому акмеограмма может включать в свою структуру задачи профессионального совершенствования педагога (например, овладение новыми методами обучения, выработку своего индивидуального стиля и др.), способы и

приемы овладения этим новым уровнем профессионализма (например, посещение и анализ уроков своих коллег, анализ своих педагогических приемов и результатов обученности учащихся и др.), сроки достижения новых, более высоких результатов. Акмеограмма педагога намечает пути совершенствования профессиональной деятельности и продвижения к новым уровням педагогического мастерства и творчества. Акмеограммы педагога могут отличаться друг от друга по целям (каких новых уровней профессионализма намечается достигнуть), по характеру и динамике траектории (каких новых результатов предлагается достичь путем постепенного систематического продвижения или путем приложения больших усилий и стремительного подъема).

При построении акмеограммы педагога важно иметь в виду, что планирование каждой новой ступени профессионализма, новой профессиональной позиции целесообразно подкреплять определением тех конкретных профессионально важных качеств личности, которые необходимы на этой ступени.

Так, ступень эрудита требует от педагога теоретического педагогического мышления, интереса к изучению другого человека, чувствительности ко всему новому и интересному в науке и практике. Ступень мастера означает переход к практическому педагогическому мышлению и воплощению в своей практике лучших образцов профессионального ответа, что требует педагогического целеполагания, педагогической наблюдательности, педагогической интуиции и импровизации.

Позиция диагноста требует от педагога владения педагогическим диагностическим мышлением, внимания к индивидуальным вариантам психического развития, педагогического чутья, педагогического прогнозирования. Ступень гуманиста обеспечивается такими личностными качествами педагога, как гуманистическая ориентация на развитие личности учащихся, педагогическая эмпатия, педагогический такт, профессиональная чувствительность. Ступень самодиагноста опирается на такие качества личности педагога, как зрелое профессиональное самоопределение, самосознание, педагогическая рефлексия. Позиция новатора, творца требует от педагога гибкого педагогического мышления, педагогической интуиции, импровизации, способности действовать в условиях неопределенности.

Педагог-новатор должен также обладать творческими педагогическими способностями, новым педагогическим мышлением, готовностью отойти от штампов и стереотипов, мотивационной активностью, интересом к инновациям. Педагог-исследователь, осуществляющий варьирование условий своей деятельности и прослеживающий изменение результатов, должен владеть исследовательской культурой, перспективным педагогическим целеполаганием. Педагог, желающий подняться на ступень осознанной индивидуальности, должен развивать у себя качества самобытности в восприятии профессиональных и жизненных явлений, индивидуального самовыражения в профессиональной деятельности, владения индивидуальным стилем, уважения к индивидуальности других людей. Педагог, стремящийся стать участником педагогического сотрудничества, должен анализировать и изучать у себя качества, способности к владению гибкими ролевыми позициями, терпимости, эмпатии.

Акмеограмма педагога может включать все названные выше уровни и ступени профессионализма – мастерство, творчество, исследовательский и инновационный подход, саморазвитие, сотрудничество с коллегами. Достижение более высоких уровней профессионализма планируется в акмеограмме через овладение плавными видами педагогической деятельности и развитие новых профессионально важных качеств. На основе акмеограммы педагога осуществляется выбор акмеологических технологий – процедур, включающих систему задач, способы достижения педагогом высоких уровней профессионализма, а также подчиненную им совокупность методов, техник и приемов. Без сомнения, акмеология значима для повышения качества образования, поскольку открываются перспективы создания акмеологической модели профессиональной подготовки педагогов.

Список литературы:

1. Медведев В. П. О роли акмеологии в современном профессиональном образовании // *Фундаментальные исследования*. – 15.05.2011. – С. 32–34.
2. Маркова А.К. Психологические критерии и ступени профессионализма учителя // *Педагогика*. 1995. № 6. С. 55–63.
3. Акмеологический подход как основа повышения качества профессионально-педагогического образования // *Вестник КГУ им. Н. А. Некрасова*. Т. 13. Гендерная психология. – Кострома, 2007. – № 6. – С. 194 – 199.
4. Маркова А.К. Психологический анализ профессиональной компетентности учителя.

Аннотация

Акмеологияның нысанына есею кезеңінде даму кезіндегі тұлға жатады. Кең мағанада – бұл есейген тұлғаның дамуына ықпал ететін немесе кедергі болатын объективті және субъективті факторлар. Өзінің кәсіби іс-әрекетіндегі, шығармашылығындағы, қатынастарындағы, дамуындағы нәтиженің ең жоғарғы деңгейіне қол жеткізе алатын жағдайлар, шарттар. Гректер «акме» сөзімен адам өміріндегі есейген жастық кезеңді белгілейді, жастық шақтың осы кезеңінде адам өз қабілеттерінің жоғарғы шыңына жетеді, осы кезең адам күштерінің нығайып, қанатын жайып, гүлденген кезі болып табылады.

Аннотация

Статья посвящена вопросам внедрения акмеологического подхода в современное педагогическое образование. Акмеологические подходы являются действенным фактором, обеспечивающим усиление профессиональной мотивации учителей, стимулирующим развитие их творческого потенциала, позволяющим выявить и плодотворно использовать личностные ресурсы для достижения успеха в профессиональной деятельности посредством формирования акмеологической направленности личности. Акмеологический подход в современной системе образования состоит в том, чтобы обеспечить усиление профессиональной мотивации, стимулирование творческого потенциала, выявление и плодотворное использование личностных ресурсов для достижения успеха в профессиональной деятельности педагога.

Аннотация

Acmeology (Acme-top, logos-science) – social Sciences, integrating knowledge about the person at the stage of its maturity, studying the patterns of achievement of adult Acme (vertices) in various types of activity, including education, self-education and professional activity. Acmeological approach in the modern education system is to ensure a greater professional motivation, promoting creative potential, the identification and productive use of personal resources for success in the professional activity of a teacher.

ӘОЖ 373.2(574)

X 23

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ДАМУ ТУ БАРЫСЫНДА «ҚҰМ ТЕРАПИЯСЫН» ҚОЛДАНУ

Хасенова А.Ш.

«Айналайын» балалар бақшасы, Жамбыл обл., Шу қ., Төлеби ауылы

«Ойын баланың алдынан өмір есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін дамытады.

Ойынсыз ақыл-ойдың қалыптасуы мүмкін емес».


В.А. Сухомлинский

Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім беру мазмұнына айрықша мән беріліп, адамның рухани жан-дүниесінің дамуына, шығармашылығы мен белсенділігіне жағдай жасау

керектігі айтылған. Осы тұрғыдан тұлғаның шығармашылығын дамыту, оны жаңа талап тұрғысынан шешу негізгі міндеттердің бірі болып саналады. Қазіргі кездегі экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне өтуі білім беру саласында, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға уақыт талабына сай өзгерістер енгізуді талап етіп отыр.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Мәңгілік ел» атты Қазақстан-2050 стратегиясында «Адамзат үшін 21 ғасыр - жаңа технологиялар ғасыры болмақ, ал осы жаңа технологияларды жүзеге асырып, өмірге енгізу, игеру және жетілдіру бүгінгі жас ұрпақ, сіздердің еншілеріңіз...Ал жас ұрпақтың тағдыры - ұстаздардың қолында»-деп ұстаздар қауымына үлкен міндет жүктеп отыр. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жаңа өзгерістер мен әлемдік білім беру тәжірибелерін пайдалана отырып, баланың жеке дара күшінің дамуын қамтамасыз ететін жаңа бағыттағы жобаны іздестіру және қолдануға арналған Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңында «Әр баланың қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын дамыту» сияқты мәселелер мемлекеттің білім саясатының басты ұстанымында атап көрсетілген. Елбасының сөзі мен осы ұстанымды басшылыққа ала отырып, аналитикалық терапияның негізін салушы Карл Густав Юнгтің «Құм терапиясын» балабақшадағы балалармен жұмыс жүргізуді жөн көрдім.


Мектепке дейінгі балалардың құзыреттілігін дамыту барлық артерапияның салалары бойынша құм терапиясы үлкен роль атқарады. Құм терапиясының мақсаты: Балалардың құм терапиясында қиял, көрнекі – бейнелік ойлауды, сөздік – логикалық ойлауды, көрнекі іс-әрекеттік ойлауды, шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауды дамыту болып табылады. Құм терапиясы арқылы балалардың құзыреттіліктері дамиды. Атап айтсақ:



Құммен ойын — балалар мен ересектердің эмоционалдық хал-жағдайларына оң әсер етеді, бұл баланың өзіндік дамуы үшін тамаша құрал болып табылады. Құммен ойнау кеңестік әдіс ретінде 1939 жылы ағылшын педиатры Маргарет Ловенфельд сипаттама берген.

«Құм терапиясы» концепциясының құрылуымен негізінде юнгиан мектебінің өкілдері айналысты, мысалы швейцар аналитигі Дора Каалфф. Құмдағы ойындар — баланың табиғи әрекеті формаларының бір түрі.

Н.К.Крупская: «Бала жас болғандықтан ғана ойнамайды, балалықтың өзі оған ойнау, яғни жаттығу арқылы өмірде қажетті дағдыларды игеру үшін берілген» деген болатын.



Екі ыдыс бірі құммен, екіншісі сумен толтырылады. Балаларға оған қоса құмды қалыптар және әр түрлі кіп-кішкентай фигуралар беріледі. Балалар құм мен суды араластыра отырып, оны қалыптарға сала отырып түрлі мүсіндер жасап шығарады. Бұндай әдісті М. Ловенфельд өзінің әдістемесінде «әлемді құру техникасы» деп атады.



«Айналайын» балалар бақшасы, Аққайың тобы

Бұл әдіс соңғы кезде бой ала бастаған өзгеше әдіс. Құмды илеу арқылы қалыпқа салу жұмысы баланың ойын әрекетімен қатар, жақсы нәтижеге қол жеткізе алатынына сенімін туғызады және көңіл-күйі көтеріледі. Құм терапиясының әсіресе құммен сурет салу тәсілі бала психикасына әсерін тигізбей қоймайды. Бұл әдіспен суреттеуге балалар аса қызығушылық танытады. Өйткені баланың сурет салу барысында ұсақ саусақ моторикасының, есте сақтау қабілеттің, қозғалыс ептілігінің, жүйке жүйесінің жоғары, белсенді деңгейде жұмыс жасауынан туындайды. Құммен суреттеу кезінде баланың жүйке, саусақ, есте сақтау, епті қозғалыстарының синхрондалуынан жүйкеде екі жақты даму (қос қолмен сурет салғандай) іске асады. Бала құм терапиясында тек қана қиял, көрнекі – бейнелік ойлауды, сөздік – логикалық ойлауды, көрнекі іс-әрекеттік ойлауды, шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауды дамыта отыра процесс барысында бала өзінің ішкі қобалжуларын ішкі сезімдерін сыртқа ойын барысында фигураларды таңдау барысында толығымен өз назарын салады. Бала ойын барысында өзінің терең эмоционалдық қобалжуларын айта алады.

Құм терапиясының маңыздылығы:

- сөзбен айтып жеткізе алмайтын ойлаумен қобалжуларды сыртқа шығаруға көмектеседі.

- Іште туындаған қиын жағдайларды, шығармашылық потенциалдарын босатады.

Құм терапиясы 3 жастан бастап әр жастағы адамдармен өткізіледі. Кейбір адамдар бұл әдісті психоанализге әкеледі деп ойлайды, бірақ біздің тәжірибе терапияның еркін әдісі екенің көрсетеді. Балабақшада педагог-психолог болып жұмыс істеу барысында балалардың байланыстырып сөйлеуі және сөздік қорларының кемшіліктері басым болуда. Осымен қатар оларда сөйлеу тілі өте төмен дамыған олар агрессивті, бір-біріне қайрымды болмауы және бір-біріне мейірімділік шындамдылық танытпауы басым. Балалардың тез және жиі шаршайтындықтары, оқу іс-әрекетке деген қызығушылықтарының төмендеуі, байланыстырып сөйлеуін және сөздік қорларының аздығын болдырады, коммуникативтік дағдыларының дамуын тоқтады. Осындай ауытқулардың бірнеше себептері бар. Бұл экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуы және қоғамда тудырылатын мәселелер: өмірдегі және теледидардағы қатыгездіктің өсуі, дұрыс тамақтанбау және ата-аналардық денсаулыққа қайшы келетін қылықтары, қиын отбасылардың көбеюі. Ата-аналардың көбі балалармен қарым-қатынас жасауға және тәрбиелеуге уақыт бөлмейді және ниеттері жоқ, оларда бірінші орында отбасын

қаражатпен қамтамасыз ету. Балаларға ата-анасымен тікелей қарым-қатынасын компьютер мен теледидар алмастырады. Тәрбиешіге түрлі мінездегі балалармен жұмыс істеуге тура келеді.

Біз Шу ауданымыздағы өзіміздің «Айналайын» балабақшасында балалардың сөздік қорлардың дамуына және жалпы өзін-өзі ұстау жұмыстарына көп назарымызды аударамыз. Балалардың дамуын және тәрбиесіндегі кемшіліктерді шешуге көптеген әдіс-тәсілдер бар. Мен бұл әдістердің ішінен балалармен жұмыс жүргізудің бір түрі құммен ойынға тоқталып өткім келеді. Біз күнделікті оқу іс-әрекеттерде құм терапиясын үнемі қолданамыз. **(Суретте)** Балалар құммен ойнауды өте жақсы көреді. Жазғы маусымда балалар шаршамастан бірнеше ай бойы құмзарда «еңбектенеді»: түрлі кеңсарайларды жасап, түрлі тоқаштар «қуырып», тортарды жасайды. Құм балалардың өзара түсінушіліктерін табуға көмектеседі. Құм агрессиялық қуатты шешеді, сондықтан құмзарда ойнап отырған барлық балалар бірге ойын жоспарлап оны жүзеге асырады. Балалардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауға мүмкіндігі туады да, ол тілдік және коммуникативті дамуына жағымды әсерін тигізеді.

Құммен сурет салу өнері – қолжетімді, қарапайым іс. Кішкентай балалардың дамуына өте пайдалы материал. Құммен жұмыс ұсақ қол моторикасын дамытады. Құммен творчестволық жұмыстар жасау бір – бірімен тіл табысуға, бірігіп жұмыс жасауға тәрбиелейді. Құмның ойын терапия тәсілі – мүмкіндігі шектеулі балалардың денсаулығына қуаныш пен рахаттану атмосферасын тудырып, оларға жақсы жағынан әсер етеді. Құмның көмегімен ертегілерді келтіріп ойнап, қиялдарын жетілдіріп, өз әлемін жасауға болады. Сонымен қатар балалар құмда сурет салу барысында ешқашанда көңілсіз сурет салмайды. Себебі жіберген қателігін тез түзетуге болады. Қанша түзетем десе де өз еркі. Мысалы әріппен танысқан кезде, бала оны құмға жазып көреді, егер дұрыс жаза алмай, қателік кетсе өзгертуге болады.

Қорытындылай келе, психологиялық көзқарас тұрғысынан да, мектепке дейінгі білім беру құрылымы баланың білімді ғана игеріп қоймай, тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына: өз-өзі бағалауға, эмоционалды қажеттілікке, сондай-ақ баланың басқа адамдармен қарым-қатынас жүйесіндегі әлеуметтік-психологиялық ерекшелігіне негізделу керек. Ал енді педагогикалық процестің негізгі бағыты әрбір жеке тұлғаның мәдениетін тәрбиелеу, әрбір баланың жеке дара ерекшелігін ескере отырып, қойылған міндеттерді іске асыруда жеке тұлғаны жан-жақты етіп қалыптастыру бірлікте шешімін табады. Заманауи инновациялық әдістерді мектеп жасына дейінгі балалардың дамуында қолдану арқылы, балаларды шаршатпай, жалықтырмай, жан - жақты дамуына «Құм терапиясының» тигізер үлесі өте зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аугалипова У.И., Бапаева С.Т. Практикалық психологияның теориялық-әдістемелік негіздері. Оқу құралы. – Алматы, 2006-160 б.
2. Копытин А.И. Тренинг коммуникации: Арт-терапия. М.,2006.
3. http://www.rusnauka.com/8_NMIV_2013/Psihologia/8_129995.doc.htm
4. Балапанов Е.Қ.Бөрібаев Б.Б. Ақпараттық мәдениет негіздері. Әдістемелік нұсқау-Алматы,2005жыл.
5. Т.Д. Зинкевич-Евстигнеева Т.М. Грабенко « Чудеса на песке» практикум по песочной терапии. Из-во « Речь» 2005 год
6. Арт-терапия в работе с детьми: Руководство для детских психологов, педагогов, врачей и специалистов, работающих с детьми. — СПб.: Речь, 2006. — 160 с, илл. Киселева М.В.
7. <http://nsportal.ru/ap/library/drugoe/2014/11/03/kum-terapiya>

Аннотация

Бұл мақалада мектепке дейінгі балалардың құзыреттілігін дамыту үшін құм терапиясын маңыздылығы туралы айтылған.

Аннотация

В данной статье рассмотрена актуальность такого метода арт-терапии, как песочная терапия для художественно-эстетического развития детей дошкольного возраста.

Annotation

This article describes the relevance of such a method of art therapy as sand therapy for artistic and aesthetic development of children of preschool age.

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ

МАТЕМАТИКА, ФИЗИКА, ИНФОРМАТИКА

ӘОЖ 681.5

Ш 96

РОБОТОТЕХНИКАНЫ МЕҢГЕРУ - ЗАМАН ТАЛАБЫ

Көшербаева М.Р., Шүкірбаева Ш.Б., Турдалиева А.Қ.
Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Тараз қ.

Қазіргі кезде, дүние жүзінде роботтар жасау, яғни робототехника саласы қарқынды дамуда. Қазақстан үшін робототехника саласы - өте жас сала. Мысалы, Жапония, АҚШ, Германия сияқты робототехника саласындағы жетік елдер сондай биік дәрежедегі өндіріске ондаған жылдар бойы тынымсыз еңбектеніп жетті. Қазірге кезде бұл елдерде, робототехника саласы қарқынды дамып келеді және де сол елдердегі робототехника саласы Қазақстандағы робототехниканы 10-20 жылға озып отыр. Германияның Kuka AG, Жапонияның Kawasaki Robotics индустриялды роботтарды шығаратын компаниялары соған мысал бола алады [1]. Біз де болашақта осы дәрежеге жетуіміз үшін көптеген тынымсыз еңбек етуіміз қажет. Ал енді робототехника дегеніміз не деген сұраққа жауап берейікші.

Робототехника (робот және техника; ағылш. *Robotics* — роботика, робототехника) – роботтардың құрылысымен, жұмысы мен қолдануымен айналысатын, оған қоса олардың басқару, сезіну мен мәлімет өңдеумен айналысатын механикалық, электр және электронды инженерия мен компьютер ғылымдарының біріккен саласы [2]. Робототехника роботтардан басқа автоматтандырылған техникалық жүйелер мен өндірістік үдерістердің ең жаңа техникалық жиынтықталуын әзірлеу мен қолдану жолдарын зерттейтін ғылым.

«Робототехника» сөзінің негізін қалайтын «робот» сөзін 1920 жылы Карел Чапек деген чехиялық жазушы алғаш болып ойлап тауып, өзінің 1921 жылы қойылып, көрермендердің ілтипатына ие болған ғылыми-фантастикалық «Р.У.Р.» («Россумские универсальные роботы») атты пьесында қолданған. Сол пьесада зауыт бастығы адамдарға ұқсас роботтарды ойлап табады да, тоқтатпай жұмыс істетеді. Басында андронидтар адамды мінсіз тыңдап, жұмыс істейді, алайда кейіннен қарсы шығып, өз жаратушыларын жояды.

1942 жылы ғылыми-фантастикалық мәнерде жазатын жазушы Айзек Азимов робототехниканың үш заңын ойлап табады. 1948 жылы Норберт Винер тәжірибелік робототехниканың негізін құрайтын кибернетиканың қағидаларын тұжырымдаған.

Қазіргі кезде роботтардың көптеген түрлері бар, әртүрлі орталарда әртүрлі жолмен қолданылады. Қолдану мақсаты мен сыртқы келбеті әртүрлі болғанымен, құрылымына келгенде баршасында 3 бірдей жерлері бар:

1. Әр робот механикалық негізі - *құрылғы, рамадан* тұрады. Сол раманың түрі қолданылатын мақсатына қарай өзгереді. Мысалы, робот лай мен құмның үстімен жүретін болса, шынжыр тракторлар қолданылуы мүмкін. Механикалық жағы ойлап табушының бір бөлек мәселенің шешімі, робот жүретін жердің қоршаған ортасына байланысты. Роботтың формасы атқаратын функциясымен тікелей байланысты.

2. Әр робот *электр бөлшектерден* тұрады. Сол бөлшектер робот жүйелерін толығымен бақылайды.

3. Барлық роботтар кішкене болса да *компьютер кодын* керек етеді. Сол алгоритмде робот қалай жұмыс істейтіні көрсетіледі. Негізгі үш түрлі алгоритмдер бар: *қашықтан басқару, жасанды интеллект және гибрид*.

Роботтардың көп бөлігі электр моторларын қолданады. Портативті роботтарда көбінесе тікелей токпен жұмыс істейтін brushed және brushless моторлары, немесе айнамады токпен жұмыс істейтін индустриалды роботтар және CNC машиналары. Сондай моторлар көбінесе жүгі жеңіл және басым жылжымы айналмалы жүйелерде қолданылады. Желілік жетектердің көптеген түрлері айналуың орнына алға-артқа жылжиды, бағыты тез және көп өзгереді. Көбінесе индустриалды роботтар сынды үлкен күш қуат керек кезінде қолданылады. Басты түрлері сығылған ауа (пневматикалық), немесе сұйықтық (гидравликалық) қолданады.

Роботтарды қозғалтуда бұлардан басқа қолданатын бірнеше құрылғылар бар. Олардың бірнешеуін төменде қарастырайық:

Қатарлап келген серпімді жетектер. Серіппелер мотор жетегінің бір бөлігі ретінде жобаланады. Серіппе көптеген роботтарда қолданылған, мысалға гуманоид робот.

Ауа бұлшық еттері. Пневматикалық жасанды бұлшықеттер, басқаша айтқанда ауа бұлшықеттер, дегеніміз желді күштеп үрлеген кезде созылатын (40% дейін) құбырдың ерекше түрі сынды. Олар кейбір роботтардың түрлерінде қолданылады.

Сым сынды бұлшық еттер. Сым сынды бұлшықеттер тағы есте сақтау қабілеті бар қорытпа ретінде белгілі. Бұлшықеттердің бұл түрі өте аз қолданылады.

Серпімді наноқұбырлар. Серпімді наноқұбырлар келешегі зор жасанды бұлшықеттер технологиясы. Қазіргі кезде ол зерттеулердің бастапқы кезеңінде. Карбон наноқұбырларында ақаулар жоқ болғанның арқасында карбон жіптері бірнеше пайызға өз ұзындығын өзгерте алады. Адамның бицепстері сол материалдың диаметрі 8 мм сыммен айырбасталына алады. Келешекте сондай жинақы бұлшықеттермен жабдықталған роботтар қолданылуы мүмкін.

Роботтар сенсорлар арқылы қоршаған орта, немесе ішкі бөлшектер туралы нақты мәлімет ала алады. Айтылған тапсырмаларды орындау үшін, қоршаған ортадағы өзгерістерді сезініп, қолайлы жауапты қайтару үшін сезіну роботтар үшін өте маңызды болып табылады. Роботтар сенсорлар арқылы көптеген өлшемдерді жасайды, сенсорлар қорғаныс, немесе бұзылыс туралы ескертулер береді және нақты уақытта жасалынып жатқан тапсырмалар туралы ақпарат береді. Қазіргі робот қолдар мен протез қолдар адам қолына қарағанда кем тактильді ақпарат алады. Ғалымдар соңғы зерттеулерде адам саусақтарының механикалық қасиеті және сезіну рецепторларын еліктейтін тактильді сенсор массивін ойлап тапты.

2009 жылы бірнеше Еуропалық елдерінің және Израиль елінің ғалымдары SmartHand протез қолын жасап, шығарды. Сол қол шынайы адам қолы сынды – қолсыз қалған адамдар сол протез қолдың арқасында жазып, пернетақтада теріп, күйсандықта ойнап және де басқа жұмыстарды атқара алды. Ауру адам протез қолдағы сенсорлардың арқасында шынайы саусақ сезімдерін сезіну қабілетіне ие болды [3].

Компьютердің көру қабілеті дегеніміз көре алатын машинаның ғылым және технологиясы. Ғылыми пән ретінде компьютердің көру қабілеті жасанды жүйенің арқасындағы суреттерден ақпарат алудың теориясы. Суреттен келетін ақпарат бірнеше түрде болады, мысалы видеодағыдай суреттер қатары, немесе камералардың көрінісі сынды. Компьютердің көру қабілетінің қолдануында компьютерлерде нақты мәселені шешуге арналған алдын-ала бір дайын программа жазылған, дегенмен қазіргі кезде машинаның өзін-өзі үйрету қабілетін дамытып жатыр. Роботтар сезіну қабілеті үшін басқа lidar, radar and sonar атты жүйелерді қолданады.

Роботтарға белгілі бір затты көтеріп, орнын ауыстыру, өзгерту, сындыру немесе одан басқа әрекет жасау керек. Роботтардың қолдарын робототехника саласында ағылшынша end effectors деп атайды. Робот қолдарының соңы, нақты айтқанда затты ұстайтын бөлігі ауыстырмалы болады. Әр бір түрі нақты бір жұмыс түріне арналған. Алайда, кейбір роботтарда соңы тұрақты болады, ол кезде ауыстырылмай бір ғана түрлі қысқышпен жұмыс жасайды, кейбіреулерінде гуманоид роботтың қолы сынды (адам қолы сынды) тұрақты, бірақ жұмыстың бірнеше түрін атқара алатын болады.

Ең көп кездесетін түрлердің бірі – *механикалық қысқыш*. Ең жай көрінісінде тек екі саусағы бар. Екі саусақпен кішкентай заттарды ашып, жауып, көтеріп, жібере алады. Саусақтардың арасынан темір сым өткен шынжыр ретінде жасалынады. Қиындығы орташа қолдар Delft қолы сынды, ал адам қолы сынды жұмыс істей алатын қиынырақ қолдар Shadow Hand және Robonaut қолдары сынды. Механикалық қысқыштар түрлі болып келеді, соның ішінде үйкеліс және қамтитын қысқыш. Үйкеліс қысқыш затты жылжытпай ұстауға тырысады, үйкелісті қолданып, күштің бәрін соған жұмсайды. Ал қамтитын қысқыш затты ұстайды, бірақ үйкелісті азырақ қолданады. Ал *вакуумдық қысқыштардың* жасалуы қарапайым болғанымен, олар ауыр заттарды көтеру қабілетіне ие. Көтеретін заттың сырты тегіс болса болғаны, насостар арқылы ауаны сорып алып, заттарды көтереді. Үлкен ауыр заттарды көтеруге арналған роботтар қысқыштар ретінде көбінесе қарапайым вакуумдық қысқыштарды қолданады.

Біраз озат роботтар толығымен адам қолы ұқсас Shadow Hand, MANUS, and the Schunk сынды қысқыштарды қолдануды бастады. Сол қолдар өте епті, оған қоса сол қысқыштарда 20 шақты DOF (degrees of freedom – жылжу бостандығы) мен жүздеген тактильді сенсорлары бар. Роботтар белгілі бір заттарды көріп, сезінді және сол затты көтеріп алды делік. Ал сол затты бір орыннан екінші орынға жылжыту керек болсын. Енді роботтардың жылжу түрлеріне келетін болсақ:

1. Дөңгелекті роботтар. Қарапайымдық үшін роботтардың көбісі 4 дөңгелекпен, немесе үздіксіз платформамен қамтамасыз етілген. Кейбір ғалымдар жылжымалы роботтардың қиынырақ түрін жасауға тырысты, оның ішінде бір, немесе екі дөңгелекпен жүретін роботтар бар. Ол роботтардың бөлшек саны азаяды, оған қоса 4 дөңгелегі бар робот өте алмайтын шектелген жерде бір немесе екі дөңгелегі бар роботтар жүре алады.

2. Екі дөңгелекті теңгеру роботы. Теңгеру роботтары әдетте гироскопты қолданады. Гироскоп арқылы робот қаншалықты тез және қай жағына қарай құлап жатқанын анықтап, дөңгелегін құлап жатқан жаққа қарай айдайды. Сонда робот ішіндегі төңкерілген маятниктің динамикасына байланысты секундына жүздеген рет жиілігімен теңгеруге тырысады.

3. Бір дөңгелекті теңгеру роботы. Екі дөңгелекті теңгеру роботтың кеңейтімі бір ғана дөңгелекпен 2D-ның қалаған жағына жүре алады. Алайда, роботтың бұл түрі дөңгелек ретінде шарды қолданады. Бір дөңгелекті теңгеру роботына Карнеги Меллон Университетінің Ballbot роботы мысал бола алады. Оның бойы мен ені адаммен бірдей. Осындай роботтардың бойы көбінесе ұзын, ендері арық және кішкентай жерде маневр жасауға қабілеттері бар; сол себептен осындай роботтар басқа роботтарға қарағанда адамдардың ортасында өз орнын табады.

4. Алты-дөңгелекті роботтар. Төрт дөңгелектің орнына алты дөңгелекті қолдану шешімі таулы жерлерде, немесе шөпте жүргенде роботқа жақсырақ тартым мен жолмен қысылсу береді.

5. Шынжыр табанды робот. Ал шынжыр табанды роботтар одан сайын жақсы тартым береді. Шынжырлы жылжу механизмі өзін жүрген кезде жүздеген дөңгелектен жасалған сынды ұстайды. Сол себептен сыртқы жерлерде өз қолданысын тапты. Көбінесе қолданылатын салалырдың бірі – әскери сала. Әскери операциялар көбінесе сыртта өтеді, қарапайым дөңгелекпен жетуге қиын жерлерде шынжыр табанды робот оңай жете алады. Алайда, үйдің ішіндегі палас, немесе тегіс жерлерде роботтың бұл түрін қолдану қиындау болмақ. Осы түріне жататын роботтардың бірі – NASA-ның Urbie атты қалалық роботы.

6. Тура жүретін роботтар. Тура жүру үдерісі қиын және динамикалық мәселе. Бірнеше роботтар адам сынды екі аяқтап жүре алады, алайда олардың біреуі де адам сияқты аяғын нық баса алмайды. Адамның жүру қабілеті туралы көптеген зерттеулер жүргізілді, солардың бірі 2008 жылы Texas A&M Университетінде ашылған AMBER лабораториясында. Басқа роботтар екі аяқтан көбірек болып құрастырылды. Екі аяқты роботқа қарағанда аяқтары көбірек болғанымен ол роботтардың құрастыруы жеңілрек болатын. Сол себептен екі аяқтан көбірек, бірақ тура жүре алатын роботтарды құрастыра

бастады. Роботтардың бірін итке ұқсатып құрастырған болатын. Тура жүретін роботтар қозғалыс жүйесі басқа роботтармен салыстырғанда кез келген, тегіс емес жерлерде жүре алатын болды, оған қоса мобилді және энергияны үнемдейтін болды. Әдетте, екі аяқты робот тегіс жерде жүре алады және кейбір кездерде баспалдықпен да көтеріле алады.

Роботтардың кейбір түрлері жылжудың басқа да түрлерін қолданады:

Ұшу. Жалпы айтқанды қазіргі жолаушылар ұшағы екі адамға бағынатын ұшатын робот. Ұшақтардың автопилоттары қосылу тұрса, компьютер ұшақты саяхат бойы толығымен (жерден ұшу, ауада ұшу мен қону) басқара алады. Ұша алатын роботтардың басқа түрі ұшқышсыз ұшақтар, басқа аты unmanned aerial vehicles (UAVs). Ол ұшықта адамдар болмайды, сол себептен кәдімгі ұшақтарға қарағанда кішірек, жеңілрек болады. Ол ұшақтар әскери қадағалау миссиялары үшін қауіпті аймақтарға ұшады. Кейбіреулері штабтан келген бұйрықпен атуды бастайды. Кейбір роботтар адамның бұйрығысыз автоматты түрде оқ ата бастайды. Ұшатын роботтардың басқа түрі – ол қанатты зымрандар, Entomopter, және Epson micro helicopter robot. Air Penguin, Air Ray, және Air Jelly сынды роботтардың денелері ауадан жеңіл, олар ескекпен жүріп, гидролокациямен басқарылады.

– *Иірілген қимылдар.* Бірнеше жылан сынды роботтар жасап шығарылған. Сол роботтар жылан қимылына еліктеп, шектелген жерлерге жете алады. Сол себептен, бір күні жылан сияқты роботтар бұзылған ғимараттардың астарынан адам іздеуге көмектеседі. Жапондық ACM-R5 жылан роботы жермен ғана қоймай суда да жүзе алады.

– *Сырғанайтын роботтар.* Әлем бойынша сырғанайтын роботтардың саны көп емес, солардың бірі көп-режимді жүре алатын және сырғанай алатын робот. Ол роботтың төрт аяғы бар, әр аяқта бір дөңгелектен (дөңгелектерге күш салынбайды). Робот сол дөңгелектерді кәдімгідей басып жүре алады, немесе айдыра алады. Роботтың басқа түрі, Plen роботы, кішкентай скейт борт, немесе роликті конькимен сырғанай алады.

– *Альпинизм.* Роботты тік бетпен төбеге көтерілу үшін ғалымдар біраз күш жұмсап, әртүрлі тәсілдерді қолданған. Тәсілдердің бірі адамның тауға шығуда жасайтын қимылдарын қайталау болатын; дене массасының ортасын түзеп, әр қимылмен иіңтірекке ие болу. Осындай роботтардың бір мысалы ретінде Калифорниядағы Стэнфорд Университетінің Ruixiang Zhang Докторының Capuchin атты тумасын келтіруге болады.

– *Жүзетін робот (балық сияқты).* Санау бойынша кейбір балықтар жүзген кезде қозғағыштың тиімділігін 90%-дан асыра алады. Оған қоса, адам құрған қайық, немесе су астында жүзетін қайықтан тезірек жеделдетіп маневрді жақсы атқарады; және олар аз шу шығарып, суды аз мазалайды. Сол себептен су асты роботтарды зерттейтін ғалымдар жылжудың осы түрін қайталағысы келеді. Осындай роботтардың жарқын мысалдыры Эссек Университетінің Компьютер Ғылымдарының G9 Балық Роботы және Дала Роботының Институты жасаған Tuna Роботы. Осы роботтар балықтардың суда жүзуін талдап, математикалық моделін жасау үшін соғылған еді. Неміс Festo компаниясының Aqua Penguin роботы пингвиндердің сүйір денесіу қайталап, жылжу үшін пингвиндер сияқты “ескекаяқтарын” қолданады. Festo компаниясы медуза (jellyfish) қимылын қайталайтын Aqua Jelly роботын істеген.


– *Желкенді қайық.* Мұхит бетінде өлшемелер жасау үшін желкенді қайық сияқты роботтар шығарыла басталды. Сондай роботтардың бірі IFREMER және ENSTA-Bretagne компаниялары соққан Vaimos роботы. Жылжытатын күш желден келетін болғандықтан, батарея энергиясы тек қана компьютерге, байланыс және меңгерікті бұру үшін қажет. Егер роботтың күн панелі болса, теория жүзінде ол робот шексіз жүре алатын болады. Желкенді Қайық роботтардың жарыстары өтіп тұрады. Сондай жарыстардың екі ең маңыздылары ол жыл сайын Еуропада болатын WRSC және Sailbot жарыстары.

Қазіргі кездегі роботтардың көбісі адамның бұйрықтарымен жұмыс істейді, немесе бір орында қозғалыссыз істейді. Оған қарамастан адамзат динамикалық ортада автономды түрде жұмыс істей алатын роботтарға қызығушылықтарын арттырып жатыр. Сол роботтарға қоршаған ортада кедергісіз жүру үшін навигация керек. Егер күтпеген

жағдайлар (мысалы адамдар мен басқа заттар бір орында тұрмай, жылжитын болса) туындаса робот соғысып мәселе туғызуы мүмкін. ASIMO және Meinü robot сынды жоғары дамыған роботтардың навигация жүйелері де мықты. Өзін - өзі бақылай алатын, немесе Ernst Dickmanns-ның жүргізушісіз автокөліктері қоршаған ортаны сезіп, навигация бойынша шешімдерді көліктің өзі қабылдай алады. Сондай роботтардың көбісі жол нүктелердің арасында шарлау үшін GPS-ті radar, кейбір кездерде lidar сынды сенсорлармен, video cameras және инерциялық бағдар жүйелерімен қоса қолданады.

Көбіне адам сөйлеуінің өзгергіштігінің арқасында компьютер үшін адамның нақты уақытта сөйлеген сөзін тану қиынға соғады. Жергілікті акустика, бөлме көлемі, адамның жағдайы (ауру немесе тәуір) сынды себептердің арқасында бір адамның сөйлеген бір сөзі әртүрлі естілуі мүмкін. Ал егер адамның екпіні болса жағдай одан да нашарлай түседі. Оған қарамастан, 1952 жылы Davis, Biddulph және Balashek дауыс тану саласында үлкен қадамдар жасап, бір адамның 10 санды айтқанын 100% дәлдікпен тани алатын әлемнің ең бірінші “дауыспен енгізу жүйесін” ойлап тапты. Қазіргі кездегі жүйелер минутына 160 дейін табиғи үздіксіз сөйлеулерді 95% дәлдікпен тани алады [3].

Жоғарыда келтірілген деректер негізінде білімгерлер үшін роботтарды жасап үйрену мүмкіндігі Тараз мемлекеттік педагогикалық институтында да қолға алынып отырғаны - біз үшін қуанышты жаңалық болып отыр. Аталмыш оқу орнының “физика-математика” факультетінде жаңа оқу жылынан бастап робототехника лабораториясы ашылу жоспарланып отыр. Арнайы жабдықталған лабораторияда білімгерлер кішкене көлемдегі роботтармен жұмыс жасайтын болады. Төмендегі суретте білімгерлердің көмегімен құрастыруға мүмкін болатын үлгілер көрсетілген:





Сурет - 1. Қарапайым роботтардың үлгілері

Сондай-ақ, роботтарды іс-әрекетке келтіретін арнайы программаларды жасап үйрену негізгі міндеттердің бірі болып табылады. Бұл лабораторияның ашылуы білімгерлердің робототехника саласында қызығушылықтарын арттырып, арнайы сала бойынша білімдерін кеңейтуіне және ғылыми бағыттағы жобаларды іске асыруға көп көмегін тигізеді деген ойдамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <http://el.kz/m/articles/view/> Қазақстандағы робототехника қалай аяққа тұрып есейіп – келе жатыр фоторепортаж.
2. В. Бугаков, И. Фаградянц, Политехнический терминологический толковый словарь, -М.: Polyglossum, 2014.
3. <https://kk.wikipedia.org/wiki/Робототехника>
4. Адамда Жаратушының қолынан шыққан робот./Алаш айнасы.-2011.- №42 (494).
5. Макаров И.М., Топчеев Ю.И. Робототехника: История и перспективы.-М:Знание, 2000.-120 с.

Аннотация

Ғылым мен техниканың соңғы жетістіктерінің базасына негізделіп жасалған қазіргі заманғы роботтар адамзат қызметінің барлық салаларында қолданып келеді. Сондықтан аталған мақалада робототехниканың даму тарихы, олардың қазіргі заманғы түрлері және олардың әртүрлі салаларда қолданылуы туралы айтылған. Сонымен қатар, роботтардың көмегімен заттарды жылжыту әдістері қарастырылған.

Аннотация

Современные роботы, созданные на базе самых последних достижений науки и техники, применяются во всех сферах человеческой деятельности. Поэтому в данной статье рассматривается история развития робототехники, современные виды роботов и их применения в разных сферах. А также способы перемещение веществ с помощью роботов.

Annotation

The contemporary robots, created on the base of quite latest achievements of science and technology, adapt in all spheres of human activity. Therefore in this article it is examined the history of the development of robot technology, the contemporary forms of robots and their application in the different spheres. But also methods the displacement of substances with the aid of the robots.

ГЕОГРАФИЯ, БИОЛОГИЯ, ХИМИЯ, ЭКОЛОГИЯ

ӘОЖ 634.1:631.524.7.01

ТАМШЫЛАТЫП СУАРУ АРҚЫЛЫ АЛМАНЫҢ «ГОЛДЕН ДЕЛШИЕС» СОРТЫН ӨСІРУ

Ақмағамбет К.Н., Тулеубаев Ж.С.

Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Тараз қ.

Елімізде ХХ - ғасырдың 90-шы жылдарының басында суармалы жерлердің көлемі 2,1 милл. га болса, сол жерлерден өсімдік шаруашылығы өнімдерінің 30%-дан астам өнімі алынған. Қазіргі уақытта республикадағы суармалы жерлердің көлемі 1,5 миллион га-дан аз және ол жерлерден өсімдік шаруашылығының жалпы өнімінің 5,3% ғана өнімі жинақталады. Бұл суармалы жерлер көлемі бойынша ғана емес, олардың өнімділігінің де төмендегенін көрсетеді [1-2]. Осы себептермен қатар жаһандық жылынуға байланысты экологиялық мәселелердің туындауы ауылшаруашылығында жаңа көзқарастардың қалыптасуына және еліміздің агроөнеркәсіптік кешені үшін жаңа, ресурс үнемдегіш технологиялардың енгізілуіне әкелді.

Республикамыздың су қорын қалыптастыратын негізгі өзендердің бәрі трансшекаралық болғандықтан, сарапшылардың болжамы бойынша олар арқылы судың келуі 2020 жылға қарай 20%-ға азаяды. Сондықтан егістік алқаптарының құрылымын қайта қарап негізінен майлы және бұршақ тұқымдас дақылдарды көбейтіп су қорларын үнемді пайдалану жұмыстарын жақсартуымыз қажет [3]. Суды үнемдеудің ең тиімді әдісі - бұл тамшылатып суғару әдісі. Кең қатарлы әдіспен егілген жеміс ағаштарын тамшылатып суғару кезінде бұрынғы әдіспен суғаруға қарағанда су 3-4 есе үнемделеді. Су тапшылығына байланысты Жамбыл облысы бойынша 2010 жылы тамшылатып суару технологиясын 213 гектар алқапта пайдаланылса, 2011 жылы 1610 гектар, 2013 жылы бұл көрсеткіш 2881 га, 2014 жылы 3800га құраған болатын, ал 2015 жылы Жамбыл облысының диханшылары 4281 га жерге тамшылатып және жаңбырлатып суаруды орнатқан. [1]

Жамбыл облысындағы суармалы жерлерді пайдалану екі бағытта дамуда. Бірінші бағыт бойынша қант қызылшасы, жүгері және майлы дақылдарды үш танапты ауыспалы егістік жүйесімен өсіру негізінде ол дақылдардың егіс көлемін арттыру. Бұл бағыт қант пен өсімдік майын өндіретін зауыттардың жұмыс істеуін жергілікті шикізатпен қамтамасыз етеді. Суармалы жерлерді пайдаланудың 2-ші бағыты жеміс-көкөніс өнімдерін өсіруде тамшылатып және жаңбырлатып суару жүйелерін кеңінен пайдалану.

Жамбыл облысы өзінің табиғи - климаттық жағдайларына қарай бау - бақша шаруашылығы үшін өте қолайлы, сондықтан тамшылатып суару технологиясын қолданып мол өнім алуға болады. Облыста жаңа егілетін жеміс бақтарын сапалы көшеттермен қамтамасыз ету мақсатында 4-оригинатор-шаруашылық жұмыс істеуде. Бұл шаруашылықтарда көшеттер өсіріп дайындау үшін жаңа голландиялық интенсивті технологиялар енгізілуде. Бұл технологиямен өсірілген көшеттер егілген соң екінші жылы өнім бере бастайды.

Алма ағаштарының өнімділігін арттыруда оның зиянкестері мен ауруларынан тиісті мезгілде қорғау аса маңызды, өйткені ол жеміс өнімділігі мен сапасына елеулі түрде әсер етеді. Осылардың ішінде алма ағашының негізгі зиянкесі алма жемірі болып табылады, ал қалған фитофагтар қосарлама зиян келтірушілер болып саналады. Олардың дамуы жыл бойы қалыптасқан ауа райы жағдайларына байланысты. Сондықтан дискретті тамшылата-жаңбырлата суару бақтың микроклиматын жақсартып, зиянкестердің дамуын тежеп және олардың сан мөлшерінің азаюына септігін тигізеді.

Тамшылатып суару технологиясын пайдалану нәтижесінде алманың Голден Делшиес сортын өсірумен айналысатын шаруашылықтар үшін елімізде осы бағыттағы зерттеулерде қолданылатын негізгі әдістемелер қолданылды. Сонымен қатар тамшылатып суару технологиясының биотикалық факторлары мен алма өніміне әсері анықталып, алма ағаштарын суаруда пайдаланылған үш технологиялық яғни дискретті -тамшылатып - жаңбырлатып суару (ДТЖС), дискретті тамшылатып суару (ДТС), тамшылатып суару (ТЖ) және бақылау варианттарының алма өнімділігіне әсері зерттелді.


Тәжірибе барысында алма бағын үш вариант бойынша суару технологиясын қолдану суды үнемдеу, тамыр жүйесі орналасқан топырақ қабатында оптималды ылғал мөлшерін қамтамасыз етіп, ауа температурасы ылғал болған кезде алма ағашының физиологиялық процестерінің кезеңінде өтуіне және олардың өнімділігінің өсуіне септігін тигізді. Өсімдіктің су пайдалануында топырақтың жеткілікті ылғалдылығын қамтамасыз ететін және су шығындарын 30-40%-ға үнемдейтін оңтайлы суару режимдері анықталды.

Алма ағаштарын суғару негізінен 3-технологиялық схема бойынша жүргізілді:

1. Дискретті - тамшылата - жаңбырлатып суғару (ДТЖС);
2. Дискретті - тамшылатып суғару (ДТС);
3. Тамшылатып суғару (бақылау варианты) (ТС).

Тәжірибелік танаптарға берілген судың шығыны - суды есептегіштер арқылы, ал ауаның температурасы мен ылғалдығы, желдің жылдамдығы, аспирациондық психрометр, гигрограф, термометр және анемометр құралдары арқылы, топырақ температурасы Савинов термометрімен және АМ-6 -термометр шуппен, гидрометео қызметінің нұсқаулары бойынша анықталды. Тәжірибе варианттары 4 реттік қайталауда жүргізілді.

Алма ағаштары 3,0 x 2,5м схема бойынша егілді. Алма бағына егілген Голден делишес сорты 3-4 вегетативті суаруды талап етсе, апорт сорты 8 рет суаруды қажет етеді. Сондықтан суды үнемді пайдалану үшін осы сорт таңдалып алынды және бұл сорттың жемістері кәдімгі қоймаларда наурыз-сәуір айына дейін жақсы сақталатындығы оның рентабельділігінің жоғары екендігін көрсетеді. Алма ағашының жапырағындағы су мөлшерін жүргізілген тәжірибе варианттары бойынша бақылағанда (1-сурет) дискретті тамшылата-жаңбырлатып суару нұсқасындағы алма жапырағының су мөлшері дискретті-тамшылата және тамшылата суару варианттарына қарағанда мол болып, алма ағашының жақсы жағдайда өсіп, дамып жатқандығын көрсетеді.




Сурет -1. Алма ағашы жапырағындағы судың мөлшері. (сағат 13-00)

Транспирация қарқындылығы ортаның экологиялық факторларына, ауа райының құбылмалы болуына тікелей байланысты болып, 15-250 г/м²·сағат аралығында өзгерісте болады. Транспирация нәтижесінде жапырақ клеткаларындағы барлық тіршілік процестерінің қарқынды жүруіне мүмкіндік тудырады. Транспирация қарқындылығы вегетациялық кезеңнің соңына қарай төмендей бастайды. Транспирация қарқындылығын анықтаудың негізгі әдісі – бұл салмақты өлшеу әдісі, яғни булануға кеткен су шығынын өлшеу. Өсімдік жапырағы (бір ярустан, көлемдері шамалас) кесіліп алынған соң 2-3 рет тарзион таразысында өлшеніп, салмағының кемуіне қарай буланған судың мөлшері анықталады.

Алма ағашының кесілген жапырақтарының массаларының өзгеруін әрбір 2-3 минут сайын тарзионды таразы арқылы өлшеп, жапырақ ауданын ескеріп орташа транспирация қарқындылығы формула арқылы есептелді.

Тәжірибе нәтижелері көрсеткендей транспирация қарқындылығының ең үлкен мәндері дискретті-тамшылата-жаңбырлата суару (ДТЖС) варианттарында болып оның мәні 49,8 г/м²·сағатқа жетті. Ал дискретті-тамшылатып (ДТС) және тамшылата суару (ТС) нұсқаларында бұл параметрдің көрсеткіші 39,6г/м²·сағат пен 38,1г/м²·сағатты құрады, бұл көрсеткіштер бірінші вариантқа қарағанда 21% және 23%-ға төмен болды. Алма ағашын тамшылата-жаңбырлата суару нұсқасында транспирацияның өсуі бүкіл вегетация кезеңінде тамыр жүйесінде тұрақты ылғалдықты сақтауы мен салыстырмалы ауа ылғалдығының артуы және ауа температурасының төмендеуімен түсіндіріледі. Оның үстіне дискретті – тамшылата –жаңбырлата суару нұсқасында қосымша жаңбырлатып суару ауа райының өсімдікке деген кері әсерін жағдайларын әлсіретеді. Басқа уақыттарда алма ағашының жапырақтарының транспирация мәндері аз ғана өзгерісте (1-3%) болды (3-сурет).




Сурет -2. Алма ағашы жапырағының транспирация қарқындылығы.(сағат-13-00)

Алма жапырағының ең төменгі суды сіңіру қабілеттілігі (0,3г/г кебу салмағында) қосымша жаңбырлата суару кезінде дискретті-тамшылата-жаңбырлата суару нұсқасында байқалды. Алма ағашының сумен жеткілікті қамтамасыз етілуінің тағы бір көрсеткіші салыстырмалы тургоценттілік жетіспеушілігі – бұл жапырақтардың тургоценттілік күйіне жету үшін қаншалықты су мөлшерінің жетіспеушілігін көрсетеді.

Тәжірибе нәтижелері көрсеткендей салыстырмалы тургоценттілік жетіспеушілігі дискретті-тамшылата-жаңбырлата суару нұсқасында ыстық түс мезгілі кезінде 15,1%-ға жетіп, дискретті-тамшылата және тамшылатып суару кезінде бұл көрсеткіш 17,6 және 18,4%-ға жетті (3 -сурет). Сонымен, қорытындылай келсек, тәжірибе варианттары көрсеткендей қосымша жаңбырлатып суару жағдайында аз ғана суару нормасын бергенде ыстық күн мезгілінде тамшылата-жаңбырлатып суаруда басқа дискретті тамшылата суару нұсқасына қарағанда су режимі мен микроклиматтық жағдай жақсарып алма ағашының өніп-өсу жағдайларына тиімді әсер етті.

Бұл жапырақтардың сумен қанығуына олардың транспирациясында және суды шығындауында, суды сіңіру мен тургоценттілігі деңгейінде байқалды.



Сурет 4. Алма ағашы жапырағының салыстырмалы тургоценттілік тапшылығы

Транспирацияның ең үлкен көрсеткіші түскі сағат 13-ке сәйкес келетіндіктен, алма ағашының жапырағындағы судың мөлшері мен транспирация интенсивтілігі және суды сіңіруі осы уақытта анықталды. Сонымен күнделікті негізгі тамшылата суаруға қосымша ретінде ыстық күндері ауаны салқындату үшін 2-5мм ылғал мөлшерінде жаңбырлата суаруды пайдаланғанда, алма ағашының физиологиялық көрсеткіштері қарқынды өтіп, маңындағы ортаның микроклиматтық көрсеткіштері жақсарып өнімнің өсуіне септігін тигізеді. Бұл жапырақтардың сумен қанығуына, олардың транспирациясында және суды шығындауында, суды сіңіру мен тургоценттілігі деңгейінде байқалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Каменов М. Н. Актуальные вопросы государственной политики Республики Казахстан в сфере водного хозяйства // Сб. докладов ежегод. Межд. науч.-пр. конф. для мол. уч. «Интеллектуальное лидерство Казахстана: взгляд в будущее». - Астана, 2015. - С. 425.
2. Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013 - 2020 жылдарға арналған «Агробизнес-2020» бағдарламасы. - Астана, 2013. - 93 б.
3. Рябцев А. Д. Угрозы водной безопасности в Республике Казахстан в трансграничном контексте и возможные пути их устранения. Астана, 2011., 6 с.
4. Сидоров О. Водные ресурсы Центральной Азии как источник региональных конфликтов // Центральная Азия и Кавказ. 2003. №. 5. С. 29.
5. Калашников А.А., Жарков В.А., Гричаная Т.С. и др. Импульсный капельно-дождевальный водовыпуск - инновационный патент. №10769 от 25.05.2010.

Аннотация

Мақалада тамшылатып суару арқылы өсірілетін алманың «Голден Делшиес» сортын өсірудің агробиологиялық ерекшеліктері қарастырылған.

Аннотация

В статье рассмотрены агробиологические особенности яблони сорта «Голден Делшиес» возделываемых капельным орошением.

Annotation

In the article the features of agrobiological "Golden Delshies" apple varieties cultivated drip irrigation.

ӘОЖ 59

Қ 45

ЖИДЕК ДАҚЫЛДАРЫНЫҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ҮЙ МАҢЫНДА ӨСІРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Алтынсариев А.Ж., Жәйлымысова А.М.

Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Тараз қ.

Ерекшелігі. Бүлдірген өзінің тегі жағынан алғанда орманда шығатын өсімдік, қар қалың жауатын, жазда оншалықты ыстық болмайтын, ылғалды салқын ауалы аймақтарда өседі. Бүлдірген шөп пен ағаштың аралық формасындағы жартылай жатық бағытта, әрдайым көк қалпында болатын көп жылдық өсімдік. Бүлдіргенді егісімен келесі жылы жидек бере бастайды. Бүлдіргеннің тамыры жерге 40-50 сантиметр тереңге тарайды, бірақ бұлардың негізгі бөлігі 25 сантиметр тереңдікте болады. Гүлденгеннен кейін 20-30 күн өткен соң жемістерінің пісуі басталады. Жидек піскеннен кейін жапырақтар және оның ұштары тағы да шапшаң өседі, сонымен қатар сол жылғы шыққан сабақтардың, тұқымдардың түбіне жаңа тамырлар өсе бастайды. Сөйтіп, өсімдік келесі жылы жидек болып шығуға әзірлік жасайды. Бұл бүлдірген сабақтарының өсуі кезеңіндегі аса жауапты

мерзім болады, осы кезде ылғалды және қоректік заттарды көп қажет етеді. Күз басында сол жылғы шыққан бақтардың ұшында жидектік бұршақтар қалыптасады.

Сорттарды іріктеп алу. Учаскені реттеу алдында сорттарды іріктеп алудың маңызы зор. Бұл үшін ең алдымен әрбір ауданға лайықты стандартты сортты іріктеп алу шарт. Әрбір шаруашылықта түрлі мерзімде пісетін сорттарды екен жөн. Төменде Қазақстанның түрлі аудандары үшін ұсынылатын қолайлы аса маңызды сорттардың тізімі келтіріледі. Қызылорда, Шымкент, Жамбыл облыстары үшін - Узбекистанская, Луиза, Урожайная, Луи-Готье, Кох. Алматы, Талдықорған, Жамбыл облыстары үшін - Героня Маншук, Комсомолка, Любовь Поволжья, Новинка, Память Шредера, Ташкентская, Луи-Готье, Кох, Луиза, Саксонка, Юльке, поздняя Леопольдсгалльская. Солтүстік-шығыс, Орталық және Батыс Қазақстан облыстары үшін - Роцинская, Аэлита, Любовь Поволжья, Кох, Виктория, Луиза, Комсомолка [2].

Аса маңызды сорттардың қысқаша сипаттамасы. Урожайная. Бұл сорт Алматы облысында кеңінен таралған. Соңғы кезде республиканың басқа облыстарында да тез тарала бастады. Бұл сорттың ерекшелігі күтімді оншалықты көп керек етпейді және мол өнім береді. Жидегінің ірілігі орташа, формасы дөңгелек, түсі көрікті болып келеді. Пісу мерзімі орташа, өңдепте пайдаланылады. Героня Маншук. Жидегінің сапасы жақсы және мол өнімді болуына байланысты, Қазақстанның оңтүстігімен оңтүстік-шығысына кең тараған және мұндағы негізгі сорттардың қатарына енеді. Бұталары орташа, жинақы, жапырақтары тік тұрады, түсі ашық жасыл. Гүл сидамы қысқа, жапырақ деңгейінен төмен өте берік сондықтан бәрі бірдей топыраққа түсіп жатпайды. Жидектері ертерек шілденің бірінші он күндігінде пісе бастайды. Пісіп жетілу 25-30 күнге созылады. Өнімді мол береді.

Жидектерінің ірілігі орташа 5 грамм, мойыны жоқ, жалпақ сына тәрізді, ашық қызыл. Жұмсағы тығыз, қызғылт, хош иісті, онша сулы емес, дәмді. Жас күйінде желінеді, өңделеді. Басқа сорттарға қарағанда бұл тасуға төзімді. Узбекистанская. Қазақстанның оңтүстігінде тараған. Бұтасы биік өседі, аздап салбыраңқы. Жапырақтары ірі, қыртысты. Алғашқы жидектері шілденің екінші он күндігінің басында піседі. Жеміс салуының ұзақтығы 22 күн. Жидектері ірі 8-9 грамм, шошақ немесе топал шошақ пішінді, бүйірлі, айқын қызыл, жылтыр. Жұмсағы қызыл, сулы, дәмді жақсы. Жас күйінде жейді және өңдеп те пайдаланады. Шымкент, Алматы, Жамбыл облыстарында өсіруге ұсынылады [3].

Бүлдіргенді егу. Бүлдіргенді егудің қолайлы мерзімі - көктем болып есептеледі. Сонымен қатар бүлдіргенді ерте күзде егуге болады. Көктемде бүлдірген егілген учаскені жақсы күткен жағдайда келесі жылы одан түсім алуға болады. Бүлдіргенді күзде екенде, күзгі суық түскенге дейін өсімдік тамыр тартып үлгеруі қажет. Республикамыздың оңтүстік және оңтүстік-шығыс бөліктерінде бүлдіргенді егуге 15 қыркүйектен кешкітруге болмайды. Күзгі суық түскенге дейін тамыр тартып үлгере алмаған өсімдік өліп қалады. Екпе бүлдіргенді таспа етіп отырғызуға болады, қатараралықтарының кеңдігі 70-80 сантиметр және бір-бірінен қашықтығы 25 сантиметр болуға тиіс. Екпе бүлдірген оншалықты терең емес арықтардың жағлауларына отырғызылады. Мұндай орынға жіп тартып, белгі салынады. Егер топырақ құрғақ болса, екпе бүлдіргенді отырғызбастан бір күн бұрын арықшалар арқылы су ағызып, оларды ылғалды топыраққа отырғызылады.

Өсімдіктің жақсы өсуін қамтамасыз ету үшін отырғызылғаннан кейінгі 5-6 күннен соң екінші рет, 6-8 күн өткен соң үшінші рет суарылады. Мол өнім алу үшін өсімдіктің бігік болуын қамтамасыз етудің ерекше маңызы бар. Сондықтан отырғызалғаннан кейінгі 8-10 күннен соң өсімдіктің өнген-өнбегендігі тексеріледі. Өнбеген жерлерге жаңадан екпе бүлдірген отырғызылады. Қосымша егу жұмысы жүргізілгеннен кейін міндетті түрде суарылады. Өнбей қалған өсімдіктер саны оншалықты көп болмаса, екінші рет қосымша екен кезде өсімдік ұштарын өнбей қалған өсімдіктің орнана қарай бағыттап, оны қолдау арқылы өсіруге де болады. Өсімдік тамыр тартқаннан кейін, күтудің негізгі шаралары, өсімдіктің бірқалыпты өсуін қамтамасыз ететін болуға тиіс, бұл шаралар - мезгілімен суару, арамшөптерді отау және топырақты қопсыту болып табылады. Бүлдірген жиі-жиі

суарғанды талап етеді, өйткені оның тамыры топырақтың жоғарғы қабатында болады, бұлар тез құрғағыш болады. Өсу кезеңінде бүлдірген 11-13 рет суарылады, 6-7 рет топырағы қопсытылады және арамшөбі 3-4 рет оталады.

Өнімді жинау. Бүлдірген жидегі бірден жиылмайды, пісуіне қарай бірте-бірте жиналады. 7-8 рет жинауға болады. Жидегі оншалықты берік болмайтын Кох, Луи-Готье сияқты сорттардың жидегін күн аралатып жинауға болады, ал Луиза, Саксонка, Казахстанская сияқты сорттардың жидегі 4-5 күнде бір рет жиналады. Жидекті оның түбіндегі тостағанша көк жапырағы мен және ұзындығы бір сантиметрге жуық сабағымен бірге жинау керек. Бүлдірген жинаған кезде учаскедегі барлық шіріген және зияндалған жидектердің барлығыда түгелдей жиналып алынады. Жиналған бүлдіргенді сол күні, әрі кеткенде келесі күні пайдалану керек. Жинап алған бүлдіргенді бір ыдыстан екінші ыдысқа ауыстыруға болмайды, сонымен қатар күн көзіне ұзақ уақыт қалдыруға да болмайды. Өйткені күн көзіне қалдырған бүлдірген тез бұзылып кетеді [1,2].

Таңқурай жидегін адамдар өте ертеден қолдана бастаған. Таңқурайдың құрамында тұздар, дәрумендер, пайдалы заттар мол. Таңқурай жартылай бұталы көпжылдық өсімдік болып есептеледі. Жабайы түрде аз ғана болса да көлеңкелі жерлерді жақсы өседі. Сорттарды іріктеп алу. Әрбір аудан үшін стандартты сортты өсіру қажет. Өсіруге лайықты аса маңызды сорттар төменде келтірілген.

Жамбыл облыстары үшін - Мальборо, Усанка, Новость Кузьмина, Кутберг. Алматы және Талдықорған облыстары үшін Мальборо, Новость Кузьмина, Усанка, Орлеанская красавица, Феникс, Кутберг. Солтүстік-шығыс, Солтүстік, Орталық және Батыс Қазақстан облыстары үшін - Мальборо, Новость Кузьмина, Усанка, Вислуха, Кримзон Маммут, Грачевка. Аса маңызды сорттарға қысқаша сипаттама. Мальборо. Таңқурайдың өте көп тараған сорттарының бірі. Бұтасы тік өседі, мол өнім береді. Жидегінің дәні ірі, түсі қызыл, тығыз болып келеді, тасымалға мейлінше қолайлы. Дәмі тұщылау болады. Усанка. Таңқурайдың өте көп тараған және жұртқа жақсы мәлім болған сортының бірі. Қысқа төзімді, өнімділігімен көзге түседі. Жидегінің түсі алқизыл, шырынды, ірі, дәмді келеді.

Феникс. Алматы облысында өсірілетін суыққа төзімді сорт. Бұтасы орташа, жеміс салатын бұтақшалары қызыл қоңыр, тегіс, үстін балауыз жапқан. Қылтанақтары өте сирек, бұтақшаның орта шеніне дейін ғана шыққан жіңішке. Жидектерінің түсі қызыл қоңыр, домалақ, сүйектері орташа, жұмсағы берік. Жұмсағының дәмі жақсы, онда 3% қант, 1,20% қышқыл, 20 мг витамині бар. Жидегінің орташа салмағы 2 грамм. Новость Кузьмина. Соңғы кездегі ең көп тараған, өнімді мол беретіндігі, суыққа төзімділігі және жидегінің жақсы сапасы үшін қатты бағаланады. Бұтасы биік тұрады. Бұтақшаларының төменгі жағындағы қылтанақтары өте жиі, жоғарылаған сайын ұсақталып, өте сирек кетеді. Жемісті бұтақшалардың орта жеріндегі ұзын гүл сидамына салады.

Жидектері қызыл, көк, ірі, ұзынша келген оймақ тәрізді, өте дәмді, тәтті, хош иісті. Құрамында 7,3% қант, 1,80 % қышқыл, 27,65 мг, С витамині бар [4,5]. Новокитаевская. Сорттың шыққан жері Украинаның жеміс ғылыми-зерттеу институты Китаевская Новость Кузьминамен будандастыру арқылы алынған, ерте пісетін сорт. Қазақстанда 1972 жылдан бері аудандастырылған, көбіне Алматы облыстарында егіледі. Ауруға төзімді.

Таңқурайды егу және оны күту. Ерте көктем таңқурай отырғызу үшін ең қолайлы уақыт. Мұндай жағдайда таңқурай отырғызуды кешіктіруге болмайды, өйткені таңқурай бүршігі өте ерте шығады, сол себепті таңқурайды кеш отырғызу көптеген жағдайда нәтиже бермейді. Таңқурайды ерте күзде отырғызуға да болады. Мұндай жағдайда өсімдіктің өсуі аяқталған кезде, жапырақтар түсе бастаған уақытында, қысқы суықтың түсуінен 10-15 күн бұрын отырғызу қажет. Таңқурайды отырғызу алдында учаске кварталдарға бөлінеді, әрбір кварталдың көлемі екі қатардан болады. Таңқурайды отырғызғанда оның аралықтары мынадай болады: бұталары тік өсетін сорт үшін 1,5 метр және бұталары жайыла өсетін сорт үшін 2 метр, өсімдіктің бір-бірінен арасы 0,75 метр.

Екпе шыбықтар 40x40 сантиметр шұңқырға отырғызылады. Жеміс ағаштарын отырғызу үшін белгіленген ережелер мұқият орындалуы тиіс.

Таңқурайды отырғызғаннан кейін іле-шала суарылады, мұнан кейін өсімдіктің төңірегіндегі топыраққа көң үгіндісі себіледі. Отырғызылған таңқурайды онан әрі күту жұмысы әрбір 5-20 күн сайын суару, топырақты қопсыту және арамшөптерді отау болып табылады. Күзде жас бұтақтарды қысқы суықтан сақтау үшін жерге қарай қисайтады. Екінші жылы ерте көктем шығысымен иілген бұтақтар қайтадан бұрынғы қалпына келтіріліп жазылады. Мұнан соң құлаған бұтақтар қайта отырғызылады, қатараралықтары қопсытылып және қатараралықтарына көптеген өңдеу жүргізіледі. Мұндай жағдайда өткен жылғы төгілген көң үгіндісі топыраққа араластырып сіңіріледі. Таңқурай шыбығы түбінің айналасындағы топырақ жаңадан өсіп келе жатқан шыбықтары зиян келтіріп алмау үшін 4-5 сантиметр тереңдікке дейін майда етіліп өңделінеді. Бұдан былайғы топырақты және өсімдікті күтіп баптау жұмысы алғашқы жылғы тәртіппен жүргізіледі. Таңқурайды отырғызған алғашқы екі жылда мүмкіндігіне қарай қатараралықтарын картоп және басқа да көкөністерді егуге пайдалануға болады.

Таңқурай жидегін жинау. Жидектің пісу мерзіміне қарай, таңқурай өнімі бірнеше рет жиналады, өйткені таңқурайдың жидегі бірнеше уақытқа бөлініп піседі, сөйтіп жидек жинау бірнеше айға созылады. Таңқурайдың жидегі өте нәзік келеді. Жидекті жеміс пышағымен қиып алады, өйткені оның өзі тұрған күйінде берік келеді. Бұл әсіресе жидекті тасыған кезде өте қажет [3,5]. Ерекшеліктері. Қарақат пен тұшала бұталы өсімдіктер болып есептеледі. Бұлардың атпа тамырлары болмайды. Негізгі түбінен көптеген шыбықтар өседі. Шыбықшалар түпке жақандаған сайын көп болса, соншалықты берік болып өседі. Бұлардың ең қуаттысы тамырға жалғасқан шыбықтар болып есептеледі. Қара қарақаттың жеміс бүршігінің тіршілігі 1-3 жылға созылады, мұндай жағдайда бір рет жеміс берген бүршік келесі жылы өнімді аз береді, сондықтан жеміс беру келесі жылы да жас шыбықтарға ауысады. Қарақаттар жеміс беруі жағынан алғанда өте бағалы өсімдік болып есептеледі, оның бұтақтары 2-3 жыл бойы жеміс бере алады. Төрт жылдық бұталарының өнімі аз, жидегі ұсақ болып келеді. Қызыл қарақаттың және тұшаланың 6-7 жылдық бұталары жақсы жеміс бере алады.

Қарақат пен тұшала көктемде ерте көктейді, таңқурай мен бүлдіргеннен ерте гүлдейді. Гүлдеу мерзімі 10-20 күнге созылады. Гүлдегеннен кейін, шамамен айтқанда екі айдан кейін бұл өсімдіктердің жидегі піседі. Тұшаланың негізгі бұталарынан көптеген бұтақшалар өсіп шығатынын әрдайым есте ұстау керек, осының нәтижесінде бұта тез жиіленіп түптелгіш келеді. Учаскелердегі өсімдіктердің өнім беру мерзімі 15 жылдай болады, одан артық өскен бұталар көптеген жағдайда пайдасыз болып қалады, сондықтан мұндай бұталарды ауыстырған жөн. Қуаңшылыққа төзімділігі және күтімді соншалықты керек етпейтіндігі жағынан жидектік бұталардың ішінде сары жылтыр қарақат ерекше көзге түседі. Бұл өсімдік тіпті ең қолайсыз болған жылдың өзінде де жыл сайын тұрақты мол өнім береді.

Түрлі жағдайда өсе беруге мейлінше бейім болғандықтан және үздіксіз мол өнім беретіні себепті жылтыр сары қарақат, соңғы жылдары Орталақ және Батыс Қазақстанның жеміс-жидек бауларында кеңінен таралуда. Сорттарды іріктеп алу. Қарақат пен тұшаланың бірнеше мың сорты бар, бірақ Қазақстан жағдайында өсіруге бұлардың ішінде біраз сорттары ұсынылады. Қызылорда, Шымкент және Жамбыл облыстары үшін, қарақаттан - Боскопский великан, Кент, Лия плодородная, Крандаль Мичурина, Смородина красная немесе Голландская красная, Красный Крест; Тұшаладан - Мысовский 17, Мысовский 37.

Алматы және Талдықорған облыстары үшін, қарақаттан - Боскопский великан, жергілікті қарақат, Граненая, Масленая, Лия плодородная, Неаполитанская; Тұшаладан - Мысовский 17, Мысовский 37 [3,4]. Қарақат сорттары. Боскопский великан. Бұтасының түбі орташа, сапалы келеді. Тамырға жалғас шыбықшалары аз болады. Жеміс сабақтары ұзын келеді, дара-дара өседі. Жидегі ірі, өте дәмді, сапалы болады. Аса пісіп кетсе біраз бөлігі түсіп қалады. Жемісінің пісу мөлшері орташа. Өнімі жақсы келеді. Лия плодородная. Бұл өте көп тараған сорттың бірі. Мұның ерекшелігі - қысқа төзімді, мол

өнімді келеді бұтасының көлемі орташа, салалы болады. Сабағы ұзынша немесе орташа келеді. Жидегінің ірілігі орташа, пісу мезгілі де сондай. Піскен кезде жемісі бұтадан түспей берік тұра береді. Бұл асханалықжәне техникалық сорт болып есептеледі.

Неаполитанская. Мол өнімді, суыққа төзімді, бұтасының көлемі орташа болады, алғашқы жылдарда тік өседі, соңынан мейлінше салалы болып жан-жаққа тарайды. сабағыда, жидегінің ірілігі де орташа, кейде ірі де болады. Кешігіңкіреп барып піседі. Красный Крест. Бұл сорттың ерекшелік қасиеті - жидегі те салалы дәмді келеді. Өнімі жақсы болады. Бұтасының көлемі орташа, жан-жаққа жайыла өседі, жидегінің түсі қызыл, сабағына тақалған жердегі жидек ірі болады, ал ұшындағылары ұсақ келеді. пісу мерзімі орташа, бұл сорт жақсы күтімді және тыңайтуды керек етеді.

Узбекистанская крупноплодная. Өнімді мол береді. Бұтасы қуатты, жартылай салбыраңқы, жемісті өткен жылы өскен ағашына салады. Жидектері ірі, түсі қоңыр көктен қараға дейін барады. Дәмдік сапасы жақсы. Жидектері шілдеде піседі, бірақ бір мезгілде піспейді. Бұл сорттың кемшілігі жеміс салу мерзімінің екі айға дейін созылатындығы. Тұшаланың Мысовский 37 сорты. Бұл сорттың негізгі қасиеті Тұшаланың аса қауіпті деттері - Тұшала ақ ұнтағына төзімділігі және бұтақшалар арқылы ұласып өсуге қабілеттілігі. Өнімі мол болады. Жидегінің ірілігі орташа, түзісі қызыл қошқыл, орташа көлемді кейде кешігіп піседі. Мысовский 17. Тұшаланың ақ ұнтағы дертіне төзімді. Күтімді және тыңайтуды көп керек етпейді. Ағаш бұталарына ұластырылып өсіруге болады. Өнімі көп, жидегінің ірілігі орташа, формасы сопақ келеді, түсі жасыл болады.

Хаутон. Бұл сорттың негізгі қасиеті - тұшаланың ақ ұнтағы дертіне төзімділігі, мол өнімділігі, ағаш шыбықтарына ұластырылып өсіру мүмкіндігі болып табылады. Жидегі ұсақ келеді, түсі қызыл қошқыл болады, пісу мерзімі орташа-кеш. Голубка. Суаққа төзімді. Пісу мерзімі орташа-ерте, бір жемістің орташа салмағы 0,5-0,6 г. Бір түптен алынатын өнім шамамен 2-2,1 кг [5]. Қарақат және тұшала егілетін жерді белгілеу және учаскені эзірлеу. Қарақат пен тұшала ылғалды сүйетін өсімдіктер. Қарақат сәл көлеңкені де онша елемейді, оған ылғалдың шамадан тыс артық болуы аса зиян келтірмейді. Жазғы температураның өте ыстық болуы бұл өсімдікке қолайсыз келеді. Қызыл қарақат қуаңшылыққа мейлінше төзімді келеді, жарықты көп керек етеді, бұл Орталық және Солтүстік-Шығыс Қазақстан жағдайында қарақатқа қарағанда қысқа төзімді келеді. Тұшала қарақаттан гөрі жылылықты және жарықты жақсы көреді. Мұның барлығын қарақат пен тұшаланы егуге орын таңдағанда есте ұстау керек.

Қарақатты егу үшін ылғалды учаскені таңдап алу керек. Бұл үшін ойпат жерді де пайдалануға болады. Таулы жерлерде қарақат егу үшін сайдың сағалары қолайлы келеді. Сондай-ақ беткейлердің ойпатты бөлігін пайдалану керек. Ашық учаскеге отырғызылған қарақатты түйіндері жаппай түсіп қалатындығы байқалады. Жидегі өте ұсақ болады. Жеміс беретін бүршіктері үсіп кетеді, өнім шұғыл кемиді.

Тұшала үшін жарық мол түсетін, ылғалы жеткілікті. қарашірікті топырақты жер белгіленуге тиіс. Жарық жеткіліксіз болса, тұшалаға грибок ауруы әуес келеді. Қарақат және тұшала егу үшін топырақты таңқурай егуге арналған учаске сияқты эзірлеу керек. Бұлар көктемде тыңайтқышпы көптеп енгізуде өте жақсы әсер етеді. Бұларды отырғызу алдында жер топырағының беті тегістеліп таңқурай егуге арналған учаске сияқты кварталдарға бөлінеді. Жас шыбықтарды отырғызу және оны күту. Жас шыбықтарды ерте көктем шығысымен және ерте күзде отырғызуға болады. Мұндай жағдайда қарақат пен тұшаланың бүршігі көктемде өте ерте шығатындығын әрдайым есте сақтау қажет. Шыбықтарды күзде отырғызған кезде олар суыққа түскенге дейін қалыптасып өнуі керек. Мұнан кеш отырғызған болмайды, өйткені кеш отырғызылған ағаш қысқа дейін өніп үлгере алмайды.

Шыбықтарды отырғызған кезде олардың аралық қашықтығы мынадай болуға тиіс: қарақат үшін қатараралықтары 1,5 метрден, өсімдіктердің бір-бірінен қашықтығы 1 метр, әр гектарға 500 одан да көп өсімдік отырғызылады. Шыбықтар 30x30 сантиметр шұңқырға отырғызылады. Шыбықтар жылыжайдағыларға қарағанда 54-6 сантиметр тереңірек

отырғызылады. Ағашты терең отырғызғанда оның тамыр жүйелері мейлінше жақсы қалыптасады, мұның өзі тамыр жүйелерінің көптеп салалы болып өсуіне қолайлы жағдай жасайды. Екпе шыбықтарды отырғызысымен суару керек, мұнан соң әрбір шыбықшада 2-3 бүршік қалатындай етіп, бұтақтары кесіледі. Суарғаннан кейін ағаш төңірегіндегі топыраққа үгінді көң шашу қажет.

Алғашқы 2-3 жылда қатараралықтағы жерді картоп және көкөніс дақылдарын отырғызу үшін пайдаланылады. Қатараралықтарындағы дақылдарға міндетті түрде тыңайтқыш енгізіледі. Егер қатараралықтары пайдаланылмай бос қалатын болса, қатарға көлденең және ұзынынан жерді қопсытады. Ағаш түбіндегі топыраққа көң үгіндісі енгізілсе, ол жерді қолдан өңдеудің қажеті болмайды [2].

Жеміс беретін ағашты күту. Қарақат пен тұшаланың жеміс учаскесі топыраған күтудің негізіне – суару, топырақты қопсыту, тыңайтқыш енгізу жатады. Қатараралықтарының топырағы жаз бойына 2-4 рет өңделінеді. Суару таңқурайды суарған мөлшермен бірдей болады. Қатараралықтарына енін 80-120 см етіп үгінді көң шашады. Шашылған үгінді көңнің қалыңдығы 6-8 см болады. Қарақат пен тұшала топырақта қарашіріктің өте көп болуын керек етеді, сондықтан да мол өнім алу үшін учаскеге көң тыңайтқышын жыл сайын немесе жыл өткізіп енгізіп тұру керек.

Көнді әрбір түпке (8-10 кг) немесе үгінді шашқан сияқты бүкіл қатар бойына енгізуге болады. Минерал тыңайтқыштармен бір жылда екі рет үстеп қоректендіруге болады, бұл жемістің жақсы өсуіне шыбықшалардың жетілуіне әсер етеді. Бұл жолы әрбір гектарға 30-40 кг азот және калий тыңайтқышы енгізіледі. Екінші рет жеміс жинағаннан кейін үстеп қоректендіріледі, бұл жеміс бүршіктерінің өсуіне жақсы әсер етеді. Бұл жолы әр гектарға 40-60 килограмм фосфор және 20-30 килограмм азот пен калий тыңайтқышы енгізіледі.

Қарақат пен тұшаланы күту жұмысындағы аса маңызды шарт бұталарды қалыптастыру және кесу болып табылады. Бұталарды қалыптастырып отырғызғаннан кейін екі-үш бүршіктегі барлық бұтақшаларды кесуден басталды. Қалыптастырудың одан арғы міндеті жетілген жағдайда әр түрлі кезеңде өскен 15-20 тамырлы бұтақшалардың болуын көздейді. Мұнан соң бұтақшалардың саны 15-20-ға жеткізіледі, бұлардың ішінде 4-6 бұтақ бір жылдық және 3-4 бұтақ көп жылдық болып келеді. Қарақаттың бес жылдан асқан бұтақтары кесіліп тұрады. Қызыл қарақат пен тұшаланың 6-7 жылдан асқан бұтақтары ғана кесіледі. Жыл сайын әрбір бұталардың жақсы өсуіне жету керек. Осындай жағдайда ғана қарақат пен тұшаладан мол өнім алуды қамтамасыз етуге болады.

Өнімді жинау. Қарақат пен тұшала сорттары көпшілігінің жемісі біркелкі піседі, сондықтан бұталардың жемісі әдетте бір дүркін, ал кейде екі дүркін жиналады. Қызыл қарақат пен ақ қарақатты сабақтарымен бірге жинауға болады, ал жай қарақаттың жидегі өз алдына жиналады. Қарақатты жинау үшін бүлдіргенді жинайтын ыдыстар қолданылады. Қарақатты жаңа піскен күйінде пайдаланылатын болса, тұшала толық піскен кезде жиналады, ал өңдеу үшін шала піскендері жиналады. Шала піскен тұшаланы жинау үшін 6-8 кг ыдыс қолданылады. Қарақаттың, әсіресе, тұшаланың жидегі бүлдірген мен таңқурайдың жидектеріне қарағанда едәуір ұзақ (4-5 күн) сақталады. Жинаған кезде бұл жидектерді де күн көзіне қалдыруға болмайды, жинап алысымен салқын жерге жеткізу керек [2,5].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аяпов К., Үкібасов О., Есеналиева М. Жеміс, көкөніс шаруашылығы. – Астана.: Фолиант, 2009. - 234 б.
2. Аяпов К. Ж. Жеміс және жидек шаруашылығы. – Алматы.: Қайнар 2003. - 244 б.
3. Аяпов К. Ж., Кампитова К. А., Мажитова Р. С. Жеміс шаруашылығы.–Алматы 2005.-220 б.
4. Матаганов Б.Г. и др. Плодовые и ягодные культуры. Учебник. Алматы Кайнар, 2007.-268 с.

5. Кампитова К. А. Жеміс шаруашылығы: Оқу құралы. – Алматы., 2004. - 318 б.

Аннотация

Жұмыста жергілікті жердің топырақ-климат жағдайына байланысты үй маңында өсіруге қолайлы жеміс-жидек өсіру тәсілдері мен ерекшеліктері зерттеліп, талданған.

Аннотация

В этой работе рассмотрены вопросы, изучены и анализированы способы выращивания плодо-ягодных культур с учетом особенностей почвенно-климатических условий местности.

Annotation

The methods of growing of garden - stuffs and baccate cultures are studied taking into account the features of soil-climatic terms of locality.

ӘОЖ 59

Қ 45

АҒАШ ТЕКТЕС ЖАПЫРАҚТЫ ӨСІМДІКТЕРДІ ЖЕРСІНДІРУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕЛІК МАҢЫЗЫ

Алтынсариев А.Ж., Махмутова М.А.

Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Тараз қ.

Әртүрлі топырақтық-климаттық жағдайларында ағаш тектес өсімдіктерді өсіру, олардың қазіргі кезде болып жатқан сыртқы орта факторларына реакциясын байқап, арасынан ең таңдаулысын, икемділігі жоғарыларын іріктеуге мүмкіндік берді. Қазіргі таңда жерсіндіру (интродукция) теориялары, оны жүргізудің жолдары мен әдістері толық зерттеліп ғылыми жүйеленген ұсыныстары әзірленген және өндіріс салаларына енгізілген. Ауыл шаруашылық өсімдіктерінің сұрыптарының интродукциясында қолдану керек бастапқы ұстанымдар – белгіленген сұрыптарды апаратын аймақтың жан-жақты экологиялық-экономикалық, қауіпсіздік және шаруашылық маңызының бағалануы және жерсіндірілетін сұрыптардың биологиялық ерекшеліктерін терең білу, оның сыртқы ортаның абиотикалық және биотикалық факторларына негізгі әсерін немесе реакциясын білу.

Экологиялық факторларды саралауда вегетациялық кезеңдері бойынша температура белсенділігінің жиынтығын, жекелеген фазалардағы олардың кернеулігін, вегетациялық және аязсыз кезеңдердің ұзақтығын, қыс кезеңіндегі температура минимумдары мен максимумдарының абсолюттік өлшемдерін, сумен қамтамасыз етілу жағдайын (ылғал жиынтығы, гидротермиялық коэффициент), жарықты (қарқындылығын және күн ұзақтығын), топырақ және жер асты-үсті қабаттарының қасиеттерін (механикалық, химиялық құрамы және т.б.) бағалауға үлкен көңіл бөлу маңызды шаралардың бірі.

Сұрыптың негізгі биологиялық ерекшеліктері мен экологиялық факторларды бағалау және осының негізінде бір-біріне сәйкестілік дәрежесін анықтау, сұрыптың белгілі бір аймаққа интродукциясының мүмкіндігі мен орындылығы жайлы сұраққа дәйекті жауап беруге және сол сұрыптың жаңа жағдайда өсу ерекшелігі жайлы ғылыми негізделген болжам жасауға мүмкіндік береді. Бұл жұмысты жүргізуде сұрыптың бейімділік дәрежесін, жаңа, үйреншіксіз жағдайларға бейімділік жағдайын есепке алады. Елімізде және шетелде жинақталған тәжірибе, интродукция мәселелерін шешу кезінде қолдануға қажетті бірқатар заңдылықтарды анықтауға мүмкіндік берді [1]. Өсімдік селекциясы – мәдени өсімдіктердің жаңа асыл тұқымдарын және сұрыптарын, нақты орта жағдайларына қатысты және белгілі бір талаптарға сәйкес бөліп алу және сұрыптау ғылымы мен тәжірибесі. Әдетте селекцияның мақсаты, өнімділігі және сапасы бойынша таңдаулы стандартты сұрыптардан артық болатын мәдени өсімдік сұрыптарын алу.

Селекция іріктеу деген мағына береді. Қазіргі таңда «селекция» сөзін табиғи іріктеуге қарағанда жасанды іріктеу деп түсінеді. Табиғи және жасанды сұрыптау (селекция) әр түрлі мағыналы түсініктер. Табиғи сұрыптау (іріктеу)—адамның белсенді қатысуынсыз болатын күрделі үрдіс; тірі материя мен ортаның арасындағы байланыстан болатын, табиғаттағы даму үрдісін анықтаушы және бағыт беруші үрдіс. Селекция (іріктеу) адамның іс-әрекетінің табиғат тіршілігіне белсенді қатысуының бір түрі, ол табиғат тіршілігін адамға қажет жағына бейімдеу және бағыттау үрдісі болып табылады. Селекция егін шаруашылығы тарихының бастапқы кезеңінде туды. Ерте заманда селекцияның мәні жабайы өсімдіктердің ең таңдаулысын жинау болса, кейіннен будандастырылған және қажетті сипаты берілген екпе көшеттердің табиғи тозаңдандырылған тұқымдарын егу арқылы жаңа түрлер алына бастады [3].

Қазіргі кезде селекция, берілген аймақ жағдайларына сәйкес мемлекеттік тапсырма бойынша, бастапқы материалды жергілікті сұрыптардың биологиялық ерекшеліктеріне қарай және берілген дақылдың сан алуан әлемдік сұрыптары мен түрлерінің арасынан таңдайды; екпе көшеттердің әр түрлі даму фазалары мен сатыларында ортаның түрлі жағдайларын қолдана отырып, олардың қасиетін қажет жолға бағыттап, тұқым қуалаушылық қасиетін өзгерту әдісін қолданады; жаңа шығарылған түрлерді жоғары дамыған агротехника мүмкіндігімен ары қарай дамыту және көбейту және жергілікті стандарттармен салыстырмалы зерттеулер жүргізу мақсатында түрлі қасиеттерге сұрыптау мен іріктеу тәсілдерін әзірлейді [2]. Бұл, түрлі шаралардан тұратын үздіксіз жүйе болып табылатын күрделі үрдіс қажет сұрыпты шығаруға мүмкіндік береді. Жұмыс ұзақтығы (2–10 жылға дейін) өсімдіктің ерекшеліктеріне, қарастырылатын мәселенің күрделілігіне, ғылыми қызметкерлер мен селекционер жұмысының дұрыс ұйымдастырылуына байланысты.

Сыртқы ортаның түрлі жағдайлары (климат, топырақ т.б.) организмдегі зат алмасу үрдісін өзгерту арқылы тұқым қуалаушылықтың өзгеруіне себепші болады. Дегенмен, тұқым қуалаушылықтың өзгеруі жаңа жағдайдың тірі ағзада үндесуі мен оның ішкі қажеттілігіне байланысты және бұл өзгерістер сыртқы орта әсеріне адекватты болады. Организмнің тұқым қуалаушылық мүмкіншіліктері толық қанды бола бермейді. Қолайлы және сәйкес жағдайлардың бола бермеуіне байланысты, организмнің көптеген қасиеттері дамымай, жасырын күйде қалады.

Тұқым қуалаушылық қасиеттері бар қалыптасқан тұқымдарды егу, жерсіндіру, екпе көшеттерге бағытталған дамыту жұмысын жүргізу арқылы жаңа сұрыптарды алу үшін келесі әдістер мен тәсілдерді қолданады:

- 1) табиғи жағдайда тозаңданған тұқымдарды көптеп егу;
- 2) өздігінен тозаңданатын және сорт аралық будандасқан ағаш тектес жапырақты өсімдік тұқымдарын егу;
- 3) жыныстық будандастыру – түрішілік және тұқымаралық;
- 4) вегетативтік жолмен көбейту және оларды будандастыру

Қазақстанда алғаш рет 1926 жылы Талас Алатауының батыс бөлігінде орман заказнигі Ақсу-жабағылы қорығы болып қайта құрылды. Бұл қорық көптеген ботаниктердің Батыс Тянь-шаньда ғылыми жұмыстар жүргізуіне негізгі база ретінде көп қызмет атқарды.

Н.В.Павлов Батыс Тянь-Шаньдағы зертеулерін 1949 жылдың жазында ҚазССР ҒА ботаника институтының экспедициясынмен бірге бастады. 1953-1954 жылдары Қаржантау жотасының таулы бөліктері зерттелді [2,3].

Интродукция – адамның іс-әрекеті арқылы климаттық жағдайы бөтен аймаққа жерсіндіру құбылысы. Бұл іс-әрекет тікелей адамның қатысуымен жүреді. Бұл процесті арнайы мақсатпен жүргізеді. Әсіресе ол қалалы аймақтарды көгалдандыру кезінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу кездерінде жүргізіледі. Мысалы, қазіргі бөлінген мөлшер бойынша қалаларда тұрған кварталдардың жалпы көлемінің 40 проценті, емдеу мекемелерінің 60, мектептердің, бала-бақшалардың 50 проценті өсімдік өсетін жер болу

керек. Ауылдық жерлерде әр үйдің 100 м² жері бау-бақша, мектеп аулаларында әр оқушыға 35 м², балалар бақшаларын әр бөбекке 60 м², ауруханада бір ауру үшін 300 м² жасыл желекті болу тиіс [3].

Интродукциялану кезінде бастапқы дақыл немесе өсімдік табиғи жағдайдағы, яғни өзінің табиғи ареалынан адам жасаған жасанды ареалға ауыстырылады. Сол жерге бейімделу және бейімделгіштік процестері жүреді. Ағаш өсімдіктерінің интродукциясы кезінде климаттық жағдайлардың өзгеруіне байланысты түрдің бойында өзгергіштік процестер жүреді. Өсімдіктер интродукциясы адам өмірінде ең бір ғажап компоненттердің бірі және ауыл шаруашылық прогресінің маңызды саласы.

Өсімдіктер интродукциясындағы болжау интродукция теориясымен бірге пайда болды. Ботаникалық географияның негізін салушы Александр Гумбольдтің (1807) пікірінше өсімдіктерді басқа жерге көшіріп, жерсіндіруде басты есте ұсталатын мәселе – табиғат жағдайы, әсіресе ауа температурасы. Оның өзінде де ең маңыздысы орташа температура емес, өсімдіктердің вегетациялық кезеңінде алатын температура қосындысы болып табылады. Гумбольдтың ойынша интродукцияда жетістікке өсімдік жаңадан апарып өсірілетін жердің қолайлы температура қосындысы оның бастапқы шыққан жеріндегіден төмен болмаған жағдайда ғана жетуге болады.

И.Г.Серебряковтың айтуынша өсімдіктің өніп-өсу ортасының жағдайы мен тіршілік жағдайын ажырата білу керек. Өсімдік тіршілігіне қажетті жағдай толық жасалғанда ғана интродукция нәтиже береді [4].

Коровин Е.П. Қажетті интродуктыны таңдау үшін флора тарихы мен осы флораның түр құрамын зерттеуге негізделген флорогенетикалық талдау тәсілін ұсынады [5]. Культиасов М.В. экологиялық-тарихи талдау негізінде интродукция үшін әр түрлі орта жағдайында филогенезден өткен және тұқым қуалаушылық қабілетін жоғалтпаған түрлерді таңдауды ұсынады. Культиасов М.В. өсімдіктің төзімділігі, түрге тән белгі деген теориясын сынға алды және Р.Гуд түр орта жағдайы өзінің төзімділік шегіне қайшы келмейтін территорияда ғана өсе алады деп есептейді [6]. Өсімдіктердің интродукциялық мүмкіндіктерін болжау бойынша жүргізген ғылыми зерттеулері Ф.Н.Русановтың филогенетикалық жинақтық интродукция және геоботаникалық эдификаторларды пайдалану негізіндегі интродукция тәсілдері назар аударарлық.

Біріншіден климаттың бірдейлігіне қарамастан тектің интродукция үшін маңызды барлық немесе көпшілік түрін тарату, яғни нақты бір түр жиынтығының филогенезін білу арқылы жаңа орта жағдайына тап болған өсімдік организмнің сол ортаға бейімделіп, сапалық өзгеріске түсетінін аңғаруға болады. Екінші әдіс бойынша геоботаникалық эдификаторларға, яғни кең тараған және өсімдік топтарының ішінде басымдық танытатын түрлерге артықшылық беріледі. Базилевская Н.А. және бірқатар авторлардың полиплоидтық формалар мен түрлердің өсіп-өнуі қиын ортада көп шоғырланатыны туралы мәліметтеріне сүйене отырып, олардың диплоидтарға қарағанда жаңа жағдайға жақсы бейімделетінін өз еңбектерінде жазады [3-7].

Өсімдік интродукциясы теориясы мен практикасын дамытуға аса зор үлес қосқан академик Н.И. Вавилов өзінің «Жаңа дақылдар мәселесі» атты еңбегінде климат ұқсастығы мәселесіне аса сақтықпен қарау, оның мәнін тым асыра бағаламау керектігін ескерткен. Ч. Дарвиннің түрдің экологиялық-географиялық мүмкіндігін анықтаудың қажеттілігі туралы идеясын Н.И. Вавилов одан әрі жан-жақты дамытты. Сондай-ақ Н.И.Вавилов өсімдіктер интродукциясының дифференциалды ботаникалық-географиялық тәсілін жасап шығарды. Сонымен қатар ол интродукцияның дербес үш бағытын ұсынды:

1. Басқа елдерден мәдени өсімдіктердің жаңа түрлері мен сорттарын әкелу;
2. Дақылдарды бір ауданнан екінші бір ауданға көшіруді сол ел аумағында жүзеге асыру;
3. Дақылдар қатарына отандық және шетелдік табиғи флорадан жаңа өсімдіктер енгізу;

Қазақстанда ағаш өсімдіктерінің интродукциясы өткен ғасырдың басында басталған. Орталық Қазақстанның шөлді, далалы аймақтарын көгалдандыру жұмыстары зор жетістіктер берді. Орталық Қазақстанға ағаш өсімдіктерінің қандай түрін жерсіндіру туралы ұзақ зерттеу жұмыстары жүргізілді. Жерсіндіру үшін ақ акация, абрикос, қара ағаштың, тұттың түрлері пайдаланылды.

Байтенов М.С. өз зерттеуінде Балхаш ауданына ағаш өсімдіктерін егу кезінде топырағын ауыстыру әдістерін пайдалану арқылы өсірді. Олар ағаштарды сол жердің топырағына еккен кезінде, ешқандай нәтиже бермеді. Топырағын ауыстырып еккен соң, олар нәтиже бере бастады. Олар абрикос, жүзім, ақ акация, қара ағаш, жыңғыл еккен болатын [5]. Жезқазған облысының дендрофлорасын байыту мақсатында 1929 жылы алғаш рет Қаспақсай ауданында саябақ ұйымдастырылды. Ал 1939 жылы Жезқазған ғылыми-зерттеу институты ұйымдастырылды. Осы жылы Алматы қаласында да дендросаябақ ұйымдастырылды. Сирек кездесетін сәндік өсімдіктерді Европадан әкеліп жерсіндіру Алматыда, Лениногорскіде, Қарағандыда, Балхашта, Маңғышлақта, Шымкентте ұйымдастырылды [1].

Жамбыл облысының 14,4 млн гектар жерлерінің 4176,0 мың гектары немесе 28%-і мемлекеттік жерін орман қоры алып жатыр. Біздің облысымыздың территориясына жалғасып жатқан Батыс Тянь-Шань тау жүйесінің Ферғана жотасының батыс, оңтүстік батыс және Шатқал жотасының оңтүстік шығыс беткейлеріндегі 630 мың га ауданында өте сирек кездесетін жаңғақ жемісті орман орналасқан. Бұл табиғи генетикалық - селекциялық орталықта есептеу нәтижелері бойынша ағаштардың, бұталар мен бұташықтардың 150 түрін кездестіруге болатындығы анықталды. Алатай, Түркістан, Талас жоталарында теориялық және шаруашылық маңызы зор аршазарлар және басқа бұталардың түрлері кездеседі. Олар Ферғана, Шатқал, Түркістан, Алтай, Талас жоталарында су ағысының табиғи реттегіштері болып табылады.

Қазақстан жеріндегі көптеген интродуценттердің басым көпшілігі елімізге Европадан әкелінген. Ол үшін бірқатар ағаштар мен бұталардың биологиялық ерекшеліктері жан-жақты зерттелінген. Осы бағытта көптеген тәжірибелер жүргізу барысында Рубаник В.Г., Жеронкина Т.А. республика-ның халық шаруашылығында перспективті рөл атқаратын 278 түрге сипаттама берген. Европаның ағаштары мен бұталарының Қазақстанның әртүрлі жағдайларына төзімділік нәтижелерін зерттеп, кейбір экзоттардың біздің жерге төзімсіз болу себептерін анықтаған, республиканы көгалдандыру үшін төзімді сортименттерді ұсынады. [5].

Қазіргі кезде Қазақстан өсімдіктерінің сирек кездесетін және бағалы түрлерін зерттеудегі Бессчетнов П.П., Мальцев С.Н. т.б. ғалымдардың еңбектері бағалы болып есептеледі. Олар Қазақстан территориясында өсетін, сирек кездесетін ағаштар мен бұталардың түрлері туралы жан-жақты мәліметтер жинаған. Олардың құрылыс материалы, техникалық және дәрілік препарат ретінде қолданылуын, сондай-ақ ағаш өсімдіктердің пайдалы қасиеттері туралы деректер жинап, олардың өндірістің әртүрлі салаларында қолданылып жүргендігін атап көрсеткен.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Н.К. Аралбаев, Г.М.Кудабаева; «Государственный кадастр растений Южно-Казахстанской области» Книга первая. Конспект видов высших сосудистых растений — Алматы., 2002 г. — 314 с.
2. Павлов В.Н. Новые и редкие виды из Западного Тянь-Шаня // Новости систематики высших растений. Т.6, 2000 г. - 276-283 с.
3. Павлов В.Н. Эндемизм флоры Западного Тянь-Шаня // -Бот. журн. 2003г. Т. 55. N9. 24-29 с.
4. Серебряков И.Г. Жизненные формы высших растений и их изучение //Полевая геоботаника. —М.-Л.: Наука, 2008. —Т.3. —155-189 с.

5. Коровин Е.П. Растительность Средней Азии и Южного Каз-на. Ташкент: Изд-во АН УзССР. 2001.Т. 2. 549 с.

Аннотация

Жерсіндірілген жапырақты ағаш тектес өсімдіктердің өсу ерекшелік-тері зерттелді, ғылыми және қолданбалы маңызы анықталды, қала мен елді мекендерді көгалдандыруға жарайтын сандық және сапалық құрамдары тізімі жасалды.

Аннотация

Исследованы специфические особенности роста крупно и мелко листовых древесных растений, научное и прикладное значение, выявлено и составлен список подходящих ассортиментов для озеленение города, населенных пунктов, и разработаны количественные и качественные составы.

Annotation

Specific features of the investigated growth of introduced conifers, scientific and applied value, identified and compiled a list of suitable ranges for Greening cities, settlements, and developed with the taxonomy taxonomic key determinant of conifers in the Kazakh language.

ӘОЖ 574.52:584.14

ЛУГОВОЙ ЖЫЛҚЫ ЗАУЫТЫНДАҒЫ АСЫЛДАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Анарбаев С.Б., Тулеубаев Ж.С.

Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Тараз қ.

Қазақстанда жылқы өсіру – мал шаруашылығының ішіндегі дәстүрлі және пайдалану бағыты әртүрлі, қазақ халқымен ежелден тарихи қалыптасып келе жатқан көп сырлы салаларының бірі [1]. Республика жылқы шаруашылығында бие сүтінен жасалатын шипалы сусын – қымыз, диеталық жылқы еті өндіріледі және ол бағалы тері өнімдерін алудың да қосымша көзі. Сонымен қатар қазіргі кездері Қазақстан Республикасында ат спортының классикалық және ұлттық түрлері, жазықтағы ат шабыстары, ат туризмінің жұмыстары қарқынды дамуда. Жылқы өсірумен айналысатын шаруашылықтардың жаңа түрлерінің құрылуы мен нарық экономикасының сұранысына байланысты жылқы зауыттары, жылқы фермалары, жекеменшік, серіктестік, шаруа қожалығы және басқа да ұжымдарда көлік малы, қосымша жұмыс күші ретінде де кеңінен пайдаланылады. Сонымен бірге мемлекеттік әскери қарулы күштерінде де, әсіресе шекара қорғауда және полиция қызметінде де жылқылар осы күнге дейін мініс көлігі ретінде өзінің тарихи маңызын жойған жоқ. Бұл саладан өндірілетін бағалы тағамдармен қатар, жылқы қаны биологиялық өнеркәсіптерде шипалы қан сары суын, асқазан сөлін және емдік өнімдерді алудың шикізаты болып табылады [1-2].

Қазақстандағы жылқы шаруашылығы өзінің тарихи қалыптасқан дәстүріне байланысты ауыл шаруашылығының басқа салаларынан ерекшеленеді. Ол өз өнімдерін салыстырғанда тек ішкі рынокқа ғана емес, сонымен бірге әлемдік бәсекелестік жағдайға қарай сыртқы рынокқа экспортқа шығаруға да маңызды. Луговой жылқы зауытындағы жоспарлы тұқымдық асылдандыру жұмыстары жыл сайын жүргізіледі. Онда көрнекті бір айғырдан тараған тұқымдарды көбейту жолдарына, аталық із бен аналық ұяға аса мән беріледі. Асылдандыру жұмыстарын жүргізу үшін оның биологиялық негіздерін білу қажет. Әр жылқы тұқымының өзіне сай ерекшеліктері мен елеулі кемшіліктері бар. Осыған байланысты мен ғылыми жұмысыма зерттеу объектісі ретінде спорттық жылқы тұқымдары: №ПЗ – 033 ахалтеке және №АТЗ – 034 таза қанды ағылшын тұқымын алдым.

Ахалтеке жылқысы. Ахалтеке жылқылары – Орта Азияның шөл аймағының ыстық және құрғақ табиғатына бейімделген ежелден келе жатқан жылқы тұқымы. Ахалтеке

жылқылары біздің эрамызға дейінгі көптеген ғасырлар бұрын шыққан. Түрікмен халқының теке атты руы жаугершілік заманында өздерімен бірге аты әлемге әйгілі әдемі де әсем, өздері сүйріктей сұлу, жүйрік және шөл аймағының төзімді парфян, ассирий, ежелгі иран жылқыларын алып келіп отырған. Шөл аймағындағы ұзақ уақытқа созылған табиғи сұрыптаудан барып ахалтеке жылқысы шығарылған. Түрікмендер бұл тұқымды мыңдаған жылдар бойы таза өсіріп келеді. Ахалтеке жылқыларының ата-тегінің негізін салушы Бойнау атты құла айғыр болып саналады. Қазіргі кездегі ахалтеке тұқымдарының бірнеше іздері бар, олар: Скак, Кир скак, Карлавач, Араб, Гелишикл, Меле, Куш, Ақ Белек, Ақ Сақал, Абсент және т.б.

«Абсент» – қазақ жерінде туылып, аты әлемге танылған, аты аңызға айналған жылқы. Ықылым заманнан бері қазақ жерінде дүбірлеп өткен талай тұлпардың ішінен аты әлемге мәшһүр болған Абсент сияқты тұлпар сирек болар. Бүкіләлем ат білгірлерінің Абсентті «XX ғасырдың ең жұлдызды жылқысы» немесе «үш мәрте Олимпиада жүлдегері» деп мойындағаны тегін болмаса керек. Он екі жыл бойы әсем жүрістен бүкіләлемде алдына қара салмаған ахалтеке тұқымдас осы қара айғырдың «Абсент» деген есімі, жылқы сүйер қауым арасында осы күнге дейін әлі аңыз болып келеді. Абсенттің шыққан ата-тегі де жай жылқы болмаған. Оның әкесі – Мәскеудегі Қызыл алаңда 1945 жылдың 24 маусымда өткізілген Ұлы Отан соғысы жеңісіне арналған парадта бас қолбасшы Георгий Константинович Жуков мініп шыққан ақбоз айғыр еді. Ол – жүрісі ойын өнерінің бәрін жақсы меңгерген, ойнақтай басып, мәнерлі жүретін, тұла бойында бір мін жоқ, қылшық жүні жылт-жылт ететін, бауыры жазық, алдыңғы аяғы тіп-тік, артқы аяғы бота тірсек, басында қырым ет жоқ, қаз мойнын иіп, тәкаппарлана қарағанда көзі оттай жайнап тұратын, жалы-құйрығы сүзілген ахалтеке тұқымдас «Араб» есімді ақбоз айғыр болатын.

Қарақұм шөлінің ыстық аптабына байланысты жылқылар жайылымда 2-3 ай ғана жайыла алады. Оларды қосымша жоңышқа мен арпа немесе бидай дәндерімен, қойдың тоң майы қосылған күлшемен, түйе сүтімен және жұмыртқамен азықтандырады. Сонымен бірге жабу жауып үй маңында ерекше күтіп-бағып ұстаған. Сондықтан, ахалтеке жылқылары күтімді көп қажет ететін жылқы тұқымдарының қатарына жатады. Осындай ерекше жағдайда өсірілген ахалтеке жылқысының тұлғасының сымбаты өзіне тән ерекшеліктерімен айқындалады. Мысалы, тұлғасы жіңішке, сымбатты, әсем, басы ашаң, бота көзді, ұзын мойынды, жібек түкті, терісі жұқа, жалы жұмсақ, сүйріктей керемет сұлу жануар [1-3].

Тазақанды мініс жылқысы (ағылшын). Тазақанды мініс жылқылары XVII-XVIII ғасырларда Англияда жергілікті мініс бағытындағы жылқылардың биелерін шығыс текті айғырлармен өндіре шағылыстыру арқылы, тек ат спортының жзаықтағы шабыстарына арналып шығарылған (араб, варвари, түрік). Тазақанды мініс тұқымның негізін салушы үш айғыр болып есептеледі: Байерлей Терк (1680 жылы туылған), Дарлей Арабиан (1700 жылы туылған) және Годольфин Арабиан (1724 жылы туылған). Бұл жылқылардың негізгі өсіру бағыты қарқындылық көрсеткіштерінің нәтижелері бойынша үнемі сұрыптау арқылы ұшқырлық сапасын арттыру болып табылады. Тазақанды мініс жылқылары өте жүйрік, әсіресе жақын қашықтыққа ұшқыр келеді. Ипподромдағы 1000 метрлік қашықтықты 0,53 секундта шауып өткен, 2400 метр қашықтықта жасаған ұшқыр рекордтары-2.27.2 (Заказчик, 1968ж.), ал 3200 метр қашықтыққа - 4.22 (Эльфаст, 1970 ж.).

Тазақанды мініс жылқыларын өсіретін зауыттарда тек ұшқыр айғырларды пайдалану, құлындарды жақсы азықтандыру мен мәдени-тебінде өсіру және де жүйелі түрде жаттықтыру нәтижесінде тазақанды мініс жылқылары асқан жүйріктігімен қатар, өте сымбатты, тұлғасы зор, ірі, көркем болып қалыптасқан. Бірақ тазақанды мініс жылқысының конституциясы нәзік, күтімді көп тілейтін тұқымдар қатарына жатады. Негізгі түр-түстері: көбінесе торы, қара торы, қаракер, жирен.

Тазақанды мініс тұқымдарына келесі аталық іздері айқындалады: қысқа қашықтықта-Флорис, Форвор, Сен Стар (спринтерлер) және қашықтық жылқылар (стайерлер). Бұл аталық іздермен тазақанды мініс тұқымдарындағы жылқылардың ұшқырлығы мен

қашықтыққа шабу қарқындылығын бірге үйлестіру бағытында жұмыстар жүргізілуде. Луговой жылқы зауытындағы тұқымдық асылдандыру жұмыстары – бұл жылқы шаруашылығынан алынатын өнімдерін молайту ғана емес, сонымен бірге олардың өнімдерін үнемдеудің, ат спортына пайдаланылатын жылқылардың қарқындылығы мен ұшқырлығын көтерудің нақтылы да тиімді жолы. Жылқы тұқымын асылдандырудың негізгі мақсаты – өсіріп отырған малды одан әрі жетілдіріп, іріктеу және жұптау әдістері арқылы жылқының сапасын арттыру. Жылқы сапасы деген ұғымға төмендегілер жатады: шығу тегі мен типі, өлшемдері, салмағы, жұмыс қабілеттілігі, шыдамдылығы, өнімділігі және т.б. ерекшеліктері. Бұл сапаларды зауыттың талаптарына сай өзгертіп отырады. Жылқыны асылдандыру жұмыстарына мал өсіру әдістері, сұрыптау, жұп таңдау, күтіп-бағу технологиясы, азықтандыру, жарату, сынау және жылқыны бағу жатады.

Жылқы зауытының бұдан басқа да күрделі міндеттері бар:

а) тұқым ішіндегі және зауыттық тұқымдарды асылдандыру, өсірудің инбридинг, кросс, аталық із, аналық ұя, қанды жаңарту, шағылыстыру, гетерозис, селекция әдістерін қолдана отырып, жылқылардың зауыттық тұқымдарының сапасын жетілдіру;

б) ұдайы өсіру, будандастыру және белгілі бір мақсатқа сәйкес өсіру әдістері арқылы жылқылардың жаңа тұқымдары мен тұқымдық топтарын шығару.

Жылқының сапасын бағалау кезінде оның тұқымдық түріне қойылатын талаптарға сай жақсылары таңдалынып, тұқымдық және өнімділік құндылығына қарай: элита, бірінші, екінші деген сияқты кластық топтарға бөлінеді. Ал нашарлары асыл тұқымдыққа жатқызылмай, жарамсыздыққа шығарылады. Әр класты тегіне қарап, үш категорияға бөледі.

Бірінші категорияға балдық бағасы осы категорияға белгіленген минималды талаптардан бір немесе бірнеше белгісі бойынша жоғары, ал қалған белгілері бойынша талапқа сай келетін жылқылар жатқызылады.

Екінші категорияға балдық бағасы барлық бонитировкалау көрсеткіштері мен белгілері бойынша осы класқа белгіленген минималды талаптарға сай жылқылар жатады. Осы категорияға сонымен қатар балдық бағасы бір немесе бірнеше белгілері бойынша минималды талаптардан кем түсетін жылқылар да жатады.

Үшінші категорияға бірінші және екінші категорияларға жатпайтын тұқымдық жылқылар да жатқызылады.

Бонитировка мәліметтері асыл тұқымды жылқыларды сұрыптау және іріктеу жұмыстарында оларды Мемлекеттік тұқыммал кітабына жазғанда және ақшалай бағалау кезінде пайдаланылады. Элита айғырлары мен I кластың ең жақсы айғырларын зауытта, үйірде, қолмен және қамауда шағылыстыру немесе жасанды ұрықтандыруда да барынша пайдаланылады. Жылқының шығу тегі мен типін анықтау. Сапасы бағаланатын жылқылардың шығу тегін және қажетті типке ұқсастығын шкала бойынша бағалайды

Кесте - 1

Жылқының шығу тегі мен типтілігін бағалайтын шкала

Тұқымдылығы	Қажетті тип көрінісі		
	Өте жақсы	жақсы	Қанағаттанарлық
Таза тұқымды және 4-ші ұрпақтың будандары	8	7	6
Будандар:			
3-ші ұрпақ	7	6	5
2-ші ұрпақ	6	5	4
1-ші ұрпақ	4	3	2

Аталық із генеологиясы. Аталық із деп – көрнекті бір айғырдан тараған (3-4 ұрпақтан кем емес, яғни балалары, немерелері, шөберелері және т.б.) шаруашылықта пайдалану қасиеттері мен кейіптері бір-бірімен ортақ байланыстағы бағалы ұрпақтарын атайды. Аталық із, жылқылардың ортақ қасиеттерінің бір тектілігінің мүмкіншілігін анықтайды.

Сондықтан, аталық іздердің мәнін жоғалтып, тек аты ғана қалмас үшін үнемі қолданып отыру керек [4].

Малды бір аталық ізге жатқызу үшін, ең алдымен, олардың аталық ізінің негізін салушы айғыр мен кейіптерінің ортақ ұқсастығын анықтап алады, онсыз аталық іздің мағынасы болмайды. Әр тұқымның ішінде өзінің бірнеше аталық іздері болады, оларды экстерьері, жұмыс қабілеттілігі, шаруашылықта пайдаланудағы ортақ белгілер бойынша айырады. Аналық ұя эволюциясы. Отандық және шетелдік жылқы зауыттары тарихының мәліметтері бойынша асыл тұқымды жылқыларды шығару үшін тек атасының ғана емес, сонымен бірге анасының да шыққан арғы тегінің қосар үлесі бар. Сондықтан зауыттық тұқымдарды жетілдіру мақсатында олардың аталық іздерімен қатар аналық ұялардың да маңызы зор.

Асылдандыру жұмыстарын жүргізгенде ескерілетін мәселелер:

1 Жылқыны іріктеу, сұрыптау жұмысы конституциялық өндірістік типке негізделе жүргізіледі. Зоотехникалық ғылым бойынша жылқының конституциясы олардың тез жетілгіштігін, төлшілдігін, жүйріктігін, жұмысқа деген қабілеттілігін, өнімділігі мен денсаулығын, сыртқы ортаға төзімділігін аңғартатын басты фактор болып есептеледі. Мұны жылқы тұқымын асылдандыруды бастағанда міндетті түрде ескеру керек.

Зоотехния ғылымының көрнекті ғалымдары конституциялық тұрпат организмнің негізгі морфологиялық, биохимиялық, физиологиялық өзара тығыз байланыстылығының қалыптасқан қызметінің жиынтығы деп санайды [2].

Жылқының конституциялық типі – оның табиғатындағы нәсілдік факторлардың, әсіресе сыртқы ортаның: азықтандыру дәрежесінің, күтімінің, табиғи жағдайдың нәтижесінде қалыптасады.

Конституциялық өндірістік типті қалыптастыратын негізгі факторлар – ата-тегінен қабылдаған нәсілдік факторлар мен сыртқы орта (азықтандыру, күтіп-бағу, ауа-райы т.б.). Жылқыны іріктеу, сұрыптау жұмысында малдың сыртқы дене бітімінің маңызы зор. Дене бітімінің типі – жылқының сыртқы формасын, әрбір дене мүшесінің пропорцияларының, мүшелердің анатомиялық, гистологиялық құрылысын айқындайды.

2. Жоғары жүйке қызметі И. П. Павловтың классификациясы бойынша мынандай 7-түрге бөлінеді: күшті, ұстамды, ширақ күшті, ұстамсыз, селсоқ, қызба, әлсіз.

Жоғары жүйке қызметі (ЖЖҚ) күшті, ұстамды, ширақ типке жататын жылқылар жұмыстың қай түрі болмасын, жұмыс істеу қабілеті жоғары. Ұстамсыз типке жататын жылқылардың да жеңіл жұмысқа жеккенде жұмыс қабілеті тым тәуір. Жұмысты ауырлатқанда олардың жұмыс қабілеті едәуір кемиді. ЖЖҚ әлсіз типке жататын жылқылар үркек және оңай тежелгіш келеді. Сондықтан жарыстарда тұрақты нәтиже бере алмайды. Олардың жұмыс қабілеті төменірек. Соған байланысты спортқа жарамайды. Спортқа арналған жылқы күшті, ширақ, ұстамды типке жатуға тиіс. Өйткені олардан қимылдау белсенділігінің бір түрінен екінші түріне тез ауыса білу, салт аттының бұйрығын тез әрі дәл орындау талап етіледі.

Демек, жылқының өнімділігі сондай-ақ оны бағатын адамның еңбек өнімділігі көп ретте оның мінез-құлқына, жылқының бағып-күтілетін орнына, сол бағып-күту, азықтандыру жағдайына бейімделуіне байланысты. Осыған байланысты соңғы уақыттарда айналадағы ортаның және тұқым қуалау қасиетінің жоғары жүйке қызметіне, жылқының мінез-құлқына әсер ету рөлін зерттеуге зор көңіл бөлініп отыр.

3. Жылқыларды ұрықтандыру әдістері бойынша зерттелінген жұмыстар: жасанды ұрықтандыру сапалы тұқымды ұзақ пайдалануға мүмкіндік бергенімен, кей жағдайда жылқының сезімталдығына байланысты тиімсіз екендігі анықталды.

4. Зауыттық жылқы тұқымдары бірқатар ерекшеліктеріне қарамастан күтімді көп қажет етеді. Жергілікті жердің ауа райына бейімсіз болғандықтан олар жыл он екі ай бойы қорада бағылады. Сондықтан болашақта ахалтеке, араб, дон, таза қанды ағылшын жылқыларын тек тұқымды жақсарту мақсатында пайдалану керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ихсан Қ.Ж. Жылқы шаруашылығы. Оқу құралы. – А.: Нур-Принт, 2009. – 448б.
2. Козлов С.А., Парфенов В.А. Коневодство. Учебник. – Москва, 2004. – 303с.
3. Массон В.М. Древние всадники Азии в контексте всемирной истории // Роль ахалтекинского коня в формировании мирового коннозаводства. Материалы международной научной конференции. – Ашхабад., 2001. – С. 34 – 35с.
4. Бегімбетова Г.С. Жылқы және түйе шаруашылығы. – А.: Қайнар, 2004. – 265б.
5. Махатов Б.М., Қожалы Б.К., Оңғарбаев Т.А., Байбатшанов М.К. Мал азықтандыру мөлшері мен рациондары. – А.: Нур-Принт, 2012. – 217б.
6. Әбілдаев Б. Тұлпардың тұяғы. – Алматы, «Қайнар», 1979ж.-144б.

Аннотация

Мақалада зауыттық жылқы тұқымдарын асылдандырудың биологиялық негіздері қарастырылды.

Аннотация

В статье рассмотрено биологические основы племенного коневодства.

Annotation

The article deals with the biological basis of pedigree breeding.

ӘОЖ 573.086

МАҚТА ӨНІМДІГІНІҢ ТӨМЕНДЕУІНЕ ӘСЕР ЕТУШІ ФАКТОРЛАР

Балтабаева Г.М., Тулеубаев Ж.С.

Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Тараз қ.

Қазақстанның оңтүстігіндегі ашық сұр топырақ жағдайында, ауыл шаруашылық мақсаттағы жерлерді негізінен ұсақ шаруа және фермерлік шаруашылықтарға берілгендіктен, жерлер деградацияға ұшырап, ауыл шаруашылығы айналымынан бірте-бірте шығып қалуда. Мақта егістіктерін арам шөптердің басып кетуінен жекелеген шаруашылықтар кемінде жыл сайын өнімінің 20-25% жоғалтады. Бұған қоса, арамшөптерді отауға жұмсалатын еңбек шығыны 1 гектарға күніне 25 және одан да көп адамды құрайды. Арамшөптерді дер кезінде және сапалы түрде жойып отырмау, гектарына 2-3 центнерге дейін жететін мақта шйкізатының өнімін кем алудың себебі болып табылады. Мақта шаруашылығындағы арамшөптермен күресуге жұмсалатын материалдық-ақшалай қаражаттардың шығыны, жыл сайын жұмсалатын бүкіл өндірістік шығындардың 40% -ын құрайды. Мақта өнімдігінің төмендеуіне әсер етуші факторларды зерттеу нәтижелері мен мақта агрофитоценозындағы арамшөптердің түр құрамымен күрес шаралары арқылы мақта дақылының өнімділігін арттыруға болады.

Қазақстанның оңтүстігіндегі ашық сұр топырақ суармалы жерде кең тараған арамшөптер екпе дақылдарға табиғи бәсекелестік тудыра отырып, ауыл шаруашылығы өндірісіне аса үлкен зиян келтіреді. Олар өнімнің сапасын төмендетіп қана қоймай, сонымен бірге түсімін де төмендетіп жібереді: механикаландырылған жұмыстарды қиындатады; тыңайтқыштардың, суарудың тиімділігін төмендетеді; әсіресе шабық жүргізу, тұқымдарды тазалау секілді қосымша шығындарды талап етеді; егістіктерде мақта қозасының зиянкестері мен ауруларының таралуына себепші болады. Нәтижесінде пайдаланылатын жерлердің құндылығы айтарлықтай төмендейді. [1-2]

Арамшөптермен күресу, мақтаны (қозаны) күтіп-баптаудың технологиялық үдерісіндегі еңбекті ең көп талап ететін шара болып табылады. Кейбір арамшөптердің өскіндері мақта өскіндерімен бірдей бір мезгілде пайда болады бұл оларды қопсыту арқылы жойып жіберуді қиындатады. Сондықтан, мақтаны күтіп баптаудың қалыптасқан технологиясы жағдайында арамшөптерді жою-көбінесе қол еңбегімен жүргізіледі. Бұл

еңбектің жоғары өнімділігі мен мақта шикізатын өндіруге жұмсалатын шығындарды азайтуды қамтамасыз ететін, арамшөптермен күресудің кешенді, тиімді тәсілдерін іздестірудің қажеттілігін туындатады [1,4]. Қозаның 1 кг құрғақ заттегінде 1,2-1,5% азот, 0,6-1,2% фосфор және 1,5- 2,4% калий болатындығы, ал арамшөптерде тиісінше 2,5-4,5 азот; 0,5-2,0 фосфор және 5,0% калий болатындығы анықталған. Олар суды қозаға қарағанда 2 есе көп пайдаланады.

Аймақтық агротехникалық іс-шаралар сүдігерді, екі сатылы терең жыртудан, топырақты егуден бұрын өңдеуден (малалау, қопсыту), егістікті қатараралық өңдеуден және шабықтаудан құралады[2]. Биологиялық іс-шараларға - дақылды алмастыру, өсімдіктердің өсу тығыздығының толықтығы, жиілетілген егістіктер жатады. Мақта қозасының вегетациялық кезеңіндегі механикалық шараларға-егістіктерді жүйек аралық өңдеу, яғни қопсыту кіреді. Арамшөптер көптеген зиянкестер мен аурулардың да ошағы екендігі белгілі. Мақтаның өрмекші кенесінің, күздік көбелектің, карадриннің, біте мен шашаққанат көбелектің көктемде алдымен арамшөптерде, содан соң қозаға ауысатындығы анықталған. Жоңышқа бізтұмсығының, сондай-ақ мақта және бақша бітелерінің көбею ошағы қара алқа арамшөбі болып табылады. Мақта көбелегі бастапқы кезеңде алуан түрлі арамшөптермен қоректеніп отырып тыңайған, тастама жерлерде мекендейді. Мақта зиянкестері негізінен дала шырмауығы, гүлтәжі, жұмыршақ, мия секілді арамшөптерге ұялайды.

Арамшөптердің тұқымдарының жаппай таралуының негізгі көзі егін суаратын су болып табылады, сумен тұқымдар мен вегетативті мүшелер үлкен қашықтықтарға таралады. Мақта егістіктерінің маңында, суландыру торабының бойында және жол жиегінде өсетін арамшөптер бүкіл жаз бойы бірнеше рет ұрықтанып, олардың тұқымдары желмен, малмен және құстармен жан-жаққа таралады. Мақта егістігінде арамшөптердің 13 ботаникалық тұқымдастарына жататын 25 басым түрі анықталған. Олардың 7 түрі қоңырбас тұқымдастарға, 4 түрі күрделі гүлділер тұқымдастарына жатады. Қалған 11 тұқымдастары 1-2 түрімен белгілі болды. Арамшөптердің 25 түрінің 68 %-н (17 данасы) біржылдықтар және 32%-н (8 дана) көпжылдық арамшөптер құрайды.


Мақтаның өсіп-өнуінің бастапқы кезеңінде егістерді ластандырушы дамуы кешеуілдеп басталатын бір жылдық түрлер - соның ішінде, ластану дәрежесі 2-4 балға жететін-қызылша гүлтәжі (ширица запрокинутая-*Amaranthus retroflexus* L.), күрмек тары (куриное просо-*Echinochloa crus galli* (L.)), бақша қараоты (портулак огородный-*Portulacaceae oleracea* L.), қара алқа (паслен черный-*Solanum nigrum* L.), көкшіл мысықұйрық (щетинник сизый -*Setaria glauca* (L.)), кәдімгі ошаған (дурншик обыкновенный - *Xanthium strumarium* L.) және үш қатарлы бөрітарақ (гибискус тройчатый - *Hibiscus trionum* L.) болып табылады. Бұл арамшөптердің қауіптілігі, мақтамен салыстырғанда жылдам өсуімен (1,5-2 рет) арта түседі, бұған қоса ошағанның қауіптілігі мақта шикізатын машинамен жинаған кезде тікенек тұқымдарымен ластануымен артады. Кәдімгі қамыс (тростник обыкновенный-*Phragmites Phragmites communis* Trin.) ол да мақтаны көбірек дәрежеде (4 баллға дейін) ластайды.

Тамыр сабақты көп жылдық арамшөптерден мақтаның егіс алқаптарында ең көп кездесетіндері; құмай (гумаи - *Sorghum halepense* (L.) Pers.), салалы қарашағыр (свиной пальчатый -*Cynodon dactylon* (L.) Pers.) және домалақ сәлемшөп (сыть круглая-*Cyperus rotundus* L.). Бұл арамшөптермен ластану 4 баллға дейін жетеді. Салалы қарашағыр мен домалақ сәлемшөп әдетте шым түзеді, мұнысымен мақтаны сиреп кетуге, қысылып өсу мен оның өнімділігінің төмендеп кетуіне душар ете отырып, үлкен ошақтар болып өседі. Атпа тамырлы көп жылдық арамшөптерден дала шырмауығы (вьюнок полевой - *Convolvulus arvensis* L.) өте көп таралған. Ол мақтаны орап ала отырып, оны қысып тастайды, ал өзінің жапырақтарымен машиналы терімнің сапасын төмендетіп, мақтаны өте қатты ластайды. Түйе жантақтың (верблюжья колючка - *Alhagi pseudalhagi*) таралуы 3 баллға дейін жетеді.


Ерте дамидын аз жылдык арамшөптердiң арасында мақта егiстiгiн татар көкпегi, ақ алабұта көбiрек ластайды. Бұл арамшөптердiң қаулап өсуiнiң дәрежесi 2-3 баллды құрайды. Герботологиялық бақылау көрсеткендей, тәжiрибелi алқаптардың үш жылдык көрсеткiшiндегi жалпылама ластануы шаршы метрiне 64-84 дана болды. Бұл жерде аз жылдык арамшөптердiң саны шаршы метрiне 45-55 дананы құраса, көп жылдык арамшөптер 19-29 дананы құрады.

Орташа есеппен алғанда үш жылдың iшiнде, аз жылдык арамшөптердiң мөлшерi шаршы метрiне 52 дананы құрады. Олардың iшiнде дара жарнақтылардың үлесiне 16 және қос жарнақтылардың үлесiне шаршы метрiне 36 дана тура келдi. Дара жарнақты жаздық арамшөптер 3 түрмен келтiрiлген олар: күрмек тары (*Echinochloa crus galli* (L.)), көкшiл мысықұйрық (*Setaria pumila* (Poir.) Schult.), жасыл мысықұйрық (*Setaria viridis* (L.) Beauv.). Қыстаушы қос жарнақтылар 2 түрмен келтiрiлген олар: жұмыршақ (*Capsella bursa-pastoris* (L.) Medic) және жабайы асүттiген (*Lactuca serriola* (L.)). Қос жарнақты жаздық арамшөптер 11 түрiмен сипатталған, олар: кәдiмгi сасық меңдуана (*Datura stramonium* L.), бақша қараоты (*Portulacaceae oleracea* L.), үш қатарлы бөртарақ (*Hibiscus trionum* L.), қызыл таспа таран (*Polygonum aviculare* L.), Теофраст бұйда кендiрi (*Abutilon theophrasti* Medic.), арам кененшөп (*Cannabis ruderalis* Jan), татар көкпегi (*Atriplex tataricum* L.), ақ алабота (*Chenopodium album* L.), қара алқа (*Solanum nigrum* L.), қызылша гүлтәжi (*Amaranthus retroflexus* L.) және кәдiмгi ошаған (*Xanthium strumarium* (L.)).


Көп жылдык арамшөптердiң биологиялық тобы 14 дара жарнақты және 10 қос жарнақты түрлерден тұрды. Дара жарнақтылар негiзiнен тамыр сабақтылардың 5 түрiмен келтiрiлген, олар: салалы қара шағыр (*Cynodon dactylon* (L.) Pers.), құмай (*Sorghum halepense* (L.) Pers.), кәдiмгi қамыс (*Phragmites communis* Trin.), жатаған бидайық (*Elytrigia repens* (L.)), домалақ сәлемшөп (*Cyperus rotundus* L.). Қос жарнақтылар атпа тамырлылардың 3 түрiн құрады - олар: егiстiк қалуен (*Cirsium arvense* (L.) Scop), дала қалуенi (*Sonchus arvensis* L.) және түйе жантақ (*Alhagi pseudalhagi* (Bieb)). Өзек тамырлы арамшөптерге бiр түр – дала шырмауығы (*Convolvulus arvensis* L.) жатады (1-2сурет).



Сурет – 1. Мақта агрофитоценозындағы арамшөп түрлерiнiң таралуы



Қос жарнақты аз жылдықтар



Қос жарнақты көп жылдықтар

Сурет - 2. Мақта егісіндегі арамшөп топтарының арақатынасы

2013 жылы егіске дейінгі агротехникалық іс шараларға дейін тәжірибелік алқаптың әр 1м² –де 51-ден 122-кі дана арамшөп болса, ал 2014 жылы 1 м² –де 55-тен 118 данаға дейін арамшөптер болды. Бұл әрине үлкен және өте үлкен ластану дәрежеіне жатты. Сонымен қатар бақылаулар нәтижесінде жоғарыда көрсетілген арамшөптердің 75,4 %-ы біржылдық, 24,6 %-ы көп жылдық арамшөптер екендігі анықталды.[4]

Бақылаулардың нәтижесінде анықталғандай ең жиі кездескен көпжылдық арамшөптер: саусақты қара шойыр (*cynodon dactylon*), алеп құмайы (*soryhum halepense*), кәдімгі қамыс (*Phragmites australis Cav*), егістік шырмауық (*convolvulus arvensis*) және жатаған бидайық (*elytrigia repens*), ал бір жылдық арамшөптерден көп кездескендері: тауық тарысы (*Echicochloa crus-galli*), қызылша гүлжәжі (*Amaranthus retroflexus*), кәдімгі жұмыршақ (*Capsella bursa-pastoris Medic*), кәдімгі қара сұлы (*Avena fatua L.*), ақ алабота (*Chen album L.*).

Арам шөптермен күресудің ең негізгі шараларына агротехникалық және химиялық әдістер жатады. Әдетте топырақты қопсыту үшін ерте көктемде жүргізілетін тырмалау, «зиг-заг» ЗБТС-1,0 құралымен тырмалау жұмыстары жаңадан өсіп келе жатқан арамшөптерді жоюға және олардың онан әрі көбейуіне жол бермеуіне мүмкіндік береді. Арам шөбі көп жерлерде жүргізілетін зябті тырмалау жұмыстарын арам шөптердің тамырын құрту және оларды айдалған жерден шетке шығарып тастау жұмыстармен ұштастыра жүргізген дұрыс болады. Арамшөптерге қарсы күресте химиялық әдісті де кеңінен қолдануға болады. Химиялық әдісте қолданылатын гербицидтерді ендіру мерзіміне қарай, шит егуден алдында қолданылатын гербицидтер, шит егумен бірге ендірілетін және мақта көктеп шыққаннан кейін ендірілетін гербицидтер деп бөлуімізге болады (1-кесте)

Бұл кесте бойынша «Ураган–Форте» 500 в.р гербицидін күзде мақтаны жинаумен бірге ендіру ұсынылса, «Трефлан», 24% к.э гербицидін шитті еккенге дейін топыраққа ендіру ұсынылады «Гезагарт» 500 с.к және «Стомп» 33% к.э гербицидтерін мақта дақылы көктеп шыққанға дейін ендіру ұсынылса, ал «Фюлилет-Форте» 150 к.э, «Зеллек Супер», 10,8% к.э, және «Пантера», 4% к.э гербицидтерін мақта жер бетіне көктеп шыққаннан кейін, арамшөптердің 3-4 нағыз жапырақтары пайда болғанда ендіру ұсынылады.

Кесте - 1

Арамшөптерге қарсы күресу мақсатында мақта егістігінде гербицидтерді қолданудың мерзімдері мен мөлшерлері

№	Гебицидтің атауы	Қолдану мерзімі	Қолдану мөлшері
1	«Ураган – Форте» 500 в.р.	Күзде арамшөп өсуін тоқтатпай тұрып	2,0-4,0 л/га
2	«Трефлан» 24% к.э	Шитті еккенге дейін топыраққа ендіру.	4,0-10,0 л/га
3	«Газагерд» 50, с.к.	Мақта дақылы көктеп шыққанға дейін.	3,0-5,0 л/га
4	«Стомп», 33% к.э	Мақта көктеп шыққан-ға дейін топыраққа ендіру.	3,0-6,0 л/га
5	«Зеллек Супер», 10,8% к.э	Мақтаның өніп-өсу кезеңінде.	1,0-1,5 л/га
6	«Фюзилод – Форте» 150 к.э.	Мақтаның өніп-өсу кезеңінде	0,75-1,5 л/га
7	Пантера», 4% к.э	Мақтаның өніп-өсу кезеңінде.	0,75-1,5 л/га

Сонымен агротехникалық әдістің көмегімен мақта егістігін көптеген арам шөптерден толықтай тазарту мүмкін емес. Сондықтан арамшөптердің жаппай өніп-өсу кезеңінде агротехникалық тәсілдермен қатар қосымша «Ураган-Форте» гербицидмен 4,0-5,0 л/га мөлшерінде дәрілеу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сагитов А.О., Қостаков А.Қ. Мақта егістігіндегі арамшөп топтарының арақатынасы. «Вклад молодых ученых в аграрную науку» // Материалы Республиканской научной конференции молодых ученых. –Астана, 2010. – С.81-84.
2. Сыдық Д.А., Жарасов Ш.У., Костаков А. Рекомендации по применению гербицидов на посевах сельскохозяйственных культур в условиях Южного Казахстана. - Алматы: Бастау, 2008. – С. 22-23.
3. Умбетаев И., Бигараев О., Костаков А. Рекомендации по борьбе с сорняками на посевах хлопчатника в условиях староорошаемой зоны Южно-Казахстанской области. – Атакент, 2008. – С. 3-15.
4. Биғараев О.Қ. “Мақта егістігіндегі арамшөптермен күрес тәсілдері” //Жаршы 5/2003ж.56б.

Аннотация

Мақалада мақта өнімдігінің төмендеуіне әсер етуші факторларды зерттеу нәтижелері мен мақта агрофитоценозындағы арамшөптердің түр құрамына талдау жасалынды.

Аннотация

В статье работе рассмотрены результаты исследования факторов влияющие на снижение урожайности хлопчатника также видовой состав сорных растений в агрофитоценозе хлопчатника.

Annotation

The article reviewed the results of a study of factors affecting the decline in cotton yield and species composition of weeds in cotton agrophytocenosis.

ӘОЖ 574.52:584.14

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНДА ТАБИҒИ ЖАЙЛЫМДАРДЫҢ ЫҒЫМДЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Бостанова А.М., Тулеубаев Ж.С.

Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Тараз қ.

Қазақстанның шөлі мен шөлейтті жерлерінің көлемі 157 млн. гектардан асады, оның ішінде жайылымдық алқаптар шөлде 73,7 миллион, шөлейтте 21,8, тау етегіндегі жазықтық жерлерде 16,3 миллион гектарды құрайды. Жамбыл облысының жалпы жер аумағы 14426,4 мың гектарды құрайды. Мұның 10489,3 мың гектары яғни 72,7% ауыл шаруашылығының еншісінде. Ал, 9924,5 мың гектар алқап 68,8 % жайылымдық болып саналады. Қолдағы түліктің түрлері осы даңғайыр далада жайылып бір бөлігінен қыстық жем- шөп қоры дайындалады. Табиғи өсімдіктердің тұқымын жерге сіңіру тәжірибесі Талас, Мойынқұм, Сарысу, Жамбыл, Байзақ аудандарында қалыптасқан. Осы күнге дейін аталған аудандарда сексеуіл тұқымын егу жұмысы жалғасын табуда. Қиындық изеннің тұқымын табу мәселесінен туындауы мүмкін

Табиғи жайылымдардың басым бөлігі экологиялық жүйесі күрделі шөл және шөлейт аймақтарда орналасқан. Кейінгі жылдары қалыптасқан келеңсіз шаруашылық әрекеттердің нәтижесінде көптеген жайылымдық алқаптардың тозуына, өсімдік байлығының сиреуіне, топырақ эрозиясының күшеюіне, сөйтіп өнімділігінің төмендеуіне әкеп соқты. Сондықтан жайылымдық жерлердің шөлейттенуін тоқтату, шұрайлылығын арттыру, экологиялық жағдайын тұрақтандыру бүгінгі күннің талабына айналып отыр. Жамбыл облысы мал шаруашылығын жемшөппен қамтамасыз ету тұрақты емес. Әсіресе бұл мәселе шөл және шөлейт аймақта ерекше орын алуда. Шөл және шөлейт аймақтар жерлердің ашық жатуы, күшті өкпек желдердің жиі соғатыны, топырақ құрамының нашарлығы, құмақ және құмдауыт топырақты жер көлемінің молдығы, ауа райының тұрақсыз және құрғақ болуы мұндағы өсімдік түрлерінің әр түрлілігіне, жайылым шығымдылығы мен сапасының да түрліше болуына әсерін тигізеді.

Сыртқы жағдайларға байланысты изеннің морфологиясы өзгергіш келетіндігін негізге ала отырып З. Ш.Шамсутдинов оны 3 экологиялық топқа (саздақ, құмдақ, тастақ) жатқызады[1]. Қазіргі кезде Изенді жайылым – бүкіл мал түрі жылдың барлық маусымында сүйсініп жейтін. ең бағалы екпе жайылым болып есептеледі, өйткені оның шығымдылығы 10-18 жылға дейін сақталады. Экологиялық түрлеріне байланысты гектарынан 10-15 центнер құрғақ өнім алынады. Жұғымдылығы жоғары, 100 кг құрғақ шөбінде 40-60 кг азық өлшемі және 6,4-8,1 сіңімді протеин бар[2-3]

Изен – алабұта тұқымдасына жатады. Қазақстанда изеннің бұл туысқа жататын 8 түрі өседі, оның жетеуі бір жылдықта, жатаған изен көп жылдық. Бұл өсімдік Қазақстанның шөл және шөлейт жерлерінде, қуаңшылық, далалық аймақтарында, тау бөктерлерінде, сонымен қатар Оңтүстік Қазақстанның Мойынқұм алқабында, Сырдария өзенінің төменгі сағасында шаршыйт жерлерде, Қаратау және Тянь-Шань бөктерлерінде өседі. Изеннің биологиялық ерекшеліктерінің бірі – жаз бойы өсуінде. Өсімдік маусым шілде айларында қарқынды өседі. Кей жылдары құмдақ изеннің жас өсімдіктерінің биіктігі 41 -71 сантиметрге дейін, саздақ изені мен тастақ изенікі 50-89 сантиметрге дейін барады.

Өсімдіктің жылдық циклі біткен соң қыс айларында сабақтың көп бөлігі өліп қалады, тек сабақтың түп жағынан ұзындығы 12-20 см болатын бөлігі ғана тірі қалады. Келесі жылғы сабақтар осы бөлігінде орналасқан бүршіктерден тарайды. Өсімдіктің тіршілік циклы 20-22 жылға созылады. Сол жылдардың 10-15 жылында қанағаттандырарлық өнім

бере алады. Атап өтерлігі: изен тұқымы қарашаның желтоқсанға ұласар шағына дейін себіліп, қар астында қалуы міндетті. Осылай болғанда ғана себілген тұқымның тегіс өнуіне негіз қаланады [2].

Изен тұқымы өте майда, оның мың тұқымынын салмағы 0,8-1,4 грамм. Сондықтан оны тереңге себуге болмайды. Тұқым түскен топырақ қабаты тез құрғап кетіп, соның салдарынан оның бірсыпырасы ылғалдың жетіспеуіне байланысты өнбей қалады. Сондай-ақ топырақ бетінің ойдағыдай тегіс болмауы салдарынан қажетті мөлшерден тереңге себілген дән де өніп кете алмайды. Мысалы, 0,0-0,5 см терендікке себілген құмдақ изені тұқымының өнгіштігі 14-30,6 процент болды, ал 1-2 см терендікке түскен тұқымның 4,0-6,9 проценті ғана өнген. Бұған қосымша, қыс кезінде қар бетіне себілген тұқымның біразы желмен ұшып кетуі мүмкін [2,4]. Міне, осы айтылған себептер салдарынан себілген тұқымның небары 15-70 проценті ғана өскін береді. Оның үстіне өніп шыққан өскіндердің бәрі бірдей нақты өсімдікке айнала бермейді. Ауа райына байланысты, сондай-ақ зиянды жәндіктердің зақымдауынан және арам шөп әсерінен олардың шамамен 20-60 процентінен басқалары семіп қалады.

Изен екпе егісін жасаудағы агротехникалық шараларының күрделісі себу тәсілдері болып табылады, себебі изен дәнінің сусымалылығы нашар, осыған байланысты кез келген сеялқаларды пайдалануға болмайды. Изен егістігінің ұзақ жылдар бойы өнімді болуы оны дұрыстап пайдалануға байланысты. Бірінші жылы екпе жайылымда мал бағуға қатты тыйым салынады. Екінші-үшінші жылдары күз-қыс айларында аздап мал жаюға болады. Кейінгі жылдары егістік өрістерге бөлініп, оларды маусымдарға сәйкес рет-ретпен пайдаланған дұрыс. Изен үлгілерінің тұқым пісу мерзімі гүлдеу мерзіміне сәйкес бірінде ертелеу, бірінде кешпеу келеді. Ерте гүлдеген үлгілердің тұқымы қыркүйек айының соңында піседі. Олардың вегетациялық дәуірінің ұзақтығы 180-195 күнге тең. Дегенмен үлгілердің басым бөлігінің тұқымының пісуі қазан айының бірінші онкүндігінде тура келеді және үлгілердің табиғи өсетін жеріндегі пісу мерзімінен сәйкес десек болады. Бұлардың вегетациялық дәуірінің ұзақтығы 192-203 күн аралығында. Ең кеш пісетін үлгіге Тянь-Шань флоралық ауданының Оңтүстік Қырғызстандағы Шатқал жотасында өсетін БТ-1 үлгісі жатады. Тұқымы қазан айының екінші жартысында піседі. Вегетациялық дәуірінің ұзақтығы 210-225 күн.

Тұқымы ерте пісетін кейбір үлгілерінің вегетациялық кезеңінің ұзақтығы 188-195 тәулікті құраса, ең кеш пісетін үлгілерінің 225-230 тәулік болды. Қалған үлгілердің вегетациялық кезеңі 200-215 күн аралығында ауытқыды [3]. Изеннің биологиялық ерекшеліктерінің бірі жылдың ыстық әрі құрғақты кезі жазда өсетіндігі. Осылайша оның өсімдіктері жаз-күз айларында малды құндылығы жоғары көк балаусамен қамтамасыз етеді. Жалпы, байқаулар нәтижесі изен үлгілерінің өсу мүмкіншіліктері жоғары екенін және өздеріне тән өсу ерекшеліктері бар екенін көрсетті. Сонымен азықтық шөптердің экологиялық-биологиялық ерекшеліктерін ескеріп, олардың жайлымдағы агрофитоценоздық арақатынасын ескеріп, фитомелиоративтік әдістерді қолданып, жусанды далада жоғары сапалы, биіктігі мен қалыңдығы жоғары өсімдіктер қауымдастығын қалыптастыруға болады.

Оңтүстік-Батыс мал және өсімдік шаруашылығы ғылыми зерттеу институтының көпжылдық тәжірибесінің нәтижесі мынадай аралас екпе жайылымдардың тиімді екендігін көрсетті: қара сексеуілді-изенді-теріскенді-шоғанды; қара сексеуілді-изенді-теріскенді; изенді-теріскенді [2]. Кеңестік кезінде Жамбыл облысы Талас ауданында изен егу жұмысы қолға алынып, мемлекеттен бөлінген қыруар қаржыға аталмыш шөптің тұқымы сатып алынып, ең даланың шаруашылыққа тиесілі едәуір басым бөлігі сыммен қоршалып, тақтаға бөлінгенді. Бұл іс алғашқыда оң нәтижесін бергенде болатын, кейінен бақылау босаңсып, салғырттық жайлаған соң аяқсыз қалды.

Изен егу тәжірбиесін алғашқылардың бірі болып қалыптастырған Оңтүстік Қазақстан обылысындағы «Задария» асыл тұқымды қой зауыты болатын. Табиғаттың шөлді, шөлейтті өңірлерінде өсетін төл өсімдігі құнарлығымен, малға жұғымдылығымен, өзгермелі

ауа-райына төзімділігімен ерекшеленген [2,4]. Изен тұқымы қарашаның желтоқсанға ұласар шағына дейін себіліп, қар астында қалуы міндетті. Осылай болғанда ғана себілген тұқымның тегіс өнуіне негіз қаланады. Қорыта келе, жайылымдар шығымдылығын арттыруда раңды, жусанды – раңды жайылымдарда шытыршықтан (Наурыз сорты), тастақты изеннен (Нұр сорты), теріскеннен (Арыс сорты), шоғаннан (Жалын сорты), топырағы ауырлау белдеуде саздақты изеннен бір түрлі екпе жайылым, ал арақидік кездесетін құмшауыт жерлерде құмдақты изеннен (Задария сорты), теріскеннен (Қызылқұм сорты), жүзгіннің Шұғыла сортын сексеуілден (Жансая сорты) тұратын аралас екпе жайылым түрін бір түрлі және аралас екпе жайылымға пайдалануға болады [3].

Республика шеңберіндегі жайылымдар, негізінен жер асты суларымен ылғалдандырылады. Осы күнге дейін суды тереңінен жоғары көтеруге шегенді және түтікті құдықтарға тасталған моторлар күші пайдалануда. Құдыққа да күтім керек. Қолданыстағы құдықтар сырттан ішке түсетін заттардың әсерінен былғанып жатады. Соған орай, ұдайы аршып, тазартып отырмаса, суы иістеніп кетеді. Соны ескеріп, Қазақ су шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты құдық тазалаудың жекелеген адамдарға тиімді әрі оңай жолын ұсынып отыр. Бұл әдіс бірқатар шаруашылықтарда сыннан өтті. Қазіргі кезде жайылымдықтардағы құдықтардан су шығаратын ЭЦВ типтес салмалы сорғылар көбінесе сумен бірге құмды да соратындықтан тез арада саптан шығады. Қиыршық құмдар сорғы қалақшаларын, электрмоторларының айналмалы тетіктерін қажап, жарамсыз етеді. Институт қызметкерлерінің ізденісті жұмыстарының нәтижесінде су сорғы жүйесіне сеператор тәріздес гидроциклон қою тәсілі ойлап табылды. Гидрациклонның артықшылығы – құрылымы оңай, пайдалануына икемді, сонымен қатар салманы ауыстыруды қажет етпейді. Оған қоса диаметрі 0,05 мм-ден ірі қиыршық құмның бәрін ұстай алады. Тағы бір ерекшелігі – құдық сүзгісі арқылы кіретін құмдарды төменде орналасқан тұндырғыда шөктірмей, жұмыс барысында жер бетіне бөлек шығарып отыратындығы [5].

Обылыста XX-ғасырдың 90-шы жылдары 4491 су көзі болса, қазіргі таңда соның 2792-сі «аман-есен» жеткен, қалғандары ескерусіздіктен ескіріп, көміліп қалған, көздері бітелген, олар аршуды, тазалауды қажет етеді. Жамбыл облысының «2011-2020жыл аралығында мал басын жайылымдықтарға сүйене отырып көбейту» жөніндегі бағдарламасында жайылымдықты суландыру мәселелері де қарастырылған. Қазіргі таңда қарастырылған мәселелерге байланысты керекті құжаттар мен қаражат құрамы айқындалып әзірлену үстінде. Сонымен жайылымдыққа барып тірелетін түйіндер шешілмейінше мал басын арттыруда, малдан алынатын өнім сапасын да жақсарту мүмкін емес. Өйткені малдың анасы – жайылым.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Шамсутдинов З.Ш. Введение в культуру дикорастущих кормовых растений для улучшения пустынных и полупустынных пастбищ и задачи селекции// Материалы 1 Межреспубликанской конференции по селекции, семеноводству и семеноведению кормовых растений из дикорастущей флоры для улучшения пустынных и полупустынных пастбищ, Душанбе, апрель – 1968 г. - Москва, 1969:- С.46-53.
2. Абдраимов С.А. Аридные пастбища Казахстана. Алма – Ата, 1988. - С. 8
3. Асанов Ш.Ш., Айдналиева Ж.Л. Изен – Қазақстанның шөл және шөлейт жайылымдарының перспективті интродуценті// Индустриально-инновационная политика: состояние и перспективы развития: Матер. Междунар. науч. – практ. конф., г. Уральск, 23-24 июня 2006г. – Уральск: ЗКАТУ им. Жангир хана, 2006. – Кн.1. с.7-9.
4. Ибрагимов Т.С., Абдраимов С. Структурный состав растительности юго-западного Мойынкума. //Роль молодых ученых в развитии пустынного животноводства и кормопроизводства, Шымкент, 2001, С.83-85
5. Абдураманов А.А., Донис К.Д., Абилов А.А. Вертикальная насосная установка//Новости науки Казахстана. Алматы-1998., №5,105с

Аннотация

Мақалада тозған жайылымдарды қалпына келтіру үшін бағалы мал азықтық изен өсімдігін өсіру, биологиялық-экологиялық ерекшеліктерімен шаруашылық құндылығы қарастырылған.

Аннотация

В статье рассмотрено восстановление деградированных пастбищ путем высаживание изена как ценных животноводческих корм и его биологические и экологические особенности

Annotation

The research paper considers the restoration of degraded pastures through planting of kochia prostrata as a valuable livestock feed and its biological and ecological features.

ӘОЖ 582

ОҚУШЫЛАРДЫҢ МЕКТЕП ОҚУ ТӘЖІРИБЕ ТЕЛІМДЕРІНДЕ АТҚАРАТЫН ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Қолан Г.Б., Тулеубаев Ж.С.

Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Тараз қ.

Мектеп оқу тәжірибие телімдері бұл аспан астындағы «Жасыл сынып» - ол мұғалімнің басшылығымен құрылып, іске асып, онда биологиядан көптеген теориялық және практикалық сабақтар мен басқада сыныптан тыс жұмыстар жүргізіледі. Оқушылардың практикалық қызметтері тірі табиғат заңдарын терең оқып-зерттеуге және табиғатты қорғауға арналып, жергілікті табиғат климат жағдайларын ескере отырып ауылшаруашылық дақылдарымен әртүрлі тәжірибелер жүргізіп, олардан мол өнім алуға арналуы керек.

Тәжірибелік жұмыстар – көптеген пәндердің оқу бағдарламаларының жалғасы болып табылады. Атап айтқанда еңбек сабақтары, табиғаттану, дүние тану, география, биология, экология, химия т.б. Оқушылардың осы пәндерден жинақталған теориялық білімдері лабораториялық және далалық тәжірибелерді жүргізуге көмектеседі. Тәжірибе жұмыстары барлық 1-11 сынып оқушыларын олардың жас ерекшеліктері мен алған білімдеріне байланысты әр түрлі тақырып бойынша оқушылардың қызығушылығын ескере отырып түгел қамтуға көмектеседі. Егер бірінші алған жоспарда тәжірибелік жұмыстардың ғылыми құндылығы ескерілетін болса, онда ол тәжірибелер белгілі қабылданған әдістемелер арқылы жүргізілуі қажет және олардың нәтижелері мен қорытындылары қатесіз, сенімді болуы қажет. Егер алынған нәтижелер сенімді болса, онда солардың негізінде ауылшаруашылық өндірісіне қажетті практикалық ұсыныстар дайындап ұсынуға болады.

Тәжірибелік жұмыстарда агрономиялық нәтижелер ескерусіз қалмауы қажет, себебі негізгі мақсат алынған ауылшаруашылық өнімдерінің сапасы мен олардан жоғарғы өнім алуға пайдаланылған оптималды әдістер мен тәсілдерді қолдана білуге үйрену. Тәжірибе – бұл сыныптан және мектептен тыс теориялық, практикалық және өндірістік жұмыстардың жиынтық-комплексі болып табылады. Бұл жұмыстарда үзіліс болмайды – ол жыл бойы үздіксіз жүргізіліп отырылады. Сондықтан бұл жұмыстардың негізгі көлемдері сабақтан тыс уақытта орындалады яғни оқу-тәжірибелік практика кезінде немесе факультативтік сабақтарға бөлінген сыныптан тыс сағаттар есебінен орындалады [1].

Мектеп бағдарламасына сәйкес Биология пәні мен ауылшаруашылық еңбегінен әр мектепте оқу тәжірибие телімдері бойынша мынандай бөлімдер болулары керек: [1-3].

1. Бастауыш кластар бөлімі;
2. Далалық дақылдар бөлімі;
3. Көкөніс дақылдары бөлімі;
4. Коллекция бөлімі;
5. Өндірістік бөлім;

6. Сәндік және гүлді өсімдіктер бөлімі;
7. Дендрологиялық бөлім;
8. Зоологиялық және үй жануарлар бөлімі;
9. Экологиялық бөлім.

Бұл бөлімдерде оқушылар әр түрлі ауылшаруашылық дақылдарын өсіруді және олармен түрлі варианттарда тәжірибелер қоюға үйренеді.

Табиғат жағдайына ұқсас тіршілік ортасында өсетін әртүрлі өсімдіктер бірлестігіне жататын өсімдіктер коллекциясынан тұрады. Бұл бөлімге әртүрлі жануарлар және өсімдіктер бірлестігіндегі организмдердің тіршілігін зерттейтін және биоценоздың қалыптасу барысын бақылауға арналған Дарвин алаңы да кіреді. Мектептің оқу-тәрбиесі участогында бала бақшалар тәрбиеленушілері мен бастауыш класс оқушылары экскурсия ұйымдастыруға болады. Сондай-ақ, төменгі класс оқушылары еңбек сабағында алуан түрлі дақылдар егудің әдістерін үйренетін болады [2-4].

Тәжірибелік жұмыстарды бастар алдында оқу тәжірибие жұмысының жетекшісі (биология пәнінің мұғалімі) оқушылармен бірлесе отырып, оның барлық этап-кезеңдерінде істелетін жұмыстарды ойластырып жоспарлайды. Мысалы: Тәжірибие жұмыстарының өз кезегімен атқарылатын схемасы мынандай болуы мүмкін.

1. Тәжірибие қойылатын объектіні, оның биологиясын, агротехникасын анықтау.
2. Тәжірибие қойылатын телімді анықтап оны дайындау.
3. Қойылатын тәжірибенің рационалды схемасын құрастыру.
4. Тәжірибие мақсатына сәйкес бақыланатын параметрлерді жүйелерді алдын-ала анықтау.

5. Егілетін дақыл тұқымын, көшеттерін дайындау
6. Дайындалған схема бойынша тәжірибелерді қою
7. Егілген өсімдіктер мен дақылдарды бақылау
8. Оларды жинау, өнімді есептеу, қорытынды мен сараптау жүргізу.

Әрбір тәжірибие 2-мөлдек-танапта жүргізіледі, «Тәжірибелік» және «Бақылау», бұл мөлдектерде топырақ түрлері, бетінің тегістігі, өлшемдері мен формалары бірдей болуы қажет. Мысалы: Тәжірибелік алаңда өсімдіктерді сиретіп, тыңайтқыш берсе, ол бақылау варианттарында мұндай жұмыстарды жүргізбейді. Екі мөлдектерде топырақты өңдеу, суару, күту, өнімді жинау жұмыстары бір мезгілде өз уақытында бірдей жүргізілуі тиіс. Тәжірибелік телімдерде – қандай дақыл егілгені- аты, сорты-тәжірибие немесе бақылау варианттары екендігі жазылып- тақтайшада көрсетіледі.

Тәжірибие тақырыптарын таңдау. Тәжірибелік жұмыстардың тақырыптары сол мектеп пен базалық шаруашылықтың мүмкіндігіне қарай анықталады.

Тақырыптар мынандай бөлімдерден тұрулары мүмкін

1. Өсімдік өсірілетін аймақтың топырақ-климаттық жағдайы.
2. Мәдени өсімдіктерді өсірудің агротехникалық әдістері.
3. Өсірілетін дақылдан сорттарын зерттеу және олардың ботаникалық, биологиялық және өсіп-даму ерекшеліктерін біліп, танысу.
4. Алынатын өнімнің сапасы мен нәтижесіне органикалық, минералдық, микро-тыңайтқыштардың әсерін зерттеу
5. Фитонцид бөлетін өсімдіктерді зиянкестермен өсімдікті қорғауда пайдалану.

Мысалы:

- Картоптың сорттарын сынап-жергілікті жердегі халыққа оның нәтижелері бойынша практикалық ұсыныс беру
- Сәбіз бен қызылшаның сорттарын сынақтан өткізу
- Ашық жерде өсірілетін томат-қызанақтың өнімдерін бақылау
- Крестгүлділер тұқымдастарын (шалғам, шалқан, шомыр), зонт тұқымдастары (ақжелкен) өсімдіктерінің өсіп-дамуын бақылау
- Экологиялық тәжірибелер қою (газон).

Сапалы тұқым егілгенде ғана дақылдан жақсы өнім алуға болады. Сондықтан тұқымның сапасына мынандай талаптар қойылады: ол таза яғни басқа дақылдар мен арамшөптердің тұқымдары болмауы керек, өңгіштігі жақсы болуы, дәнінің толықтығы, үлкендігі мен көлемі жағынан біркелкі болуы тиіс. Тәжірибелерді көкөністік, сәндік, бау-бақшалық және далалық өсімдіктермен жүргізіледі. Оқушылар өсімдіктерді өсірудің агротехникасымен таныса отырып, олардың қоректік элементтер мен суға деген қажетсінуін, әр түрлі факторлардың әсеріне (ылғал, жарық, аяз, қуаңшылық т.б) икемділігін және өнім беруінің қалыптасуын өз көздерімен көріп түсінеді.

Мектепте төмендегідей агротәсілдерді сынап зерттеуге болады:

Топырақты қопсыту (тамыржемістілер, картоп, қияр, пияз, көк шөптер);

- Шырпу (томат, астра гүлі, бұрыш);

- Түптеу (картоп, томат, қияр, капуста, жүгері);

Борозда, жал, қатарларға өсімдіктерді өсіру;

Өсімдіктерді тіреу мен шпалерге байлау арқылы өсіру;

Гүлдену фазасы мен өнім салуын қалыптастыру мен реттеу (томат, қияр, бұрыш, сәндік дақылдар мен өсімдіктер);

Биологиялық активті заттарды пайдалану арқылы отырғызылатын көшеттердің топырақта бекуін қадағалау:

Өсімдіктерді тозаңдату (қияр, томат, жүгері, қара бидай, бұрыш);

Барлық дақылдарды үстеп қоректендіру;

Өсімдіктерді зиянкестер мен аурулардан қорғау тәсілдері.

Топырақты қопсыту - бұл барлық өсімдіктерге керекті маңызды агротехникалық тәсіл, әсіресе бұл тәсіл тамыр жүйелері әлсіз топырақ бетінде жақын орналасқан дақылдар немесе жер асты тамыр жемістілер, түйнек, пиязшық, жидек беретін дақылдар үшін маңызды. Қопсыту арқылы тамырлардың тыныс алуы, топырақтың органикалық қосылыстарының немесе тыңайтқыштардың минерализациялануы жақсарып, топырақ микроорганизмдерінің өмір сүру жағдайлары жақсарады.

Қопсытуды әдетте суарудан немесе жауыннан кейін, топырақ қатты тығыздалып, аэрациясы жоғарылаған кезде жүзеге асырылады. Кепкен топырақты қопсытуға болмайды. Қопсытуды әртүрлі тереңдікке жүргізеді. Ұзын тамыр өнімдерін беретін тамыржемісті өсімдіктер (сәбіз, шомыр, шалқан, пастернак) үшін топырақты 10-см-ге дейінгі тереңдікте қопсытады. Бұл тәсіл питомниктер мен бақта өсетін жемісті дақылдарға тиімді әсер етеді.

Қарақат, бүлдірген, шекілдеуікті дақылдар мен аласа бойлы телінуші ағаштар мен қаламшерден көбейетін өсімдіктер үшін қопсытуды аз тереңдікке жүргізеді. Тамыр жүйелері тереңге кететін өсімдіктерді күтіп-баптауда қопсытуды терең жүргізеді. Осы нәтижелерді сынау барысында тәжірибе схемасында бақылау варианты топырақты қопсытусыз, ал тәжірибе вариантында қопсытумен жүргізеді. Қопсыту сандары өсімдіктің өсіп-даму фазаларына сәйкес алдын-ала жоспарланады [1-2].

Бұл тәжірибе нәтижелері бірден анық көрінеді. Тәжірибелерді қоюды орта сынып оқушыларына (8-9 сынып) тапсыруға болады. Мектеп маңындағы оқу-тәжірибе телімдеріне оқушылардың жұмыстарын ұйымдастыру үшін, әр мектепте әртүрлі ауылшаруашылық инвентарлар (құрал-жабдықтар) саны оқушылардың бойы мен жас ерекшелігіне сай келіп, барлық сынып оқушылары бір мезгілде жұмыс істеуге жеткілікті болуы керек.

Педогогикалық және медициналық бақылаулар негізінде жасалған әдістемелік нұсқауларға сәйкес оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты мынадай оптимальды өлшемдері бар негізгі ауылшаруашылық инвентарлар ұсынылады: (кесте 1-3).

1. Әр түрлі күректер мен кетпендер.
2. Айырлар – дөңгелек тістері бар, көңді шашып - жаю үшін.
3. Жазық тістері бар айырлар – жермен жұмыс істеу үшін.
4. Темір тырмалар.

Бұл құралдардың формасы топырақтың сипатына және істелетін жұмыстың түріне байланысты әртүрлі болады. Мектеп оқу – тәжірибе телімдерінде істелетін жұмыстардың түрлеріне байланысты күрек, кетпен, тырма, айыр және бақта жұмыс істеуге керекті ара, окулировка жасауда қолданылатын пышақтар, секатор тағы басқа ауылшаруашылық инвентарлары керек [2].

Кесте - 1

Оқушылардың жастарына байланысты күректердің өлшемі

Оқушының жасы	Күректің өлшемі, см.	Ұзын сабының диаметрі, см.	Жалпы биіктігі, см.
8-10	12-14*18-21	2,75-3	95-100
11-13	14-15*21-23	3-3,25	100-110
14-16	16-18*24-25	3,25-3,5	110-120

Кесте – 2

Оқушылардың жастарына байланысты кетпеннің өлшемі

Оқушылардың жасы	Пластина биіктігі, см.	Өткір ұшының ені, мм.	Сабының ұзындығы, см.	Сабының диаметрі, см.
8-10	9-10	10	110	2,3
11-13	9-10	12	120	2,3
14-16	9-10	14	130	2,3

Кесте - 3

Оқушылардың жастарына байланысты тырманың өлшемі

Оқушылардың жасы	Тістер Саны (дана)	Тістерінің ұзындығы, см.	Тістерінің қалыңдығы, см.	Сабының ұзындығы, см.	Сабының диаметрі, см.
8-10	7	7	0,5	130	2,5
11-13	9	7,5	0,6	140	2,8
14-16	11	8	0,7	160	3,0

Оқу-тәжірибе телімдерінде жұмыс істеуге керекті ауылшаруашылық құралдардан басқа жеткілікті түрде көмекші құралдар қажет, олар – шелек, су құйғыш-лейка, носилка, корзиналар, өнімді жинап салатын жәшіктер, көшеттерді отырғызатын жәшіктердің өлшемдері оқушылардың жас мөлшеріне сәйкес болулары қажет (Кесте-4).

Кесте - 4

Оқушылардың жас мөлшеріне сәйкес келетін жәшіктер мен көтеретін жүктердің массасы

Оқушылардың жастары	Көшеттерге арналған жәшіктің өлшемі	Суы бар шелекпен -лейка массасы, кг.	Носилка мен корзина жүктерімен массасы, кг.
8-10	30*20*10	3-4	6-8
11-13	40*30*12	5-6	10-12
14-16	50*40*15	7-8	14-16

Сонымен қатар мектеп телімдерінде атқарылған басқа да жұмыстарды дұрыс орындау үшін, яғни әртүрлі бөлімдерді бөлуге, ауыспалы егістікті жоспарлауға, тәжірибелік және бақылау варианттарын мөлдектерге бөлу үшін керекті мөлшерде – жіп-шнур, рулетка, қазықтар, адымдаушы метр тағы басқа құралдар болуы керек. Мектептің оқу-тәжірибе телімдерінде жұмыс істеу үшін 4-5 оқушыдан бригадалар құрылады. Оқу –

тәжірибе участіктерінде бірдей жұмыстар істелінеді, яғни топырақты өңдейді, нақты алынған коллекциядағы дақылдарды оларға тиісті агротехниканы қолданып өсіреді, тәжірибелер қояды, бақылау жұмыстарын жүргізеді.

Оқу - тәжірибе учаскелерінде негізгі атқарылатын жұмыстың бірі бұл-қойылған тәжірибелер. Тәжірибені оқушы топтары әр түрлі мезгілде (уақытта) жүргізеді. Көктем мезгілінде - оқу-тәжірибе телімдерінде жүргізілетін жылдық жұмыстардың жоспары жасалынады. Бұл жоспарда алдын-ала эскиздер дайындалады. Көктемде мектептің оқу тәжірибие телімдерінде де тәжірибелер қойылады. Көктем мезгілінде жасалған жұмыстар аяқталған соң істелінген жұмыстар бағаланып оқушылар бригада бойынша бүкіл сынып алдында есеп береді. Одан кейін жазғы мезгілге арналған жоспарлар құрылады.

Жазда-егілген өсімдіктерді бақылап, қарап-әр түрлі тәжірибелер мен бақылаулар жүргізеді. Күзде - егінді жинап өнімді есептейді. Сыныпта немесе лабораторияда оқушылар тұқымның сапасын тексеруге тәжірибелер жүргізеді, топырақ құрамын анықтап, қорытынды есеп дайындайды. Күзде-күз мезгілінде-мектеп участектерінде өсірілген дақылдардың өнімдерін жинап, коллекцияға материалдар жинайды, қысқа дейін жерді өңдейді, жылдық есептерді дайындайды.

Қыста-көктемде жүргізілетін жұмыстарға дайындық жұмыстарын жүргізеді, зерттейді. Далалық тәжірибелердің әдістемелерін, жоспарын дайындап, зерттелетін тақырып бойынша жүргізілетін тәжірибе схемаларын дайындайды.

Жоспарда – оқу тәжірибе учаскесі – оқу процесін өткізуге арналған арнайы жабдықталған лаборатория-егістік болып есептелетіндіктен, онда міндетті түрде экскурсиялық және жұмыстық жолдар қарастырылады. Олардың ендері оқу – тәжірибе учаскісінің ауданына байланысты әр түрлі болуы мүмкін. Көбінесе экскурсияға арналған жолдардың ені 1,5-2,0 м, ал жұмыстық жолдардың ені (мөлдектер арасы) 70-80 см шамасында болады [5].

Далалық өлшеу құралдары арқылы және қазық пен жіптердің көмегімен оқу-тәжірибе учаскелерінің бөліктері белгіленіп бөлінеді. Белгіленіп бөлінген танаптардың жерлері: оған егін немесе басқада өсімдіктер егу үшін дайындалып, агротехникалық шаралар толық сақталып дақыл тұқымдары егіледі. Одан кейін аттары, сорты, егілген күні, жазылған этикеткалар белгіленіп қағылады.

Мектептің оқу-тәжірибе үлескісінің жұмысын ұйымдастыруда ең бірінші алаңның топырағына көңіл аударған абзал. Себебі, топырақ құрамы мен құрылымы өсімдіктің өсуі мен гүлдеу мерзіміне, алынатын өнім түсіміне тікелей әсер етеді. Сондықтан оқу-тәжірибе үлескісінің алаңын топырақпен қамтамасыз ету мен оны танаптарға орналастыруға мұқият қарау қажет. Мектеп алаңынан өнімді мол алу үшін ауыспалы егістік технологиясын пайдаланған дұрыс. Көптеген өсімдіктер, мысалы қызан, картоп, тамыржемістер (сәбіз, қызылша, шалқан), үрмебұршақ және пияз — көң мен қарашірікті, оның үстіне минералды тыңайтқыштарды есептеп шашуды талап етеді.

Тәжірибе күрделі климат, топырақ және ылғалдың түрлі жерлерінде жасалады. Сондықтан тәжірибе нәтижесі әр түрлі болары сөзсіз. Алайда тәжірибе дәл және анық болуы үшін барлық жүргізілетін есеп болуы абзал. Өйткені барлық мәлімет мынадай құжаттар арқылы жүргізіледі:

Күнделік дәптері және Тіркеу журналы. Күнделікке оқушылардың күнделікті бақылаған мәліметі жазылады. Онда күнделікті болған өзгерістер (өскіннің өсуі, гүлдеуі т.б.) ауа райында болған құбылыстар (фенологиялық бақылау), жасалған күтім (суару, түптеу, шөптеу, т.б.) жазылады.

Тіркеу журналында жер аумағы, өсімдік тарихы, топырақ сипаттамасы тәжірибе алаңының сызбасы, ауданы, тәжірибе жұмысының жоспары, бұрынғы дақыл жөнінде мәліметтер, 1 га шаққанда алынған өнім, есептеу қорытындысы жазылады. Оқу-тәжірибе үлескісінің жұмысын дұрыс жоспарлаудың маңызы зор. Әрине, жоспарлау кезінде топырақтың құрамы мен құрылымын, өсімдіктің вегетациялық кезеңін, жергілікті жерде өсіруге ауа райының қолайлығын ескерген жөн. Сондай-ақ, жас кезінде дақылдарды күтіп,

баптау үшін оқушылардың жазғы еңбек практикасын дұрыс ұйымдастырудың маңызы зор.

Топ мүшелерінің еңбек практикасын биолог мұғалімдер немесе бастауыш сынып мұғалімдері бақылап, ұйымдастырып отырады. Бригада мүшелері бірінші күні жұмысын бастарда мектеп телімдерінде жұмыс істеу кезіндегі сақтық-қауіпсіздік ережесімен танысып, журналға қол қояды. Ал бақылаушы, үйретуші мұғалім жұмыс түрлерін белгілеп, оны орындау жолдарын көрсетіп, тәжірибе күнделігін жүргізуді реттеп, оқушылардың келгендері туралы журналға белгілеп отырады. Оқушылардың жазғы еңбек практикасы үлескіде өскен дақылдарды күтіп баптау, өнімін жинау жұмыстарымен бірге пәнге байланысты, оқушылардың танымдық белсенділіктерін арттырып, шығармашылыққа тәрбиелейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тулеубаев Ж.С. Мектеп оқу тәжірибе телімдерінде атқарылатын тәжірибелер. оқу құралы, - Алматы:Нур-Принт, 2016. 412 б
2. Папорков М. А., Клинковская Н.И, Милованова Е.С. Учебно-опытная работа на пришкольном участке : пособие для учителей - М. Просвещение, 1980. 256 с.
3. Амбражевич Я.Е. Отдел начальных классов учебно-опытного участка школы // Начальная школа. - 2005. - № 5. – С. 80-84..
4. Баранчикова, Л. А. Озеленение пришкольной территории / Л.А. Баранчикова //Школа и производство. - 2004. - № 3. - С. 75-77.
5. Манаков, А. П. Учебно-опытное хозяйство с законченным циклом // Народное образование. - 2011. - № 5. - С. 87-89.

Аннотация

Мақалада оқушылардың мектеп оқу тәжірибе телімдерінде атқаратын жұмыстарын ұйымдастыру мен онда жүргізілетін тәжірибелер қарастырылған.

Аннотация

В статье рассмотрено организация работ учащихся в учебно-опытном пришкольном участке и проведенные в нем опыты.

Annotation

The article describes the organization of work of students uchebno experienced the school grounds and conducted the experiments.

ӘОЖ 634.1:631.524.7.01

ТАУ БӨКТЕРІ АЙМАҚТАРЫНДА РАПС ДАҚЫЛЫН ӨСІРУДІҢ АГРОБИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қошқарбаев Н.Б., Тулеубаев Ж.С.

Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Тараз қ.

Егіншілік шаруашылығы саласының алдындағы негізгі міндеттердің бірі Республика тұрғындарын жеткілікті мөлшерде өсімдік майымен қамтамасыз ету. Ол үшін, майлы дақылдардың егіс көлемін кеңейтумен қатар, олардың жоғары өнімді түрлері мен сорттарын пайдаланып, тұқым шаруашылығын жақсартып, ғылыми негізделген интенсивтендірілген өсіру технологиясын кеңінен қолдана отырып, өнімділікті және оның сапасын жоғарылату керек [1]. Осыған орай майлы дақылдардың шаруашылық үшін құнды белгілері мен қасиеттерін анықтау, оның ішінде тұқым өнімділігі, сапасы және нақты топырақ-климаты жағдайларына бейімділігін бағалап, Қазақстанның оңтүстік-шығыс таулы дала аймағында өсіруге лайықты диверсификациялық түрлерін ұсынуға


және өңірде өсіруге мүмкіндігі мол майлы дақыл рапстың өсіру технологиясын жасауға бағытталу оның өндіріс сұраныстарына сәйкес көкейкестілігін білдіреді.

Қазіргі таңда Республика халқының өсуіне байланысты азық-түлікке сұраныс қажеттілігі тез қарқынмен артуда. Сондықтан ауылшаруашылығы дақылдарының өнімділігін көтеру, өсімдік шаруашылығын әртараптандыру, жаңа технологияны, жоғары және тұрақты өнім беретін, өнімділік потенциалы жоғары дақылдар сорттарын аудандастырып, өндіріске енгізу өте қажет. Бұл бағытта соңғы жылдары облыс көлемінде бұрын егілмеген немесе жете зерттелмеген дақылдарды егу қолға алына бастады. Сондай дақылдардың бірі рапс өсімдігі. Республикада рапс өсімдігі негізінен екі бағытта, яғни май алу үшін және мал азығы үшін пайдаланылады. Осыған байланысты майлы дақылдардың ғылыми негізделген өсіру технологиясын зерттеу өзекті мәселе болып табылады. Республикада өсірілетін майлы дақылдардың өнімділігі мен май шығымы (24-60% аралығында) топырақ-климат, агротехника, сорт ерекшеліктеріне байланысты өзгереді. Алынатын өсімдік майы химиялық құрамына, биологиялық қасиеттеріне және тауарлық сапасына қарай әртүрлі мақсаттарда пайдаланылады [2-4].

Майлы дақылдардың егістік аудандарының күрт өсуі елімізде 2009 жылдан басталды. 2013 жылы Қазақстанда майлы дақылдар егілген егістік жердің ауданы рекордтық көрсеткішке жетіп, 1млн. 981,5 мың га. құрады, яғни соңғы 10-жылдың ішінде Қазақстанда майлы дақылдардың жер көлемі 5-есе өскен. Мұның себебі Қазақстанның әр түрлі аймақтарында рапс дақылын өсірудің оптималды технологиясы жүзеге асырылған, сонымен қатар рапс дақылы мен одан алынатын өнімдерді өткізу мәселелері толық шешілген және олардың бағалары бидайдың бағасына қарағанда өте жоғары. Бұл рапс дақылын өсірудің рентабельділігінің жоғары екендігін көрсетеді. 1999 жылы Қазақстанда өсірілген жаздық рапстың егістік көлемі 20,1 мың га. болса, 2013 жылы жаздық рапс 264,4 мың га. жерге егілген. Майлы дақылдардың ішінде жаздық рапстың егістік көлемі 10 есеге дейін өскен (1-сурет).

Жамбыл облысының топырақ климаттық жағдайына бейімделген май алынатын өсімдіктердің бірі Рапс (*Brassica oleifera*). *Oleifera Metzger*-шаршы гүлділер тұқымдасына жататын майлы және малазықтық дақыл, ол әлем ауыл шаруашылығында негізгі майлы дақыл ретінде кең қолданылуда. Облысымыздың топырақ-климат жағдайларына бейімделген майлы дақыл түрлерінің тиісті дәрежеде зерттелмеуі және өндіріске енгізілмеуі салдарынан еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ете алатын дәрежеге жету үшін егіс дақылдарының құрамын оңтайландыру, егіншілікті биологияландыру, экологиялық тазалығы мен экономикалық рентабельдігі жоғары технологиялар жасап өнімділігі мен қоршаған ортаға бейімділігі жоғары майлы дақылдардың жаңа түрлері мен сорттарын өндіріске кеңінен енгізу қажет.

Қазақстанда жаздық рапстың 1999-2013 жылдар аралығындағы егістік көлемі



Сурет - 1. Қазақстанда жаздық рапс егістігінің өсу динамикасы

Осыған орай майлы рапс дақылының халық шаруашылығы үшін құнды белгілері мен қасиеттерін, тұқымның өнімділігі мен сапасын нақты топырақ-климат жағдайларына бейімділігін бағалап Жамбыл облысының таулы-дала аймағында өсіруге лайықты диверсификациялық түрлерін ұсынуға және жалдап егу технологиясының агробиологиялық заңдылықтарымен су режимдерін зерттеу ғылыми жұмыстың көкейтестілігін білдіреді.

Рапс – бір жылдық, күздік және жаздық тіршілікті өсімдік. Тамыры ұршық тәрізді, бірақ сабағынан жуан емес. Сабағы тік, дөңгелек, биіктігі 0,3-1,5м, бұтақты, жапырағы анық жасыл түсті, сырты воскілі қатпармен көмкерілген. Төменгі жапырақтары сағақты лира –қауырсынды тәрізді, тілікті төменгі жапырағының алақаны ақ тікенді түктермен көмкерілген. Ортанғы жапырақтары ұзынша найза тәріздес, жоғарғысы ұзынша лансетті, негізгі кеңейген, сабақты орап тұрады. Гүл шоғыры – шашақ гүлді, онда 20- 40 гүлдері болады. Гүлдері ірі, сары гүл аяғы ұзын 1,4-1,5 см. Жапырықша негізі ұзынша эллипсті, 6-8 м ұзындығы, гүлдеген кезінде жоғары қарай қиғаштанып тұрады. Бағаншасы жінішке-1,5-2мм, жатын 20-40 тұқым бүйрекшесінен тұрады. Бұршаққыны еңсіз, ұзындығы 5-10см, ені 3-4мм, тегіс жеміс негізінде отырады, жемісінің ұшы жіңішке, қысқа 1-2 см, онда негізінен тұқым болмайды. Тұқымы дөңгелек немесе шар тәріздес, диаметрі 1,7-2,5мм, 1000 дән салмағы 4,0-4,5г, сұр немесе қара түстес тұқым жарнағы мен тамыршасы әрқашан анық байқалады. Тұқым қабығы тегіс. Тұқымының дәмі шөп татиды, суда ерімейді, құрамында майы көп. Хромосомдар саны $2n=36$. [2-4]

Рапс ұзақ күн өсімдігі. Яровизиялау тұқымының пісуін 4 күнге дейін қысқартады. Жаздық рапс ылғалға талаптары қатаң болғандықтан жоғары өнімді ылғалы мол жерлерде береді. Топырақ типіне талабы жоғары. Жаздық рапс - французша – кольза деп аталады, өнімділігі мен майлылығы жағынан күздік рапстан артта қалады. Рапс майының өндірісі әлем бойынша майбұршақ және пальма майларының өндірісінен кейінгі үшінші орында болды. Рапс майын тамаққа рафинацияланғаннан кейін және жағымсыз иісті заттарды жойғаннан кейін пайдаланады. Соңғы жылдары селекционерлер эрук қышқылынан бос рапс сорттарын шығаруда. Рапс майының бағалылығы оның құрамында қанықпаған майлы қышқылдардың әсіресе олеин қышқылының болуы. Ол қандағы холестериннің деңгейін азайтады, адамның тамыр жүйесін артериамды өзгерістерден сақтайды, артериальдық қысым деңгейін реттейді, диабеттер мен гипертониктер оң әсерін тигізеді. Автокөліктердің көптігінен ауаға адам ағзасынан және басқа да табиғатқа зиянды улы токсинді газдардың шамадан тыс бөлінуі рапс майынан биологиялық жанармай алу арқылы осы мәселені шешудің ең негізгісінің бірі болып табылады.[5-6]


Рапс көк тыңайтқыш және құрамы балды-бал арасы рапс егістігінің 1 гектарынан 90 киллограммға дейін бал жинайды. Майлы дақылдардың өсіп-дамуы, ылғал пайдалануы және арамшөптермен бәсекелесу қабілеттерін салыстырғанда ең ерте пісетін дақыл қыша болып шықты. Ол басқа дақылдардың бәрінен бұрын өскін береді, өсімдіктері негізгі сатыларды ең қысқа мерзімдерде өтеді. Сондықтан оның тұқым өнімі бақылаудан 40 тәулік бұрын, яғни 93 тәулікте пісіп жетілетіні белгілі болды (1-кесте,2-3 -сурет). Күнбағыс осы аймақта ең кеш мерзімдерде немесе 133 тәулікте пісетін майлы дақыл екені белгілі болды. Зығыр және мақсары бақылаудан тиісінше 21 және 16 тәулік ертерек, 112 және 117 тәулікте, яғни орташа мерзімдерде тұқым өнімін беретін дақылдар қатарына қосылды.

Кесте -1

Майлы дақылдардың сатыаралық кезеңінің ұзақтығы,тәулік

Дақыл	Кезеңдер					
	Себу-өскін	Өскін-сабақтану	Сабақтану-гүлдеу	Гүлдеу-дәннің пісуі	Өсу дәуірінің ұзақтығы	Бақылаумен салыстыру
Күнбағыс	9	42	43	39	133	0

Қыша	8	29	22	34	93	-40
Рапс	11	32	30	35	108	-25
	10	31	35	36	112	-21
Мақсары	13	37	29	38	117	-16



Сурет – 2. Майлы дақылдардың сатыаралық кезеңінің бақылаумен салыстырғандағы ұзақтығы, тәулік

Өсімдік биіктігі бойынша тәжірибеде күнбағыспен таласатын дақыл жоқ. Одан кейінге екінше ораныды мақсары мен рапс әр жылдары кезектесіп иеленді. Сондықтан, осы екі дақылдың жылдық орташа өсімдік биіктігі шамалас, тиісінше 69,8 және 69,0 см. Қалған дақылдардың өсімдіктері ең аласа болып шықты (2-кесте). Күнбағыс барлық жылдары және негізгі сатылардың бәрінде өсімдік биіктігі бойынша басымдық көрсетті. Сабақтану сатысында одан кейін мақсары тұрса, бұтақтану кезінде зығыр қарқындылау өсті. Тәжірибедегі өсімдіктердің биіктігі жылдардың метеорологиялық жағдайларына қарай елеуге тұрарлық мөлшерде өзгерді. Ылғал мол болған (674 мм) жылдары өсімдіктердің өсіп-дамуына қолайлырақ жағдайлар қалыптасты


Кесте - 2

Майлы дақылдардың өсіп-дамуына байланысты биіктігін өзгертуі

Дақыл	Сабақтану	Бұтақтану	Гүлдеу	Тұқымның пісуі	Бақылаумен салыстыру
Жылдық орташа					
Күнбағыс бақылау	27,4	80,0	136,7	159,7	0
Мақсары	22,2	34,1	48,0	69,8	-89,9
Рапс	18,5	35,3	47,5	69,0	-90,7
Қыша	16,0	24,9	41,8	52,1	-107,6
Зығыр	15,3	41,0	43,2	48,8	-110,9

Жылдың орташа өсімдік биіктігінің мәндері жоғарыда талданған деректерден онша алшақтаған жоқ. Ең биік өсімдік күнбағыстан мақсары 89,9 см, рапс 90,7 см, қыша 107,6, зығыр 110,9 см аласа болатыны анықталды. Рапс сабақтану сатысынан бастап, бұталану, гүлдеу басталуы және тұқым толық пісуі кезеңдеріне дейін біркелкі өсетін дақыл екені белгілі болды. Бұл өсімдіктің өте маңызды және пайдалы қасиеті. Дақыл сабақтарының өсу динамикасы вегетациялық кезеңнің өскін сатысында баяу жоғарлайтыны,

бұтақтанудан толық гүлдеуге дейін аса қарқынды сипатта дамиды, ал тұқымның балауызды пісу сатысынан кейін мүлде тоқталатыны анықталды.



Сурет – 3. Майлы дақылдардың май өнімінің орташа көрсеткіші, ц/га

Рапс қалған дақылдардан айтарлықтай жоғары май өнімін берді. Ол тіпті тұқым өнімділігі бойынша екінші сатыда орналасқан мақсарыдан да озып шықты. Оның себебі рапс тұқымының ең жоғары деңгейдегі майлылығында. Сондықтан басқа өсімдіктер май өнімі бойынша бақылаудан 27,9-72,0% кем түссе, ол 7,5% ғана төмендеу нәтиже көрсетті. Жүргізілген зерттеулердің жоғарыда келтірілген деректерін талдауды тұжырымдай келе, Қазақстанның оңтүстік-шығысының таулы-далалы аймағында май өндірісінің қарқындылығын арттыра түсу үшін негізгі майлы дақыл болып есептелетін күнбағысқа қосымша рапсты және мақсарыда пайдалану қажеттігі туралы батыл да, нық сеніммен ұсыныс жасауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Күрішбаев А. Республика егіншілігіне жүйелі даму қажет //Жаршы-2004., №6,
2. Артемов И.В. Рапс масличная и кормовая культура / И.В. Артемов, В.В; Карпачев Липецк: ГНУ ВНИИПТИР, 2005. -143 с.
3. Левин И.Ф. Рапс культура 21-века. Казань, 2005-185с
4. Сидорик И.В. Слабуш В.И. Мельников В.А. «Жаздық рапсқа экологиялық сорт сынау» //Жаршы №6, 2007ж. 19-21 б.
5. Носкович М Рапс-источник для биотоплива//Деловая газета Бизнес.-М.,2006.-07.03
6. Мейірман Ғ.Т. Биоотынның болашағы зор. Егемен Қазақстан газеті, №14, 15.09.2009.

Аннотация

Мақалада Қазақстанның оңтүстік - шығысында тау бөктері аймақтарында азық-түлік қауыпсіздігін қамтамасыз етуге ұсынылған майлы жаздық рапстың агробиологиялық ерекшеліктері қарастырылған.

Аннотация

В статье рассмотрены агробиологические особенности возделывания рекомендованного для обеспечения продовольственной безопасности масличных культур ярового рапса в предгорных районах юго-Востока Казахстана.

Annotation

In the article the features of cultivation of agrobiological recommended for food security oilseed summer rape in the foothills southeast of Kazakhstan.

ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫНЫҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ ӨНІМДІЛІГІН АРТТЫРУДА ТҰРАҚТЫ МАГНИТ ӨРІСІН ҚОЛДАНУ

Мәстүр С.Ж., Тулеубаев Ж.С.

Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Тараз қ.

Жамбыл облысында қант қызылшасын өсіру 1980 – ші жылдардың аяғында 42 мың гектар, ал оның әр гектарынан орта есеппен 297 центнер қант алынған, ал 1992 – 2001 жылдары еліміздегі экономикалық қатынастар нарыққа бейімделіп, бұрынғы ірі шаруашылықтар жекешеленіп кетуіне байланысты қант қызылшасы алқаптарының көлемі 5 есе қысқарып кетті. Мысалы: Республика бойынша 2003 жылы – 5000 га, 2004 жылы – 4300 га, 2005 жылы – 1400 га, 2006 жылы бар болғаны 209 гектарға қант қызылшасы егілген, ал 2007 жылы қант қызылшасы 0 га, яғни мүлдем егілмеген.

Оларды ескере отырып Қазақ ауылшаруашылық министрлігі 2008 – 2010 жылдары қант қызылшасын өсіру және қант өндіру жөнінде салалық бағдарлама жобасын қабылдап, соған сәйкес «Жамбыл облысында қант қызылшасы шаруашылығы мен қант өндіруді дамытудың 2008 – 2012 жылдарға арналған бағдарламасы бекітілген [1]. Осы бағдарлама бойынша облыста фабрикалық қант қызылшасын өсіру көлемін 2008 жылы – 6000 га, 2012 жылы – 12000 га және одан да көп гектарға арттыру арқылы облыстағы екі қант зауыты – «Қант» АҚ мен «Меркі қант зауыты» ЖШС өндірістік қант қызылшасы шикізатымен толық қамтамасыз ету белгіленген. Бірақ 2008 жылы Жамбыл облысында 6000 гектардың орнына бар болғаны 4700 гектар қант қызылшасы егілді. Табиғат қуаңшылығына байланысты оның 1,1 мың гектарынан ғана қант қызылшасы жиналды. 2009 жылы облыста 1,6 мың гектар қант қызылшасы егіліп, оның өнім бергені 930 гектарды құрады, қалған 670 гектары ауа райының қуаңшылығы мен су тапшылығы нәтижесінде өнім бермеді, бұл егілген егістіктің 41,8 пайызы.

2010 жылы Жамбыл облысында қант қызылшасын өсіру 7 ауданда жоспарланған, атап айтқанда: Байзақ ауданы – 1200 га, Жамбыл ауданы - 1200 га, Жуалы ауданы - 500 га, Қордай ауданы – 500 га, Меркі ауданы – 1200 га, Т. Рысқұлов ауданы - 100 га, Шу ауданы - 1200 га, барлығы 6000 га. Қызылша егілуге 10000 гектар алқап жоспарланған. Осы мақсатқа облыстық бюджеттен 430 млн. теңге қарастырылған [2]. Бірақ 2010 жылы Жамбыл облысы бойынша қант қызылшасы 5,7 мың гектарға егіліп, оның 3,8 мың гектар алқабынан ғана қант қызылшасы жиналып, әр гектарынан 167,3 центнерден өнім алынды. Облыс бойынша Меркі ауданы – 1379 га, Байзақ ауданы – 800 га, Жамбыл ауданы – 600 га, Шу ауданы – 559 га қант қызылшасын жинақтады. Ал Қордай, Жуалы, Т. Рысқұлов аудандары 100 – 185 гектар көлемдегі алқаптан қант қызылшасын жинады. Қант қызылшасын өсіру стратегиялық маңызы бар дақыл ретінде саналып, 2011 жылы облыстағы қант зауыттарын өз шикізатымен қамтама сыз ету үшін оның көлемін 7000 гектарға жеткізу жоспарланған. Соған сәйкес 2011 жылы облыста қант қызылшасы барлығы 7028 гектарға егілді. Бірақ оның 77,7%-ы, яғни 5461 гектарынан өнім жиналды, қалған 1561 гектары ауа райының құрғақшылық салдарынан өнім бермеді. Облыс бойынша жиналған жалпы орташа өнім әр гектардан 204,1 центнер болды.

2015 жылы Жамбыл облысы бойынша қызылша дақылының өсіп тұрған көлемі 3914 гектарды құрады, оның 3333 гектар қызылша алқабынан өнім жиналып гектарына 193,5 ц өнім алынған, Жоспарланған егістікті су тапшы болғандықтан көптеген аудандар орындамады, Қордай ауданы 250га қызылша егуі қажет болса, олар 222 гектарға тұқым сеуіп, жоспарды 90 пайызға, Жамбыл ауданы-31,2, Жуалы-108,3, Байзақ-68,4, Т.Рысқұлов-60,1, Меркі ауданы – 43,5 пайызға орындаған.

2016 жылы Жамбыл облысында қант қызылшасының көлемін 6000 гектарға жеткізу жоспарланған. Осы мақсатта тұқым сатып алу үшін облыстық бюджеттен 220 миллион

теңге бөлінген. Жамбыл «Қант» АҚ – ның директоры А.Шмегельдің пікірінше, 2 -қант зауыты (Жамбыл «Қант», Меркі қант зауыты ЖШС) толық шикізатпен қамтамасыз ету үшін 600 мың тонна қант қызылшасы шикізаты қажет, ал бұл мөлшерді алу үшін 12 – 17 мың гектар жерге қант қызылшасы егілуі керек. Жамбыл Қант зауыты қант қызылшасы жеткіліксіз болғандықтан шет елдерден қант құрағының бір тоннасын 800 АҚШ долларына сатып алуда. Қазақстанның ішкі нарығына қажетті қанттың мөлшері 400 мың тонна, бұның 20–30 мың тонналық бөлігі ғана қант қызылшасынан, қалғаны импортталған шикізаттан өндіріледі. Сондықтан қант қызылшасының Қазақстанда өндірісте қолданылуы ішкі нарықтың 10% құраса, импорт шикізаты 90%-ды құрайды. Бұл шикізат Америка құрлығындағы Бразилия, Венесуелла, Куба т.б. елдерден әкелінеді [1].

Соңғы кездері Жамбыл облысының суармалы алқаптарында қант қызылшасының шығымдылығын арттыруға көмегі тиетін ғылыми жаңалықтар-лазерлік және магниттік биостимуляциялық технологияны қолдану кеңінен қолданыла бастады [3-6]. Биостимуляция агротехникасын өндірісте қолдану үшін әрбір аймақтың топырақ-климат жағдайларын, әр дақылдың өңдеу режимін, мерзімін, мөлшерін және өсімдіктің түрлі ауруларға төзімділігін зерттеп және өңделген тұқымның себуге дейін қанша уақыт жату керектігін анықтап алған жөн.

Магнит өрісінің әсерінен ауа райының қолайсыз жағдайларының тұқымға тигізетін кері әсері кемиді, тұқымның шығымдылығы жоғарылайды және осыған байланысты тұқымның себілу нормасы 20-30% төмендейді, еңбек пен ақшалай шығын азаяды, өсімдіктердің түрлі кеселдерге беріктігі артады, дәнді-дақылдардың өнімі және өнімнің сапасы айтарлықтай жоғарылайды. Тұрақты магнит өрісі тұқымның өніп шығуына тиімді әсер етеді. Тұқымды өңдегенде оның әсері бірден байқалмайды, тек ол белгілі бір уақытқа дейін жатуы керек. Тұқым орта есеппен 8-12 күн, ал қайтара өңдеуді арттырғанда тұқымның жату мерзімін 20-30, кейде одан да көп күнге созуға болады.[3-6]

Магнит өрісінің әсері тек тұқымның өнгіштігін ғана арттырып қоймай, сонымен қатар өсімдіктің биологиялық дамуына жапырақтардың және топырақтағы тамыр жүйелерінің өсуіне игі ықпал тигізеді [4]. Дақылдарды жинап алғаннан кейін тұқым қоймада көктемгі егіс болғанша сақталады, қоймада жатқан тұқым 6-7 ай бойы өз бойындағы қоректік заттардың қорын жұмсайды да қыстан азып-ашып шығады, оның қуат энергиясының мөлшері барынша аз болып, одан мол өнім алу мүмкін емес. Мұндай тұқымды көктемде магнит өрісімен өңдегенде, ол атом фотондарын өзіне сіңіріп алады, оның биоэнергетикалық потенциалы артады да ол қосымша қуат алып, өзін сақтауға жұмсалған энергияның орнын толтырады. Тұқым өсу қуаттылығын жоғарылатып, егістікке сіңірілген соң даму процестерін тездетеді. Бұл алынатын өнімнің мол әрі сапалы болуына тікелей әсер етеді.


Геомагниттік өріс - су мен ауа сияқты тірі организм өмір сүретін біздің планетамыздағы экологиялық ортаның бір компоненті болып табылады да тірі организмнің ең елеулі басты өмірлік процестеріне әсер етеді. Магнит өрісі барлық тірі организмдерге әсер ететіндіктен, оның әсер етуінің дозалық деңгейі қарастырылып зерттелген. Адам баласына магнит өрісінің қауіпсіз кернеулігі 300-700 Эрстед (30-70 мТл) шамасында. Бірақ ТМД аймағында жүрізілген кең ауқымды зерттеулердің нәтижесі бойынша тұрақты магнит өрісінің шектік рұқсат етілген деңгейі (ШРД) 10 мТл деп қабылданады [5]. Магнит өрісі өсімдіктерге де әсер етеді, олардың өніп өсуі мен биіктігі бастапқы кезде жердің магнит өрісімен салыстырғанда қалай орналасқанына байланысты болады. Сонымен қатар қоршаған ортаға клеткадан бастап биосистемаға дейін жасанды антропогендік электромагниттік өрістер де әсерін тигізеді. Магнит өрісі биологиялық системалардың өмір сүруінде негізгі роль атқарады, сондықтан оны медицинада, биологияда, ауыл шаруашылығында қолдануды кеңейткен дұрыс.

Лаборатория жағдайында магнит өрісінің қант қызылшасы тұқымына әсерін зерттеу мақсатында тәжірибе жүргізілді. Тұқымды 1000Э, 1500Э, 2000Э магнит өрісінің кернеулігімен 5 минуттан-15минут аралығында өңдеп, Петри табақшасында бақыладық.


Әр түрлі магнит өрісінің кернеулігімен магниттелген қант қызылшасы тұқымының өскіндері 3.1 – суретте көрсетілген. Сонымен қант қызылшасының тұқымын 1500Э болатын магнит өрісінің кернеулігімен өңдегенде өнген дәнмен оның өскіні мен тамырының ұзындығы басқа нұсқаларға қарағанда жақсы болып келешекте мол өнім алудың кепілі болып саналады. Жамбыл облысында қант тапшылығы – қазіргі таңда аса маңызды мәселелердің бірі болып тұр. Облысымыздың суармалы жерлеріне өнімділігі мол қант қызылшасының Франциялық Роксана сұрыпын биостимуляция әдісімен еккен тиімді. Сондықтан магниттік биосимуляция әдісін өндірістік тәжірибелерде кең түрде қолданып бұл әдісті жетілдіре түсу қажет.



1000 Э – ен өңделген



1500Э – ен өңделген




2000Э – ен өңделген




Бақылау


Сурет – 1. Петри табақшасындағы тәжірибеге алынған «Роксана» тұқымы



Сурет - 2. Магниттелген тұқымның өнгендегі көрсеткіші, өнген дән, %



Сурет - 3. Тамырының ұзындығы, см



Сурет - 4. Сабағының ұзындығы, см

Сонымен қант қызылшасының тұқымын тұрақты магнит өрісінің кернеулігі 1500 Эрстедпен (150мТл) өндегенде өнген дән, оның өскіні мен тамырының ұзындығы басқа нұсқаларға қарағанда жақсы болғандықтан келешекте мол өнім алудың кепілі болып саналады. Сондықтан облысымыздың суармалы жерлеріне қант қызылшасының Франциялық «Роксана» сұрыпын магниттік биостимуляция әдісімен еккен тиімді, бұл әдісті өндірістік тәжірибелерде кең түрде қолдану қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Нурпейсов И.А., Бастаубаева Ш.О., Алдеков Н.А. Возражение сахарной свеклы в Казахстане // Вестник с/х науки Казахстана, 2012. №8. с. 20-25
2. Сәттібай К.Қызылша құрғақ мәліметпен өспейді. «Егемен Қазақстан» газеті., 22.10.2011ж.
3. Пилигина В.В, Регуш А.В. Электромагнитная стимуляция в растениеводстве (обзорная информация). - М. ВНИИ ТЭНСХ, 1980. С. 1-49.
4. Оменко К.П. Вадюнина А.ф., Жилиева В.А., Трюхин В.И. Влияние магнитного поля на свойства почвы и растения // Почвоведение. 1980, №7. С. 91-100.
5. Лишевский В. Магнетизм // Наука и жизнь. 1988, №2. С. 31-32.
6. Төлеубаев Ж., Сейдуалиев М. Магнитті және лазерлік әсер ету әдісімен өңделген жаздық бидай тұқымдарының биологиялық ерекшеліктері. Тараз. Жамбыл ҒТАО-ғы. 2004, 51 б.

Аннотация

Мақалада қант қызылшасының өнімін арттыру үшін магниттік биостимуляцияны қолдану қарастырылған. Қант қызылшасын магнит өрісінің үш түрімен өндегендегі тиімді биостимулятор ретінде 1500 Эрстед қолданған дұрыс екендігі анықталған. Сондықтан облысымыздың суармалы жерлеріне қант қызылшасының Франциялық «Роксана» сұрыпын магниттік биостимуляция әдісімен еккен тиімді, бұл әдісті өндірістік тәжірибелерде кең түрде қолдану қажет.

Аннотация

В статье рассмотрено повышение плодородности сахарной свеклы с помощью магнитной биостимуляцией. Сахарная свекла была обработана 3 мощностями магнитной волны. Из этого самым оптимальным выбрано мощность в 1500 Эрстед. Поэтому в нашей области можно выращивать обработанный магнитной биостимуляцией французский сорт сахарной свеклы под названием «Роксана». Этот метод биостимуляции можно использовать широкомасштабно в разных производствах.

Annotation

The article considers the increase fruitfulness of sugar beet by magnetic biostimulation. Sugar beet was processed 3 capacity magnetic waves. It selected the most optimal capacity of 1500 Oe. Therefore, we can grow obrabotanyu magnetic biostimulation French variety of sugar beet in our area called "Roxanne". This method of bio-stimulation can be used massively in different industries.

ӘОЖ 631.53.027.0

СЕПТОРИОЗ АУРУЛАРЫ, БИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚҚА ЗИЯНДЫЛЫҒЫ, ОҒАН ҚАРСЫ ІС-ШАРАЛАР

Мелісова Н.Б., Жанғазиев А.С.

Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Тараз қ.

Септориоз ауруының қоздырғышы *Septoria* және оның көп таралған, зиянды, ауруды қоздырғыш түрі *Septoria graminum*, *S. Nodorum* туралы айтылады. Бұл ауру түрлері бидайды бүкіл вегетация бойы зақымдайды және осы уақыт аралығында өсімдіктегі су режимін бұзады, мезгілсіз сабақтың және жапырақтың қурауына әсер етеді және дән түзілуін нашарлатады, сол себепті бидай өнімінің жалпы салмағы мен сапалық қасиеттері төмендейді. Осыған байланысты аталған аурулармен күресу жолы септориоз ауру түрлеріне төзімді жаңа сорттар шығару жұмсақ бидай селекциясында аса маңызды міндеттердің бірі.

Жұмсақ бидай (*Triticum aestivum Desf*) дақылы дүниежүзіндегі ең көп таралған, адамзаттардың көпшілік (4/5) бөлігінің негізгі азық – түлік көзі ретінде пайдаланады. Негізі нан – бөлке, макорон. т.б. кондитерлік өнімдер өндірісінде негізгі шикізат көзі болып табылады. Жұмсақ бидайдың әлемдегі өндіріс көлемі жыл сайын 677 млн.т. Халық аралық центр ұйымы СИММИТ, д-р. Раджарам С.[1] айтуы бойынша 2020 жылдары, бидайдың 67% пайыз өндірісі жаңадан өсіп келе жатқан елдердің үлесіне тиеді. Азия континентінде: батыс, орта, шығыс, оңтүстік елерінде бидай дақылы негізгі азық - түлік дақыл болып табылады. Осы аталған региондарда 104 млн га бидай дақылы егіледі. Қазіргі кезде бидайдың бір гектардағы өнімділігі, дүниежүзінде -2.4 т/га айналады. 2020 жылға дейінгі адам санының өсуіне байланысты, бидайдың өнімділігі 2 есеге арту керек, немесе бидайдың бір гектарының өнімділігі 4,2 тоннаға жеткізуі керек. Осыған байланысты әлемдегі сұраныс бидайға өсе береді. Қазақстанда 2014 жылы 14 855 мың га жерге бидай дақылы егілді. Орташа өнімділігі бір гектардан -12,7 центенер. Оның 8-9 млн тн. экспортқа – Иран, Ирак, Украина, Ресейге жіберіледі.

Дүниежүзіндегі негізгі мәселе бидай дақылының өнімділігін көтеру және тұқымның технологиялық сапасын арттыру. Дәнді-дақылдардан жоғары және сапалы түсім алуға саңырауқұлақ қоздыратын әр түрлі аурулар орасан кедергі келтіреді. Қазақстанның бидай егістігінде сабақ таты (*Puccinia graminis tritici*), жапырақ таты (*P. recondita tritici*), кейінгі кезде септориоз ауруы. Грибы рода *Septoria* - ауруды қоздырғышы, әсіресе ең көп таралған және өте зиянды- қоздырғыш, *Septoria graminum*, *S. Nodorum*. Бұл ауру түрлері бидайды бүкіл вегетация бойы зақымдайды және осы уақыт аралығында өсімдіктегі су режимін бұзады, мезгілсіз сабақтың және жапырақтың қурауына әсер етеді және дән түзілуін нашарлатады, сол себепті бидай өнімінің жалпы салмағы мен сапалық қасиеттері

төмендейді. Осыған байланысты аталған аурулармен күресу және тат түрлеріне төзімді жаңа сорттар шығару жұмсақ бидай селекциясында аса маңызды міндеттердің бірі болып отыр.

Бұл мәселелерді оңтайлы шешу үшін қазақстандық және интродукциялық сорттарды иммунологиялық, генетикалық және экологиялық әдістер арқылы зерттей отырып, селекцияда ұтымды пайдалану қажет. Сонымен қатар, септориоз ауруларына бидай селекциясын табысты жүргізу үшін патоген туралы, оның таралуы туралы түсінік толық жеткілікті емес. яғни әлемдегі бидай коллекциясының септориоз ауруына төзімді сорт үлгілерін бөліп алып, оларды жергілікті сорттар мен будандастыру арқылы ауруға төзімді будан линиясын алудың маңызы өте зор. Патотиптердің вируленттілігін білу, сондай-ақ «ие-өсімдік» пен «паразит» жүйесіндегі әрекеттесу ерекшеліктеріне баса назар аудару және төзімділік туралы жаңа материалдарға кең көлемде іздестіру жүргізу керек. Тек осы барлық мәліметтердің негізінде ғана селекциялық жұмыстарға ең тиімді әдістерді және төзімділік түрлерін таңдау дұрыс жүзеге асады. Қазақстандық және интродукциялық шет ел бидай сорт-үлгілерінің септориоз ауруына иммунологиялық қасиетін зерттеу және аталған ауруларға төзімді формаларын піктеп алу.

Септориоз ауруы және оның таралуы. *Septoria Tritici Blotch*, *Mycosph arella graminicola*, *Septoria Nadorum Blotch* Аурудың инфекциялық қоздырғышының көп болуы және вегетациялық кезеңде ауа райының қолайлы болуы дәнді дақылдардың септориоз ауруының пайда болуына әсер етті. Алғашқы аурулардың белгілері – сәуірдің аяғынан мамыр айы басында оңтүстік аймақтың күздік дақыл егістіктерінде байқалды. Аурудың дамуы әлсізден жоғары дәрежеде өтті. Септориоз дағы ауруының залалдануы пайызының көп мөлшері Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарында тіркелді. Дәнді дақылдар егістігінде жергілікті бақылаулар жүргізілді. 2007-2008 жылдар арасында қыс айы қар түсімі аз, қатты суықтар байқалмай, бірқалыпты өтті. Қар ерігеннен кейін аңыздарды қарау барысында қыстап шыққан пикнидалар өміршеңдігі 55-72 пайызды құрады. Күздік дәнді дақылдарда аурудың белгілері мамыр айының алғашқы күндерінде түптену кезеңінде байқалды. Жаздық бидайда септориоз ауруының алғашқы дамуы маусым айының екінші онкүндігінде байқалды (12.06-1806). Қостанай, Қарағанды облыстарында дақтануы 22-26 маусым аралығында тіркелген. Маусым айының екінші жартысында жергілікті жерлерде жауын-шашынның түсімі болмауы, ауа-райының жоғарылауы 27-30С, аурудың инфекциясының тез таралмауына әсерін тигізді.

Арпаның 110,3 мың га. зерттеліп (Ақмола), залалданғаны - 74,9 мың га. болып, тексерілген көлемінің -67,9 пайызын құраса, қарқынды дамуы -0,5-45%, таралуы 4-100%[2]. Сұлыда септориоз ауруының таралуы 3-100%, дамуы 1,3-39 % құрады. Тамыз айының екінші жартысында септориоз қоздырғышы пикнида түрінде, ал қыркүйек айының бірінші жартысында егін қалдығында және жабайы астық тұқымдастарында кездесті. Өсу кезеңінің аяғында аурудың даму қарқындылығы – 0,2-75%, таралуы – 0,4-100% құрады. Шығыс аймағының көптеген аудандарда ауа райының жоғары болуы, жауын-шашынның болмауы өсу кезеңінде септориоз ауруының дамуын тежеп, жауын-шашынның түсімінен кейін ауру жаздық дақылдарда байқала бастады. Таралуы 3-5,5%, қарқынды дамуы 0,7-13% ауытқып отырды. Атырау облысында аурудың бастамасы маусым айының бірінші онкүндігінде жаздық бидайда түтіктену-масақтану кезеңінде тіркелген. Аурудың таралуы – 1,3-10%, қарқынды дамуы – 0,3-2,7%. Маусым айының екінші онкүндігінен кейін ауа райының құрғақ, ыстық болуы және фунгицидтермен химиялық жұмыстар жүргізілу нәтижесінде аурудың әрі қарай таралуын тежеді. Дәнді дақылдардың өнім жинау кезеңінде септориоз ауруының өсіуінің таралуы байқалмай, дамуы 5-15 пайыздан аспады. Өсу кезеңінде септориоз ауруының кең таралуына байланысты және өсімдік қалдықтарында инфекция қорының мол болуы, 2009 жылы септориоздың зияндылығының төмендеуі күтілмейді.

Аурудың инфекциялық қоздырғышының көп болуы және вегетациялық кезеңде ауа райының қолайлы болуы дәнді дақылдардың септориоз ауруының пайда болуына әсер

етті. Алғашқы аурулардың белгілері – сәуірдің аяғынан мамыр айы басында оңтүстік аймақтың күздік дақыл егістіктерінде (Жамбыл, ОҚО) байқалды. Аурудың дамуы әлсізден жоғары дәрежеде өтті. Септориоз дағы ауруының залалдануы пайызының көп мөлшері Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарында тіркелді. Дәнді дақылдар егістігінде жергілікті бақылаулар жүргізілді. 2007-2008 жылдар арасында қыс айы қар түсімі аз, қатты суықтар байқалмай, бірқалыпты өтті. Қар ерігеннен кейін аңыздарды қарау барысында қыстап шыққан пикнидалар өміршеңдігі 55-72 пайызды құрады.

Күздік дәнді дақылдарда аурудың белгілері мамыр айының алғашқы күндерінде түптену кезеңінде байқалды. Жаздық бидайда септориоз ауруының алғашқы дамуы маусым айының екінші онкүндігінде байқалды (12.06-1806). Қостанай, Қарағанды облыстарында дақтануы 22-26 маусым аралығында тіркелген. Маусым айының екінші жартысында жергілікті жерлерде жауын-шашынның түсімі болмауы, ауа-райының жоғарлауы 27-30С, аурудың инфекциясының тез таралмауына әсерін тигізді. Арпаның 110,3 мың га. зерттеліп (Ақмола), залалданғаны - 74,9 мың га. болып, тексерілген көлемінің -67,9 пайызын құраса, қарқынды дамуы -0,5-45%, таралуы 4-100% [3]. Сұлыда септориоз ауруының таралуы 3-100%, дамуы 1,3-39 % құрады. Тамыз айының екінші жартысында септориоз қоздырғышы пикнида түрінде, ал қыркүйек айының бірінші жартысында егін қалдығында және жабайы астық тұқымдас тарында кездесті. Өсу кезеңінің аяғында аурудың даму қарқындылығы – 0,2-75%, таралуы – 0,4-100% құрады.

Шығыс аймағының көптеген аудандарда ауа райының жоғары болуы, жауын-шашынның болмауы өсу кезеңінде септориоз ауруының дамуын тежеп, жауын-шашынның түсімінен кейін ауру жаздық дақылдарда байқала бастады. Таралуы 3-5,5%, қарқынды дамуы 0,7-13% ауытқып отырды. Атырау облысында аурудың бастамасы маусым айының бірінші онкүндігінде жаздық бидайда түтіктену-масақтану кезеңінде тіркелген. Аурудың таралуы – 1,3-10%, қарқынды дамуы – 0,3-2,7%. Маусым айының екінші онкүндігінен кейін ауа райының құрғақ, ыстық болуы және фунгицидтермен химиялық жұмыстар жүргізілу нәтижесінде аурудың әрі қарай таралуын тежеді. Дәнді дақылдардың өнім жинау кезеңінде септориоз ауруының өсуінің таралуы байқалмай, дамуы 5-15 пайыздан аспады[4].

Шет ел сорт үлгілерінің септориоз ауруға төзімділігі. Дақылдарды зиянкестерден және аурулардан қорғауда, ауылшаруашылық зиянкестері мен ауру қоздырушыларға төзімді сорттарды тауып, оларды шаруашылыққа енгізу айтарлықтай маңызға ие. Осы мақсатта, бидай сорттары мен сорттар түршелерін қоңыр және сары татқа Қазақстан – СИММИТ бірлескен бағдарламасының тәжірбиелік жұмыстарының нәтижесінде бірнеше тат ауруына төзімді сорт табылды. Дегенмен, аурудың екі түріне бірдей кешенді төзімділік көрсете алатын бидай сорттары мен түршелерін тауып, оны алғашқы материалға "донор" ретінде пайдаланып, ауруға төзімді материал алуға болатындығын айта кету керек. Бірінші кестеде шет ел сорттарының тат ауруына 20 сорт үлгісі сыналып, оның ішінде ауруға төзімділігі жағынан 5 сорт бөлініп шықты: Тассика, Нариман-8 , донорлары Джагер, Восточ-Европ-21 , GENE , AMP, PTZ NISRA/UT. Аталған сорттардың ауруға төзімділік генетиптік – иммунділік қасиеті өте жоғары – 8/9 балл, жапырақ бетінің зақымдалуы 5-10%; Орташа төзімді 4 сорт бөлінді: , қалғандары II- сорт ауруға төзімсіз, ауруға иммунділігі 2-4 балл, жапрақтың зақымдалуы 50-100%. Бұдан линияларының тат ауруына төзімділігі сипатталған. Екі жылдық тәжірибе қортындысы бойынша, барлық 31 бұдан линияларның ішінен 5 бұдан линиясы жоғары иммунділік қасиеті бар, олардың ішінде(2 кесте):4EYT-IR-9820-TJB916.46 / CB306 // 2*MHB / 3 / BUC / 4 / STAR, 4EYT-IR-9822-55.1744 / MEX67.1 // NO53 / ATTILA, 2Вост.-Европ.-23-NWAU15/ATPLA 2Вост.-Европ.-2-PEHLIVAN, 2Вост.-Европ.-43-ID #840335//PIN39/PEW;I4- бұдан линиялары орташа төзімділік (орташа иммунділік) қасиетін көрсетті. Ал қалған бұдандар (I2) линиялар өте төзімсіз, иммунділік белгісі жоқ немесе бұл бұдандардың келешегі жоқ, сол себепті оларды селекция жұмысында ауруға қарсы алғашқы материал ретінде пайдалануға болмайды. Бірінші кестеде конкурстік сортсынақ танабының қортындысы көрсетілген.

Осы тәжірибе танабының қортындысы бойынша 24 конкурстық сынақ сорт үлгілерінің ішінен 7 сорт үлгісі LOV26//LFN/SDY(ES84-24)/3/SER|, NECOMP1/S/BEZ//TOV/ 8156|4|0, ZCL / 3PGFN // CN // CN067 / SON64 (ES86) GRK//ESDA/ LIRAGUN91//885K1.1/3/ ES85.24 бөлініп шықты.

Олардың иммунділік қасиеті өте жоғары 8/9 балл, жапырақтың зақымдануы 5-10%; немесе жапырақтың тат ауруына зақымдалу деңгейі өте аз. Конкурстық сорттар сынағындағы 8 сорт үлгісі орташа иммунды немесе бұлардың иммундік қасиеті тұрақсыз болып келеді. Ал қалған сорттар үлгілердің көпшілігі (38%) ауруға төзімсіз. Сондақтанда, бұл конкурстық сорт үлгілерін селекция жұмысына әрі қарай пайдалануға болмайды. Немесе бұл сорт үлгілерінің келешегі жоқ. Сорттық үлгілер ретінде **Тассика және Норман - 8** сорттарын атап көрсетуге болады. Олар қоңыр татпен шамалы ғана зақымданған немесе тат ауруына төзімділігін көрсетті. Оңтүстік шығыс Қазақстанда астық дақылдарының егістік алқаптарында сары тат кеңінен таралған және бидай егістіктері көбіне осы аурудан зиян шегеді. Осы ауруға (салыстырмалы) төзімділік көрсеткен сорттардың саны біршама ғана болды.

Gene, Хауз, Тассика, Атилла және Норман – 8 бидай сорттары ең төзімді болып шықты (1,2,3 кесте). Зерттелген бидай сорттарының қалғандары әр түрлі дәрежеде осы аурудан зиян шеккен. Қазақстанда бұрыннан бері өсіріліп келе жатқан (1995 жылға дейін) аудандастырылған бидай сорттарының барлығыда ауруға төзімсіз. Шет елдерде ауруға төзімсіз сорттары – Сетте – Церрос, Навррос, Навруз және Шарора; сонымен қатар кейіннен әкелінген (интродукцияланған) бидай сорттары ауруларға аз дәрежеде шалдыққан. Дақылдардағы ауруларға төзімділік белгілері тұрақсыз екендігін айта кеткен жөн. Белгілі бір аймақта бір сортты көп жылдар бойы қайталап егудің нәтижесінде олардың төзімділігі біртіндеп төмендейді және паразит белгілі бір уақытта бейімделіп алғаннан кейін, соңында дақылды зақымдайды. Сондықтан төзімді (тұрақты) сорттарды іздеу мен сұрыптау және оларды өндіріске тарту ауыл шаруашылығының басты және өзекті бағыттарының бірі болып табылады. Осылайша, алынған тәжірбиелік жұмыстардың нәтижесі зерттелген бидай сорттары мен линияларының потенциалды және нақты өнімділік дәрежесін болжауға мүмкіндік беріп қана қоймай, сондай-ақ сорттардың зиянкестрімен, аурулармен зақымдану дәрежесін анықтауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, жақсы егіншілік сынақтардың негізінде әрбір нақты агроклиматтық аймақтар үшін ең жақсы бидай сорттарын сұрыптап, өсірудегі агротехникалық сәтті шыққан тәсілдерін фермерлерге көрсетіп, таныстыруға болады. Мұнымен қоса, ауылшаруашылығы жұмысшыларының бұқарасы үшін ұйымдастырылып, жүргізілетін консультациялық жұмыстар үлкен қызығушылық туғызып, бүтіндей алғанда үлкен пайда алып келеді. Соны мен шет елден интродукциялық жолмен әкелінген сорттардың жергілікті сорттар мен салыстырғанда, олардың сорттары септориоз ауруына және сары, қоңыр тат ауруына төзімді. Сондықтан шет ел сорттарын жапырақ ауруына "донор" ретінде жергілікті сорттар мен будандастыру арқылы алынған сорттар мемлекеттік реестр тізіміне енгізілді.

Кесте – 1

Шет ел және Қазақстан (стандарт) сорттарының суықта үсуі және ауруға төзімділік сипаттамасы

№	Сорттық үлгілер	Шыққан жері	Масақтану күні	суықтан үсуі деңгейі %	септориоз, балл	өсімді к биіктігі, см	Өнімі ц/га
1	Навруз	Қырғызстан	30.05.01	10	I-2 S	65	16,0
2	Шарора	Қырғызстан	30.05.01	37	I-2 S	62	19,0
3	Стекловидная -24	Қазақстан	30.05.01	16	1-2 S	120	39,0
4	Қарлығаш	Қазақстан	30.05.01	10	2 S	72	29

5	Джагер	США	25.05.01	14	7-8 R	70	18
6	Науз	Қазақстан	30.05.01	5	1-2 S	62	23
7	Атилла	США	30.05.01	11	2 S	73	29
8	Султан 95	СИММИТ	16.06.01	7	7 MR	97	37
9	Тассика	СИММИТ	30.05.01	8	8 R	68	36
10	Нариман-8	Узбекстан	30.05.01	10	9 R	80	22
11	Зандер-12	СИММИТ	30.05.01	7	2,5 S	67	38
12	Восточ-Европ-21	Ресей	30.05.01	9	8 R	71	29
13	Madsen	СИММИТ	11.06.01	5	1,5 S	68	2,8
14	GENE	СИММИТ	30.05.01	6	8 R	117	32
15	ZELIPGFN //CNO	СИММИТ	30.05.01	7	7 R	70	68
16	AMP	СИММИТ	14.06.01	26	8 R	58	21
17	PTZ NISRA/UT	СИММИТ	30.05.01	26	7 R	67	31
19	JUP/4/CZL LF/3/II 14.53/OBI N//C113		30.05.01	14	2 MR	65	24
20			30.05.01	23	2 MR	67	20

Астық өндірісінің кеңеюінің негізгі критерийлерінің бірі-өндіріске жаңа, болашағы бар бидай сорттарын енгізу болып табылады. Осы уақытқа дейін жергілікті селекция және тұқымшаруашылық қожалықтары нарықты жоғары сапалы тұқыммен қамтамасыз етуге қауқарсыз болып келеді, сондықтан мақсатқа сәйкес жаңа сорттарды интродукциялай алмады. Қазіргі кезде мұндай мүмкіндік бар. Күздік бидай сорттарының егістігінің топырағын өңдеу басым көпшілік жағдайда да егістік дақылдарынан кейін (бақша өсімдіктері, күнжіт, күнбағыс, жүгері, дәнді бұршақ дақылдары), сондай-ақ көкөністерден кейін жүргізілген. Селекция процесінде әрбір сорт пен бұдан үшін өзіне тән потенциалдық өнімділігінің бағасы мен сыртқы ортаның биотикалық және абиотикалық қолайсыз жағдайларына төзімділігінің бағасы көрсетілген агроэкологиялық төлқұжатын жасау орынды болар еді. Агроэкологиялық төлқұжатта жаңа сорттың және буданның жалпы сипаттамасымен қатар, әрбір топырақтың – климаттық зонаға тән сыртқы ортаның реттелмелі және реттелмейтін факторларының әсерінен басты бағалы шаруашылық белгілерінің өзгергергіштігін сипаттайтын сорттық агротехниканың негізгі элементтері бейнеленуі керек, сондай-ақ өсіру технологиясы көрсетілуі тиіс.

Шет ел сорттарының вегетативтік өсіп-өну ерекшеліктері. Фенологиялық бақылаулардың нәтижелері көрсеткендей, зерттелген бидай сорттарының үлгілері бір-бірінен масақтану фазаларының басталуы бойынша ажыратылады. Масақтану фазалары 30 мамырдан 16 маусымға дейін созылады. Осы көрсеткіш бойынша кестелерде көрсетілген сорттық үлгілердің айырмашылығы 10-12 күнді құрайды

2. Жамбыл ауданының таулы өңірлік жағдайында зерттелінген бидай үлгілерінің жас өскіндерінің суықтан, үсу дәрежесі 4%-дан, 37 %-ға дейін жететінін көрсетті. Көрсеткіш шамасына қарай сынақтан өткізілген сорттық үлгілерді 3 топқа бөлуге болады:

1 - топ, үсу деңгейі 4 % дан 10 % - ға дейін жететін, қысқа төзімділігі жоғары дәрежедегі сорттық үлгілер (Кауз, Мадсен, Безостая - 1 және т.б) жатады;

2 - топ, үсу деңгейі 11 %- дан 25 % -ға дейін жететін қысқа төзімділігі орташа дәрежедегі сорттың үлгілер (Навруз, Джагер, Стекловидная – 24 және т.б.);

3 - топ, үсу деңгейі мүлдем жоғары – 26 % дан, 37 % -ға дейін жететін, қысқа төзімділігі нашар сорттың үлгілер (AMP, Шарара және басқалары).

Зерттеу аймағында көпшілік жағдайда үсу деңгейі төмен және орташа сорттық үлгілер басымдық көрсеткенін атап өткен жөн. Сонымен қатар, барлық сынақтан өткізілген сорттық үлгілер аласа байлығымен ерекшеленген – 47 см – ден (Gene сорты) 97 см-ге дейін, (Сұлтан 95 сорты). Биіктігі орташа Стекесовидная және Сұлтан – 95 сорттары бұл қатарға қосылмайды.

Шет ел сорт үлгілерінің өнімділігі Зерттеу нәтижесінің екі жылдық қортындысы бойынша астық өнімділігі бойынша зерттелген 20 сорттың ішінен 6 сорт бөлініп шықты: Тассина, Сұлтан - 95, және Зендер - 12, ZELIPGFN//CNO бидай сорттары анағұрлым түсімді болып шықты. Бұл сорттардың өнімділігі 36 – дан 39 ц/га ға дейін жетті (1 кесте). Бұған қоса Атилла және Қарлығаш бидай сорттары стандарт ретінде қолданылды (өнімділігі – 29 ц/га) орташа деңгей көрсетті өткізілген 3І бидай будан лилияларының ішінен жоғары өнімділікке 6 будан линиялары бөлініп шықты : 4 ЕҮТ-ІК-98,22, Восточно - Европейская -14, Восточно - Европейская – 56 және СИММИТ халықаралық бағдарламасында алынған шетелдік будан линиялар ие болды (Кесте 3.1). Бұдан линиялардың ішінен ең жоғарғы өнімді 2 Вост.-Европ.-14-SG S1915 – 42ц/га өнім берді. Басқа жоғары өнім берген будан линияларының өнімділігі 30ц/га дан 42ц/га дейін өнім берді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Раджарам С. Актуальна ли традиционная селекция? // Вестник региональной сети повнедрению сортов и семеноводству. – 2003, №3 (6) – С. 7-12.
2. Койшыбаев М. и др. Гермаплазма пшеницы с групповой устойчивостью к болезням с воздушно-капельной инфекцией// Агромеридиан. -2008. №3(9). – С. 3 -7.
3. Гешеле Э.Э. Основы фитопатологической оценки в селекции растений. – М.: Колос,1978. -197
4. Қойшыбаев М. Зависимость распространения и развития болезней от погодных условий. // Болезни зерновых культур. – Алматы, 2002.- 281 с.
5. Вавилов Н.И. Избранные труды.Т.IV. Проблемы иммунитета культурных растений.Изд-во М-Л. 1964. 516 с.
6. Шкала для оценки поражения болезнями сельскохозяйственных растений. Воронеж, 2003.
7. Койшыбаев М. Обзор фитосанитарного состояния сельскохозяйственных растений в 1990г. и прогноз на 1992 г. – алматы, 1992.
8. Сагитов А.О. Биологическая защита растений как стратегия адаптации к изменениям климата: состояние и перспективы биозащиты в Казахстане// Материалы 11 международного конгресса " Глобальные изменения климата и биоразнообразии" – Алматы, 2015.
9. Жангазиев А.С. Оценка мировой коллекции мягкой пшеницы к возбудителям твердой головни.// Вестник Таразского Государственного Педагогического Института. №15, 2013.
10. Бабоев С.К., Юсупов Ш, и др. Оценка устойчивости озмой пшеницы к желтой ржавчине и изучение коллекционного материала СИММИТ в условиях Узбекистана. - Мат-ы 1- Центрально- Азиатской конференции по пшенице – Алматы, 2003.

Аннотация

Мақалада Септориоз ауруының қоздырғышы грибы рода *Septoria* және оның көп таралған, зиянды, ауруды қоздырғыш түрі возбудители *Septoria graminum*, *S.Nodorum*, туралы айтылады. Бұл ауру түрлері бидайды бүкіл вегетация бойы зақымдайды және осы уақыт аралығында өсімдіктегі су режимін бұзады, мезгілсіз сабақтың және жапырақтың қурауына әсер етеді және дән түзілуін нашарлатады, сол себепті бидай өнімінің жалпы салмағы мен сапалық қасиеттері төмендейді. Осыған байланысты аталған аурулармен күресу жолы септориоз ауру түрлеріне төзімді жаңа сорттар шығару жұмсақ бидай селекциясында аса маңызды міндеттердің бірі.

Аннотация

В статье рассмотрены биологические и физиологические особенности возбудителя болезни - гриба рода *Septoria*, из них, наиболее распространены и вредоносны являются септориозы злаков возбудители *Septoria graminum*, *S. Nodorum*. Одним из способов борьбы этой болезнью – это, создание устойчивых сортов пшеницы. С этой целью изучаются сходный материал мировой коллекции. В результате изучения из мировой коллекции выделены устойчивые формы к этой болезни.

Annotation

Thesis privoditsya biological and physiological characteristics *vozbuditelya* disease - fungi of the genus *Septoria*, the most prevalent and malicious septariose cereals causative agents *Septoria graminum*, *S. Nodorum*. One way is, creation of resistant varieties of wheat. To this end explores similar material world collection. As a result of study of world collection of widely resistant forms of the disease.

ӘОЖ 664.М 35

КАРТОПТЫҢ ӨНІМДІЛІГІ МЕН САПАСЫНА БИОЛОГИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАРДЫҢ ӘСЕРІ

Садуақасова Н.А., Тулеубаев Ж.С.

Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Тараз қ.

Картоп Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығындағы негізгі дақылдарының бірі болып табылады. Қазіргі таңда Республикада картоптың барлығы 60 сорты аудандастырылған, оның ішінде 30-ы қазақстандық селекциядан шыққан жоғары қарқынды сорттар. Картоптың фотосинтетикалық потенциалы көбінесе оның сортының биологиялық ерекшелігімен анықталады. Сонымен қатар өсімдіктердің фотосинтетикалық процесі күн энергиясымен тікелей байланысты [1].

Күн радиациясының қуатын өзгертетін негізгі фактор болып өсімдік жамылғысы мен агротехникалық тәсілдер саналады, олар жапырақ массасының дамуын ретке келтіріп, күн сәулесінің режиміне елеулі түрде ықпал ете алады. Оптимальды жағдайда картоптың фотосинтез өнімі 7-9 гр/м²/тәулік болып бұлыңғыр және өте ыстық ауа райы кезінде нольге дейін төмендейді. Фотосинтетикалық әрекет картоп өнімінің негізі болып саналады. Фотосинтетикалық өнімнің максималды мәніне жету үшін экзогендік факторлар – ылғал, жарық, минералды қоректену мен температура жағдайларының оптимальды мәндері үйлесімді болулары қажет, өйткені дақылдың өнімділігі тек ғана өсімдік сабағы мен жапырағына байланысты емес, сонымен қатар фотосинтездің энергиясына да байланысты. [2].

Картоп өте маңызды ауылшаруашылық дақылы. Картоп түйнегі, ең алдымен кеңінен әр түрлі тағамдарға пайдаланылады. Бір килограмм түйнек 840 калорияға дейін береді және адамның бір күндік рационында айтарлықтай орын алады. Картоп түйнегінде 22-25 % құрғақ зат, оның ішінде 80-85 % крахмал және 3 %-ға дейін белокты заттар болады. Картоптың 1 тоннасынан 112 л спирт, 55 кг көмірқышқылы, 17 кг крахмал, 80 кг глюкоза және де тағы басқа заттар алуға болады [3,5]. Картоп ақуызы өзінің биологиялық құндылығы жағынан дәнді дақылдар ақуызынан анағұрлым жоғары бағаланады, өйткені оның құрамында және жануарлар организмдерінде синтезделмейтін амин қышқылдары (ванилин, лизин, триптофан, лейцин т. б.) көп.

Картоп түйнегі адам организмнің қалыпты қызметіне өте қажетті көптеген бағалы витаминдер (С, В, А, Р, К) мен минералдық тұздардың маңызды көзі. Түйнегінде 20 %-ға дейін крахмал, 2 %-ға дейін ақуыз, әр түрлі витаминдер С (42 мг%), В1 (0,110 мг %), В2 (0,051 мг %), В6 (0,190 мг%), РР (1,220 мг %), фоли қышқылы каротин (56 мг %), май (0,15 %) болады. Сонымен қатар пектинді заттар, жасуық, стериндер, органикалық қышқылдар (лимон, қымыздық, алма және тағы басқалар) кездеседі, минералды тұздардан калий (523мг %), фосфор (58 мг %), магний (32 мг %) сондай-ақ, микроэлементтер темір,

марганец, никель, кобальт, йод, кальций кездеседі [4]. Осы маңызды заттардың болуына байланысты картопты халық медицинасында зат алмасу, тыныс алу, көз, жүрек, бүйрек ауруларын емдеуде қолданылады. Картоп крахмалы өт қышқылдарының белсенділігін арттырады, ол өз кезегінде ішек бактерияларының жұмысын жақсартады. Шет елдік ғаламдардың картоп түйнегінен алған ингибин препараты қазіргі таңда асқазан жарасын, күйікті емдеуде кеңінен пайдалануда. Зерттеу жұмысы 2014-2015 жылдары Жуалы ауданы тау етегі жазықтығында орналасқан тәжірибе егістік алқаптарында жүргізілді. Зерттеулер нысаны-таудың күңгірт-қарақоңыр топырағы мен картоп дақылы.

Қысқа маусымдық ауыспалы егістерде тыңайтқыштарды қолданудың мынандай биологияланған жүйесі бойынша тәжірибе нобайы (схемасы) құрылды:

1. Бақылау
2. Арпа сабаны 2т/га+N₂₀
3. Арпа сабаны 2т/га+көң 20т/га+ N₂₀P₃₀K₃₀
4. Арпа сабаны Сабан 2т/га+ көң 20т/га+ N₂₀P₆₀K₆₀
5. Арпа сабаны 2т/га+ көң 40т/га+ N₂₀P₃₀K₃₀
6. Арпа сабаны 2т/га+сидераттар+ N₂₀P₃₀K₃₀

Ауыспалы егістерде тыңайтқыштарды қолданудың дәстүрлі жүйесі бойынша тәжірибе нобайы бақылауы бар 4 әр түрлі нұсқалардан тұрады. Азот-фосфор-калий тыңайтқыштарының берілетін мөлшерлері зерттелінді (толық минералдық тыңайту):

1. N₀ P₀ K₀
2. N₆₀ P₆₀ K₆₀
3. N₁₂₀ P₁₂₀ K₁₂₀
4. N₁₈₀ P₁₈₀ K₁₈₀


Тыңайтқыштардың осы мөлшерлері табиғи және органикалық орталарда зерттелінді. Азот тыңайтқыштары есебінде мочеви́на (N 46% ә.з.), фосфорға – қосарланған суперфосфат (P₂O₅ 46% ә.з.), калийге – хлорлы калий (K₂O 60% ә.з.) пайдаланылды. Егіс тәжірибелерінде картоптың Ақсор сорты өсірілді. Отырғызу нобайы - 70 x 25 см, отырғызу мөлшері-3,5 т/га, отырғызу уақыты - сәуірдің III онкүндігі, жинау кезіндегі өсу тығыздығы - 50-55 мың өсімдік данасы/га. Фенологиялық бақылаулар кезінде келесі фазалар есепке алынды: картоптың толық (75%) өскіндері; бутон байлау; гүлдеу; түйнек құрылуының қарқындылығы; өскіндер өсуінің тоқтауы; өнім жинау.

Картоптың тәжірибе мөлдегінің көлемі 42 м² (3,5 x 12 м) құрады, есептеу мөлдектері - 28 м² (2,8 м x 10 м). Тәжірибе қайталынымы – 4 рет. Егіншілік жүйесін биологияландыру бойынша тәжірибелік стационарда жүргізілген фенологиялық бақылаулар және биометриялық зерттеулер 6-танапты көкөністі-шөпті ауыспалы егісінде дәстүрлі және биологиялық элементтердің бірге қолданылуы картоп өсімдіктерінің жақсы дамып-жетілуіне, соның нәтижесінде жоғары өнім қалыптастыруына оң ықпал ететінін көрсетті.

Тыңайтқышсыз бақылау нұсқасында картоп өсімдіктерінің биіктігі өте аласа– 35,6 см.- болды. Ал дәстүрлі – биологиялық факторлар қолданғанда, яғни органикалық – минералдық тыңайтқыштарды енгізу өсімдіктердің биіктігін көтерді. Бір гектарға шаққанда 2 тонна мөлшерінде туралған арпа сабанын 20 кг/га азотпен (ә.з.) қосып қолданған нұсқада картоп өсімдігінің бойы біршама биіктеп, 49,8 см тең болды. Ал сабанға 20 т/га мөлшерімен көң және N₂₀P₃₀₋₆₀K₃₀₋₆₀ толық минералдық тыңайтқыштар мөлшері қосылып берілген нұсқаларда өсімдіктердің биіктігі– 50,4-53,6 см. Көк балауса тыңайтқыштар және көңнің екі еселенген (40 т/га) мөлшері қолданылған нұсқаларда өсімдіктердің биіктігі тиісінше 57,2 және 60,7см дейін жетті. Бір өсімдіктегі сабақтардың саны өнімділік деңгейі үшін маңызды болып табылады. Себебі, 1 сабақта 2-3 толық жетілген түйнекке дейін қалыптасады. Бақылау нұсқасында орта есеппен алғанда бір түпте (өсімдікте) 3,4 дана сабақ болды. Сабанды нұсқадағы сабақтың саны 4,6 дана, ал сабанды – көнді және минералдық тыңайтқыштар бірге берілген нұсқаларда бір өсімдікте 4,6-5,5 дана сабақтар қалыптасты.

Тыңайтқышсыз бақылауда бір түпте орташа алғанда 6,2 дана түйнектер болды, ал олардың жалпы салмағы 360 грамды құрады. Картоп егістігіне 2 т/га туралған сабан (N₂₀ бірге) енгізілген нұсқадағы өсімдіктердің әрбір түбінде орта есеппен 8,3 түйнек байланды, ал осы түйнектердің жиынтық салмақтары 368 грамға тең болды. Сабанға қосымша 20 т/га көң мен фосфор, калий тыңайтқыштарын 30-60 кг/га әсерлі зат есебімен және азотты N₂₀ есебімен қолдану картоп дақылының қоректену жағдайын жақсарту арқылы бір түптегі түйнектер санын 9,5-12,1 данаға дейін көбейтуге мүмкіндік берді. Ал олардың түптегі жалпы салмағы 456-549 г дейін өсті. Танапқа 20-40 т/га жартылай ыдыраған көң және N₂₀P₃₀₋₆₀K₃₀₋₆₀ мөлшерлерімен минералдық тыңайтқыштарды беру жапырақтардың үлкен аудандарының қалыптасуына оң ықпалын тигізді. Бұл нұсқалардағы өсімдіктердің жапырақ көлемдерінің жиынтығы 1 га алқапта 36,1-39,4 мың м²/га тең болды

Картоп дақылының ең төменгі өнімі (15,6 т/га) бақылау нұсқасында болды. Картоп отырғызылатын алқапта күзгі мерзімде сүдігер жыртардың алдында 2 т/га ұсақталған арпа сабанын 20 кг/га азот тыңайтқышымен (ә.з.) бірге қосып қолдану түйнектердің өнімділігін тыңайтқышсыз бақылаумен салыстырғанда 2,23 т/га немесе 14,3 % арттырды. (сурет 1) Сонымен биологияландыру факторлары картоп өнімін қалыптастыруда маңызды орын алды. Егін орағы аяғы аяқталғаннан кейін алқаптағы сабанды егістіктен малға қоректік азық ретінде алып шықпай немесе өртеп жібермей, керісінше туралған күйінде топыраққа енгізу картоптың өнімділігін 17,8 т/га өсіруге мүмкіндік берді. Бұл арзан да қарапайым, сонымен қатар, тиімді тәсіл болып табылады.



Сурет - 1. Картоптың өнімділігіне биологиялық факторлардың әсері

Туралған арпа сабанына 20 т/га көңді және N₂₀P₃₀₋₆₀K₃₀₋₆₀ мөлшерлерімен минералдық тыңайтқыштарды бірге қосып қолдану картоптың өнімін 21,3-23,7 т/га дейін жоғарылатуға мүмкіндік туғызды. Бұл нұсқаларда алынған қосымша өнім 5,8-8,1 т/га құрады (37,0-52,0 %).

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013 - 2020 жылдарға арналған «Агробизнес-2020» бағдарламасы. -Астана, 2013. - 93 б.
2. Нургалиева Г.К. Браун Э.Э. Фотосинтетическая деятельность различных по скороспелости сортов картофеля //Ғылым және білім №2(15), 2009. ,4-10 б.
3. Лебедева В.А., Гаджиев Н.М. К вопросу оздоровления посадочного материала картофеля. Ж. Картофель и овощи №6. 2003г. с.25

4. Анисимов Б.В. Фитопатогенные вирусы и их контроль в семеноводстве картофеля. Ж. Картофель и овощи №7, 2003, с.25-27
5. Браун Э.Э., Мухамбеталиева С.Х. Технология производства картофеля. Уральск, 2007.177 с.

Аннотация

Мақалада картоптың өнімділігі мен сапасына органикалық-минералдық тыңайтқыштардың әсері қарастырылған.

Аннотация

В статье рассмотрено влияние органико-минеральных удобрений на урожайность и качество картофеля.

Annotation

The article considers the influence of organico fertilizer on yield and quality of potatoes

УДК 541.5.662:665.6

ПРИРОДНЫЕ СОРБЕНТЫ ПРИМЕНЯЕМЫЕ ДЛЯ ОЧИСТКИ ВОДЫ

Тайчибеков А.У., Бешли Л.С.

Таразский государственный педагогический институт, г. Тараз

Вода - ценнейший природный ресурс. Она играет исключительную роль в процессах обмена веществ, составляющих основу жизни. Огромное значение вода имеет в промышленном и сельскохозяйственном производстве. Общеизвестна необходимость ее для бытовых потребностей человека, всех растений и животных. Для многих живых существ она служит средой обитания. Рост городов, бурное развитие промышленности, интенсификация сельского хозяйства, значительное расширение площадей орошаемых земель, улучшение культурно-бытовых условий и ряд других факторов все больше усложняет проблемы обеспечения водой. Потребности в воде огромны и ежегодно возрастают. Ежегодный расход воды на земном шаре по всем видам водоснабжения составляет 3300-3500 км³. При этом 70% всего водопотребления используется в сельском хозяйстве.

Много воды потребляют химическая и целлюлозно-бумажная промышленность, черная и цветная металлургия. Развитие энергетики также приводит к резкому увеличению потребности в воде. Вода - это основа всей жизни на Земле. Водяной пар, находящийся в атмосфере, пропускает большую часть солнечных лучей и задерживает тепловое излучение Земли в мировое пространство, регулирует тепловой баланс планеты. Вода обладает высокой теплоемкостью, накопление тепла в гидросфере летом и отдача его зимой смягчает климат Земли [1].

Вода разрушает горные породы, растворяет неорганические соединения и переносит их на большие расстояния, тем самым, принимая огромное участие в почвообразовательных процессах. Большинство биохимических и биофизических процессов, связанных с обменом веществ в живых организмах, могут протекать только при наличии водной среды. Вода - единственный источник кислорода, поступающего в атмосферу при фотосинтезе. Вода входит во все ткани и клетки живых организмов. Она является наилучшим растворителем. Вода, единственное в природе минеральное вещество, которое нельзя заменить другими веществами. Вода - один из важнейших факторов, определяющих размещение производительных сил, важнейшее средство производства.

Вода играет огромную роль в жизни человека. В условиях ускоренного развития промышленности, интенсификации сельского хозяйства, расширения площади орошаемых земель, а также улучшения культурно-бытовых условий жизни людей

постоянно увеличивается рост водопотребления и другие формы использования водных ресурсов. Вопросы водообеспечения, охраны вод в настоящее время приобретают характер серьезной глобальной проблемы. Увеличение расхода воды промышленностью связано не только с быстрым ее развитием, но и с ростом водоемкости производств, то есть, с ростом расхода воды на единицу продукции. Огромное количество воды потребляет теплоэнергетика.

Особое место в использовании водных ресурсов занимает водоснабжение населения. На хозяйственно-питьевые цели приходится около 10% общего водопотребления. Вода расходуется на питьевые, гигиенические и культурные нужды населения, на работу предприятий бытового обслуживания, поливку улиц и зеленых насаждений, а также в противопожарных целях. Без чистой воды немыслима жизнь на Земле, поэтому защита водных ресурсов от загрязнения и истощения является одной из важнейших задач современности. Большую роль играет вода в жизнедеятельности человека. У взрослого человека вода составляет больше половины массы тела. Суточная потребность организма взрослого человека в воде составляет около 2,5 л., часть воды человек выпивает, часть потребляемой нами воды содержится в пище, часть воды образуется непосредственно в организме в процессе жизнедеятельности при распаде белков, жиров и углеводов (эндогенная вода) так, при окислении 100 г жиров образуется 107 мл воды, 100 г углеводов - 55 мл воды[2].

Ни один жизненный процесс в организме человека или животных не может совершаться без воды, вода является важной составляющей каждой клетки. В водной среде протекают жизненно важные функции организма. Если без пищи человек может существовать 50 суток и более, то без воды он погибнет через 5 дней. Для человека важно не только количество питьевой воды, но и её качество. Питьевая вода должна быть абсолютно безвредна для здоровья, приятна на вкус и пригодна для всех хозяйственно-бытовых процессов. Нефть и нефтепродукты относятся к числу наиболее распространённых токсичных веществ, вызывающих техногенное загрязнение водных объектов, что влечет за собой тяжелые экологические последствия. Использование сорбентов для очистки воды, загрязненной нефтепродуктами является общепринятым методом в мировой практике [3-5]. Ниже приведены результаты исследований сорбционной очистки воды, загрязненной нефтепродуктами. Объектом исследований стали следующие сорбенты: кости абрикоса + кожура семян подсолнечника + скорлупа ореха.

Опыт 1. Для очистки загрязненной воды нефтяной продукцией (диз. топливом) мы провели эксперимент: для этого взяли одинаковой емкостью посуду воды в количестве 4,75 л и добавили дизельное топливо в количестве 0,25л. Количество опытных экземпляров загрязненной смеси было - 17. В качестве природных сорбентов использовали измельченную смесь в равных пропорциях (кости абрикоса + кожуру семян подсолнечника + скорлупу ореха) (табл.1).

Таблица - 1

**Результаты экспериментальных исследований по очистке загрязненной поверхности воды нефтяной продукцией
Количество опытных экземпляров: 17**

Номера опытных экземпляров	Объем воды, л	Количество добавленной смеси, л	Площадь (водной) поверхности, м ²	Размельченная масса, г	Результаты
№1	4,75	0,25	1м ²	50	Полностью не очистился
№2	4,75	0,25	1м ²	57	Полностью не очистился
№3	4,75	0,25	1м ²	58	Полностью не очистился
№4	4,75	0,25	1м ²	65	Полностью не очистился
№5	4,75	0,25	1м ²	78	Полностью не очистился

№6	4,75	0,25	1м ²	89	4/3-часть очистился
№7	4,75	0,25	1м ²	97	4/3-часть очистился
№8	4,75	0,25	1м ²	105	4/3-часть очистился
№9	4,75	0,25	1м ²	110	Немного заметен прозрачный слой воды
№10	4,75	0,25	1м ²	113	Немного заметен прозрачный слой воды
№11	4,75	0,25	1м ²	128	Полностью очистился
№12	4,75	0,25	1м ²	139	Полностью очистился
№13	4,75	0,25	1м ²	145	Полностью очистился
№14	4,75	0,25	1м ²	150	Полностью очистился
№15	4,75	0,25	1м ²	155	Полностью очистился
№16	4,75	0,25	1м ²	167	Полностью очистился
№17	4,75	0,25	1м ²	170	Полностью очистился, однако на дне остался осадок

В результате эксперимента получили следующие данные:

1) №1, №5 опытные экземпляры не смогли полностью очистить загрязненную воду нефтяной смесью, количество измельченной растительной смеси (от 50 до 78г) было недостаточным очистить поверхность воды в 1м².

2) №6, №8 в опытных экземплярах 3/4 части поверхности загрязненной воды были чистыми, в результате использования измельченной растительной смеси в количестве 89, 97 и 105 г.

3) №9, №16 в опытных экземплярах загрязненная поверхность воды полностью была чистой и прозрачной, в результате использования измельченной растительной смеси в количествах: (110+113+128+139+145+150+155+167) : 8 = 138,75г.

4) №17 опытный экземпляр, где внесли биорастительной смеси в количестве 170 г, полностью очистил загрязненную поверхность воды продукцией нефти, при этом остался лишний остаток биомассы на дне емкости с водой. По результатам опыта можно сделать вывод, что для очистки загрязненной смеси в среднем уходит 138,75 г сорбента.

Опыт 2. Для определения качества питьевой воды мы использовали прибор – называемый электролизер и ТДС – метр. Электролизер служит для наглядной демонстрации качества воды, которая показана в таблице 2.

Таблица 2. Показания электронного прибора ТДС-метра

5-40	идеально
41-60	хорошо
61-100	удовлетворительно
101-200	неудовлетворительно
201- ...	опасно

В работе прибора применен принцип электролиза воды. Действие прибора основано на свойстве алюминия связывать растворенные в воде химические примеси в нерастворимые осадки. В процессе электролиза растворенные в воде химические примеси вступают в реакцию, образуя осадки различного цвета. По цветам образовавшихся осадков можно приблизительно определить, какие и в каком количестве вещества присутствуют в воде.

TDS-метр служит для оценки качества питьевой воды, он показывает количество взвешенных в воде неорганических примесей, в основном солей различных металлов. Отсюда второе название - солемер. TDS – метр расшифровывается, как- total dissolved solids – общее содержание растворенных твердых веществ. Мы исследовали питьевую воду взятых в тридцати точках города (1,2,3,4,5,7,8,9,10-микрорайоны, в т.ч. сазавод, Сатпаева, 40^{ая} - мельница и в 10 точках в поселках Ровное, Кумжата все показали последнюю графу таблицы 2- опасной для жизни, более 200. Наши исследования показали

наглядно – состояние питьевой воды, все цвета на рис. 1 (от грязно-зеленой, черной, синей, желтой и грязно бурой). К большому сожалению, ситуация с качеством водопроводной воды в нашей стране пока не улучшается: каждая восьмая проба воды не отвечает гигиеническим требованиям и представляет опасность в эпидемическом отношении, а каждая пятая проба нестандартна по химическим показателям. И такой водой пользуется почти половина населения нашей области.



Рис - 1. Визуальное определение качества воды по цвету осадка

Согласно принятым санитарным нормам, содержание общего железа в водопроводной воде не должно превышать 0,3 мг/л, ведь это - тяжелый металл, и наряду с марганцем, никелем, хромом, мышьяком, кадмием, свинцом и медью относится к высокотоксичным и долго сохраняющимся в природе веществам. Зачастую содержание железа в водопроводе превышает норму в пять, а то и в десять и более раз, поэтому проблема обезжелезивания воды стоит особенно остро. Согласно правительственной программе «Модернизации жилищно-коммунального хозяйства» до 2020 года до 70% будет выполнен объем этих работ, которая предусматривает полную замену старых труб, это дает надежду на улучшения качества питьевой воды.

Список литературы:

1. Денисов «Экология» Издательский центр «Март», 2002 г.
2. Демина Т.А., «Экология, природопользование, охрана окружающей среды» Москва, Аспект пресс, 2005 г.
3. Жуков А.И., Монгайт И.Л., Родзиллер И.Д., «Методы очистки производственных сточных вод» - Москва: Химия, 1996 г.
4. Кормак Д. «Борьба с загрязнением моря нефтью и химическими веществами»/Пер. с англ. – Москва: Транспорт, 1989 г.
5. Кожаметова А.К. Кожаметова А.К. Состояние использования и характер загрязнения подземных и поверхностных вод ШБКЗ.- г. Алматы, 2002.

Аннотация

В данной статье приводятся результаты экспериментальных исследований очистки и определения качества воды.

Аннотация

Бұл мақалада судың сапасын анықтау және тазалаудың эксперименталды зерттеу нәтижелері келтірілген.

Annotation

This article presents the results of experimental studies of cleaning and water quality.

ӘОЖ 615.471:681.32(075)

НАННЫҢ САПАСЫН ЖАҚСARTУ ЖОЛДАРЫ

Тайчибеков А.У., Жумадил Н.А.

Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Тараз қ.

Қазақстан астыққа бай өлке. Республикамызда жылына орта есеппен 20 млн. га жақын гектар егіс егіліп, кем дегенде 20 млн. тонна астық өндіріледі. Оның көпшілігі бидай дақылы. Қазақстанның нан өндірісі Ресейдің тамақ өндірісінің өркендеуімен бірге қалыптасқан [1]. Қазақстан астық өндіруде әлемдегі 10- мемлекет арасында орын алады – олар Ресей, Украина, Америка, Қытай, Индия, Канада, Қазіргі кезде Қазақстан сапалы астық өнімдерін экспортқа шығаруда, соның ішінде бидай өнімін әлемде алтыншы орын алады.

Нанның минералды заттар тағамның құрамында болатын өмірге керекті бір бөлігі. Олар барлық адам организмінде жүріп тұратын биологиялық процесстерге қатынасып, олардың белсенділігін арттырады. Сондықтан оларды нағыз биоэлементтер деп атайды. Олардың атқаратын қызметтері де неше түрлі. Мысалы, кальций, фосфор және магний адамның қаңқасын құрады, фтор тістердің сыртқы эмаль қабатын құрады, темір мен мыс оттегінің қоруына қатынасады, натрий мен калий клеткадағы осмостық қысымды реттеп, хлор асқазан шырындарының құрамына кіреді, кобальт В₁₂ витаминінің құрамына кіреді. Егер тағамның құрамында йод болмаса қалқанды бездің эндемикалық ауруы қозады. Егер олардың кейбіреулерінің /фосфор, магний, хлор/ мөлшері керекті шектен асып кетсе, олар кері әсер етуі де мүмкін. Мысалы, астың тұзы ашы болса, ол жүректің, бүйректің жұмысын нашарлатады. Осы минералды заттардың адамға керекті мөлшері 1-кестеде берілген. Олардың ішінде мына 3 элемент сүйектің құрамына кіреді, ал темір болса, қанның гемоглобулиннің құрамына кіреді де, оның тізілуін тездетеді.

Осы кестедегі мәліметтерге карағанда, 450 г нан кальцийдің тек 11,5 процентін, фосфордың 45,6 процентін, магнийдің 43,1 процентін ғана қамтамасыз етеді. Екінші кестеде адамға керекті мөлшерде минералды заттар көрсетілген.

1- кесте

Ұнның құрамы

Ұн	Су	Ақуыз	Май	Крахмал	Күл	Минералды заттар				Витаминдер			Аминқышқылдары		Клетчатка
						Са	Р	Mg	Fe	В ₁	В ₂	РР	Лезин	Метионин	
Бидай ұны:															
Жоғарғы сорт	14	10,3	0,9	74,2	0,5	8	86	6	2	0,17	0,08	1,20	250	100	0,1
1 сорт	14	10,6	1,3	73,2	0,7	24	115	44	2,1	0,25	0,12	2,20	290	160	0,2
2 сорт	14	11,7	1,8	70,8	1,1	32	184	73	3,3	0,37	0,14	2,87	-	-	0,6
Қарап	14	12,5	1,9	68,2	1,5	39	336	94	4,1	0,41	0,19	4,50	390	180	1,9

ай ым ұн																
Қара бидай ұны:																
Еле нге н /се яна я/ Ке бек сіз Қа рап ай ым	14	6,9	1,1	76,9	0,6	19	129	25	2,9	0,17	0,08	0,99	28 0	100	0,5	
